Кез-келген құқық саласы басқа құқық салаларынан өзінің реттеу пәні мен қоғамдық қатынастарды реттейтін әдістерімен ерекшеленетінің атап өтсек болады. Құқықтық қатынастар мемлекет қабылдаған құқықтық нормалар негізінде пайда болатын қоғамдық қатынастардың ерекше және кең таралған түрлерінің бірі болып табылады. Сондықтан да құқықтық қатынастардың қатысушыларына, яғни субъектілеріне өздеріне құқықтар мен міндеттер жүйесі тән болып келеді.

Қаржылық құқықтың пәні болып қаржылық құқықтық қатынастар танылады, оларды төмендегідей қоғамдық қатынастарға жіктеледі:

1) мемлекет шығынына қажетті қаражатты Қазақстандағы дербес қор иелерінен жинап алған кезде пайда болатын қатынастар;

2) қорға жиналған қаражатты оны жұмсаушы субъектілерге бөліп беру процесінде болған қатынастар;

3) қаражаттың жұмсалуын ұйымдастыру кезінде пайда болатын қатынастар.

Осындай мән-жайлар тұрғысынан Қазақстандағы қаржылық құқықтың өзекті теориялық және тәжірибелік мәселелері мен өзге де аспектілерін ғылыми зерделеу және зерттеу қаржылық қызмет аясындағы экономикалық басқарушы-реттеуші, сондай-ақ қаржылық-несиелік әрі

әкімшілік құқықтық маңызды, соның ішінде қоғам мен мемлекетке, қаржылық ұйымдар мен олардың клиенттеріне тиімді жайттарды айқындап, ашып көрсетуге септігін тигізеді.

Сонымен айтқанымызды дәлелдеп, дәйектеу әрі ғылыми негіздеу мақсатында құқықтық қатынас, қаржылық құқықтық қатынас, олардың өзіне тән ерекшеліктері жөнінде ТМД елдері және қазақстандық ғалымдар қалыптастырған көзқарас, пікірлерге тоқталып, құқықтық қатынастарға байланысты өзекті мәселелерді, қажетті жерінде қаржылық заңнаманың тиісті нормаларын талқылап, талдау жасағанымыз жөн болар деп санаймыз.

А.Г. Братко құқықтық қатынас қоғамдық қатынастың бір түрі, ал қоғамдық қатынас адамдар арасындағы әлеуметтік байланыстар мен құқықтық қатынастар осы қатынастардың субъектілерінің арасындағы заңи байланыстар деген пікірін айта отырып, құқықтық қатынас белгілерін: 1. Құқықтық қатынас-құқық нормасымен көзделген қоғамдық қатынас. 2. Құқықтық қатынас зияткерлік және ерік-ықтияр элементтерінен тұрады. 3. Құқықтық қатынастың негізгі мәні құқықтық қатынас субъектілері тараптардың құқықтары мен міндеттері болып табылады. 4. Құқықтық қатынас субъектілер арасындағы заңи байланыс» деп сипаттаған. Сонымен қатар «құқықтық қатынас негізгі мәні субъективтік құқық пен заңи міндеттер болып табылатын және нормада көзделген фактілер орын алған жағдайда құқықтық норма негізінде туындайтын, оның субъектілері арасындағы заңи байланыс» деген ұғымды айқындаған [2, 140-142 бб.].

Осындай пікірлер төңірегінде құқықтық қатынас тиісті құқық нормалары негізінде қатысушыларына жүктелінетін субъективтік құқықтар мен заңи міндеттер нақтылы белгіленген, субъектілерінің арасындағы заңи байланыстар мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етілген, көбінесе бір тараптың мүддесіне-ықтиярына орай туындайтын, сонымен қатар екінші тараптың, немесе бірнеше қатысушы тараптың мүддесі де көзделінетін қоғамдық қатынас ретінде сипатталады деп тұжырымдауға болады.

Қазақстандық көрнекті ғалым-ұстаз, мемлекеттанушы академик М.Т. Баймаханов Кеңестік билік кезінде жарық көрген, белгілі ғалым Р.О. Халфинаның «Общее учение о правоотношениях» (М., 1974) деп аталатын монографиясына жазған рецензиясында «Құқықтық қатынастар проблемасы құқық теориясының аса маңызды, сонымен бірге әрі күрделі проблемалары қатарына жатады. Құқықтық қатынастар проблемаларын теориялық зерттеу құқықтық реттеу механизмінің аса маңызды бір буынын зерделеуге, сондай-ақ жалпы құқық теориясының басқа да мәселелерін, оның ішінде құқық ұғымының, оны қолданудың, құқықтық ықпал ету тиімділігінің және т.б. мәселелерін ойлау-пайымдауға мүмкіндік береді» деп көрсете отырып, құқықтық қатынас маңжайларының ашылмаған мәселелерінің әлі де жеткілікті әрі дискуссиялы екенін атап өткен [3, 90-91 бб.].

Сонымен қатар Ю.Г. Ткаченконың 1980 жылы баспадан шыққан «Методологические вопросы теории правоотношений» деген кітабына жазған рецензиясында М.Т. Баймаханов «Жұмыстағы негізгі көрініс «нақты мағынасында құқықтық қатынастар болмайды, тек қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу тәсілі бар» және «құқықтық қатынастар өз мәні бойынша әрі қызмет мәніне байланысты не өндірістік, не әлеуметтік, не саяси, не рухани болып табылады» деген қорытындыны негіздеу болып табылады. Автордың пікірі бойынша, құқықтық қатынастарды қоғамдық қатынастардың дербес түрі ретінде экономикалық, саяси, идеологиялық және басқа да қатынастармен қатар қарастыруға болмайды. Осындай жайт жалпыға танылған көзқарас болмағанымен, біздің ойымызша, құқықтың қоғамдық практикамен байланысын дұрыс түсінуге, оның қоғам болмысына тәуелділігін мұқият пайымдауға және әртүрлі қоғамдық қатынастар арасында орын алған және мүмкін қарама-қайшылықтарды шешудегі құқықтың құралдық рөлін айқындауға мүмкіндік береді» деп тұжырымдаған [4, 78 б.].

Л.Г. Ефимова «Қаржылық қызметті құқықтық реттеу әдісі біртекті емес, нақтылы айтсақ азаматтық және әкімшілік құқыққа тән әр түрлі құқық салаларының, атап айтқанда азаматтық, қаржылық және әкімшілік құқық нормаларымен реттеледі. Банктік қызмет нәтижесінде туындайтын қатынастар операция түріне орай әр қилы көрініс табады. Заңи әдебиетте 1930 – 1932 жылдарғы несиелік реформаға дейінге кезеңде тараптардың жеткізілген қызметтер үшін есеп айырысу бойынша құқықтары мен міндеттері дербес құқықтық қатынас ретінде қарастырылмаған. (Заңи әдебиетте құқықтық қатынас әдетте құқық нормаларымен реттелген қоғамдық қатынас ретінде қарастырылады. Иоффе О.С., Шаргородский М.Д. Вопросы теории права. М., 1961, с. 178) Коммерциялық банктердің капитал рыногындағы делдалдық іс-әрекеттері, олардың өз клиенттерімен жасасқан несиелік шарттары құқықтық мағынадағы несиелік қатынастар ауқымындағы қарым-қатынас несиелік құқықтық қатынастар болып саналады. Заңи әдебиетте

несиелік қатынастар ретінде ақша қаражаттарын немесе басқа да заттарды қайтарымды негізде беру кезінде туындайтын барлық құқықтық қатынастар түсіндіріледі» деп пайымдаған [5, 174 б.].

Осы айтылған пікірлерден өзіміздің түйінді ойымызды жасайтын уақыт келген сияқты, сонымен қаржылық құқық дегеніміз Қазақстан Республикасы мемлекеті мен басқа субъектілер арасындағы мемлекеттік несие аясында, сақтандыру саласы аясында, валюталық реттеу салысында, банктік қызмет аясындағы мемлекет қазынасына жинау, жиналған қаражатты бөлу, қаражатты жұмсауды жүзеге асыру кезінде пайда болған қоғамдық қатынастарды реттеуге арналған құқық нормаларының жиынтығынан тұратын ауқымды құқық саласы болып табылады.

Қазақстан Республикасы қаржы жүйесінің және оның ауқымындағы қаржылық ұйымдардың жұмыс істеуі, қаржылық қызмет аясындағы экономикалық және ұйымдастыру қоғамдық қатынастарының Қазақстан Республикасының қаржылық заңнамасымен, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілермен айтарлықтай қамтылғанына көз жеткіздік.

Осы Қазақстан Республикасы қаржы жүйесінің ауқымындағы қаржылық қызметті, былайша айтқанда қаржылық операциялар мен мәмілелерді және түрлі функционалдық іс-қимыл, әрекеттерді жүзеге асыру барысында, қаржылық құқық және қаржылық заңнама негізінде туындаған қоғамдық қатынастар қаржылық құқықтық қатынастар ретінде қалыптасады.

Демек, қаржылық құқықтық қатынастар күрделі әрі аралас нысандағы әлеуметтік-экономикалық өзара іс-әрекеттер барысында туындап, қалыптасатын конституциялық, банктік, азаматтық және әкімшілік сипатты-мазмұнды қоғамдық қатынастар ретінде қаржылық және өзге де заңнамалардың реттеуші ықпалымен қамтылған экономикалық қаржылық қатынастар болып табылады. Оның субъектілері өзара сайма-сай заңи құқықтары мен міндеттерінің негізінде қаржылық және өзге де заңнамалық акті нормасының талаптарына сәйкес іс қимылдарды, сондай-ақ нақтылы қаржылық қызметті іске асырады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Найманбаев С.М. Қазақстан Республикасының салықтық құқығы. Оқу құралы. – Алматы, 2017. - 148 б.
2. Общая теория права и государства/Под ред. В.В. Лазарева. - М.: Юрист, 2004. – 360 с.
3. Баймаханов М.Т. Интересное исследование по проблеме правоотношения (рец. на кн. Халфина Р.О. Общее учение о правоотношении. - М., 1974)//Известия АН Казахской ССР. Серия общественных наук). Алматы, - 1976. №2 – С. 5-10.
4. Баймаханов М.Т. (в соавторстве с Е.К. Нурпеисовым). Новое исследование по теории правоотношений (рецензия на кн.: Ткаченко Ю.Г. Методологические вопросы теории правоотношений. - М., 1980)//Известия АН КазССР. Серия общественных наук. - 1982. - №1. – С. 10-15.
5. Ефимова Л.Г. Банковское право. - М.: Изд. БЕК: 2015. – 348 с.

**УДК 342.951:351.86**

**Baisalova Gulzira Turgenovna,**
Candidate of legal Sciences, professor,
Eurasian law Academy named after D.A. Kunaev,
Kazakhstan, Almaty

**Beysenbaeva Manshuk Toktarbekovna,**
Candidate of legal Sciences, associate professor,
Kazakh National Agrarian University,
Kazakhstan, Almaty

**Assanova Amankul Aralbaikyzy,**
Master of law, teacher,
Eurasian law Academy named after D.A.Kunaev,
Kazakhstan, Almaty

# SPECIFICITY OF ADMINISTRATIVE RESPONSIBILITY IN THE LEGAL RESPONSIBILITY SYSTEM

**Түйін**. Мақалада құқықтық жауапкершілік жүйесіндегі әкімшілік жауапкершіліктің мәселелері қарастырылады. Әкімшілік жауапкершіліктің түсінігі мен мәнін анықтау мәселелерінде бірыңғай көзқарастың болмауы осы жауапкершіліктен босатудың түсінігін, табиғатын және құқықтық мәнін анықтау туралы мәселені шешу процесін қиындатады. Мақала авторлары әкімшілік жауапкершіліктің өзіне тән ерекшеліктеріне талдау жасады. Жүргізілген талдау негізінде әкімшілік жауаптылықтың қатаң айқындалған құқықтық нысанының болатындығын және оны заңды жауапкершіліктің дербес түріне жатқызатын қатаң сипаттағы құқықтық қасиеттері бар деген қорытынды жасалды. Әкімшілік жауапкершілік әкімшілік-құқықтық норманың нақты қолданылуын білдіреді, оның нәтижесі нақты әлеуметтік жанжалды әділ шешу болып табылады.

**Түйінді сөздер**: Құқық, әкімшілік жауапкершілік, ерекшеліктер, қағида, мәжбүрлеу.

**Аннотация**. В статье рассматриваются проблемы административной ответственности в системе юридической ответственности. Отсутствие единой точки зрения в вопросах определения понятия и сущности административной ответственности затрудняет процесс решения вопроса и об определении понятия, природы и правовой сущности освобождения от нее. Авторами статьи осуществлен анализ специфических особенностей административной ответственности. На основе проведенного анализа сделан вывод о том, что административная ответственность имеет строго определенную правовую форму и строго характерные правовые свойства, обособляющие ее в самостоятельный вид юридической ответственности. Административная ответственность представляет собой реальное применение административно-правовой нормы, результатом которого является справедливое решение фактического социального конфликта.

**Ключевые слова**: право, административная ответственность, особенности, принцип, принуждение.

**Annotation**. The article discusses the problems of administrative responsibility in the system of legal responsibility. The lack of a unified point of view regarding the definition of the concept and essence of administrative responsibility complicates the process of resolving the issue of determining the concept, nature and legal nature of exemption from it. The authors of the article analyzed the specific features of administrative responsibility. Based on the analysis, it was concluded that administrative responsibility has a strictly defined legal form and strictly characteristic legal properties that separate it into an independent form of legal responsibility. Administrative responsibility is the real application of the administrative law, the result of which is a fair solution to the actual social conflict.

**Key words**: law, administrative responsibility, features, principle, coercion

## Introduction

Critically evaluating the theory and practice of implementing measures of the institution of administrative responsibility, we will justify the conditionality of the problem of administrative responsibility by the following factors: insufficient and contradictory legislative base on the issues of attracting and relieving from administrative responsibility; as well as the need for a theoretical rethinking of the legal regulation of the institution of administrative responsibility, taking into account fundamental changes and ongoing legal reforms.

The purpose of the article is to study the features of the implementation of the institution of administrative responsibility in the Republic of Kazakhstan as an independent type of legal responsibility.

## Results and discussion

The classification of legal liability in the theory of law is based on a set of criteria that are basic for all types of legal liability. As a rule, the criteria of legal liability make it possible to substantiate the idea of the legal liability system, its relationship with the legal system, the industry affiliation of each type of legal responsibility, their relationship and interaction. The literature emphasizes the viability of the industry criterion: constitutional, criminal, administrative, civil law, labor, financial, criminal executive, criminal procedural and civil procedural responsibility distinguished taking into account the industry criterion can be considered independent types of legal liability. In addition, each of the types of responsibility according to industry criteria can be subordinated to the focused useful result of the legal liability system; corresponds to the specific features of the structure of the functional system as a whole, and the legal liability system, in particular. The indicated grounds allow us to present the distinguished types of legal responsibility as structural elements (components) of the legal responsibility system [Khasnutdinov R.R., 2014, p. 39].

Based on the unity of origin of all types of legal responsibility, administrative responsibility in general terms represents a negative reaction of the state, state body, official to a committed offense and represents a measure of legal coercion, implemented in the form of imposing a certain administrative sanction on the offender by authorized legislation bodies. Moreover, the main specific attribute of administrative responsibility is that it has a strictly defined legal form and strictly characteristic legal properties that separate it into an independent form of legal responsibility. One of its interesting features is that in cases of violation of the rule of law by authorized officials, it is in most cases transformed into administrative violence or the arbitrariness of state bodies and officials. Therefore, when applying administrative responsibility measures, it is necessary first of all to observe the principle of legality, which in essence is the criterion of its legitimacy.

Administrative responsibility is an important component of state (legal) coercion and is an industry type of coercion, applied in accordance with the norms of administrative and administrative-procedural law. It is characteristic of legal coercion that in all cases of application, legal coercion is a forced reaction of the state as a means of protecting the interests of society, directed against an act detrimental to public law and order. It follows that administrative-legal coercion is a special type of state coercion, consisting in the use by subjects of functional power of coercive measures established by the norms of administrative law in connection with unlawful actions [Bahrakh D.N., 1999, p. 7]. At the same time, administrative responsibility, as well as administrative-legal coercion in general, is characterized by the dualism of its legal nature, since coercion in its practical implementation can be represented in two main forms: both as a specific activity of government bodies and as one of the methods of state management. The first of them applies mainly to those “who do not voluntarily comply with the requirements of the law or the legitimate governing bodies. As for the second, that is, coercion as a management method, an impact on the behavior of people or organizations, its elements are present in all cases where state power is used” [Kuzmicheva G., 2000, p. 173]. Administrative responsibility is a measure of public influence applied to the person guilty of an administrative offense, restricting the property (non-property) rights of the violator, or establishing his additional obligations [Agapov A.B., 2012, p. 7].

Based on the assumptions of the general theory of legal responsibility, traditionally in modern administrative science the tendency is to analyze the institution of administrative responsibility in comparison with other types of legal responsibility and, in general, with the institution of state legal enforcement. Thus, comparing administrative responsibility with other types of legal responsibility, and, in general, with the institution of state coercion, D.N. Bakhrakh concludes that administrative responsibility is “a special type of legal responsibility, which is characterized by all the signs of the latter (it occurs on the basis of legal norms, for violation of legal norms, is connected with state coercion). On the other hand, administrative responsibility is an integral part of administrative coercion and has all its qualities (carried out by the subjects of functional power within the framework of extra-judicial subordination, etc.)” [Bahrakh D.D, 1999, p. 25-26]. Today, this definition, in its various modifications, is “basic”.

In a variety of definitions, an unconventional approach to determining the institution of administrative responsibility by Kuzmichev G.A. and Kalinina L.A., who believe that under "administrative responsibility as a form of legal responsibility, should be understood as the person's ability to undergo adverse personal or property consequences in connection with an administrative offense provided for by administrative law and expressed in the form of administrative penalties" [Kuzmicheva G.A., 2000, p. 19]. However, this definition contains a significant drawback, even some theoretical error, since according to modern legal theories it is impossible to identify the concept of

“administrative responsibility” with the concept of “administrative penalty”, since the concept of “administrative responsibility” is much broader than the concept of “administrative penalty”.

The lack of unity of views on the correlation of the concepts of “administrative sanction”, “administrative responsibility” and “measures of administrative coercion” has led to the continuation of the discussion on this issue at present [7, p. 130-133].

Analyzing the problem of determining the concept of administrative responsibility, Alekhine A.P., Karmolitsky A.A. and Kozlov M. was unanimous in the opinion that “administrative responsibility is a type of independent legal responsibility, which is expressed in the application by an authorized body or official of an administrative penalty to the person who committed the offense. Administrative responsibility has the characteristics characteristic of legal responsibility in general” [Golovko V.V., 2007, p. 269-270].

Belsky K.S. correctly noted, “That such a view on administrative responsibility, as well as legal responsibility in general, is flat. Why flat? But because what lies on the surface, on the plane, gets into his field of vision. If we bear in mind administrative responsibility, then on the "surface" of this category are penalties, punishments, sanctions. In other words, in this definition, administrative responsibility acts as a singleton category” [Belsky K., 2004, p. 652-653].

“Official assessment”, in fact, contains the meaning and content of the concept of administrative responsibility, and there are plenty of followers of such judgments in the legal literature. So, for example, the Kazakh administrator, Taranov A.A., considers it necessary to pay main attention to the fact that “administrative responsibility is one of the varieties of legal responsibility and has common logical features with them: administrative responsibility is compulsory, imperious; administrative responsibility gives a negative assessment of the behavior of the offender” [Taranov A.A., 1997, p. 6-7]. It is administrative responsibility that materializes a “negative assessment of the behavior of the offender,” which contains the most important legal significance for both society and the offender, and the coercive, imperious nature inherent in administrative responsibility reflects the specificity of administrative legal relations based on the administrative-legal method "Power and submission".

Analyzing the problems of administrative responsibility in the Republic of Kazakhstan from the point of view of isolating the role of the coercive force of state power, Zhetpisbaev B.A. points out that “administrative responsibility is a type of legal responsibility that implements administrative and coercive measures for administrative offenses by an authorized state body or official, in the manner prescribed by administrative law, the implementation of which may be l provided with the coercive force of state power” [Jetpisbaev B., 2000, p. 58]. Of course, in this definition, the specifics of administrative-power relations, which form the basis of the administrative-compulsory activity of the state, as a forced reaction of the state to a committed offense, are sufficiently fully reflected.

Thus, in modern administrative and legal literature, the concept of “administrative responsibility” is used in various senses and contents, and this leads to the conclusion that in modern administrative and legal science it is still impossible to imagine anyone and indisputable, optimal definition this concept. This circumstance also determines the factor of imperfection of the current administrative legislation. And, probably, therefore, in administrative law science there is no single, universally recognized point of view about the concept of the institution of administrative responsibility and the problem of determining the concept of administrative responsibility remains open.

Describing the legal nature and essence of the institution of administrative responsibility, the grounds for its occurrence, characteristic features, signs, processes and forms of implementation, researchers and the legislator are unanimous that the basis for the occurrence of administrative responsibility is a committed administrative offense. This thought is confirmed by the fact that, according to Article 2 of the Code of Administrative Offenses of the Republic of Kazakhstan, it is established: “the basis of administrative responsibility is the commission of an act containing all the signs of an offense set forth in a special part of this Code”.

From a theoretical point of view, in the context of what has been said, the conclusions of Agapov A.B. are fair, which among the characteristic features of administrative responsibility distinguishes the following:

1) administrative liability is imposed for offenses that do not represent a high degree of public danger. As a result, state punitive sanctions for such unlawful acts are called administrative offenses (offenses); in contrast, crimes constitute a disproportionately higher degree of danger to public and private law interests;

2) liability under administrative law is always a consequence of the unlawful action (inaction) of a legal or natural person. The legal relations always involve subjects of the public law sphere (areas of

national interest) - executive bodies and officials vested with its powers. All types of legal responsibility are imposed by the state bodies (officials), however, one of the participants in the administrative legal relationship is always the executive body or the executive and administrative body of local self-government (municipal body);

3) administrative liability predominantly occurs as a result of offenses in the field of national, rather than private law interests [Agapov A.B., 2000, p. 10].

Thus, characterizing the institution of administrative responsibility, special attention should be paid to the fact that the institution of administrative responsibility has a number of specific features that allow it to be differentiated from other types of legal responsibility, and this contributes to its more detailed and in-depth understanding. These signs include the following: administrative responsibility is established only by legislative and by-laws, or their norms on administrative offenses in force at the time of the commission of this offense, the time of the administrative offense is recognized as the time of the specified act, regardless of the time the consequences occurred;the competence to bring to administrative responsibility is vested in the bodies authorized by the legislation, or officials who are granted the right to bring to administrative responsibility by the current legislation; for committed administrative offenses, administrative penalties must be provided for by applicable law; the application of administrative penalties does not entail a criminal record; administrative responsibility is associated with state coercion and negative consequences for the offender; It can be applied both by the court and other authorized bodies; measures of administrative responsibility are applied in accordance with the legislation governing proceedings on administrative offenses; the procedure for bringing to administrative responsibility has statutory limitation periods; administrative responsibility is established for all persons irrespective of occupation and profession, including for legal entities; administrative responsibility is characterized by a multiplicity of legal norms that govern various aspects of the activities of government in various sectors and spheres of the life of the state [Zhetpisbaev B.A., 2006, p. 156-157].

## Conclusion

Administrative responsibility is one of the most universal and most fully implemented types of legal responsibility. Administrative responsibility has a strictly defined legal form and strictly characteristic legal properties that separate it into an independent form of legal responsibility. The lack of a unified point of view regarding the definition of the concept and essence of administrative responsibility complicates the process of resolving the issue of determining the concept, nature and legal nature of exemption from it. To determine administrative responsibility as an independent type of legal responsibility, it is advisable to use a methodological approach that justifies the mandatory presence of the main criteria: an industry criterion for differentiating legal responsibility, a special mechanism for the implementation of responsibility, and a specific type of jurisdictional process in which this type of responsibility is implemented.

## REFERENCES


1. Agapov A.B. Administrative Responsibility: Textbook. - M.: "Statute", 2000. – 251 p.
2. Administrative responsibility: a textbook for masters/Agapov A.B. - 4th ed., Revised and add. - M .: Publishing house URIGHT, 2012. - 435 p.
3. Alekhin A.P., Karmolitsky A.A., Kozlov Yu.M. Administrative law of the Russian Federation. Textbook. - M.: Publishing house ZERZALO, 1996. - 680 p.
4. Bahrakh D.N. Administrative Responsibility: Textbook. - M., 1999. - 112 p.
5. Belsky K.S. Police Law: Lecture Course/Cand. law sciences A.V. Kurakina. - M.: Publishing house "Case and Service", 2004. – 816 p.
6. Golovko V.V. Textbook inspector of the traffic police/V.V. Golovko. - M .: Eksmo, 2007. — 304 p.
7. Jetpisbaev B.A. Administrative Responsibility in the Republic of Kazakhstan: Textbook./Under. ed. prof. S.S. Sartaeva. - Almaty: Daneker, 2000. - 223 p.
8. Jetpisbaev B.A. Theoretical problems of administrative law enforcement in the Republic of Kazakhstan.//Diss. for a job. studentdegree of Doctor of Law - Almaty, 2006. - 283 p.
9. Kuzmicheva G.A., Kalinina L.A. Administrative responsibility. - M., 2000. - p. 19.
10. Taranov A.A. Administrative responsibility of the Republic of Kazakhstan. - Almaty. Jeti - Zhargy, 1997. - 56 p.
11. Khasnutdinov R.R. The structure of the legal responsibility system//Law. Journal of the Higher School of Economics. - 2014. - №4. - From 30–44.

**УДК 343. 2/.7**

**Бапанов Талгат Абдирович**,
к.ю.н., доцент,
кафедра «Право»,
Университет Алматы

**Карбеков Канат Саветович**,
к.ю.н., доцент,
кафедра «Право»,
Университет Алматы

# ПРАВОВАЯ РЕГЛАМЕНТАЦИЯ УГОЛОВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ СОВЕРШЕННЫХ ГРУППОЙ

**Аңдатпа.** Мақалада авторлар топ жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік туралы мәселелерді қарайды, қылмыстық топ ұғымы және оның негізгі белгілері ашылады. Қазақстан Республикасының жаңартылған Қылмыстық кодексі бойынша ұйымдасқан қылмыстың түрлі түрлерімен күресті күшейту бойынша заңнамаға талдау жүргізілді. Осы мәселе бойынша өз пікірлері баяндалады. Осы бағыттағы барлық құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылының жоғары деңгейін болжайтын ұйымдасқан қылмысқа қарсы іс-қимыл мәселелері қаралды.

**Түйінді сөздер:** адамдар тобы, қылмыстық топ, алдын ала сөз байласу, қатысу нысандары, ұйымдасқан қылмыс.

**Аннотация.** В статье авторами рассматриваются вопросы об ответственности за уголовные правонарушения, совершенные группой, раскрывается понятие преступной группы и его основные признаки. Проведен анализ законодательства по усилению борьбы с различными формами организованной преступности, по обновленному Уголовному кодексу Республики Казахстан. Излагаются собственные мнения по данному вопросу. Рассмотрены проблемы противодействия организованной преступности, предполагающее высокий уровень взаимодействия всех правоохранительных органов, в этом направлении.

**Ключевые слова:** группа лиц, преступная группа, предварительный сговор, формы соучастия, организованная преступность.

**Annotation.** The article discusses the issues of responsibility for criminal offenses committed by a group, reveals the concept of a criminal group and its main features. The analysis of legislation to strengthen the fight against various forms of organized crime, according to the updated Criminal code of the Republic of Kazakhstan. We present our own opinions on this issue. The problems of countering organized crime, which involves a high level of interaction of all law enforcement agencies in this direction, are considered.

**Keywords:** group of persons, criminal group, preliminary conspiracy, forms of complicity, organized crime.

В современном обществе, преступления совершенные группой вызывают все большее опасения, за последние годы в мировой практике, регистрируется значительное число преступлений, совершаемых организованными преступными формированиями.

Данная форма преступности оказывает мощное влияние на все сферы общественной жизни, является реальной силой, подрывающей безопасность общества и государства в целом. Уголовные преступления, совершенные группой проникли во все сферы жизнедеятельности человека, ее представители проникают в органы государственной власти и местного самоуправления.

Эта тенденция обусловлена значительными достижениями в развитии технологий и средств связи, все большим расширением коммерческой и экономической деятельности. В результате преступность не только расширяется, но и приносит большие доходы, становится разновидностью бизнеса. Росту групповой преступности способствует расширению рынка сбыта наркотических средств, оружия и других незаконных товаров и услуг, которые поставляются и обрабатываются через сеть преступных коммерческих организаций по всему миру.

Поэтому, вполне очевидно, что организованной преступности должно противостоять хорошо организованное расследование, предполагающее высокий уровень взаимодействия всех правоохранительных органов. Только в этом случае можно будет говорить о достижение перелома в ходе противодействия с данным опасным социальным явлением в пользу государства и общества. На текущий момент стало общеизвестным, что по своим социальным последствиям разрушительные возможности организованной преступности настолько велики, что она бросает вызов всему обществу [1].

Необходимо своевременно делать выводы о том, что организованная преступность - это самостоятельный, весьма специфический вид преступности, которая опасна не только сама по себе, но и оказывает существенное влияние на характер и динамику развития будущей организованной преступности в целом.

Уголовный кодекс Республики Казахстан 1997 года, в ст. 31 Формы соучастия [2], на наш взгляд более детально давал разъяснения именно различным формам групповых преступлений, по мере их общественной опасности. А те формы, которые не охватывались данной статьей, предусматривались в других составах Особенной части уголовного законодательства, где в диспозициях разъяснялось их понятие и признаки.

В целях усиления ответственности за данные виды преступления в 2011 году в Уголовный кодекс Республики Казахстан были внесены изменения и дополнения, а именно появились новые статьи, среди которых: "Финансирование деятельности организованной преступной группы либо транснационального преступного сообщества", "Создание и руководство транснациональной организованной преступной группой, а равно участие в ней", "Создание и руководство транснациональным преступным сообществом, а равно участие в нем" [3]. Что в значительной мере позволила правоохранительным органам привлекать к уголовной ответственности лиц причастных к этим преступлениям.

В связи с введением в действие с 1 января 2015 года обновленного Уголовный кодекс Республики Казахстан ст. 31 Уголовная ответственность за уголовные правонарушения, совершенные группой [4], в которой дается уже новое разъяснение формам соучастия в уголовном правонарушении. Если первые две формы, группа лиц и группа лиц по предварительному сговору остались прежними, то под преступной группой теперь понимается - организованная группа, преступная организация, преступное сообщество, транснациональная организованная группа, транснациональная преступная организация, транснациональное преступное сообщество, террористическая группа, экстремистская группа, банда или незаконное военизированное формирование.

То есть, теперь все вышеперечисленные понятия охватываются одним понятием преступная группа. Насколько это логично и правильно, и не приведет ли это к определенным затруднениям при квалификации уголовных правонарушений, совершенных в соучастии.

Если рассматривать п.п. 21-25, 31-36 и 40 ст. 3 УК РК в них даются понятия, касающиеся организованных форм преступления, перечисленных в том числе и в самой ст. 31 УК РК. Далее в ст.ст. 27-31 речь идет уже о понятии соучастия, видах соучастников и ответственности за соучастие [4]. В Особенную часть Уголовного кодекса Республики Казахстан, также включены специальные нормы предусматривающую конкретную ответственность за деяния совершенные организованными группами.

Законодатель в пп. 30 и 39 ст. 3 УК РК четко и исчерпывающи, перечислил террористические и экстремистские преступления, а в пп. 31 и 40 данной статьи дал разъяснение, что террористическая группа - организованная группа, преследующая цель совершения одного или нескольких террористических преступлений, экстремистская группа - организованная группа, преследующая цель совершения одного или нескольких экстремистках преступлений. И если по этим группами особо вопросов не возникнет, так как они в уголовном законодательстве определенны, то с другими уголовными правонарушениями совершенными организованными преступными группами думается, будут определенные сложности.

Опять же, следует помнить, что от правильного определения формы соучастия зависит не только правильная квалификация уголовного правонарушения, но и ответственность, каждого соучастника уголовного правонарушения и соответственно наказание.

Рассмотрим как пример ст. 267 УК РК по части первой предусматривающею ответственность за создание незаконного военизированного формирования, а равно руководство таким формированием. Понятие незаконное военизированное формирование по п. 18 ст. 3 УК РК, которое также охватывается понятием преступная группа, из данного понятия следует, что она также обладает специфическими признаками такими, как должна состоять из трех и более человек (группа лиц два и более), структура военизированного типа, единоначалие, боеспособность и жесткая дисциплина. Некоторые понятия подходят больше военной терминологии и в уголовном законе не раскрываются, следует также отметить, что законодатель называет его, "формированием имеющее организованную структуру".

Далее проведем краткий анализ ст. 268 УК РК Бандитизм, которая в части первой предусматривает создание устойчивой вооруженной группы (банды), а равно руководство

такой группой (бандой), данный состав является особо тяжким преступлением. В диспозиции данной статьи указаны только два основных признака преступления, это устойчивость и вооруженность, основной же субъективный признак дается в понятии, данном п. 7 ст. 3 УК РК, это цель нападение на граждан или организации с применением или угрозой применения оружия либо предметов, используемых в качестве оружия. При этом банда также признается организованной группой, которая дается еще и в других выше перечисленных понятиях. Пункт 36 давая понятие "организованная группа", говорит об устойчивой группе двух или более лиц, заранее объединившихся с целью совершения одного или нескольких уголовных правонарушений. В диспозиции ст. 268 УК РК говорится только о вооруженной группе, а не об организованной группе и цели указаны другие.

На наш взгляд законодателю не следовало, все эти группы объединять под одним термином "преступная группа", так как они имеют свои особенности, хотя общие принципы им также свойственны. Так же в настоящее время термин "Формы соучастия в преступлении" (ст. 31 УК РК в редакции 1997 года) законодателем заменен на "Уголовные правонарушения совершенные группой".

Под преступной группой, как общественно-опасным социальным явлением, мы понимаем сложную системно-структурную совокупность преступников, организованных групповых преступных формирований и деятельности этих субъектов в целях получения незаконных доходов и иных выгод.

В свое время М. Абисатов, отмечал, что успех борьбы с организованной преступностью будет определяться позитивным развитием экономических, политических, социальных и духовных условий жизни общества, оптимизацией социального контроля и предоставлением населению, в том числе участникам организованных криминальных формирований реальной возможности избирать правомерные пути решения своих проблем [5].

Организованная преступность - криминальное явление особого рода, обладающее чрезвычайной опасностью, высокой способностью к конспирации и целенаправленному изменению социальной среды в своих интересах. Одновременно она сама меняется в соответствии с теми условиями, в которых ей приходится функционировать. Поэтому борьба с данной преступностью должна базироваться на всестороннем анализе ее характеристик в конкретных временно-пространственных условиях.

Изложенное позволяет утверждать, что борьба с организованной преступностью должна носить системный характер и, насколько это возможно, упреждающий, опираться на высокие технологии. Усилия в борьбе должны постоянно наращиваться в условиях эскалации преступности и обеспечивать наступление на данную преступность «широким фронтом» - затрагивать все сферы жизни общества и государства, сочетаться с активными действиями по противодействию преступности вообще.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1.Долгова А.И. Организованная преступность, терроризм и коррупция:тенденции и совершенствование борьб ы с ними//Прокурорская и следственная практика. №3-4. М., 2005. - С. 164.

2. Уголовный кодекс Республики Казахстан № 168-1 ЗРК//Казахстанская правда. – 1997. 16 июля. - Алматы: ТОО "Издательство "Норма-К", 2000. - 238 с.

3. Закон Республики Казахстан "О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия организованной преступности, террористической и экстремисткой деятельности" от 21 ноября 2001 года//Казахстанская правда от 3 декабря 2011 года.

4. Уголовный кодекс Республики Казахстан № 226-V ЗРК//Казахстанская правда. – 2014. 9 июля. - Алматы: ТОО "Издательство "Норма-К", 2018. - 256 с.

5. М. Абисатов Современное состояние организованной преступности в Казахстане: Предварительные итоги криминологического исследования/ Юрист. - 2010. - №8. С. 46.

**АОК 343.2.01(574.25)**

**Жамулдинов Виктор Николаевич,**
з.ғ.к., қауымдастырылған құқық профессоры,
Өнер және спорт жоғары мектебінің профессоры,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

**Құрманқұл Абай Ермекұлы,**
1 курс магистранты,
Өнер және спорт жоғары мектебі,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

**Амантай Назерке Арманқызы,**
1-курс магистранты,
Өнер және спорт жоғары мектебі,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

# ПЕДАГОГ ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ ЖӘНЕ АДАМГЕРШІЛІК ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУШЫ ЖЕКЕ СУБЪЕКТ РЕТІНДЕ (ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМА)

**Андатпа.** Бұл мақалада оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары бойынша, мектеп әкімшілігінің өзге ұйымдармен өзара байланысы көрсетілген. Жеке тұлға ретінде педагогтың оқушылармен жасалатын іс-әрекеттеріне баға беру. Ақпараттарға сүйене отырып, арнайы статистикаға қарай отырып, оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған арнайы шаралары.

**Кілт сөздер:** жасөспірім, құқық бұзушылық, мектеп, әкімшілік, әлеуметтік педагог.

**Аннотация.** В статье рассмотрены меры по предотвращению беспорядков в сотрудничестве с администрацией школы для предотвращения преступности среди учащихся. Выделяется роль педагога как одного из субъектов профилактики правонарушений среди учащихся школы. На основания анализа литература, правовой статистики предлагаются меры, направленные на профилактику подростковой преступности.

**Ключевые слова:** подросток, правонарушение, школа, администрация, социальный педагог.

**Annotation.** The article discusses measures to prevent riots in collaboration with the school administration to prevent crime among students. The role of the teacher as one of the subjects of crime prevention among school students is highlighted. Based on the analysis of literature, legal statistics, measures are proposed aimed at the prevention of juvenile delinquency.

**Keywords:** teenager, offense, school, administration, social teacher.

## Кіріспе

Қазақстан Республикасының «құқық бұзушылықтың алдын алу туралы» заңына сәйкес *«құқық бұзушылық - ол үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде жауапкершілік көзделетін, жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің мүдделеріне зиян келтіретін адамның құқыққа қарсы, кінәлі әрекеті не болмаса әрекетсіздігі»* деп танылады [1]. Жалғастыра келе осы заңның екінші тарауында, құқық бузушылықтың алдын алу субъектілерінің жүйесін қамтитын органдар қарастырылған. Атап айтқанда:

1) мемлекеттік органдар;
2) жергілікті өзін-өзі басқару органдары;
3) мемлекеттік ұйымдар [1].

Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтар бүгін пайда болып, ертең жоқ бола қалатын мәселе емес. Әрине мұндай жағдайлардың орын алмас үшін үнемі жетілдіріп отыратын тәжірибелер қажет. Әуелі оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың пайда болуының алғышарттарын қарастыру қажет. Себебі қандай да болмасын мәселені шешу үшін, оның пайда болуы жолын қарастырады, онсыз нақты шешім табу өте қиын. Енді осы оқушылар арасындағы кикілжіңге, құқық бұзушылыққа алып келетін аса маңызды мән-жайларды қарастырып көрелік.

Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың басым бөлігі қадағалаусыздық пен панасыздықтың әсерінен болады. Балалардың қадағалаусыздығы мен панасыздығының етек жаюының негізгі себептерінің бірі – ата-аналары мен оларды алмастыратын кісілердің қажетті бақылауының болмауы, мүлдем назар аудармауы, немқұрайлық танытуы деуге болады. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Балалардың құқықтарын

қорғау комитетінің 2011 жылы зерттеу жүргізе отырып жасаған әдістемелік құралына сүйене отырып қарайтын болсақ, құқық бұзушылыққа әкеліп соғатын мән-жайларға мыналарды жатқызуға болады: кедейшілік, жұмыссыздық, отбасы жағдайының нашарлығы, отбасындағы қолайсыз ахуал (ата-аналардың ішімдікке салынуы, олардың ата-ана құқықтарынан айырылуы, ата-аналардың өз балаларын асыраудан бас тартуы, шектен шыққан қатыгездік, бақылаусыздық) тағы сол секілді [2, 7-8 б.].

**Негізгі бөлім**

Ендігі кезекте жасөспірімдер арасындағы қылмыс жасау көрсеткіші бойынша ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті ұсынған статистикалық мәліметке сүйеніп қарайтын болсақ:

*Кесте 1*

| | Кәмелетке толмағандарға қатысты | | |
|---|---|---|---|
| | 2016 | 2017 | 2018 |
| **ҚР Республикасы бойынша** | **3343** | **3156** | **3156** |
| Ақмола облысы | 154 | 142 | 158 |
| Ақтөбе облысы | 99 | 171 | 190 |
| Алматы облысы | 375 | 311 | 268 |
| Атырау облысы | 82 | 101 | 141 |
| Батыс Қазақстан облысы | 159 | 164 | 125 |
| Жамбыл облысы | 250 | 202 | 178 |
| Қарағанды облысы | 289 | 244 | 256 |
| Қостанай облысы | 253 | 235 | 221 |
| Қызылорда облысы | 78 | 83 | 135 |
| Маңғыстау облысы | 87 | 95 | 113 |
| Павлодар облысы | 130 | 80 | 71 |
| Солтүстік Қазақстан облысы | 78 | 73 | 53 |
| Шығыс Қазақстан облысы | 371 | 351 | 300 |
| Түркістан облысы | 478 | 494 | 249 |
| Шымкент қаласы | | | 209 |
| Астана қаласы | 214 | 178 | 211 |
| Алматы қаласы | 203 | 179 | 239 |

*ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті [7].*

1 кестедегі мәліметке сүйене отырып қарасақ соңғы екі жылында, яғни 2017-2018 жылдар бойынша кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауы бойынша жалпы көрсеткіш өзгеріссіз қалғанымен, әр өңірдің құқықтық ахуалы әр-түрлі екенін, яғни бір өңірлерде қылмыс жасаудың артқаны байқалса, енді бір өңірлерде төмендегенін аңғаруға болады. Жоғарыда айтып кеткеніміздей қадағалаусыз және панасыз қалған балалармен жүргізілетін арнайы профилактикалық жұмыста кәмелетке толмағандарды қабылдауды және уақытша күтіп бағуды қамтамасыз ететін Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары (бұдан әрі – КТБО) маңызды орын алады. Адамгершіліктендіруге деген бүкіл әлемдік үрдісінен туындаған шешім елде қалыптасқан балалардың қадағалаусыздығы мен панасыздығының профилактикасы жүйесін өзгертті.

Бүгінде кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында үш санаттағы кәмелетке толмағандар орналастырылады, олар – 3-тен 18 жасқа дейінгі қадағалаусыз және панасыз қалған балалар, ата-анасының немесе заңды өкілдерінің қамқорлығынсыз қалған балалар және арнаулы білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандар. Аталған өзгерістерге орай, Орталықтарда «пагон таққан» адамдар емес, әлеуметтік педагогтар, психологтар, мұғалімдер

жұмыс істейді, олар жасөспірімдердің мінез-құлық ерекшеліктерін, жастық психологиясы мәселелерін жақсы біледі әрі түсінеді [2, 33-34 б.].

«Азаматтық қоғамның қатысуын тағы да қайталауды жоққа шығармайды, бірақ мемлекет, содан кейін азаматтар басшыда тұруы тиіс» [3]. Мектеп жағдайында оқушылардың жағдайымен айналысатын мамандардың яғни жасөспірімдер ісі жөніндегі инспектор, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-психолог, әлеуметтік педагогтардың бірлескен жұмыстарын қамтитын іс-шараларды «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру» атты әдістемелік нұсқаулықта былайша қарастырады:

***Мектептің «қиын» оқушылармен жүргізілетін іс-шаралар тізімі***:

• қараусыз жүретін бақылаусыз, педагогтердің назарынан тыс қалған балаларды анықтау;

• балалардағы әлеуметтік-педагогикалық қараусыздықтың себептерін анықтау;

• тәртібі қиын балалар туралы мәліметтер базасын жасау;

• «қиын» оқушыларға құқықтық білім беру;

• жасөспірімдердің отбасында және өз қатарластары арасында өзін-өзі ұстау туралы ережелер мен жадынамаларды жасап, қолдану;

• тәртібі қиын оқушылардың ата-аналарына семинарлар өткізу;

• «тәрбиесі қиын оқушылармен жұмыс», «педагогикалық баса назар аударуды талап ететін қараусыз балалардың отбасымен жұмыс» тақырыптарында педагогикалық кеңестер өткізу;

• балалар мен ата-аналарға арналған психологиялық кеңестер жүргізу;

• педагогикалық-педагогтік концилиумдер ұйымдастыру;

• ұжымдағы жасөспірімдердің сыныптастары арасындағы жай-күйін зерттеу (социометрия);

• «қиын» балалармен жеке жұмыс жүргізу;

• жеке тәлімгерлікті ұйымдастыру (әлеуметтік педагог, жоғары сынып оқушылары);

• тәртібі қиын оқушыларды тәрбие орталықтарына, үйірмелерге, секцияларға тарту;

• жазғы алаңдар мен туристік клубтарға баруын ұйымдастыру;

• спорттық секциялардың жұмысын ұйымдастыру;

• «балалардың бос уақытына арналған сабақтар», «Біз және балалар» және т.б. тақырыптарда дөңгелек үстелдер өткізу;

• «қиын» оқушылармен ойын-жаттығуларын, ойын-тренингтер өткізу [4, 9-10 б.]. Осы орайда жасөспірімдермен осындай іс-шараларды өткізу кезінде бір жүйеге шоғырланған, біріккен, арнайы ережелерге сай жұмыстарды қажет етеді. Осы кезде құқық бұзушылықтың алдын алу үшін құрылған кеңесі маңызды рөл атқарады. Енді осы ереженің мазмұнымен таныссақ:

*Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі туралы Ереже. Жалпы ережелер*

1.1. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі құқық бұзушылықтың алдын алу үдерісін тиімді ұйымдастыру мақсатында мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, ата-аналардың (заңды тұлғалардың), қоғамдық ұйымдардың қызметін біріктіреді.

1.2. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі өз жұмысын Қазақстан Республикасы заңнамалары негізінде іске асырады.

Мектептің құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің құрамы: а) Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі төрағасы (төрайымы) - мектеп директоры; б) Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің хатшысы; в) Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің мүшелері: мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, ата-аналар, жоғары сынып оқушылары, мектеп инспекторы және т.б. Осы орайда барлығы біріге жұмыс жасаған кезде ғана нәтижеге қол жеткізуге болады. Жұмыла көтерген жүк жеңіл деп бекер айтылмаса керек.

Білгілі педагог Я. Корчак «Отбасы мен мектеп арасындағы кикілжің балаға ауыр соққы болып тиеді» деген болатын [5, 54 б.].

**Қорытынды**
қатынас сипатының готына, оның өзін-өзі дамуына, "мен" үйлесімділігіне байланысты. Бұрын ол өзіне деген қарым-қатынас туралы ойлаған сайын, болашақта ол терең маман болады.

Диалог құрылымында ішкі және сыртқы диалогтың болуы байқалады. Ішкі жеке тұлғалар арасында орын алады, яғни әр түрлі "Мен" арасында, сыртқы нақты тұлғалар арасында орын алады. Ішкі диалог - рефлексивті диалог. Рефлексия кәсіби қасиеттердің болуын немесе болмауын анықтауға мүмкіндік береді. Сыртқы үш түрі бар: диалог-таным, диалог-қызмет, диалог-қарым-қатынас. Е.Г. Евдокимова әңгімелесушілердің кездесуі болған қарым-қатынас деңгейін атап өтеді: эмоциялық, саналы, рухани.

Диалогтық өзара іс-қимыл мынадай сипаттамаларды қамтиды: 1) ықтимал "жауапқа" диалогтық орнату, өзінің мағыналық құндылықты пайымдауына "басқа" құқығын болжайды; 2) диалог қарама - қайшылықты да, белгілі бір бірлікті да қамтиды, келісімсіз диалогтық өзара іс-қимыл мүмкін емес; 3) диалог нәтижесінде болмыстың жаңа мүмкіндігі, жаңа сапа, жаңа қарым-қатынас туады; 4) диалогқа кіру - басқаша болуға тырысу дегенді білдіреді. Диалог көп қырлы және қарым-қатынастың барлық жақтарын қамтиды: коммуникативтік (қарым-қатынас бойынша әріптестер арасындағы ақпарат алмасу), перцептивті (бір-бірінің әр түрлі тұлғаларымен өзара қабылдау және түсіну), интерактивті (қатысушылардың бір-біріне өзара қатынасы).

Сондай-ақ, диалог тәрбие мәселелері контекстінде қарастырылды. Яғни диалог қарым-қатынастың мәні болып табылады, онда қарым-қатынастың ерекше сипаты рухани тұтастық, өзара сенім, теңдік. Ол эмоционалдық жылы қарым-қатынас болып табылады, онда сезім, қуаныш, бірлескен қызмет бар. Диалогта сұхбаттасушылардың мақсатты байланысы маңызды. Яғни, егер әңгімелесушілер бір-бірінің коммуникативтік талаптарын елемесе, бұл қарым-қатынас бұзылады және мұндай қарым-қатынасты диалог деп атауға болмайды.

Диалог өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі негізгі аспектісі болып табылады. Ол басқа адамның жан дүниесіне жолсерік, адамаралық байланыстарды орнату құралы болып табылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Сухомлинский В.А. Родительская педагогика. — Новосибирск: Зап.-Сиб. кн. изд-во, 1985. — 224 с.
2. Кучинский Г.М. Диалог и сознание личности/Г.М. Кучинский//Психологический журнал. – 2008. – №3(19). – С. 30-40.
3. Гришина Н.В. Психология конфликта : учебное пособие/Н.В. Гришина. - 3-е изд. — Санкт-Петербург : Питер, 2015.
4. Бодалев А.А. Психология общения: Избранные психологические труды 2-е изд. — М.: Московский психолого-социальный институт, Воронеж: НПО «МОДЭК», 2002. — 256 с. (Серия «Психологи Отечества»)
5. Калкеева К.Р. «Білім мазмұнының жаңғыртудың философиялық танылымы». - "Білім берудегі сандық технологиялар: мәселелері мен болашағы" атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының жинағы. Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты. 2018ж. - 134 б.
6. Калимжанова Роза Лаиковна – «Синхронность развития речевой культуры студентов в условиях внедрения информационно-коммуникационных технологий обучения». дис. … на соиск. Phd. ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. 2018 г.
7. Сейдина М.З., Менлибекова Г.Ж. - Толерантная направленность профессиональной подготовки социальных педагогов. Статья. Журнал «Наука и жизнь Казахстана», № 3 (59) 2018, с. 173-177.

**ӘОЖ 378.091.12**
**МРНТИ 14.09.35**

**Әбдіғапбарова Ұлжарқын Мүсілімқызы,**
п.ғ.д., профессор,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

**Айтенова Эльмира Абдикалиевна,**
лектор,
М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы,
Алматы қ., Қазақстан

**Кожабергенова Гаухар Есенбаевна,**
Phd философия докторы,
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті,
Тараз қ., Қазақстан

# ДУАЛЬДІ-БАҒДАРЛЫҚ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДІ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫҢ МОДЕЛІ

**Андатпа:** мақалада дуальді бағдарлық оқыту жағдайында болашақ мұғалімді кәсіби даярлаудың авторлық моделі қарастырылады. Бұл модель БжҒМ мемлекеттік гранты негізінде орындалып жатқан «дуальді-бағдарлық оқыту – болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығын жетілдірудің шарты» ғылыми жобасы аясында жүргізілген зерттеулерден алынған нәтижелер негізінде жасалған. Бұл қазіргі уақытта жоғары педагогикалық білім беру жүйесіне дуальді оқыту элементтерін ендіру қажеттілігінен туындап отыр. Авторлар мақалада аталған модельдің құрылымы мен мазмұнын жан-жақты сипаттайды. Модель мақсатты, технологиялық және бағалаушы блоктардан тұрады. Модельдің ерекшелігі «мектеп-колледж-жоғары оқу орны» іс-әрекеттерінің интеграциясында жүзеге асырылады.

**Түйін сөздер:** жоғары оқу орны, дуальді-бағдарлық оқыту, болашақ мұғалімді кәсіби даярлаудың моделі, мақсаттық блок, технологиялық блок, балаушы блок.

**Аннотация:** в статье рассматривается авторская модель профессиональной подготовки будущего учителя в условиях дуально-ориентированного обучения. Данная модель разработана на основе результатов исследований, проведенных в рамках научного проекта «дуально-ориентированное обучение – условие совершенствования профессиональной подготовки будущего учителя», реализуемого на основе государственного гранта МОН РК. Это в настоящее время обусловлено необходимостью внедрения элементов дуального обучения в систему высшего педагогического образования. Авторы подробно описывают структуру и содержание данной модели. Модель состоит из целевых, технологических и оценочных блоков. Особенность модели заключается в интеграции деятельности «школа-колледж-высшее учебное заведение».

**Ключевые слова:** высшее учебное заведение, дуально-ориентированное обучение, модель профессиональной подготовки учителя, целевой блок, технологический блок, оценочный блок.

**Abstract:** the article considers the author's model of professional training of the future teacher in the conditions of dual-oriented training. This model is developed based on the results of studies conducted under the research project «dual-oriented teaching – a condition for improvement of professional preparation of future teachers», which is implemented on the basis of the state grant of MES of RK. This is currently due to the need to introduce elements of dual training in the system of higher pedagogical education. The author describes in detail the structure and content of this model. The model consists of target, process, and evaluation blocks. The model features the integration of the «school-College-higher education institution» activity.

**Key words:** higher education institution, dual-oriented training, teacher training model, target block, technological block, evaluation block.

Қазіргі уақытта қоғамның жаһандану мен инновациялық ұтқырлық, ақпараттық пен технократтық, цифрлық өзгерістеріне сәйкес қарқынды дамуы мен рухани жаңғыруы жағдайында осы заманауи қағидаттарды жүзеге асыруға білікті мамандардың қажеттілігі артып отыр. Ал олардың осындай өзгешеліктер мен жаңалықтарға жылдам бейімделіп, тез сіңісіп кетуі болашақ маманның, соның ішінде мұғалімнің практикалық даярлығының жеткілікті көлемінен және жоғары деңгейінен талап етіледі.

Ал бұл болса, болашақ педагогтардың жоғары білім алу барысында келешектегі кәсіби қызметіне практикалық бағдарлы даярлануын, яғни практикалық дайындығын күшейту қажеттілігін арттырады.

Осыған байланысты педагогикалық білім беруде теориялық даярлығы мен практикалық даярлығы оқу орнында және өндірісте, яғни біздің жағдайымызда бала бақшаларда, мектептер мен колледждерде қатар жүруді жүзеге асыратын дуальді оқыту өзекті болып табылады.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымы мен тәжірибесі саласында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне дуальді оқытуды ендіру мәселелерінің теориялық-әдіснамалық, ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздерін зерттеуге аса мән берілуде. Өйткені Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында дуальді кәсіптік білім беруді дамытудың маңыздылығы атап өтілген. Осыған орай Қазақстан Республикасының Үкіметі, БжҒМ жүзеге асыру мақсатында оның нақты жолдарын анықтады [1].

Бүгінгі таңда Қазақстанда дуальді оқыту орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКББ) ұйымдарында табысты жүзеге асырылып келеді. Осы тәжірибе дуальді оқытуды ендірудің теория мен практика арасындағы алшақтықты жоятындығын; білім алушының оқу мен жұмысқа практикалық дағдысын игеру түрткісін жоғарылататындығын, ұйым басшысының өзінің қызметкерін практикалық оқытуға қызығушылығы болатындығын және т.б. көрсетті.

Алайда, қазіргі уақытта дуальді оқытуды болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығына толығымен ендіру, көшіре салу мүмкін емес. Өйткені олардың кәсіби даярлығындағы теориялық және практикалық құрамдарының пайыздық көрсеткішін теңестірудің, ал практикалық бөлігінің барлығын өндірісте (яғни болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығында мектеп пен колледж базасында) жүзеге асырудың әдіснамалық-ұйымдастырушылық негіздері жасала қойған жоқ, ол *біріншіден. Екіншіден,* дуальді жүйені жоғары педагогикалық білім беруде жүзеге асырудағы қиындықтар себептерінің анықталмауы және оны ендіру механизмінің жасалмауы да бұл мәселенің теориялық-практикалық тұрғыдан зерттеле түсуін қажет етеді.

2015 жылдан бастап отандық ғылымда осы бағытта жасалып жатқан мемлекеттік ғылыми жобалар (С.А. Жолдасбекова, К.Ж. Бұзаубақова, Ұ.М. Әбдіғапбарова, Г.К. Исаева, Л.А. Фрезоргер [2, 3, 4, 5]) мен диссертациялық зерттеулер (Ж.О. Нұржанбаева, Ж.Е. Алшынбаева, А.А. Сманова [6, 7, 8]) бүгінгі таңда жоғары педагогикалық білім беру үдерісіне дуальді оқыту элементтерін ендіру мүмкіндіктерінің бар екендігін көрсетеді. Ал бұл болса, бізге болашақ педагогтарды кәсіби даярлығында *дуальді-бағдарлық оқыту* жағдайы қалыптасуының басымдығы туралы айтуға мүмкіндік береді.

Осы мүмкіндік жағдайында болашақ мұғалімді кәсіби даярлау процесіне дуальді оқыту элементтерін ендірудің моделін жасаудың қажеттілігі туындайды.

Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында мұғалімді кәсіби даярлаудың авторлық моделі мақсатты, технологиялық және бағалаушы блоктардан құралатын логикалық құрастырылған және аяқталған құрылым болып табылады.

Аталған блоктар дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ мұғалімді кәсіби даярлауды жетілдіру үдерісін сипаттайды және оларды бірізділікпен жүзеге асыру қажеттілігі талап етіледі:

- ЖОО-да дуальді-бағдарланған біртұтас үдерісті ұйымдастырудың әдіснамалық тұғырлары және ұстанымдарын негіздеу;

- тұжырымдамалық, нормативті, әдістемелік мазмұнын анықтап, технологиялық блоктың құрылымын және толықтырылуын құрастыру; болашақ педагогтарды тиімді дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында даярлауды қамтамасыз ететін педагогикалық өзара әрекеттестіктің ұйымдастырушылық кезеңдерін жүзеге асыру механизмерін жасау; болашақ педагогтерды кәсіби даярлаудың компоненттерін, көрсеткіштерін және деңгейлерін қамтып, бағалаушы блоктың құрылымы мен мазмұнын құрастыру.

Модельдің ажыратып көрсетілген блоктарының сипаттамасы (Сурет 1).

*Мақсатты блок.* Құрастырылатын модельдің мақсаты ретінде, біз педагогикалық білім беруді жаңартудың қазіргі заманауи жағдайында дуальді-бағдарлық оқыту (ДБО) негізінде болашақ мұғалімді кәсіби даярлауды жетілдіру үдерісін қарастырамыз. Біздің пікіріміз бойынша, қойылған мақсат ЖМББС талаптарымен және кәсіби мотивацияның жоғары деңгейін, кәсіби-педагогикалық құзыреттілікті меңгерген педагогикалық білім беру саласындағы жоғары білікті мамандарды даярлауға қоғамның әлеуметтік тапсырысымен нақтылануы қажет. Аталған *блокта* педагогикалық

кәсіпті меңгерген студенттердің даярлығын қалыптастыруға ықпал ететін әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар ұсынылған.

Болашақ педагогтарды дуальді-бағдарланған кәсіби даярлаудың негізгі тұғырлары ретінде ұстанымдардың жиынтығын анықтайтын жүйелі-құрылымдық (А.А. Богданов, Т.А. Ильина, Л.Я. Зорина), жүйелі-кешенді (Д.М. Гвишиани, В.Г. Афанасьев, В.М. Сорокин, В.Л. Кокоренко), жүйелі-әрекеттік (Л.С. Выготский, Б.Г. Ананьев, А.Н. Леонтьев, В.А. Сластенин, В.В. Давыдов және т.б.) әдіснамалық тұғырлар алынды. Олар кәсіби мотивацияны қалыптастыру кезеңдерінің үздіксіздігі мен сабақтастығын, білім берудің интеграциясы мен тұтастығын, бірегей жағдайда бірегей тұлғаны дамытуды, болашақ педагогты даярлау процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің вариативтілігі мен икемділігін қатиды [9].

Таңдалған тұғырлар және ұстанымдар болашақ педагогтерді дуальді-бағдарлық кәсіби даярлау үдерісінің мазмұнына қойылатын талаптар ретінде алынады.

Модельдің *технологиялық блогы* қарастырылатын үдерістің мазмұндық-технологиялық жағын көрнекі түрде ұсынуға мүмкіндік береді.

Аталған блок тұжырымдамалық негіз ретінде (авторлық модельді ендіру механизмін, бағалау критерийлерін, ДБО диагностикалық құралдарын құрастыру); нормативті алғышарттармен (ЖМББС-на өзгертулер және толықтырулар, өзара әрекеттестікті реттейтін ережелерді құру (ҚР БҒМ, ББ, «Атамекен» ҰП, құқықтық органдар); әдістемелік мазмұнмен (ЖОО дейінгі практика, ментордың жетекшілігімен аптасына 1 күн, семестраралық демалыс кезіндегі практика, ДБО элективті курстары, колледжде, мектептерде ЖОО-ның бейіндік пәндерін өткізу) ұсынылған.

Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында мұғалімді кәсіби даярлаудың авторлық моделін жүзеге асыру механизмінің логикасы Абай атындағы ҚазҰПУ-нің базасында министрліктің өкілі жетекшілік ететін кәсіби педагогикалық білім беруді ұйымдастыру Орталығын алғашқы құрудан Үйлестіру Кеңесін құруға дейін (ҚР БҒМ, ББ, «Атамекен» ҰП, ЖОО, колледж, мектеп өкілдерінен) бірқалыпты өтуді; мектептің, колледж мұғалімдерінің қатарынан менторлардың кәсіби іс-әрекетінің жеке бағыттарын және саналы рефлексиясын құрастыру және оларға студент-практиканттарды бекітуді көздейді.

Мұндай нұсқаны шынайы түрде жүзеге асыруға болады, себебі біз ментор туралы Ережені және өндірістік базадағы жұмыс берушілер бекіткен педагогикалық практика туралы Ережені құрастыратын боламыз.

Педагогикалық өзара әрекеттестіктің объектілері және субъектілері (ҚР БҒМ, ББ, «Атамекен» ҰП, «Мектеп-колледж-ЖОО» корпоративті жүйесі) жүйелердің иерархиялық принципіне сүйене отырып, дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ мұғалімді кәсіби даярлауды жетілдіру үдерісінің кезеңдеріне реттелген сәйкестікте болады. Бұл ретте объектілі-субъектілі қатынастар кезеңнен кезеңге өту барысында субъектілі-субъектілі (әлеуметтік серіктестер, кәсіпорындар, жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептердің өкілдері) қатынастарға ауысады.

Құрастырылған модельдің *технологиялық блогы* «мектеп-колледж-ЖОО» жүйесінің білім беру субъектілері түрінде көрсетілген: педагогикалық кадрлар, оқытушылар, менторлар, әлеуметтік серіктестер.


Қазіргі ЖОО-ы оқытушысынан модульдік білім беру бағдарламаларын құрастыру, инновациялық педагогикалық тәжірибені зерттеу және меңгеруге арналған жаңа формаларды іздеуді жүзеге асыру біліктілігі талап етіледі. Бұдан басқа, дуальді-бағдарлық оқытуды жүзеге асыру үшін креативті құралдарды іздеу қабілетін дамыту қажет. Жоғары оқу орны оқытушысының жетекшілігімен жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептердің мұғалімдері, студенттер дуалді-бағдарлық оқытуды жүзеге асыру стратегиясы мәселелері бойынша ғылыми-практикалық конференцияларға қатысады, мақалаларды жариялайды, мұғалімдердің жоба жұмыстарының тең құқылы бірлескен авторлары болады, диплом жұмыстарын орындайды.

Жұмыс берушілер – бұл Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогика және психология институтының аудиториядан тыс жұмысына (шеберлік сыныптарын, тақырыптық кештерді өткізу), студенттердің мектептегі педагогикалық практикасына жетекшілік жасау үшін, студенттердің зерттеу, жоба жұмыстарын жетекшілік ету үшін, ДБО-ды жүзеге асыру үшін жоғары оқу орны тартатын білім беру ұйымдарының тәжірибелі педагогтары [10].

ЖОО-ның оқу үдерісіндегі әлеуметтік әріптестердің рөлін күшейту, олардың ДБО-ды жүзеге асыруға және мониторингілеуге қатысуы, теориялық оқытуды практикамен табысты ықпалдастыруға және дуальді-бағдарлық оқытуды тиімді ендіруге ықпал етуге мүмкіндік береді.

Дуальді-бағдарлық оқыту үдерісін ұйымдастырудағы студенттің рөлі – оны білімді тұтынушы позициясынан тапсырыс беруші, тең құқылы автор позициясына алмастыру. Студент өзінің кәсіби

дамуы бойынша өзіндік ұмтылыстарын жүзеге асыру үдерісіне белсенді түрде қосылады. ЖМББС-да студенттерге вариативті пәндерді, білім беру модульдерін және кәсіби инновациялық технологияларды таңдауға қатысуға мүмкіндікті ұсынып, өздерінің болашақ кәсіби тағдырына деген жауапты қатынасын қалыптастыру үшін негіз қаланған. Мұндай таңдауға дайындық студенттен өзінің болашақ кәсіби мансабын саналы ұғынуды, белгілі кәсіби құзыреттіліктерді меңгеру мотивациясының болуын талап ететін кәсіби өзін-өзі жүзеге асырудың қалыптасуымен анықталады.



**Сурет 1. Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында мұғалімнің кәсіби дайындығының моделі**

*Бағалаушы блок. Бағалаушы блокта* даярлықтың үш кезеңі (психологиялық, теориялық, практикалық) көрнекі түрде ұсынылған.

Даярлықтың маңыздылығы: «психологиялық» – оқу іс-әрекетін өзіндік реттеу ұстанымдары қалыптасады; кәсіби дамуды басқару ұстанымдары дамиды; білім беру үдерісінің субьектілерінің тұлғалық сапалары дуальді-бағдарлық іс-әрекетке психологиялық даярлықтың құрылымына енгізіледі; **«теориялық»** - дуальді-бағдарлық оқыту үдерісіне ену; оқыту субъектісінің санасын нақты көрсетілген соңғы нәтижеге бағдарлау (алдын ала қарастырылған мақсат); «мектеп-колледж-жоо» корпоративті жүйесіндегі өзара қатынастар жүйесінің дамуын болжау; **«практикалық»** - студенттерді дуальді-бағдарлық оқыту үдерісіне тиімді енгізуді қамтамасыз ету.

Бағалаушы блок мотивациялық, когнитивті және әрекеттік компоненттердің көрсеткіштерін және деңгейлерін қамтиды:

- *мотивациялық* (оқу мотивациясының болуы, ішкі мотивтердің басымдылығы, кәсіппен қанағаттанушылық, дуальді-бағдарлық оқытуға қызығушылық және аталған үдеріске деген кәсіби қажеттілік);
- *когнитивті* (білімнің, эрудицияның, педагогикалық іс-әрекетпен айналысу қабілетінің қалыптасқандығы);
- *іс-әрекеттік* (тұлғалық өсуге, кәсіби салада өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылыс) [11].

Модельдің барлық ұсынылған модельдері қазіргі заманғы, бәсекеге қабілетті, инновациялық мұғалімді қалыптастыруға бағытталған.

Авторлық модельде көрнекі түрде ұсынылған болашақ педагогтарды дуальді-бағдарлық кәсіби даярлау үдерісі мақсатты бағытталған жүйелі жұмысты және даярлықтың талап ететін кешенді және көпқырлы үдеріс болып табылады.

Болашақ педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау үдерісін біз студенттердің адаптивті деңгейінен күрделі және сапалық үздік-инновациялық деңгейге өтуі ретінде қарастыратынымызға ерекше назар аудару қажет.

Адаптивті деңгей жоғары оқу орнының жаңа дуальді-бағдарлық білім беру ортасында оқытудың бірінші курс студенттерін білім беру іс-әрекетіне бейімдеуге; кәсіби іс-әрекетке деген жағымды мотивацияға; тұлғалық өсуге және өзін-өзі дамытуға деген қажеттілікке ықпал ететін кәсіби-бағдарлаушы және пропедевтикалық жұмысты жүргізуді қамтиды.

Продуктивті деңгей студенттің кәсіби білімді алуға деген мотивациялық қызығушылығын, тұрақты танымдық қызығушылығын, дуальді-бағдарлық оқытуға сыртқы жағымды мотивтерінің басымдылығын; өзіндік іс-әрекетінің нәтижелерін болжауды; оқытудың аталған формасын жүзеге асыруға белсенді қатысуды; инновациялық іс-әрекетке дайын студенттің тұлғасының рефлексивті позициясын; жеке және шығармашылық жүзеге асыруға бағдарлауды қамтиды.

Инновациялық деңгей студенттің дуальді-бағдарлық оқытуға деген тұрақты қызығушылығын көрсетеді, кәсіби мотивацияның ішкі бағыттылығы басым болады; «мұғалім» кәсібінің маңыздылығын саналы ұғынуды; алынған психологиялық, эмоционалды, когнитивті тәжірибеге қатысты жүйелі рефлексияны; шығармашылық педагогикалық ойлаудың жоғары деңгейін; педагогикалық іс-әрекеттің өзгермелі жағдайларында болжай білу және табысты шешім қабылдау біліктілігін; дуальді-бағдарлық білім берудің нормативті талаптарына сәйкес өзіндік іс-әрекетін саналы түрде жоспарлауды білдіреді [12].

Сонымен, дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында мұғалімді кәсіби даярлығының авторлық моделі логикалық түрде құрастырылған құрылым болып табылады, ал даярлау үдерісінің өзі қоғамның әлеуметтік тапсырысын және ЖМББС талаптарын ғана емес, сонымен бірге, педагогикалық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасының талаптарын есепке алып, болашақ педагогтарды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке тартуға бағытталған.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам//Егемен Қазақстан. – 2012, шілде 10. – №97 (28456). - Б. 6-7.
2. Жолдасбекова С.А. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде болашақ педагогтарды дуальді оқытуға даярлау үдерісін жетілдірудің ғылыми әдіснамалық негіздері: ғылыми жоба. – Шымкент, 2015-2017.

3. Исаева Г.К. Мемлекет-жеке меншік әріптестігінің нысаны ретіндегі жоғары білім берудің дуалдық оқыту жүйесінде кәсіпкерлерді ынталандыру тетіктерін әзірлеу: ғылыми жоба. – Шымкент, 2015-2017.
4. Фрезоргер Л.А. Разработка интегрированной модели многоуровневой подготовки инженерных кадров для второй и третьей индустриальной пятилеток на основе дуальной технологии и социального партнерства: научный проект. – Павлодар, 2015-2017.
5. Бұзаубақова К.Ж. Жоғары педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: Тараз мемлекеттік педагогикалық институты мен Тараз қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің инновациялық ынтымақтастығы негізінде дуалды оқытуды ендіру және жүзеге асыру: ғылыми жоба. – Тараз, 2015-2017.
6. Нуржанбаева Ж.О. Дуальді оқыту жнйесінде колледж студенттерінің бойында еңбек құндылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері дис. … док. филос. PhD. – Шымкент, 2017. – 147 б.
7. Алшынбаева Ж.Е. Дуальды оқытуды іске асыруға кәсіптік білім беру педагогтарын даярлау: дис. … док. филос. PhD. – Шымкент, 2018. – 137 б.
8. Сманова А.А. Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дамуы (Германия және Қазақстан тәжірибесі) – М., 2002. – 195 с.
9. Абдигапбарова У.М., Жиенбаева Н.Б., Сманова Э.А., Айтенова Э.А. Болашақ мұғалімді дуальді-бағдарлық даярлау моделі.//Учебное пособие. – Алматы, 2019. – 65 б.
10. Жиенбаева Н.Б., Абдигапбарова У.М. К вопросу о разработке казахстанской модели профессиональной подготовки учителя на основе дуально-ориентированного обучения. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті Хабаршысы. Психология және социология сериясы. – 2019. – №1 (68). – Б. 103-110.
11. Әбдіғапбарова Ұ.М. Қазақстан Республикасында болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау үдерісіне дуальді оқыту элементтерін ендіруге ғылыми-әдістемелік ұсыныстар//Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Психология сериясы.– Алматы, 2019. – №2 (59). – 237 б.
12. Әбдіғапбарова Ұ.М., А. Сманова, Э. Айтенова Германияның инженерлік-педагогикалық білім берудегі дуальді жүйесінің тұжырымдамалық моделі. Вестник «Психология». – Алматы, 2019 – №2 (59). – Б. 238-242.

**ӘОЖ 371.134**

**Барсай Б.Т.,**
профессор, п.ғ.д.,
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

**Тағанова Ж.,**
магистрант,
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

# БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Түйін.** Мақалада болашақ мұғалімдердің шығармашылық әрекетін қалыптастыру мәселелері мен жолдары қарастырылған. Шығармашылық ғылыми изденіске бейімділікті, тұрақты да тиянақты еңбек етуді, ыждағаттылықты, төзімділікті, ойлылықты, әдебиеттермен жұмыс жасай білуді, парасаттылықпен ойлай білуді талап етеді. Сөйтіп, болашақ мамандардың жоғары оқу орнында алған білімі, біліктілігі, тәжірибесі болашақта кәсіби шыңдалуына үлкен әсерін тигізеді. Мақалада жоғары оқу орнында студенттермен жүргізілетін шығармашылық жұмыстардың түрлері мен оларды жүзеге асырудың жолдары туралы баяндалған.

**Түйін сөздер:** болашақ мұғалім, шығармашылық әрекет, шығармашылық әрекеттің негізгі компоненттері, студенттердің шығармашылық жұмыстарының мақсаты.

## Кіріспе

Қазіргі кезең мамандарға жан-жақты талаптар қоюымен, кәсіби құзыретті маман ретінде олардың өз ісінің шебері болуын талап етуімен ерекшеленуде. Ондай талап мамандардың өз мамандығының қыр-сырын, қазіргі уақыттағы және болашақтағы маңыздылығын білумен астасып жатыр деуге болады. Ғылым - қай салада болсын, өмірдің қозғаушы күші. Ғылымды кеңірек мағынада шындық өмір туралы объективті білімдерді жасау және теориялық жинақтау іске асатын адами әрекеттің бір саласы деп қарастырады. Ғылымға ұмтылыс шығармашылық әрекеттен басталатыны сөзсіз. Ендеше болашақ мамандар жоғары оқу орындары қабырғасында осы мәселені түсінуі, мүмкіндігінше ғылыми-зерттеу жұмысынан хабардар болуы және шығармашылық әрекетін шыңдауға ұмтылуы керек. Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылатын ғылыми изденіс жолдарын меңгеруі үшін оның шығармашылығының қалыптасуы болып табылады. Шығармашылық қабілет және оны ғылыми-зерттеу жұмыстарында жүзеге асыру маманның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін сапалардың бірі және оның сана-сезімін, изденісін, қызметін жаңаша құрып, жаңаша ойлауына ықпал етеді.

## Негізгі бөлім

Ақиқат болмысты ғылыми тұрғыдан танудың қажеттілігі оның адамзат үшін пайдалы жетістіктерге бағытталуымен түсіндіріледі. Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр Әл-Фараби: "Сана сарқылмайтындығымен сипатталады, ол әлеуеттене отырып, бардың мәнін түсінуге әкеледі", - десе, өз заманында саналуан ғылым салаларын меңгерген ғұлама ақын Жүсіп Баласағұни өзінің “Құтты білік” дастанында: “Жан-жақты дамыған адам – ол толық пішімді адам, оған жетудің бірден-бір жолы *ғылым мен білім*” деп атап көрсете келе, олар арқылы жетілген адамның ақыл парасатының барлық нәрсенің мән-мағынасын түсінуге мүмкіндігі жетеді”, - деген еді [1].

Осы айтылғандай, ғылым мен білімді егіз ұғым ретінде қарастыратын болсақ, ғылымға бастайтын әрекет - шығармашылық болып табылады.

Бұл мәселе Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жалпы білім берудің мақсаты оқытудың принциптерін өзгертуге қажеттілік туғанын және оқушының білім, білік, дағдыны пассив "алушыдан" танымдық процестің актив субъектісіне айналады. Білім берудің негізгі мазмұнын жаңалаушы ретінде оның жеке тұлғалық бағыт берушілігі оқу процесінде оқушымен шығармашылық өзара әсерлесуі орын алады. Осы мәселеге орай "Оқушылардың белсенді танымдық және жасампаз шығармашылығын ұйымдастыру арқылы олардың шығармашылық тәжірибе жинақтауына сәйкес келетін жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру процесі жүруі керек" деп аталып өткен болатын [2].

Шығармашылық - бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі, өмірде дұрыс жол табу үшін адам ой түйіндеп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі. Шығармашылық - адам бойындағы өзіндік қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеуге, адамның рухани күшін нығайтып, бойындағы өзініндік қасиеттерін сезініп, дамытуына көмектеседі.

Шығармашылық мәселесі туралы айтқанда "қабілет", "талант", "белсенділік", "дарын", "ізденіс", "ұмтылыс" ұғымдарын ескермеуге болмайды. Шығармашылықтың негізгі белгілері жеке адамның тіршіліктегі іс-әрекеттерінің, оның қабілетіне негізделуі болып табылады.

Қабілеттілік - қандай да бір немесе бірнеше әрекетті жемісті атқарудағы психикалық қасиет. Дарындылық - адамға білім беруде туа біткен алғырлық қасиеттердің тәрбие жүйесіндегі әдіс-тәсілдерімен бірлесе келіп, жеке тұлғаны қалыптастыруда ықпал етудің нәтижелі көрінісі. Белсенділік- қоршаған ортадағы ақиқат шындық пен өзара қимылының өлшемі, кез-келген әрекеттің немесе қимыл-қозғалысы орындалуындағы өнімділігі және қарқындылығы. Талант - адамды басқа адамдардан ерекшелендіріп тұратын қасиет [3].

«Шығармашылық іс-әрекет» ұғымын анықтау мәселесі философтардың, социологтардың, психологтардың, педагогтардың және басқа да ғылым өкілдерінің зерттеу объектісі болып табылады. Оған Б.М. Кедров, Л.Д. Кудрявцев, Я.А. Понамарев, О.К. Тихомиров және басқалардың еңбектері арналған.

"Шығармашылық іс-әрекет", - деп қандай да бір қатаң ереже (алгоритм) бойынша емес, өз бетінше ұйымдастыруға негізделген кез-келген қызметті түсінетіндігін айта келе, Б.А. Викол өз еңбегінде соңғының құрамына қызметін тиімді жоспарлай алуға қабілетті, өз іс-әрекетін жағдайға қарай қайта құра білу, өзін-өзі қадағалау, қызметке қатысты объектілер жайлы түсінігін қайта қарау, қажет болса өзгерте алу қабілетін жатқызады [4]. Шығармашылық тек қана ғылымда, әдебиет және бейнелеу өнеріне ғана емес бүкіл адамзат қызмет аймағында қажет. Қазіргі мектепте оқитын балалар бірнеше жылдан соң өз бетінше өмір сүруге көшіп экономика, мәдениеттің және т.б. дамуына өз үлестерін қоса бастайды. Әрине, оған еңбек етіп, өз жұмысын ұнатудан басқа шығармашылық қабілет те қажет. Ал оны іске асыру үшін оқушыларды тапсырмаларды орындау барысында жаңа жолдарды, тәсілдерді іздеп таба білуге, яғни мектеп курсының материалдарын шығармашылықпен игеруге жүйелі түрде тәрбиелеу қажет. Сондықтан болашақ мамандарды шығармашылық әрекетке баулу жұмыстарының жоғары оқу орнында тиянақты да жан-жқты жүргізілуі өте маңызды болып табылады.

Болашақ мамандардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда олардың қызығушылықтарын оятудың әдіс-тәсілдерімен қатар алуан түрлі тарихи және осы заманғы деректерді жүйелеудің, тұжырымдай білудің, жеке құжаттарды жан-жақты сын тұрғысынан талдай білудің өзіндік зерттеу әдіс-тәсілдерін үйрету, тұлға бойына дарыту олардың өзіндік ізденістері мен ұмтылушылығына, жетістіктерді пайдалана білулеріне де байланысты. Болашақ маман қоғамның бір мүшесі ретінде болып жатқан түрлі мәселелерге араласып, өз пікірін білдіре отырып, оны шығармашылықпен дәйектей, оған өзіндік тұжырым, қорытынды жасай алуы тиіс. Сондықтан жоғары оқу орындарында, оның ішінде болашақ математика пәнін даярлайтын мамандықтарда студенттердің шығармашылық жұмыстарға тұрақты дағдылануының маңызы зор. Мұндай жұмыстар пәндерді теориялық және практикалық оқыту барысының әр кезеңінде тиімді қолданылып отырулары қажет.

Мұндай сапаларды тұлға бойына дарыту студенттердің өзіндік ізденімпаздығының, қазіргі уақыттағы қоғамның, ғылымның, оның ішінде математиканың даму мәселелерін байыппен түсініп, қорытынды жасай білуіне және шығармашылықпен дәйектей отырып, өзіндік тұжырым жасай алуына көмектеседі.

Сонымен қатар, болашақ мұғалімнің шығармашылық әрекетке даярлығының маңыздылығы - біріншіден, өзінің ізденіс қабілетін, ой-өрісін үнемі жетілдіріп отыруға мүмкіндік алса, екіншіден, болашақта өзі дәріс беретін оқушыларының ақыл-ойын дамытуға, оларды ізденіске баули білуге, білімдер мен біліктіліктерді шығармашылық түрге айналдыруға үйренеді. Пайда болған мәселеге қатысты танымдық қызметін ұйымдастыру арқылы білім алушыда өз бетінше жаңа білім іздеп табуға деген даярлықтары мен қабілеттері артады, алға қарай жылжу пайда болады. Бұл дайындықтар мен қабілеттер неғұрлым күрделі де ауқымды болса, соғұрлым өзінің қызметін ұйымдастыру және бақылау қабілеті мен пайда болған мәселеге бара-бар тұлғаның интеллектуальдық мүмкіндігінің жоғарылауына ықпал етеді.

Шындығында, оқу қызметі дамудың қол жеткен деңгейіне сүйене отырып, білім алушының әрмен қарай дамуына, яғни дамудың келесі деңгейіне жетуіне жағдай жасайды. Сонымен, білім

мазмұны оны меңгеру әдістерімен бірлесе отырып, баланың интеллектуалдық дамуына әсер етеді. Бұл туралы ғалым, педагог И.Я. Лернер: "Мұндағы меңгеру әдістері үлгі бойынша орындалатын іс-қимыл әдістері болса, онда әңгіме дағды мен біліктілікті меңгеру туралы болғаны. Ал, егер аталған әдістер, іс-қимыл әдістері мен білімдер іздестірудің жолдары түрінде болса, онда әнгіме шығармашылық іс-әрекетті атқару қабілеті туралы болып отырғаны," - деген болатын [5].

Сол сияқты Н.Л. Половникова өз зерттеулерінде шығармашылық, іс-әрекетті үш деңгейге бөледі, олар: көшіруші, жаңғыртушы-шығармашылық, құрастырушылық-шығармашылық деңгейлер, олардың әрқайсысы танымдық қызмет әдістерінің белгілі бір жайттарын игеруге сай келеді [6].

Шығармашылық таным мен белсенділіктің маңызды көрсеткіші білім алушының өз бетінше ізденіп, сұрақ қоя білуінде. Сабақта меңгерілген теориялық заңдылықтарды өмірде пайдалана білу - жаңаша танымның көрсеткіші. Шығармашылық іс-әрекетке баулу қабілетін арттыру үшін ұстаз бен білім алушының шығармашылық ізденістері өзара ұштасуы тиіс. Шығармашылық сипаттағы жұмыстар өз бетінше жасайтын жұмыстардың ішіндегі ерекше орын алатындардың қатарына жатады. Шығармашылық жұмыс - білім алушының өз бетінше жасайтын жұмыстары және олардың белсенділігінің дамуындағы қажетті кезең. Шығармашылық - дәл сипатталатын, қатаң реттеуге келмейтін интеллектуалдық іс-әрекеттер мен операциялар арқылы адамның объективті немесе субъективті жаңа нәрсе жасау үрдісі. Мұның атқаратын функциясы - жинақталған тәжірибені қайта жаңғырту ғана емес, жаңа элементтер жасай отырып, білім алушы мен оның ептіліктерін дамыту.

Шығармашылық жұмыстар мен тапсырмалар білім алушылардың танымдық және эстетикалық қажеттіліктерін бір мезгілде қанағаттандыруға септігін тигізеді. Шығармашылық қабілеттің бірден қалыптаспайтындығы белгілі. Оқытудың алғашқы күнінен-ақ бұл мәселе педагогикалық ұжымның, оның ішінде әр мұғалімнің назарында болуы тиіс. Шығармашылық іс-әрекетке баулу жаттығуды қажет етеді. Әрбір өз бетінше шешілген қиыншылықтар шығармашылық қызметті ұштай түседі. Мәселеге шынайы ден қоймай, іштен түрткі болмай, бір мәселе бойынша ұзақ ойланып толғанбай, шығармашылық нәтижеге жету мүмкін емес. Болашақ мұғалімнің өз еңбегінен қанағат алатын, өз күшін сынап көруге болатын, белгілі нәрсенің жаңа жақтарын өз бетінше ашуға ұмтылатындай, жинақтылықты, шығармашылық қиялды, интуиция, фантазияның жинақталуын талап ететін тапсырмалар және өз бетінше орындайтын жұмыстар олардың ізденімпаздығын, ойлау әрекетін жетілдіре түседі. Осындай білім алудан, үйренуден қанағат алуға, өз бетімен іздене білуге ықпал жасайтын, шығармашылықпен ойлауды қажет ететін тапсырмалар студенттерді болашақ мұғалім ретінде өз бетінше жұмыстар дайындауға, сабақ жоспарларын жасау барысында оған оқушыларды қызықтыратындай шығармашылық элементтерін енгізе білуге, оқу үрдісін танымдық және шығармашылық бағытта жүргізуге ұмтылысын айқындай түседі. Жоғары оқу орнында пәндерді оқыту барысында бұл бағытқа мыналарды жатқызуға болады:

- практикалық сабақтарда шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды ұдайы ұсынып отыру;
- оқу бағдарламасынан тыс эксперименттік, зерттеушілік сипаттағы тапсырмаларды орындату;
- түрлі дерек көздердегі ғылыми ақпараттарды іздестіру, салыстыру, талдау жасату және оларды тиімді қолдана білуге дағдыландыру;
- оқу материалдарын жалпылау және жүйелеу, шығармашылық талдау жасауға берілетін тапсырмалар орындату;
- сабақ барысында шығармашылық ойын өткізу және т.б.

Оқушының шығармашылық жұмыстары өте маңызды, баланың ақыл-ойын дамытады, білімдер мен біліктілікерді шығармашылық түрге айналдырады. Пайда болған мәселеге қатысты танымдық қызметін ұйымдастыру арқылы оқушыда өз бетінше жаңа білім іздеп табуға деген даярлықтары мен қабілеттері артады, алға қарай жылжу пайда болады. Бұл дайындықтар мен қабілеттер неғұрлым күрделі де ауқымды болса, соғұрлым өзінің қызметін ұйымдастыру және бақылау қабілеті мен пайда болған мәселеге бара-бар тұлғаның интеллектуальдық мүмкіндігі жоғары болғаны.

Шығармашылық таным мен белсенділіктің маңызды көрсеткіші оқушының өз бетінше ізденіп, сұрақ қоя білуінде. Сабақта меңгерілген теориялық заңдылықтарды өмірде пайдалана білу - жаңаша танымның көрсеткіші. Шығармашылық іс-әрекетке баулу қабілетін арттыру үшін мұғалім мен оқушының шығармашылық ізденулері өзара ұштасуы тиіс.

Шығармашылық жұмыс - оқушының өз бетінше жасайтын жұмыстары және олардың белсенділігінің дамуындағы қажетті кезең. Өз ізденісінің және шығармашылық жұмысының жемісін сезінген оқушылар мұғалімнің еңбегін бағалай біледі және оқуға деген ынтасы арта түседі.

Шығармашылық - дәл сипатталатын, қатаң реттеуге келмейтін интеллектуалдық іс-әрекеттер мен операциялар арқылы адамның объективті немесе субъективті жаңа нәрсе жасау үрдісі. Мұның атқаратын функциясы - жинақталған тәжірибені қайта жаңғырту ғана емес, жаңа элементтер жасай отырып оқушы мен оның ептіліктерін дамыту [7].

Шығармашылық тек қана ғылымда, әдебиет және бейнелеу өнеріне ғана емес бүкіл адамзат қызмет аймағында қажет. Қазіргі мектепте оқитын балалар бірнеше жылдан соң өз бетінше өмір сүруге көшіп экономика, мәдениеттің және т.б. дамуына өз үлестерін қоса бастайды. Әрине, оған еңбек етіп, өз жұмысын ұнатудан басқа шығармашылық қабілет те қажет-ақ. Ал оны іске асыру үшін оқушыларды тапсырмаларды орындау барысында жаңа жолдарды, тәсілдерді іздеп таба білуге, яғни мектеп курсының материалдарын шығармашылықпен игеруге жүйелі түрде тәрбиелеу қажет.

Мектепте математиканы оқытудағы негізгі талап - оқушыға жаңа материалды қызықты, түсінікті және өмірмен байланыстыра отырып түсіндіре білумен, есептер шығара білу жолдары мен тәсілдерін үйретумен қатар оқушылардың өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын дамыту болып табылады. Әсіресе, оқушыларды шығармашылық әрекетке баулу, сындарлы ойлау қабілетін дамыту - оларға берілетін шығармашылық тапсырмалардың сапасына, ойлау әрекетін қамтамасыз ете алуына тікелей байланысты. Дұрыс ойлай білу барлық кезде де адамның жоғары адамгершілігі, біліктілігі ретінде қарастырылады. Олай болса, математикадан оқушылардың ойлай білуін, оның ішінде сындарлы ойлауын қалыптастыру оларды шығармашылыққа үйретері сөзсіз. Бұл бағытта жоғары оқу орнында оқылатын барлық пәндер, оның ішінде математикалық және әдістемелік пәндердің маңызы зор, себебі бұл пәндер болашақ математик мұғалімнің қызметіне тікелей байланысты болып табылады. Сондықтан аталған пәндерде болашақ мұғалімнің ұстаздық тұлғасын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуі міндетті.

**Қорытынды**

Бүгінгі студент – ертеңгі маман. Оны жан-жақты білімді, ізденгіш, шығармашылық жұмыспен айналысуға икемді етіп тәрбиелеу – басты міндеттеріміздің бірі. Себебі, қазіргі заман болашақ мұғалімдердің жан-жақты дамыған, заманауи талаптарға сай болуымен қатар, оқушылардың да мектеп қабырғасында түрлі ғылыми ізденістермен шұғылдана отырып, ғылыми жұмысқа, шығармашылыққа дайын болуын қажет етіп отыр. Осыған орай, жоғарыда келтірілген болашақ мұғалімдердің шығармашылық әрекетке даярлығын қалыптастыру болашақ мұғалімдердің оқушыларға білім беру мен тәрбиелеуде жалаң әдіс-тәсілдерді қолданып қана қоймай, педагогика ғылымындағы жаңалықтарды, инновациялық көзқарастарды меңгере отырып, оларды өз іс-әрекетінде шығармашылықпен тиімді пайдалануға мүмкіндік жасауды мақсат етеді.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**


1. Баласағұн Ж. Құтты білік/Көне түркі тілінен ауд. және алғы сөзі мен түсінік. жазғ. А. Егеубаев. — Алматы: Жазушы, 1986. — 616 б.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.
3. Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь для студентов высших и средних педагогических учебных заведений. – М., 2001 - 217 с.
4. Викол Б.А. Формирование элементов исследовательской деятельности при углубленном изучении математики: дис. … канд. пед. наук/Б.А. Викол. – М., 1977. – 168 с.
5. Лернер И.Я. Развивающее обучение с дидактических позиций. – Педагогика, 1996. - 174 с.
6. Половникова Н.А. Исследование процесса формирования познавательной самостоятельности школьников в обучении: Автореферат дис. на соискание ученой степени доктора педагогических наук. (13.00.01)/Ленингр. пед. ин-т им. А.И. Герцена. - Ленинград: [б. и.], 1977. - 58 с.
7. Қалиев С. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. - Алматы, 2001.

**УДК 37.015.3**
**Б 37**

**Бекембетова Люция Игалановна,**
магистр психологии, старший преподаватель,
кафедра специальной педагогики,
Таразский государственный педагогический университет,
г. Тараз,
E-mail: bekembetova@bk.ru

**Касымов Муратбек Рахимбекович,**
магистр педагогики, старший преподаватель,
кафедра дошкольного и начального образования,
Таразский государственный педагогический университет,
г. Тараз,
E-mail: muratbek7777@bk.ru

**Амиркенова Эльмира Жарасбаевна,**
старший преподаватель,
кафедра специальной педагогики,
Таразский государственный педагогический университет,
г. Тараз,
E-mail: amirkenova@mail.ru

# ЗНАЧЕНИЕ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО СОПРОВОЖДЕНИЯ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

**Түйін.** Мақалада авторлар инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық үрдістің түрлі субъекттерімен психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктерін қарастырады.

**Кілт сөздер**: инклюзивті білім беру, психологиялық-педагогикалық қолдау, индивидуалды білім алу жолы, білім алу кеңістігінің субъекті.

**Резюме.** В настоящей статье авторы рассматривают особенности организации психолого-педагогического сопровождения с разными субъектами педагогического процесса в условиях инклюзивного образования.

**Ключевые слова:** инклюзивное образование, психолого-педагогическое сопровождение, индивидуальный образовательный маршрут, субъект образовательного пространства.

**Summary.** In this article, the authors consider the features of the organization of psychological and pedagogical support with different subjects of the pedagogical process in an inclusive education.

**Keywords*:*** inclusive education, psychological and pedagogical support, individual educational route, the subject of educational space.

В настоящее время естественным этапом в системе казахстанского, да и всего мирового образования, является инклюзивное образование – иные подходы к детям с особыми потребностями к образованию. Различия между людьми объективно способствовали сложившеся на сегодняв идеологии инклюзивного образования. Политика инклюзии заявляет о необходимости изменения общества и его институтов так, чтобы они были удобными для включения в общество любого человека. Более того, такое изменение институтов предполагает, чтобы это включение отвечало современным требованиям по соблюдению прав человека в обществе и т. д.

Термин «педагогическое сопровождение» в науке появился недавно. Часть специалистов считает, что этот термин действует как самостоятельный педагогический инструмент, и действует как независимое явление. Термин «педагогическая поддержка» характеризуется как «деятельность педагога по профилактике и неотложной помощи детям в процессе обучения и воспитания, формирования деловых и межличностных взаимоотношений, успешным продвижением в учебе, личностным и профессиональным самоопределением».

О. Газман предложил определить педагогическую поддержку как деятельность преподавателя, направленную на оказание неотложной помощи учащимся для достижения положительных результатов в обучении. Деятельность педагога в данном случае напрвлена

наоказание помощи по преодолению трудностей возникающих в процессе развиия личности ребенка [1, с. 107].

Е. Александрова подчеркнула, что педагогическое сопровождение характеризуется не только снижением уровня вмешательства взрослых в образовательный процесс, но и умением ребенка преодолевать учебные и личные проблемы [2, с. 41].

Хотелось бы подчеркнуть, определение «педагогическое сопровождение» зависит во многом от характера действий педагога по отношению к подопечному.

В. Сластенин полагает, что это – «процесс поощрения максимальной самостоятельности ученика в проблемной ситуации при минимальном участии педагога» [3, с. 78].

Отсюда следует что: информационные, направляющие, развивающие функции являются основными функциями психолого-педагогического соправождения. В процессе инклюзивного образования выделяют ряд основных компонентов психолого-педагогического сопровождения субъектов педагогического процесса:

- личность ребенка изучается в целях оказания психологической помощи;
- осуществление просветительской работы с родителями с использованием разнообразных формы активного взаимодействия всех участников.

Анализ педагогической литературы помог нам сделать вывод, что за последнее десятилетие проблема педагогического сопровождения остается актуальной. Понятие «педагогическая поддержка» рассматривается как многостороннее явление, которое в настоящее время изучается на уровне междисциплинарных связей, получившее свое начало в результате исследования такого явления, как «педагогическая поддержка».

Рассматриваемые нами пять основных субъектов сопровождения в определенной степени нуждаются в психолого-педагогическом сопровождении. Личность ребенка с ограниченными возможностями, является главным субъектом инклюзивной практики.

Рассмотрим ребенка, требующего создания специальных образовательных условий, в том числе ребенка-инвалида, как субъекта психолого-педагогического сопровождения, только с точки зрения следующих аспектов:

- процесс обучения и воспитания данного ребенка предполагает разработку адаптированной для него индивидуальной образовательной программы, состоящей из индивидуального образовательного направления, т.е. индивидуального учебного плана, адаптированного учебного материала, а также организации специальных образовательных условий образования и социализации;
- для разработки индивидуальной образовательной программы и специальных условий ее реализации приоритетной является наличие у ребенка особых образовательных потребностей в получении образования и социализации, а не наличие какой-либо инвалидности.

Важным аспектом в данном процессе является создание особых образовательных условий, которые в значительной степени определяют эффективность реализации самой индивидуальной образовательной траектории.

Важно понимать, что некоторые из них будут относиться к ребенку с различной степенью негативности, некоторые будут нейтральны, потому что для них "как бы не существует этого ребенка", третьи будут чувствовать позитивные эмоции и вступать в положительные отношения. Очень важно разработать психолого-педагогические мероприятия, позволяющие снизить негативные отношения в данной неоднородной межличностной ситуации, способствующие эффективному внедрению позитивных отношений не только для создания толерантной образовательной среды, но и осуществления психолого-педагогического сопровождения в комплексе [4, с. 29-33].

Важнейшими субъектами инклюзивного образования, кроме детей, являются родители и включаемого ребенка, и других детей класса. Очевидно, что и родители не могут рассматриваться как однородный субъект сопровождения. Для каждой категории родителей необходимо разработать отдельные технологии оценки и сопровождения.

Сопровождение мы рассматриваем как процесс целостной деятельности практического психолога, в рамках которого выделяются три основных компонента:

1. Наблюдение за психолого-педагогическим статусом ребенка и динамикой его психического развития в процессе школьного обучения.
2. Разработка индивидуальных и групповых программ психологического развития личности ребенка, создание социально-психологических условий для развития личности учащихся и успешного их обучения.

3. Оказание помощи детям с проблемами в психологическом развитии, обучении.

Выполнение вышеуказанных требований и создание эмоционального климат в коллективе будут способствовать решению задач инклюзивного образования детей в условиях психолого-педагогического сопровождения детей со стороны педагогов и психологов [5, 27 С.].

Большая роль в данном процессе отводится психодиагностике в результате которой могут быть определены:

- специфические потребности детей, выбор метода исследования;
- постановка психологического диагноза;
- выбор оптимальной педагогической траектории обучения;
- разработка рекомендаций, составление долгосрочного плана развития способностей или других психологических образований.

Анализ литературы по рассматриваемой проблеме показал, что психолого-педагогическое сопровождение рассматривается как целостный и непрерывный процесс взаимодействия всех субъектов инклюзивного образования.

По нашему мнению, основным условием эффективности психолого-педагогического сопровождения в условиях инклюзивного образования является правильное понимание всеми участниками педагогического процесса задач, содержания и целей их совместной деятельности. Совместная, систематическая работа всех участников психолого-педагогического сопровождения: школьного психолога, педагогов, родителей, их равноправное участие и активность на всех этапах следует рассматривать как действенные меры успешной работы.

Таким образом, деятельность, направленная на реализацию психолого-педагогического сопровождения детей с ограниченными возможностями в обучении в условиях инклюзивного образования, определяется изменениями в государственной политике в области доступности образования для всех детей, иными требованиями к реализации основных правил личностно-ориентированного образования.

Исследуемая проблема рассматривается как движение вместе с меняющейся личностью ребенка. Своевременное оказание возможных путей оптимального развития, нейтрализация неблагополучия, оказание помощи и поддержки в случае необходимости, развитие позитивного в педагогическом процессе для ребенка в целом возможно при продуманно-организованном и осуществляемом процессе.

Конечно, учитывая особенности детей, нуждающихся в инклюзии, мы можем с уверенностью сказать, что изучение данного явления не является простой задачей, она требует постоянного анализа и дополнительных исследований.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Александрова Е.А. Педагогическое сопровождение в процессе образования. - М.: Дрофа, 2010. - 154 с.
2. Алехина С.В., Семаго М.М. Создание и апробация модели психолого-педагогического сопровождения инклюзивной практики. Методическое пособие. - М.: МГППУ, 2012. - 156 с.
3. Брутова М.А., Буторина А.Н. Социальная педагогика: учеб.-метод. пособие. - Архангельск: ИПЦ САФУ, 2013. - 76 с.
4. Газман О.С. Педагогическая поддержка детей в образовании как инновационная проблема//Новые ценности образования: десять концепций и эссе. - М.: Инноватор, 1995. - 264 с.
5. Екжанова Е.А., Резникова Е.В. Основы интегрированного обучения: пособие для вузов. - М.: Дрофа, 2008. – 210 с.
6. Михайлова Н.Н., Юсфин С.М. Педагогическая поддержка ребенка в образовании: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений/Н.Н. Михайлова, С.М. Юсфин, Е.А. Александрова и др. - М.: Изд. центр МИРОС, 2001. - 208 с.
7. Сластенин В.А., Колесникова И.А. Педагогическая поддержка ребенка в образовании: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. - М.: Академия, 2006. – 240 с.

**УДК: 796.034.6**

**Давлетова Венера Мавленовна,**
старший преподаватель,
кафедра «Компьтерные науки»,
Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави,
To identify the essence of the system and purpose-oriented approach, we decided to analyze the key concepts: “system”, “systematic approach”, “purpose-oriented approach”. Since the activities of the teacher are associated with educational institutions that are included in the social system, at the time, the need to use a systematic approach in pedagogical science and practice became apparent. In addition, most scholars consider it to be a reliable methodological basis for improving the theory and practice of pedagogics, and hence foreign language education.

The systematic approach is revealed in the works of V.P. Bespalko, V.G. Afanasyev, F.F. Korolev, E.G. Yudin, M.A. Danilov and others. They understand *a system* as an ordered set of interconnected elements united by a common functioning, the common goal and the unity of management, which acts in interaction with the environment as an integral unity. In her scientific and practical activities T. Batyaeva uses the definition of P.K. Anokhin: "A system can only be called a complex of selectively involved components in which the interaction and relationships take on the character of the interaction of the components to obtain a focused useful result" [4, p.72].

The scholar notes that it is the result that should become the determining component of the system and it creates the ordered interaction between other components.

Since consistency or systemicity is one of the key characteristics of pedagogical phenomena and processes, a systematic approach allows us to analyze, research, develop a certain object as an integral, unified system. Emphasizing the role, the authors consider it the most reliable methodological basis in improving both pedagogical theory and pedagogical practice. With the concept of a system, various aspects of a complex integral object are connected: its composition, structure, methods of functioning of its elements. The analysis, research and development of a certain object as an integral, unified system is a combination of actions of a systematic approach. In the framework of a systematic approach, teachers and psychologists identify the following system characteristics:

1. Integrity. The properties of the whole are not fundamentally reducible to the mechanical sum of the properties of its elements. At the same time, each element in the system has its own place and its own functions.

2. Structurality. The functioning of the system is due not so much to the features of the individual elements as to the properties of its structure.

3. Hierarchy. Each element of the system can be considered as a relatively independent subsystem.

4. The interdependence of the system and the environment. The system functions and develops in close interaction with the environment.

5. The plurality of descriptions. Due to the complexity of system objects in the process of their cognition, various schemes and models for their description can be used.

A feature of pedagogical systems is that, as a rule, they are open, extremely dynamic, variable systems. In scientific knowledge, a systematic approach is used as the methodological basis of training, as a didactic principle [5, p.18].

Systematicity is one of the most important characteristics of pedagogical phenomena and processes, therefore, a systematic approach, being a methodological orientation in activity, allow you to analyze, research, develop the object of cognition or transformation as a holistic, single system. Consistency of knowledge is a key characteristic of the process of cognition. The formation of a systematic knowledge of a learner is associated with the awareness of assimilation of theoretical knowledge by him. "If a certain body of knowledge in the human mind forms a system (concepts, basic principles, consequences), then we are talking about the systematic nature of the assimilation of knowledge," notes L.Ya. Zorina [6, p.15]. System knowledge and the means that are used for its achievements are a prerequisite for the further mastery of knowledge. So, the future teacher must be aware of the nature of knowledge, the ways of obtaining and fixing it, the composition and structure of scientific theory so that he can comprehend new knowledge and rationally build an explanation. The understanding of knowledge in a certain system will lead the student not only to formulate questions, but also to search for answers to them, to a critical perception of new information. All these are necessary elements for the development of the creative thinking of the schoolchild and student. Education that contributes to the formation of systematic theoretical knowledge has a positive effect on interest in science.

The term "system" is correlated with something whole, which consists of individual parts. In the case of pedagogical systems, this may be a list of the components of the educational process; training units, etc. A system can be defined as a set of elements of a certain kind, interconnected, interacting with each other and forming integrity [4, p. 18].

The signs of the system include: the presence of elements - the minimum units having a divisibility limit in the framework of this system; imperativeness as a result of the interaction of all components included in the system; connection with the external environment, which characterizes its openness; purpose-oriented characteristics that make it possible to define systems as purposeful and focused: multifunctionality, development, orderliness. Proceeding from this, the pedagogical system is defined as the total integrity of the elements - participants in the pedagogical

process, due to social factors that interact with each other on the basis of cooperation, as well as with the external environment with the goal of developing and self-development of the individual.

The main point in the systematic approach says that to study a complex object - a system, it is necessary not only to study the features of all the elements that make it up, but also the features of the interaction of these elements. The tasks of understanding the mechanism of relationships between elements of a system are integral tasks in a systematic approach. It is necessary to present the process under study as an object-system in the form of a hierarchical structure of interrelated types, functions, tasks, taking into account their interconnections. It is impossible to study the object as a holistic education, not taking into account the stages of its development. Many researchers discusses about the integrity and interconnection of this principle with a systematic approach. In particular, V.I. Zagvyazinsky points out the necessity of observing the principle of integrity in the process of research and application in the system approach - the system should be considered as a holistic entity. Isolation of elements in it requires research accuracy and caution. It can be conditional, even be temporary. Very important here is the availability of methods that allow you to correlate the results obtained during the study, with the whole process and its progress. Therefore, the system is defined as a kind of purposeful integrity of the elements interacting with each other. Moreover, this integrity has new properties that are not a simple sum of the elements that make up the system, but represent a new entity, characterized by deep external connections.

In the theory of pedagogy, a systematic approach to the process of forming a creatively active personality of a teacher (A.I. Krasilnikova , T.A. Demyanova, P.F. Kravchuk, T.L. Ponomarenko, L.T. Trigub, G.M. Shutkin).

The purpose-oriented approach becomes important in assessing the quality of education for schoolchildren in specialized schools. Its introduction into pedagogical theory and practice is associated with the development of the theory of educational management. For the first time the idea of management by objectives or results appeared in the theory of social control in the seventies of $20^{th}$ century. G. Kunts and S.O. Donnel attribute this idea to the phenomena of human history. The phenomenality is that for the successful management of enterprises it is necessary to realize a simple truth: in order for the goals to become a source of action, they must be clear and understandable to those involved in their implementation.

The purpose-oriented approach in pedagogy provides: a) a clear statement of the main and intermediate goals of training and education, as the final and intermediate results of the educational process; b) determination of the full structure of actions that are directly aimed at achieving the goals of training and education; c) providing conditions for the implementation of these actions; d) the creation of special programs (techniques) for the implementation of goals, the development of the entire studied educational system; e) consistency and integration of all the efforts of the subjects of the educational system. As a result of using this approach, the competent functioning of the educational system and the development of all its elements at the innovation level are achieved. It stimulates updating not only of the object that is being affected, but also of the system itself that controls the development processes.

An important component of the purpose-oriented approach is the programming of activities to achieve the goals in the educational system. This is the compilation of the so-called development programs, which allow us to determine the initial state of the developed system, the basic prerequisites for its development; provide an image of the desired future state of this system, expressed as the general goal of the program, and a system of goals, the main tasks of management; outline the composition and structure of actions to achieve goals [1].

In addition, the system and purpose-oriented approach involves a specially organized educational environment for modeling the intercultural and communicative competence of students in specialized schools based on information and analytical technologies; development of reception content and structured exercises for the collection; the choice of ways to manage the training created by the systematics of heuristic techniques; determination of forms of control of a student's personal development in the course of communication .

The system and purpose-oriented approach is important in assessing the quality of the formation of intercultural and communicative competence of students in specialized schools. It allows not only to assess the state of vocational training as an object of study, but also to monitor the purpose-oriented and forecasts for improving and introducing innovations in the learning process, thus ensuring a program of corrective goals and actions to improve the quality of training.

The system and purpose-oriented approach to the formation of intercultural and communicative competence of schoolchildren in specialized schools is based on the principle of a systematic pedagogical

process. Its essence comes down to the fact that the learning process is presented as a system in the form of interconnectedness and interdependence of the processes of education, training and learning, formation, self-formation, development and self-development of an individual and a collective.

The ability to systematically evaluate and consider the activity of objects of reality is considered a special cognitive technology. Among the theories created and implemented in this area, the theory of system and purpose-oriented development of the school developed by V.S. Lazarev [7] stands out. This concept is based on a synthesis of the basic ideas of organizational development, as well as system and purpose-oriented approaches to change management. According to this theory, in school, as well as in the university pedagogical system, along with the pedagogical purpose-oriented system, an innovative system is created that implements the processes of change. The goal of creating such a system is to improve the school's ability to identify and solve problems associated with pedagogical and implementation processes. It is based on the methodology of system analysis, which contains four main stages: problem-oriented analysis (problematization); designing the desired educational system; change planning; implementation of changes. For each of these stages, the requirements for the results of the innovation process, the logical structure of actions, as well as the ways and means of their implementation is defined.

Together, they satisfy the main features of the system and contribute to the focused formation of the learner's knowledge and skills for solving non-standard problems. This allows planning the learning process and its results, varying the set and choosing heuristic techniques, developing teaching methods, choosing the ways of forming the skills of students.

Thus, the integration of the system and purpose-oriented approaches as methodological principles allows us to implement a system and purpose-oriented approach in foreign language education. This means that the entire learning process is considered as a system, firstly, from the point of view of its integrity, and secondly, from the point of view of its component composition, orderliness of elements; thirdly, in peace and dynamics; fourthly, from the point of view of managing an object, as a process of achieving goals or results of activity. An object undergoing analysis within the framework of a system and purpose-oriented approach can be represented as a system developing according to a special purpose-oriented program, distinguished by purposefulness, effectiveness, integrity, orderliness.

**REFERENCES**

1. Doroshchuk E.S. The system and purpose-oriented approach to teaching student journalists the culture of creative activity/E.S. Doroshchuk//Kazan Pedagogical Journal. - 2007. - No. 1. - S. 26–33.
2. Program and purpose-oriented management of the development of education: experience, problems, prospects. - Moscow: Publishing House of Moscow State University, 1999. - 176 p.
3. Shmanova G.A. Didactic prerequisites for the organization of incentive initiatives for solving non-standard tasks/G.A. Shmanova , T.A. Batyaeva//Education Integration. - 2001. - No. 2. - P. 25–27
4. Anokhin P.K. Philosophical aspects of the theory of a functional system. Selected works/P.K. Anokhin. - Moscow: Nauka, 1978. - 400 p.
5. Batyaeva T.A. The system and purpose-oriented approach in the application of heuristic techniques in teaching students how to solve non-standard problems : dis . ... cand. ped. sciences/T.A. Batyaeva . - Saransk, 2000. - 203 p.
6. Zorina L.Ya. Systematicity is the quality of knowledge/L.Ya. Zorina. - Moscow: Knowledge, 1976. - 64 p.
7. Lazarev V.S., Martirosyan B.N., normative approach to the assessment of innovative activities of the school//Pedagogy 2003. - No. 3. P. 23-32.

**ГРНТИ 14.07.07**

**Жүнісхан Назира Бахытбекқызы,**
2 курс магистранты,
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан,
E-mail: nazik_juban@mail.ru

**Султанова Майра Сактагановна,**
п.ғ.к., профессор м.а.,
«Музыкалық білім берудің теориясы мен әдістемесі» кафедрасы,
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан,
E-mail: m.sultanova6767@mail.ru

# БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-МУЗЫКАНТТЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Түйіндеме.** Мақалада «кәсіби құзыреттілік» ұғымының мәндік-мазмұндық сипаты ашылады. Дирижер-хормейстердің қызметі музыкалық-шығармашылық, орындаушылық мәселелерді шешуге бағытталған. Осыған байланысты арнайы кәсіби құзыреттіліктермен қатар дирижер-хормейстердің коммуникативтік құзыреттілікті терең меңгеру қажеттілігі қарастырылады.

**Кілттік сөздер:** педагог-музыкант, дирижер, хормейстер, кәсіби құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік.

**Аннотация.** В статье раскрывается сущность и содержание понятия «профессиональная компетенция». Деятельность дирижера-хормейстера направлена на решение музыкально-творческих, исполнительских проблем. В связи с этим наряду со специальными профессиональными компетенциями рассматривается необходимость глубокого освоения коммуникативных компетенций дирижера-хормейстера.

**Ключевые слова:** педагог-музыкант, дирижер, хормейстер, профессиональная компетенция, коммуниктивная компетенция.

**Abstract.** The article reveals the essence and content of the concept of "professional competence". The activity of the conductor-choirmaster is aimed at solving musical-creative, performing problems. In this regard, along with special professional competences, the need for deep mastery of the communication competencies of the conductor-choirmaster is considered.

**Keywords:** teacher-musician, conductor, choirmaster, professional competence, communication competence.

Жаһандану талаптарына сәйкес қазіргі уақытта білім беру жүйесінде белсенді өзгерістер жүріп жатыр. Ақпараттардың өзгеру жылдамдығы мен ауқымдылығына, әлеуметтік-гуманитарлық және ғылыми-техникалық білімнің жаңаруына, білім беру тәжірибесіне жаңа оқу пәндері мен оқыту әдістерінің, жеке тұлғаның сәйкесінше негізгі бағыттарын енгізуге тікелей байланысты болып отыр. Осындай бағыттар қатарына, қазіргі білім беру моделіндегі «адамның жалпы қабілеттілігі, кәсіби қызметі барысында меңгерген білімі мен дағдылары, сонымен қатар іс-әрекеттерді орындаудың жалпы тәсілдерін қолдануы» ретінде отандық және шетел ғалымдарының еңбектерінде қарастырылып жатқан, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін жатқызамыз.

Соңғы жылдары кәсіби маман ретінде қоғамның және өз мүдделерінің шешімдерін жүзеге асыра алатын мәдениетті, ізгілікті адамды даярлау үшін мол жауапкершіліктің үлесін көтеретін мұғалімнің әлеуметтік рөлі нығая түсті. Сол себептен де педагог-мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі маңызды, әрі өзекті деп танылады.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі бірнеше жылдан бері көптеген ғалымдардың (Н.В. Кузьмина, И.Я. Лернер, М.Н. Скаткин, В.А. Сластенин, В.И. Загвязинский, Ю.Н. Кулюткин, М.М. Поташник, Б.Т. Кенжебеков, Г.Ж. Меңлібекова, К.С. Құдайбергенова, Г.А. Колесникова және т.б.) зерттеулерінде теориялық әрі практикалық тұрғысынан қарастырылып, жан-жақты талданып келеді. Музыкалық-педагогикалық білім беру бағытында да кәсіби құзыреттілік музыка мұғалімінің практикалық дайындығы (Л.Г. Арчажникова), әдіснамалық дайындығы (Э.Б. Абдуллин), көркемдік мәдениетті қалыптастыру (Л.Г. Рапацкая) ретінде қарастырылған.

Әдебиеттерде келтірілген анықтамаларды теориялық талдауда құзіреттілік бұрыннан бар білім мен тәжірибенің белсенділігі мен тиімділігіне, құзіреттіліктегі әлеуетке және жүзеге

асырылған құрылымға баса назар аударатындығы байқалады. Зерттеулердің басым көпшілігін жинақтай келе, кәсіби құзыреттіліктің келесідей түрлерін атап өтуге болады:

1. қарым-қатынас технологиясын меңгеру сипатына ие коммуникативтік құзыреттілік;

2. нақты нысандар арқылы қажетті ақпаратты іздеп табу, іріктеп талдау, жинақтау, түрлендіріп жеткізу біліктілігімен көрінетін ақпараттық құзыреттілік;

3. ұлттық, жалпыадами мәдениет саласындағы білімнің болуы, түрлі этномәдениетке толеранттылық танытумен байқалатын жалпы мәдени құзыреттілік ;

4. шығармашылық қабілеттің жоғары деңгейіне қатысты жаңа білімді өзбетінше меңгерумен ерекшеленетін танымдық-шығармашылық құзыреттілік;

5. жауапкершілікті сезінетін, қоғам талаптарымен жеке мүдденің сәйкес келуімен, әрі кәсіби әрекетті өздігінше орындауға дайын болу қабілетімен танылатын әлеуметтік-еңбектік құзыреттілік;

6. өмірлік ұстанымы, шығармашылық біліктілігі жоғары, жеке сипаттағы кәсіби құзыреттілік [1].

Ғалым К.В. Шапошников «Кәсіби құзіреттілік - қоршаған ортамен өзара әрекет етуінде адамның кәсіби іс-әрекетін жобалау және жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттері, білімі, іскерлігі және тәжірибесінің біріккен жиынтығы», - деп ой бөліссе, өз тарапынан И.Н. Алмазова «адамның іс-әрекеті саласындағы білімі мен іскерлігін, құзырлық қасиеттерін сапалы қолдана алуы», - деп тұжырым жасайды [2, 84]. Зерттеуші В.Д. Шадриков кәсіби құзіреттілікті қалыптастырудың мотивациялық-еріктік, коммуника-тивті және рефлексиялық компоненттерін ажыратып көрсетеді:

1) мотивациялық-ерікті компонент мотивтер, мақсаттар, қажеттіліктер, тұлғаны шығармашылыққа ынталандыру, кәсіби қызметке қызығушылық таныту сияқты құндылықтарды қамтиды;

2) құзіреттіліктің коммуникативті компоненті ойды нақты айту, сендіру, дәлелдеу, талдау, пайымдау, ұтымды және эмоционалды ақпаратты жеткізу, тұлғааралық қатынастарды орнату, өз әрекеттерін ұжымның іс-әрекеттерімен үйлестіру, әртүрлі іскерлік жағдайларда оңтайлы қарым-қатынас стилін таңдап, диалог ұйымдастыра алу қабілеттерін қамтиды.

3) рефлексиялық компонент өз қызметінің нәтижелері мен өзіндік даму деңгейін, жеке жетістіктерін саналы түрде бақылау қабілетінде көрінеді; шығармашылық, бастамашылық, ынтымақтастыққа бағдарлану, бірлесіп құрастыру, өзін-өзі талдауға бейімділік сияқты қасиеттердің қалыптасуы. Рефлексивтік компонент - бұл жеке жетістіктерді реттеуші, адамдармен қарым-қатынаста жеке мағынаны іздестіруші, өзін-өзі басқарушы, сонымен қатар өзін-өзі тануға, кәсіби жетілуге, шеберлікті шыңдауға, сезімталдыққа және жеке жұмыс стилін қалыптастыруға ынталандырушы болып табылады [3, 49 б.].

Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің бұл сипаттамаларын оқшау қарастыруға болмайды, өйткені олар интегративті, біртұтас сипатта, жалпы кәсіби дайындықтың құрамдас бөлігі болып табылады, яғни қазіргі мұғалім кәсіби дағдылары қалыптасқан, рефлексия жасауға қабілетті, жаңалыққа құштар рухани дамыған шығармашыл тұлға болуы тиіс.

Мұғалім қызметінің жоғары жетістіктері тікелей оның интеллектуалдық, шығармашылық, кәсіби құзыреттілігіне байланысты болмақ, болмаса мұғалімнің танымдық белсенділігі, шығармашылық ізденістері, оқытудың жаңа технологиялары мен әдістерін, озық тәжірибені меңгеруі, оны шәкірттеріне коммуникативтік қатынас барысында жеткізе алуы маңызды десе де болады. Оқытудың жаңа технологияларын меңгеру болашақ маманның интелектуалдық, кәсіби, адамгершілік, рухани азаматтық және де тағы да басқа адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, әрі өзін-өзі дамытады, ол да болса оқу-тәрбие үдерісін тиімді де нәтижелі ұйымдастыруына көмектеседі.

Маманның кәсіби даярлығының маңызды көрсеткіші сипатындағы құзыреттілік жеке тұлғаның келесідей қасиеттерінде де байқалады: мәдени, тәжірибелік өзін-өзі жетілдіруге жүйелі тұрғыда ұмтылу, белсенділік, орындаушылық, тәжірибелік іс-әрекеттерін шығармалықпен жетілдіру, өз іс-әрекетінің нәтижелерін алдын-ала көру, құрастыру, кәсіби-шығармашылық іс-әрекеттеріне жетіспейтін, қажетті әдіс-тәсілдерді табу, барлық бастауда жетістіктерге жету және т.б.

Олай болса, құзыреттілік мұғалімнің кәсіби қызметінде терең білімді, іскерлік пен дағдыларды меңгерген, оны тәжірибелік жұмысында қолдана алатын, өзіне жауапкершілікті алатын, мәдениет пен дәстүр және т.б. ерекшеліктерін түсінуге және қабылдауға дайын мұғалім қызметінің жоғарғы сапасын анықтау үшін кеңінен қолданылатын ұғым деп тануымызға болады.

Осы тұста музыкалық білім беру жүйесіндегі бағыттардың бірі – хормен ән айтудың болашақ маман дирижердың кәсіби құзыреттілігін қалыптасуында алатын орны ерекше. Хормен ән айту адамның эмоционалдық, адамгершілік, интеллектуалдық жүйесіне әсер ететін терең рухани мазмұнға бай өнер түрі десек, ол жеке тұлғалық қабілеттердің қалыптасуына ықпал етеді, көркемдік талғамды дамытады, дүниетанымды кеңейтеді және жалпы тұлғаның мәдени деңгейін көтереді. Ал сол хор ұжымымен еңбектенетін кез-келген хор дирижерының қызметі көпфункционалды сипатқа ие. Оның қызметі, алдымен музыкалық-шығармашылық, орындаушылық мәселелерді шешуге бағытталса, сонымен қатар психологиялық-педагогикалық, ұйымдастырушылық, басқарушылық, ағартушылық мәселелерді шешеді. Әрине дирижер-педагог, ең алдымен, музыкант, әрі орындаушы. Көптеген музыканттардың пікірінше, хор дирижеры өзінің білім, дағдыларын кіріктіре отырып, орындаушылық шеберлігін дамытып, шығармашылық тұрғыда өзін-өзі жетілдіріп отыруы керек. Сондықтан да дирижер-педагог, хор жетекшісінің кәсіби құзыреттілігі музыкалық-педагогикалық және көркемдік-шығармашылық бағытта қалыптасып, дамиды.

Болашақ педагог, дирижер хормейстерді даярлауда арнайы кәсіби құзіреттіліктер маңызды орынға ие. Қазіргі хормейстер керемет шығармашылық және музыкалық қабілеттер мен терең кәсіби білім, хордың өзіндік қызықты және мағыналы интерпретациясын жасай алу қабілетімен қатар, кәсіби маңызды сапалардың (педагогикалық, психологиялық және ұйымдастырушылық) ауқымды кешендерін меңгеруі тиіс. Білім деңгейін үнемі жоғарылатуға дайын болу, жеке тұлғалық әлеуетті белсендіру мен оны жүзеге асыру қажеттілігі, озат педагогикалық тәжірибеге сүйене отырып, жаңа білім мен тәжірибені өз бетімен меңгеруі, өзін-өзі дамыту қабілеті негізгі көрсеткіштері болып саналады.

Педагогикалық практиканы өту кезінде студенттің педагогикалық іскерлігі мен дағдылары жылдам қалыптасады. Оның шығармашылық және педагогикалық құбылыстарды зерттеуге деген қабілеті дамиды, педагогикалық шеберліктің негіздері қаланады, хормен ән айтқызудың ерекшеліктері мен үздіксіз ізденістер негізінде оны жүзеге асыру мүмкіндіктерін байқайды. Әрине, дирижердің кәсіби қасиеттерін дамытуда оның табиғи таланты, айқын көрінетін туа біткен музыкалық қабілеттері - музыкалық есту, есте сақтау қабілеті, жылдамдық-ырғақ, музыкалық форманы сезінуі, темперамент, керемет психомоторлы (қолмен) қабілеттері маңызды.

Хор дирижерының кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы оның білім, білік, дағдыларына негізделінеді және қызметінің нәтижесін көрсетуге бағытталған коммуникативтік құзыреттілігінің маңызы зор екендігін атап өтеміз. Бұл құзыреттіліктің құрамына дирижер-хормейстердің кәсіби біліктері мен қабілеттері кіреді, нақты ойлар айту, сендіру, әрекет ету, пікір білдіру, талдау, хор ұжымының санасына ақпаратты жеткізу, сыни пікірлерді дұрыс айту, жалпы шығармашылық практикада туындайтын көркемдік коммуникативтік міндеттерді нәтижелі шешуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттерді тиімді қолдану.




**Сурет 1. Дирижер-хормейстердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру**

Дирижер-хормейстердің кәсіби қызметінде міндеттердің барлық алуан түрлілігі ең бастысы – тұтас көркемдік-орындаушылық тұжырымдаманы құруға, музыкалық шығарманың эмоциялық бейнелі мазмұнын, оның көркемдік мағынасын ашуға, соңғы орындаушылар мен тыңдаушылардың пайымдауына шоғырланады. Осындай міндеттердің орындалуы басқа да бірқатар әрекеттерді, атап айтқанда көркемдік-орындаушылық тәсілдер мен құралдарды іріктеу; коммуникативтік тәсілдердің көмегімен хор ұжымы мен тыңдаушылармен шығармашылық

байланыс орнату; көркемдік-орындаушылық өзара іс-қимыл барысында туындайтын қиындықтар мен қателерді дер кезінде анықтау және жою және т.б. мәселелерді орындауды қарастырады. Дирижер-хормейстердің кәсіби қызметі жағдайында осы және осыған ұқсас кез-келген міндеттер көркемдік-коммуникативтік сипатқа ие болады, өйткені өз шешімінде осы үдерістің барлық субъектілерінің — дирижер-хормейстердің, хор қатысушыларының және музыканың біртұтас өзара іс-қимылын болжайды. Осы үдерістің әрбір кезеңінде дирижер-хормейстер көркемдік-орындаушылық қарым-қатынас жағдайын модельдеуді, оны жүзеге асырудың қандай да бір міндетке қатысты пәрменді және дәл коммуникативтік тәсілдерін анықтай білуі тиіс.

Дирижер-хормейстердің музыканың коммуникативтік қызметіне, оның көркемдік әсер ету заңдылықтары мен құралдарын түсінуіне ерекше мән беріледі. Тек осы негізде хор ұжымымен қарым-қатынаста дирижер нақты музыкалық шығарманың коммуникативтік мазмұнын адекватты меңгере алады, шығарманың құрылымын тануды, сондай-ақ оның көркемдік мағынасын түсінуді жеңілдететін тәсілдерді анықтай алады. Дирижер-хормейстердің коммуникативтік құзыреттілігінің құрамына келесі біліктіліктер кіреді:

- эмоционалдық ерік және дирижерлік-орындаушылық күш арқылы музыкалық шығарманың мазмұнын жүзеге асыра білу;
- хор ұжымының қатысушыларымен көркем-шығармашылық қарым-қатынас жасаудың вербалды және вербалды емес тәсілдерін таңдай білу және қолдана алу;
- көркем-коммуникативтік қарым-қатынас ерекшеліктерін, бірлескен жұмыстың нәтижелерін рефлексивті талдау жасай білу қабілеті.

Қандай да болмасын ұжымдық көркем шығармашылықтың негізі – ол оның ұйымшылдығы, үндестігі мен мақсатқа жету жолында бірлесе, ынтымақтастықта жұмыс жасай алуы болып танылады. Хормен орындаудағы үйлесімділіктің негізгі элементтері қатарына дауыстардың интонациялық тазалығы, ырғақтық әрі динамикалық сәйкестілігі мен әуеннің фразалық біркелкілігін сақтауды атап өтсек болады. Әрине хор дауыстарының интонациялық дыбыс тазалығы дирижердың орындаушылық тәжірибесіне, жоғары кәсіби деңгейіне, бойындағы адами қасиеттеріне, ерекше таланттылығына, әрі ұжыммен жоғары коммуникативті қатынаста болуына, толеранттылығына тікелей байланысты. Сонымен қатар хор дауыстарының интонациялық тазалығын жақсарту мақсатында дирижер хор ұжымының және әрбір орындаушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі динамикадағы, екпіндегі, штрихтардағы дауыс жаттығуларының бірнеше нұсқаларын алмастырып ұсынуға тырысуы керек. Рас, оны жүзеге асыруда болашақ маман жоғары оқу орнында өтілетін хор пәнінде аса мән бере бермей, көбіне автоматты тұрғыда, бұрыннан жаттанды үзінділерді орындатуға тырысады. Ол болса, ұжымға кері әсер етуі әбден мүмкін.

Үйлесімділік қатарына жататын ырғақтық сәйкестілік – хормен орындаудағы ансамбльдік үндестікке қол жеткізудің басты компоненттердің бірі болып саналады. Хорға арналған шығармаларды орындау барысындағы ырғақтық сәйкестікке қол жеткізу үшін хор ұжымындағы барлық партиялар шығарманың ырғағын анық әрі дәл орындауға жаттығуы тиіс. Хор дирижеры осы мәселеге аса назар аударып отыруы керек.

Болашақ дирижердың хормен жұмыс жасауда жиі кездесетін қателіктер қатарына мыналарды да жатқызуға болады: күрделі өлшемде жазылған хор шығармаларын дұрыс ырғаққа сәйкестендіре алмауы, триолдар ретіндегі ұсынылған синкопалардың, сегіздік ноталардың қате айтылуы және т.б. Мұндай жағдайда болашақ маманға бөлшектеп дирижерлау кестесін қолдана отырып, музыкалық шығарманы хормен жай екпінде орындату арқылы қол жеткізуге болатындығын түсіндіріп, оны өз дағдысына айналдыруға үйретеміз. Өз тұрғысынан ғалым М. Сұлтанова былайша ой бөліседі, «тілдің орфоэпиялық ерекшеліктерін білу және оны шығарманы орындау барысында қолдана алу, сөзді анық, таза және дұрыс айтудың айырмашылығын білу, басқа тілдегі әндерді орындау барысында оларды таза, нақты айтуға дағдыландыру, орындау барысында орфоэпиялық заңдылықтарын білу, әннің мазмұнын жеткізу үшін, әнді орындау барысында буындарға дұрыс бөлінуін қадағалауға дағдыландыру өте маңызды» [4, 333 б.]. Ал мәнерлілік, динамикалық оралымдылық хор ұжымының орындаушылық шеберлігін байқататын ерекше белігілерінің бірі болып танылады. Музыкалық шығарманың динамикалық тұрғыда үйлесімді орындалуын, дирижер анық, түсінікті ым-ишарамен дирижерлау арқылы қамтамасыз ете алады. Әрине ол тыныстыдұрыс алуға да тікелей байланысты.

Осындай хор ұжымымен коммуникативтік қарым-қатынас барысында болашақ маман білім, білік, дағдылары - кәсіби мәселелерге аса зер сала отырып, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі жетілдіру сынды құндылықтарын қалыптастырып отыруы тиіс. Кез-келген тұлғаның эмоциялық және

әлеуметтік кемелділігінің көрсеткіші ретіндегі өзін-өзі ұстай алуды да назардан тыс қалдырмауы керек. Ол да болса, жеке тұлғаның өзін-өзі тану, әрі талдау, өзін-өзі бағалау, әрі бақылау арқылы бойындағы жағымды қасиеттерін дамытуға және өзіне, хор ұжымына кері әсер ететін жағымсыз әрекеттерден саналы, мақсатты тұрғыда арылуға бағытталған іс-әрекет болмақ. Басқаша айтқанда, тұлғаның өз іс-әрекетіне рефлексия жасай отырып, оны қайта жоспарлау, өзіндік даму нәтижелерін болжап білу секілді психикалық көріністерінің негізінде жүзеге асатын өзін-өзі жетілдіру үдерісі деп танимыз.

Демек, коммуникативтік құзыреттілік – ол, біріншіден, болашақ маманның даму және өзін-өзі дамыту процесінде қалыптасатын жеке тұлғалық қасиеті, сапасы; екіншіден, оның кәсіби қарым-қатынастың мақсаты, мәні, құрылымы, құралдары, ерекшеліктері туралы хабардар болуы; өзінің коммуникативтік қызметін жетілдірудің тиісті технологиясын меңгеруі; басты құндылық ретінде өзгенің жеке тұлғасына бағдарлау, сондай-ақ кәсіби-шығармашылық қызметті жүзеге асыру процесінде туындайтын міндеттерді стандартты емес, шығармашылықпен шешу қабілеті.

Олай болса, болашақ хормейстердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру қазіргі заманғы музыкалық білім берудің маңызды да өзекті мәселелерінің бірі деп танылады, оның мәні мұғалімнің теориялық және практикалық дайындығы, педагогикалық іс-әрекеттерді жүзеге асыру шеберлігінде болмақ.

Болашақ педагог-музыкант, хор дирижерын даярлаудағы кәсіби құзыреттіліктің негізі ретінде интеллектуалдық, ақпараттық, әдістемелік мәдениеттің болуымен қатар шығармашылықпен жүзеге асыруға бағытталған тұрақты құнды бағдар мен шынайы білім беру тәжірибесінде оны жүзеге асыру шарттары болу қажет деп танимыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Игенбаева Р. Педагогтың кәсіби іс-әрекетіндегі құзыреттілік. http://www.rusnauka.com/3_ANR_2015/Pedagogica/2_186134.doc.htm
2. Абилкасимова Г., Ахметжанова Г. Болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық аспектілері//Қазақстанның ғылымы мен өмірі. - №2/2 (56), 2018. - 83-85 б.
3. Шадриков В. Психология деятельности и способности человека. - М., 1996. - 320 с.
4. Сұлтанова М. Болашақ музыка мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндіктері//«Хабаршы» Л. Гумилев ат. Евразиялық ұлттық университет - №3 (106). – 2015. - 331-335 б.

**Калымбаева Асель Далелхановна,**
«6М012400-Педагогикалық өлшемдер», 2 курс магистранты,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

**Жетекшісі: Байназарова Т.Б.,**
п.ғ.к., доцент міндетін атқарушы

# БАСТАУЫШ СЫНЫПТА МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ ДЕҢГЕЙЛЕРІН АРТТЫРУДАҒЫ МҰҒАЛІМНІҢ ІС-ӘРЕКЕТІ

**Андатпа:** Бұл мақалада бастауыш сыныпта математика сабақтарында оқушылардың білім деңгейлерін арттырудағы мұғалімнің іс-әрекеті қарастырылады. Жаңа ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен аттануымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады.

**Кілт сөздер:** Білім сапасын арттыру,өзіндік жұмыс, білім сапасы,өздік жұмыс.

**Анатоция:** В статье рассматривается действия учителя по улучшению математики учащихся начальной школы в начальной школе. Наша главная цель - дать новый импульс развитию науки и техники в направлении инновационных технологий.

**Ключевые слова:** улучшение качества образования,самостоятельная работа, качества образования.

**Anatomy:** The article discusses the actions of a teacher in improving elementary school students math in elementary school. Our main goal is to give a new impetus to the development of science and technology in the direction of innovative technologies.

**Key words:** Education quality improvement, independent work, quality education.

«Еңбек пен жаңалықтар ашудың байтақ және көз жеткіліксіз қиырларына апаратын кең жол мектеп берген математикалық білімдер арқылы өтеді», - деп мектеп математикасына баға берген әйгілі ғалым Маркушевич А.И. [1].

Адамның жеке басын қалыптастыру негізі бастауышта қаланатыны бәрімізге белгілі. «Бастауыш мектептің негізгі міндеттері – баланың жеке басының алғашқы қалыптасуын қамтамассыз ету; олардың қабілеттерін ашып, дамыту, оқуға деген ынтымақтастық тәжірибесінің берік дағдыларын меңгерту», - делінген Қазақстан Республикасының Орта білімді дамыту тұжырымдамасында. С. Рахметова, Ж. Адамбаева былай деген: «Осы міндетті ойдағыдай орындау үшін, әрбір жас балаға, оқыту, тәрбиелеу, дамыту жұмыстарын ұштастыра жүргізіп, оқушыны жан-жақты қамтамасыз етуге дайын болуымыз керек, - деп өз ойларын жеткізген [2].

Оқушыларға математика білімінің қыр-сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау, өзін кез-келген ортада еркін ұстауға, Қазақстан Республикасының азаматы деген атқа лайық болатындай етіп тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз болмақ.

**Оқушылардың білім деңгейін арттыру** – маңызды іс. Бұл мәселе көптеген жылдар бойы қарастырылып келе жатыр. «Математика, оқыту әдісіне сан алуан жетілдірулері болатындығына қарамастан, шәкірттер үшін әрдайым қиын жұмыс болып қала береді», - деген атақты ғалым Писарев Д.И. Сондықтан, математиканың қиындығына, күрделілігіне қарамастан, болашақ ұрпақты осы пәнге қызықтыру керекпіз, білім деңгейін көтеру біз үшін орасан зор жауапкершілікті қажет ететін оқыту әдісі болуы тиіс. Бұл бастауыш сыныпта оқытуда орындалады.

А. Байтұрсыновтың пікірі бойынша, бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек. Мұғалімнің қызметі - оның білімінің, шеберлігі ұзақ жолды қысқарту үшін, балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру, оқушыларды мақсатқа жетелеу болып табылады. Оқушылардың өзіндік жұмыстарының мән-мағынасын ұйымдастырудың тәсіл-амалдарын бір ғана белгімен сипаттауға болмайды.

**Өзіндік жұмыс** – оқушының күрделі іс-әрекеттерінің бір түрі немесе оқу жұмыстарының арнайы бір формасы болып табылады. Шағын жинақты мектепте оқу-тәрбие жұмыстарының ерекше көңіл аударатын бір саласы – оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстары. Бірнеше сыныппен жұмыс істейтін мұғалімнің негізгі педагогикалық міндеті – жеке сыныппен жұмыс істейтін мұғалімнің алдына қойған міндетпен бірдей. Ол да оқу жоспарын, бағдарлама талаптарын орындауға тиіс. Өзіндік жұмыстардың нәтижелі болуы үшін алдымен «өзіндік жұмыс» деген ұғым нені білдіріп тұрғанын анықтап алу қажеттігі туады: біріншіден, өз бетінше жұмыс балалардың

түрлі тапсырмаларды, жаттығуларды ешкімнің көмегінсіз орындаулары, екіншіден, мұндай жұмыстар балаларды ұқыптылыққа, тәртіптілікке, жинақылыққа, бақылай білуге тәрбиелейді [3].

Мұғалім оқушыларға шамалары келетіндей тапсырмаларды ұсынады, онда келесілер орын алады: жұмыстың мақсаты, оның бөлімдері бойынша орындау реті (өзін-өзі бақылау), мұғалім тексеру үшін алынған нәтижелерді әзірлеу, реттеу (кері ақпарат) тәсілдері, жұмысты орындау мерзімі. Мұғалім тапсырманың дұрыстығын, оқушылардың оның мазмұны мен нәтижесін қаншалықты түсініп, меңгергенін анықтайды, демек, мұғалім бақылаушы ғана емес, ұйымдастырушы да, оқушылардың өзіндік жұмысын тексеруші де. Мұғалім тапсырма арқылы олардың таным қабілетіне бағдарлама жасайды, оны бір мақсатқа бағыттап, сапасын анықтайды [4].

Оқушылар тапсырма алады, меңгерген білім қорына сүйене отырып, оның мақсаты мен орындалу тәсілдерін ойластырады және ең маңыздысы, жұмысты өздігінен орындау барысында алынуға тиісті нәтижелер бағдарламасын жасайды. Содан соң істелген жұмыстың дұрыстығын үнемі тексере отырып, тапсырманы бөлімдері бойынша орындайды. Алынған нәтижелерді реттеп әзірлейді, өзін-өзі бақылау және жазу, сандар, сызулар, суреттер, модельдер т.б. тексеру үшін мұғалімге тапсырады. Оқушылардың оқу әрекетінің жемісті болуы – оқу жұмысының тәсілдерін меңгеруге байланысты.

Өзіндік жұмысты ұйымдастырғанда, мұғалім оқушылардың дара ерекшеліктерін ескеріп, соған қарай беретін тапсырмаларды өзгертіп отырғаны жөн және орындалған жұмыстың жалпы қорытындысына ғана баға қоймай, сонымен қатар оқушы қалай жоспарлады, қандай тәсілдер қолданып орындады, өзі қалай тексеріп отырды, осының бәрін ескеріп, бағаланған жөн [5].

Сондықтан оқушылардың өзіндік жұмыстарының сапасын арттыру мақсатына жету үшін, мұғалімнің жоғарыда баяндалған оқу әрекетінің психологиялық ерекшеліктерін біліп, соған сәйкес өзінің әдістемелік шеберлігін жетілдіріп отыруы қажет.

Өз бетімен орындайтын жұмыстары біріншіден, оқушылардың ақыл-ойын таным белсенділігін, екіншіден сабаққа ынталарын, қызығушылығын, үшіншіден ешкімнің көмегінсіз дербес жұмыс істеу қабілеттерін дамытады [6].

Математика сабақтарында білім берудің барлық негізгі принциптері бір-бірімен байланысты жүзеге асады. Мысалы: Саналық, көрнекілік, жүйелілік, беріктік, шамаға лайықтылық және тағы басқалар. Бастауыш сыныпта математикадан оқушылардың білім деңгейін көтеруде көрнекілік принциптерінің рөлі ерекше.

Біздіңше, өзіндік жұмысты ойдағыдай ұйымдастыруға қажетті екі жағдайды ерекше атап көрсетуге болады: біріншіден, өзіндік жұмыстың мақсатын оны атқаратын әрбір оқушы өзі анықтауы тиіс; екіншіден, оқушылардың өзіндік жұмысты атқаруға жеткілікті деңгейде дайындығы, яғни белгілі деңгейдегі білімі және оны жинақтау әдістерін меңгерген болуы, сондай-ақ оларды нақты іс-әрекетке пайдалана алуы шарт [7].

Математика – ұлы ғылым, адам ақылының ең бір асыл қабілеттерінің тамаша жемісі. Шәкірттерді білім нәрімен сусындататын, өмірдің асулары мен шыңдарына қажымай-талмай шығуына алғашқы жол нұсқаушысы – ұстазы.

Оқушылардың ұлы ғылым саласынан сапалы білім алуы тікелей мұғалімге байланысты. Яғни, мұғалімнің сабақ барысында оқушыларға білім беру мақсатымен жүргізілетін жұмыс түрлеріне. Бұл жұмыс түрлері әр сабақта қолданылып отырса оқушының білім сапасының ойдағыдай деңгейде нәтиже беретініне үлкен үміт артуымызға болады. Бастауыш сыныпта математикадан оқушылардың білім деңгейін арттырудың жолдарын қарастырдық. Онда ауызша есептеуге үйрету тәсілдеріне; өз бетімен жұмыс істеу машықтарын қалыптастыруға; көрнекі құралдарды пайдалану жүйесіне; дидактикалық материалдарды орынды ретпен қолдануға тоқталып өттік. Осылардың барлығы оқушы санасына жеткізе білу мұғалімнің профессионалдық шеберлігімен, іскерлігімен тікелей байланысты, «ана - өмір тұтқасы» болса, «ұстаз – мектеп тұтқасы» десек артық айтпаймыз. Орыс педагогі К.Д. Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз [8].

Мұғалімнің кәсіби жетілуінің жеке траекториясын құруда біз өзіндік нұсқамызды таптық, ол талдамалы қызмет пен кәсіби қалыптасу мониторингіне негізделеді. Ол педагогтың стажына қарамастан кез келген педагогқа арналған.

Мониторинг өзіндік бақылау мен өз бетімен ұйымдастыру шарттарын білдіреді және өзара байланысты 7 кезеңнен тұрады.

Дайындық – мұғалімнің кәсіби қызметінің нәтижелілігі туралы алғашқы жинақ және педагогикалық шеберлік деңгейін анықтау. Бұл жерде біз нәтижелелік критерийлерінің негізгі тобын бөліп көрсетеміз:

- ғылыми-теоретикалық, психологиялық-педагогикалық дайындық деңгейі:
- пән саласындағы білімі;
- оқытудың психологиялық-педагогикалық негізі саласындағы білімдері;
- оқушылармен жұмыстың ұйымдастырушылық формаларын меңгеру;
- оқытудың жеке тәсілін жүзеге асыру қабілеті;
- оқыту мақсаттарын қалыптастыру және қызметті жоспарлау шеберлігі;
- шығармашылық тәсіл;
- кәсіби деңгейін жетілдіру жүйелілігі;
- педагогтың практикалық қызметі нәтижелерін бағалау [9].

Сөзімді қорыта айтсам, оқушыларға математика негіздерінен білім беру, басқа ғылым салаларымен ұштастыру ұстаздардың басты міндеті екенін әрдайым есте тұтқанымыз жөн. Мұғалім өз кәсібінің шекарасынан шыға алуы, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегін өзгерте алуы жатқызылады. Шығармашыл мұғалім үшін біреудің тәжірибесін қайталағаннан гөрі өз жаңалықтарын, білгендері мен түйгендерін басқаларға ұсына алуының, шығармашылық бағыттылықтың болуының мәні зор. Кәсібиліктің бірден келе салмайтындығы белгілі, оны әр мұғалім ерте ме, кеш пе меңгеруі тиіс. А. Маркова оның кезеңдерін төмендегідей етіп бөледі: мұғалімнің өз мамандығына бейімделу кезеңі: мамандықта өзін-өзі өзектендіру кезеңі: мамандықты еркін меңгерген кезең: мамандықта шығармашылық деңгейге жеткен кезең. Осылайша ғалым кәсіби құзыреттіліктің сипаттамасын шебер- мұғалімнің , жаңашыл-мұғалімнің, зерттеуші-мұғалімнің, кәсіби дәрежесіне көтерілген мұғалімдердің жиынтық бейнесі ретінде қарастырады.

Ең бірінші кезекте мұғалімнің « өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей, жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс-әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек. Қазіргі кәсіптік-педагогикалық қызмет қандай мұғалімді талап етеді. Мұғалім – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан-жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді [10].

Ал, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды таңдап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті айтамыз.

Бастауыш сыныпта математика сабақтарында оқушылардың білім деңгейлерін арттырудағы мұғалімнің іс-әрекеті маңызды рөл атқаратыны анық.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Асанов Н. Өзіндік жұмыстардың ерекшеліктері. Алматы, 2004 ж.
2. Дайри Н.Г. Обучение истории в старших классах/Н.Г. Дайри. - М.: Просвещение, 1997. - С. 42.
3. Есипов Б.П. Самостоятельная работа учащихся на уроках. – М., 1961. - с. 34.
4. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «Математика» 2015 ж.
5. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «Математика және физика» 2014 ж.
6. Бантова М.А. Бастауыш кластарда математиканы оқыту методикасы/М.А. Бантова. - Алматы: Мектеп, 1978.
7. Аймағамбетова Б. Көңілге қонған көрнекілік/Б. Аймағанбетова//Бастауыш мектеп. - 1989. - № 8. - 14-17 бет.
8. Ушинский К.Д. Балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі пікірлері/К.Д. Ушинский. - Алматы: Мектеп, 1951.
9. https://edu.mcfr.kz/news/198-pedagogty-ksbi-alyptasu-monitoring
10. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе//Алматы. 2005, 174 бет.

**УДК 378.02.3728**

**Касаева А.Ж.**
к.п.н., доцент,
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга им. Ш.Есенова,
e-mail: kasaeva.asyl@mail.ru

**Кулжагарова Б.Т.**
к.ф.-м.н., доцент,
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга им. Ш.Есенова,
e-mail: bazik-66@mail.ru

**Таймуратова Л.У.**
к.ф.-м.н., доцент,
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга им. Ш.Есенова,
e-mail:taimuratova@mail.ru

# ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ ИНТЕРЕСА УЧАЩИХСЯ К РЕШЕНИЮ ФИЗИЧЕСКИХ ЗАДАЧ

**Түйін.** Қазіргі оқу үрдісі мұғалім мен оқушының, оқушы мен оқушының өзара ұйымдастырылған біріккен қоғамы ретінде қарастырылады. Сабақта өтілетін жаңа материалдар мен оқушыларды таныстыра және қызықтыра отырып, мұғалім олардың танымдылық қабілетін арттырады. Жаңа материалды тек дәріс түрінде түсіндіру, оқушылардың қызығушылығын да, танымдылық қабілетін де арттырмайды. Бұдан шығар жол – түрлі әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып проблемалық оқыту болып табылады. Субъективтік және шығармашылық есептер шығару негізінде оқушылардың қызығушылығын арттыру танымдық қабілетін қалыптастыру, ойлау қабілетін талдау, жалпылау және нәтижелерін салыстыру арқылы орындалады.

**Кілттік сөздер:** физиканы оқыту, әдіс, сапалық есептер, зертханалық және тәжірибелік есептер.

**Резюме.** Современный учебный процесс рассматривается как особый образом организованное общение, важной функцией которого выступает установление взаимодействия учителя и учащихся, учащихся друг с другом. Заинтересовав учащихся изучаемым вопросом, преподаватель организует их познавательную деятельность. Повествовательно-информационное, бесконфликтное изложение материала, когда учащиеся только слушают или слушают и записывают, не возбуждает у них интереса и не активизирует их познавательную деятельность, так как знания им преподносятся в готовом виде. Указано, что важнейшим условием повышения интереса на основе решения субьективно-творческих задач выступает активизация мыслительной деятельности школьников, где «работают» анализ, обобщение, синтез и т.д

**Ключевые слова:** обучение физике, метод, качественные задачи, лабораторные и практические занятия.

**Summary.** Modern education process is considered as a specially organized communication, an important function of which is interaction estimating between a teacher and students and students with each other. Having interested the students by the topic being studied the teacher organizes their cognitive activity. Narrative-informative non conflict material presentation when the students only listen or listen and write down the material does not arouse interest and do not stimulate their cognitive activity as knowledge is given to them in a ready form. Indicated that the most important condition for the formation of cognitive activity on the basis of subjective decisions and acts of creative tasks activation mental activity pupils, which analyzes, summarizes and compares the results.

**Keywords:** teaching physics, method, qualitative tasks, laboratory and practical lessons.

## Введение

Познавательная деятельность школьников имеет вполне конкретную и определенную цель, которая чаще всего совпадает с целью обучения в школе, реализуемая во взаимодействии учащихся с учителями и друг с другом в различных видах учебных занятий и в не учебное время. Достижение цели познавательной деятельности обеспечивается обстановкой в учебном коллективе, напряженной работой школьников, их самостоятельностью, состязательностью в овладении знаниями. Данная цель достигается также с помощью системы научно обоснованных принципов, требования которых реализуются через методы, средства, приемы и формы.

## Основная часть

Уроки же физики— говорят сами учащиеся, — им особенно интересны тогда, когда они самостоятельно ставят различные •опыты, делают выводы. Поэтому, главная роль выбранного

метода обучения, зависит непосредственно от того, насколько он предполагает самостоятельность умственной и практической деятельности обучаемых [Симонов В.П., 2002, с.35].

Инновациялық технологиялар және Flash бағдарламасы мен HTML тілі интеграциясы арқылы математика пәні мұғалімдерінің әдістемесін жетілдіру жүйесін жасауда екі бағыт ұсталды. Алғашқысы 5В010900 Математика мамандығының студенттері болашақта математика пәні мұғалімі болып қызмет атқаратын болғандықтан да олардың инновациялық технологияларды оқу үрдісінде қолдануына, компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істей алуына жоғары оқу орнында оқып жүрген кезінде үйрету. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті 5В010900 Математика мамандығының студенттері мемлекеттік стандартта бекітілген пәндерден негізгі математикалық ілімін алса, таңдау компоненті болып берілетін пәндер арқылы инновациялық технологияларды, арнайы компьютерлік бағдарламаларды педагогикалық үрдісте қолдану тәсілдерімен танысады.

Екінші бағытта жұмыс жалпы білім беретін орта мектептердегі математика пәні мұғалімдерімен жүргізілді.

ҚР Білім туралы Заңы, ҚР Ақпараттандыру туралы Заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама аясында мемлекеттік тұрғыда қолға алынған іс-шараларды орындаумен қатар мұғалім өзінің жеке әдістемесін жетілдіріп отыруға да міндетті. Ғылыми жұмыс аясында математика пәні мұғалімдерінің

әдістемесін жетілдіру, мұғалімдерге жан-жақты қолдау көрсету мақсатында келесі жұмыстар атқарылды:

- Еліміздің түкпір-түкпірінде математика пәнін оқытып жүрген мұғалімдердің оқу үрдісінде кездесіп отырған мәселелерін анықтау мақсатында пікір алмасу орын алды. Ол Қазақстан мектептеріндегі математика пәнінің мұғалімдері арасында өзара тәжірибе алмасып, байланыста жұмыс істеуін қамтамасыз ету, математика пәнінің мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету мақсатында құрылған арнайы сайт www.matematik.kz арқылы жүзеге асырылды. Математика пәні мұғалімдерімен пікіралмасулар болып, дайындалған теориялық және практикалық материалдар қолданысқа берілді. Бұл жұмыс әлі де жүзеге асырылып келеді. Сайт қолданушылар саны артқан сайын ғылыми жұмыстың одан әрі орындалатын бағыттары айқындалып, толықтырыла береді (Сурет 1):




Сурет 1. www.matematik.kz сайтынан үзінді

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті ұйымдастырған «Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша білім беру әдістемесі» бойынша біліктілікті жетілдіру курсын өту Интернет желісі арқылы форумдар мен пікіралмасулар ұйымдастыруда көмегін тигізді (Сертификат тіркелді).

- Математиканы оқыту әдістемесінің қосымша тараулары, Элементар математиканың қосымша тараулары пәндері бойынша электронды лекциялар дайындалып, www.ksu.kz сайты арқылы кез-келген қолданушыға қол жетімді болды. Университеттің электронды кітапханасына тапсырылған материалдар тек мамандық студенттері үшін ғана емес сонымен бірге математика пәні мұғалімдері үшін қолжетімді.
- «Информатиканың теориялық және практикалық негіздері», «Информатика негіздері» атты электронды оқу құралдарында HTML тілінің құрылымы мен қолданылуы, сілтемелер дайындау мысалдары берілгендіктен мұғалімге өз материалдарын қойып практикалық тұрғыда қолдануға аса ыңғайлы.

«Элементар математиканың қосымша тарауы» электрондық оқулығы 5В010900 Математика мамандығы студенттеріне негізгі пән «Элементар математиканың» жалғасы іспеттес болғандықтан, функцияларды толығырақ меңгеруге, қамтылған тақырыптар мен келтірілген мысалдар және арнайы дайындалған қосымша тапсырмалар, сынақ есептерін қарастыруға арналған.

- Қазақ тілінде баспаға шыққан арнайы оқулықтардың аздығын ескере отыра Flash технологиясы бойынша дайындалған қазақ тіліндегі электронды нұсқадағы теориялық материалдар мен аталған технологияны практикалық тұрғыда игеруге бағытталған тапсырмалар, жаттығулар мен арнайы зертханалық жұмыстар мұғалімнің осы технологияны игеруіне үлкен мүмкіндік ашады да, мектеп оқушылары үшін игеруге қиындық туғызып жататын функциялар мен

олардың графиктері, теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу тақырыптарында үлкен көмек етеді. Мұғалімдер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері көрсеткендей, оқушылардың басым бөлігіне қиындық тигізетін салу есептері үшін бұл мектептің жабдықталған техникалық мүмкіндіктерін қолдануда аса тиімді. Бүгінде әрбір мектепте бар десек асыра айтушылық болмайтын интерактивті тақта көмегімен мұғалімнің сынып оқушыларының сабаққа белсене араласуына тартудың тағыда бір жолы осы деуге болады. Жалпы педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерде білім беруде ақпараттық технологияларды қолданудың бірнеше бағыттары көрсетілген. Олардың ішінде оқу үрдісінде келесі негізгі төртеуінің қажеттілігі басым:

- компьютерді білімді бақылау құралы ретінде пайдалану;
- жаңа материалды түсіндіруде иллюстративті құрал ретінде мультимедиа-технологиялар қолдану;
- компьютерлік модельдеуді қолдану арқылы лабораториялық практикумдар жүргізу;
- өзбетімен білім жетілдіруде дербес компьютерді қолдану [2, б. 117].

Бүгінде оқытушылардың дербес компьютер әр түрлі процестерді модельдеу құралы ретінде назарын аударта бастады. Ал, модельдеуде мультимедиалық технология маңызы зор. Мультимедиа дегеніміз мәтін, кескіндер, видеокадрлар, анимациялық объектілер, дыбыстар, музыка, т.б. қамтитын құжаттарды бір уақытта интерактивті бағдарлама ретінде бейнелейтін жаңа ақпараттық технология болғандықтан оны қосымша игеруге тура келеді. Көптеген құралдар мен бағдарламалық өнімдер жеке қолданушы үшін өте қиын. Осы тұста жақсы шешімдердің бірі MacromediaFlash технологиясы болды. Бұл технологияның көмегімен екінші қажеттілікті толықтыруға болады. Соңғы кездері Flash технологиясы WEB-дизайнында, сонымен қатар WEB-тен тыс аймақтарда да танымал болып келеді. Осындай аймақтардың бірі — электрондық оқыту жүйелерінің өңделуі мен көрсетілімдері. Flash технологиясы презентацияларда және электрондық оқыту жүйелерін өңдеуде тиімді құрал ретінде қолдануға болады.

Flash - бұл XXI ғасырдың революциялық технологиясы, болашақ технологиясы. Ол анимацияланған векторлық графиканы дыбыстық эффектілермен бірге жүзеге асырады. Бұл бағдарлама дыбыспен қамтылған, анимацияланған мәтіндер мен графиктер құрып қана қоймай, оны экспорттауға, импорттауға мүмкіндік беретін болғандықтан да функциялардың графиктерін түсіндіруге, айналу денелері тақырыптарын беруде мұғалім үшін нақты көрнекті құрал дайындауға жетекші бағдарлама. Анимация - бұл объектіні қозғалысқа келтіру, ал анимациялаған объектілерді, роликтерді оқу үрдісінде қолданудың маңызы зор, бұл қызығушылық туғызады да нәтижесінде оқушының математикаға деген ынтасын арттырады.

Macromedia серіктестігімен құрылған интерактивті веб-анимациялық технологиялар мен flash-технологиялар мәліметтерді мультимедиалық ұсыну төңірегінде көптеген куатты шешімдерді біріктірді. MacromediaFlash технологиясы кез келген көлемдігі және күрделіліктегі тапсырмаларды орындай алады. Компьютердің көмегімен сабақ түсіндіру әдістерін жандандырып, жаңартуға болады. Компьютердің мультимедиа мүмкіндіктерін пайдаланып, Flash-тің анимация мүмкіндіктерін, дыбыс меншіктеуді, гиперсілтеме деген көріністерді байланыстыру әрекеттерін пайдаланып, тамаша, көрнекі, оқушыны қызықтыра түсетін білім беруге және оны тексеруге болады. Осы жерде гиперсілтемелер жасау мүмкіндігі бар болғандықтан да мұғалім HTML тілімен біріктіре отыра барлық теориялық материалдары мен практикалық жұмыстарын, көрнекіліктерін бір жүйеге келтіре алады. Яғни, flash-технологиясы мен HTML тілінің мүмкіндіктерін қатар пайдалану мұғалім үшін материалдарды жиі жаңартуда аса тиімді.

Flash-та «объект» термині үстелде орналасқан кез келген фильм элементін көрсету үшін қолданылады. Flash саймандарын қолдана отырып, объектілерді орналастыруға, көшіруге, жоюға, өзгертуге, оларды бір-біріне қатысты туралауға және топтауға мүмкіндік бар. Сонымен қатар объектіні кейбір URL-мен байланыструға болады (яғни, оны гиперсілтеме ретінде қолдану). Flash-та бір уақытта бірнеше объектілерді таңдау мүмкіндігі де бар (немесе бірнеше объектілердің үзіндісін), таңдалатын объектілер әртүрлі қабаттарға жатуы мүмкін [3, б. 108].

Бүгінде оқытудың интерактивті әдіс-тәсілдері өте көп. Педагогикалық ғалым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай ең тиімдісін таңдап алу және олардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре тиімді, үйлесімді әрі шығармашылықпен қолдану - сабақтың сәтті өтуінің кепілі. Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көруге мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім өткізетін сабағының түрін дұрыс таңдай білуі қажет. Сабақты сәтті ұйымдастырудағы басты мақсаты -

оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, бүгінгі заман талабына сай білім беру. Сабақтың сәтті өтуі біріншіден, мұғалімнің біліміне, әдістемесіне байланысты болса, екіншіден, сабақ материалына байланысты. Сабақты тартымды әрі сәтті өткізе білу мұғалімдер қауымынан көп ізденуді, білімділікті, қабілеттілікті және тапқырлықты қажет етеді. Осындай үлкен талаптар жүктелетін бүгінгі мұғалімнің ақпараттық технологиялар қолдануының тағы бір мүмкіндігі – ол электрондық оқулық. Электрондық оқулық - бұл дидактикалық әдіс-тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Электрондық оқулық тек қана оқушы үшін емес, мұғалімнің дидактикалық әдістемелік көмекші құралы да болып табылады. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдерден шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту үрдісі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырады. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары болмақ. Инновациялық технологияларды пайдалану соңғы уақытта мектептегі білім беру жүйесінде маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Жаңа сабақ түсіндіруде интерактивті компьютерлік графиканы пайдалануды көздейтін аппараттық-бағдарламалық құралдарды пайдалануға болады. Компьютерлік графикалық материал презентациялық монитор көмегімен көрсетіледі. Компьютерлік тестілеуді қолдану оқушылардың интеллектуалдық танымын арттырады. Мұғалім сынып оқушыларының деңгейіне қарай компьютерлік тест тапсырмаларды топтастырып, өзі дайындағандықтан да сілтемелер көмегімен кері қайту немесе жаңа деңгейге өту өте ыңғайлы болмақ. Ол үшін әрине мұғалімнің HTML тілін білуі керек. Тест тапсырмаларды компьютерде өткізу мұғалімнің тапсырмаларды тексеруінде уақытты үнемдейді және оқушының өз қатесін көруіне жол береді. Жалпы оқушылардың ақпараттық технология негіздерінен алған білімі арқылы:

- оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, құлшынысы оянады;
- оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, құлшынысы оянады;
- шығармашылық қабілеттері артады;
- жылдам ойлауға машықтанады, білім сапасы артады;
- оқушылар өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланды;
- компьютерлік сауатты болуға үйренеді.

Инновациялық технологияның мұғалім жұмысына ең тиімдісі – оқушылардың білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдер шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Сондықтан XXI ғасыр инновациялық ғасыр, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және инновациялық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту үрдісі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады.

Білім берудің саласында "Электрондық оқулықтарды" пайдалану оқушылардың, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықгы пайдалану казіргі заман талабын канағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Соның нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, шығармашылықпен жұмыс жасауына кең мүмкіндік ашылды. Оқу материалдарын ұтымды игерудегі электронды оқу құралдарының атқаратын рөлі зор. Онда пәндегі теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі. Теориялық материалдарды графикалық иллюстрация түріндегі әртүрлі суреттер, сұлба тәсілдер арқылы толықтырып отырса, онда теориялық білімді оқып, көзбен көріп, түйсініп және оны мида бекіту үрдістері бір уақытта өтіп отырады да материалды қорыту үрдісі ұғымды болады [4, б. 83].

Бүгінде электронды оқулық дайындау тәсілдері көп. Алайда мұғалім үшін материалдарды жиі алмастыру, тест тапсырмаларын жаңарту, есептерді деңгейлеп күрделендіру үшін бөлімдер бойынша электронды оқулық жасауда HTML-тілі ыңғайлы болғандықтан да ғылыми жұмыста осы тіл мұғалімдерге ұсынылды. HTML тілінде формалар құру, гиперсілтемелерді суретке және мәтінге қолдана білуді, көлденең сызықтарды Web-парағына қолдануды және сырғымалы

жолдарды ұйымдастыруды, сүзгілеуді Web-парағындағы мәтінге және суретке қолдануды оқып үйрену барлығы да материалдарда қамтылып, мысалдармен бекітілді.

Қорыта айтқанда заман талабына сай болу үшін асқан жылдамдықпен дамып келе жатқан инновациялық технологиялардың мүмкіндіктерін оқу үрдісінде қолдана отыра, оқушылардың бойында біліммен қатар тәрбие үрдісін қатар алып жүруде мұғалімге әрине көмек қажет. Себебі мұғалім сол инновациялық технолгияны өзі толық игергенде ғана оның бар мүмкіндіктерін қолдана отыра оқу үрдісін тиімді ете алатындығы анық.

Қазіргі мұғалімнің алдында тұрған мақсат - білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шыға алатын, қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге, еңбек етуге дағдыланған тұлға дайындау. Оқушының ресурстарды пайдалануын, есінде сақтауы мен есте сақталған білімін қажет болған жағдайда пайдалануын, оқу мағынасын ұғынып, шынайы өмір арасындағы байланысты анықтауы және нәтижесінде әлемді өзгеше қырынан қарастыруы сияқты санаттарды иеленуіне жәрдемші бола отыра әр оқушының бойындағы бар шығармашылық көздерін ашу, жаңалыққа деген ұмтылыстарына дем беріп отыру мұғалімнің міндеті. Осы бағытта дайындалған «Инновациялық технологиялар және Flash бағдарламасы мен HTML тілі интеграциясы арқылы математика пәні мұғалімдерінің әдістемесін жетілдіру» тақырыбындағы ғылыми жұмыс келешекте нормативтік құжаттардың өзгеруіне, инновациялық технологиялар мен компьютерлік бағдарламалардың жетілдірілуіне байланысты оқу үрдісінің тиімділігін көтеру мен жаңа жетістіктерге жету жолында толықтырыла береді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы//http://www.inform.kz
2. Математиканы оқыту методикасы: жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы/А.Қ. Алпысов; Павлодар: Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты. - Сана, 2012. – 151 б.
3. Macromedia Flash: учебное пособие для начинающих программистов/Алпамысов Н.Т.; Алматы: Болашақ, 2027. – 217 с.
4. Утебаев И.С., Баймагамбетова Д.У., Сатыбалдинова А.К. Жалпы білім беретін орта мектептерде математика пәнінен өткізілетін онлайн сабақтардың әдістемелік негіздері//Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2019. - №5/2. –Б.168-171..

# ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ
# ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА
# PHILOLOGICAL SCIENCE

**Айдарбек Қарлығаш Жамалбекқызы,**
ф.ғ.д., доцент, бас ғылыми маман,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
E-mail: aidarkar_10@mail.ru

**Контек Айым Майбекқызы,**
2 курс магистранты,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
E-mail: aiym.kontekova@gmail.com

# ТЕРМИНДЕР ЖАСАЛУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

**Түйіндеме.** Мақалада А. Байтұрсынұлының «әрбір тілдің өз байлығын сарқа пайдалану» қағидасын негізге ала отырып, қазіргі лингвистикадағы терминдерді қазақыландыру маңызын ғалымдардың айтқан пікірлеріне сүйене отырып, дәлел келтірілді. А. Байтұрсынұлы қазақ лингвистикада жүздеген терминді қалыптастырғаны белгілі. Ал сол терминдердің қалың көпшілікке етене жақын болып кетуінің себебі, ұлттық танымымызға жақындатып құрастыруы. Жасалған терминдердің ұлттық танымымызға, тіл табиғатына сай болуы, ұлттық мүддеге негізделген атаулардың қолданысқа толықтай енгізілуі қазіргі лингивистика ғылымындағы аса қажетті әрі әлі де толық шешілмей келе жатқан мәселе екендігі айтылды.

**Түйін сөздер:** термин, тіл мен ұлт, тіл мен қоғам, таным, лингвомәдени таным.

**Аннотация**. В статье изложены аргументы, опираясь на высказывания ученых о важности использования терминов на казахском языке в современной лингвистике, основываясь на принципе А. Байтурсынова «полное использование ценности казахского языка». Известно, что в казахской лингвистике А. Байтурсынов сформировал сотни терминов. Введенные термины были приняты публикой,причиной которой является схожесть национальному познанию мира. Было отмечено,что, в современной лингвистической науке такие проблемы как соответствие разработанных терминов национальному познанию, природе языка, полное введение в действие названий, основанных на национальных интересах остаются актуальными и все еще не решенными.

**Ключевые слова:** термин, язык и нация, язык и общество, познание, лингвокультурология.

**Summary**. The article presents arguments based on the statements of scientists about the importance of using terms in Kazakh language in modern linguistics, based on the principle of A. Baitursynov "to take into consideration the value and features of Kazakh language". It is known that A. Baitursynov formed hundreds of terms in Kazakh linguistics. The introduced terms were accepted by the public, the reason for which is the similarity of the national knowledge of the world. It was noted that in modern linguistic science, such problems as the conformity of the developed terms to national knowledge, the nature of the language, and the full implementation of names based on national interests remain relevant and still not solved.

**Keywords:** term, language and nation, language and society, cognition, linguoculturology.

Бүгінгі күні қазақ терминологиясының ғылыми-теориялық мәселелері біршама зерттеліп, айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізіліп отыр. Алайда, термин мәселесі ғылыми зерттеумен ғана шектелмей, практикалық тұрғыдан қоғамның барлық саласына, өндіріске енгізуді қажет етеді. Сондықта да, қазақ терминологиясында қалыптасқан қағидаттарға сүйене отырып, мемлекеттік тілдің терминологиялық жүйесін біріздендіріп қана қоймай, сонымен қатар, терминологиялық қорын қалыптастыру, жаңғырту бүгінгі күні тіл мамандарының да, жалпы қоғамның алдында тұрған өзекті мәселесі.

Қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметінің кеңеюі мен мемлекеттік мүддеге сай ұлттық лексиканың мүмкіндіктерін толығынан іске қосудың негізгі тетігі ретінде айқындалған терминдену үдерісі яғни, төл тілдік балама табу үрдісі қазақ терминологиясын қалыптастырудың жаңаша көзқарасын сипаттап, ұлттық терминология қалыптастырудың ғылыми қағидасы ретінде ұлттық терминжасамның бастау көзінде А. Байтұрсынұлы белгілеген «әрбір тілдің өз байлығын сарқа пайдалану» қағидасының қазіргі таңда да жаңа сапада жаңғырып іске асуы аса маңызды [Манкеева Ж.А. 47 б.]. Қоғам дамуының қазіргі жағдайында ұлттық төл мәдениет – рухани қалыптасудың негізгі көзі екені анықталған жайт. Осыған орай рухани мәдениеттен таралуға тиіс ғылым тілін қазақыландыру бағытының негізгі бастау көзін А. Байтұрсынұлы мұраларынан табамыз.

А. Байтұрсынұлының мұраларын қарастыруда, ғылым тілін қазақыландыру бағытына байланысты зерттеулерінде адам сөйлермен, өзіндік әлемі, өзіндік дүниетанымы бар саналы жан ретінде сипатталады.

Осыған байланысты, А. Байтұрсынұлының айтқан мына пікірінде, «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі дара сөздерді алғыштап ана тілі мен жат тілдің сөздерін алмастыра-алмастыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тіліміздің қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болады», - деген өнегелі ойын айтқан [Байтұрсынұлы А. 190 б.]. Бұл пікірдің негізгі түпкі ойы, әр халық өзінің ұлттық танымына сай терминдерді қазақыландыру маңызды екендігін атап өтеді.

Кез келген сөзді алып, сөзден термин жасай салу, әсіресе сол терминді ұлттық танымына сай қазақыландыру оңай дүние еместігі анық. А. Байтұрсынұлы тіл ойды жарыққа шығару құралы болумен қатар, таным әрекетіне өзіндік таңбасын қалдырып отыратынын ескертеді. Сол себепті ғалым: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек», – деп жазады [Байтұрсынұлы А. 343 б.]. Дүниенің тілдік бейнесі терминдерден де анық көрінеді. Сонымен, дүниенің концептуалды бейнесі де, дүниенің тілдік бейнесі де, дүниенің ғылыми бейнесі де тілдік бірлік арқылы таңбаланып, объективтенеді. Сол сияқты оны құрайтын бөліктері – терминдер де тіл арқылы көрініс тауып, интерпретацияланады. Сонымен қатар терминдерден дүниенің тілдік бейнесі қалай ұғынылатынын, қалай концептіленетінін, тіл (тілдік бірлік) арқылы таңбаланған терминдердің санадағы көрінісін, тілдегі басқа образдармен байланысын, осы байланыстың уәжін, себептерін айқындауға болады.

Тіл – ұлттық мәдениеттанымның маңызды құралы. Адам санасы шындық өмірді қабылдап, ой елегінен өткізеді, ол бейне (дүние бейнесі) тілде екінші көрінісімен сипатталады.

Ғаламды тануда тілдің рөлі, қызметі қандай? Халықтың ұлттық таным-түсінігі, болмысы, дүниетанымы, рухани мәдениеті ана тілі арқылы көрініс табады. Ал, термин жасалымында ғалым Ж. Манкеева айтқандай, «Халықтың тарихи-мәдени кодтық жадын жаңғырту ескерілгені жөн. Осымен байланысты оны тіл табиғатын анықтаудың негізі ретіндегі тілді тұтынушы танымымен тығыз байланысты когнитивтік лингвистика негізінде және прагматикалық, лингвомәдени танымдық тұрғысынан дәлелдеудің мәні ерекше» [Манкеева Ж.А. 607 б.]. Себебі әлемдік мәдениеттер арасында ұлттың өзіндік табиғаты мен бет-болмысы алдымен тіл арқылы, оның тілдік санасы арқылы танылады.

Терминжасамдық үдеріс барысында аталымдар жарыспалылығы мен баламалық сипатын академик Р. Сыздық «термин жасау мәселесінің құрылымдық-тілдік және ұғымдық-семантикалық екі жағы болатындығының ескерілмеуінен» [Сыздық Р. 136 б.] деп санайды. Яғни, ғылыми терминдер заттың аты ғана емес, олар ұлттық ұжымның мәдени-танымдық кеңістігінде қалыптасқан ұғымның атын білдіреді. Сөйтіп, ұлттық санадағы танымдық сабақтастықтың желісі үзілмейді. Мысалы, тұсаукесер, құрықтау, билік т.б. Осымен байланысты А. Байтұрсынұлының шығармашылығындағы терминжасам ісінің негізі – адамның жан дүниесінің мазмұны вербалды сипатта жинақталған білім, ассоциация, түрлі әсерлер т.б. қорынан құралып, тіл тұтынушы танымындағы жалғастырушы, тұтастырушы арқау. Мысалы, А. Байтұрсынұлы мұрасындағы терминдену үдерісінің жарқын үлгісі – қазақ тіліндегі көсем сөзі. *Көсем* сөзінің бұрыннан түсініктілігі – *«алда жүруші», «бастаушы»* деген мағынаның тілдік санадағы ассоциациясы екі сыңардан құралатын етістік тұлғасын атайтын лингвистикалық көсемше терминінің қалыптасуына негіз болады: бара жатыр, алып келді т.б.

Атау сөздердің уәжділігі мәселелері А. Байтұрсынұлы еңбектерінде ғалымның қалыптастырған терминдерінен анық көрінеді. Терминді естігенде баланың ойына сол атауға байланысты ұғымдардың келуі,ассоциация арқылы ұғынықты әрі көңілге қонымды болуы ең алдымен сол сөздің түсінікті, яғни баланың танымына жақын болуымен тығыз байланысты. Мектеп оқушыларының түсінікті әрі жеңіл тілмен жазылған терминдерді қабылдауы да , санасына сіңіруі де тез болмақ. Осындай аса маңызды жайттарды жете түсінген ғалым термин жасауда және оған анықтама беруде асқан көрегендік танытады. Жиі қолданылатын терминдерден мысалға келтірсек:

*Зат есім.* Осындай нәрсенің өзін атайтын сөздерді зат есім дейміз.

*Сын есім*. Осындай нәрселердің сынын көрсететін сөздер сын есім деп аталады.

*Сан есім.* Міне,осы сиақты неше? қанша? деген сұрауға жауап болатын және нәрсенің санын көрсететін сөздерді сан есім дейміз.

*Үстеу*. Осындай сөз үстіне қосылып,сөздің мағынасын толықтыратын сөздерді үстеу дейміз.

Терминжасамның «ұлттық тілдің мүмкіншілігін барынша сарқып, пайдалану» қағидасына сәйкес терминдік қорды дамытатын мәдени ұғымдардың сөздіктердегі тілдік көріністері (этнографизмдердің, лингвокультуремалардың, лингвоелтанымдық бірліктердің, этномаркерленген ескіліктердің) мәдени-терминдік ұғым ретінде санада қалыптасуы мен аталуы, сөз ретінде ұлт жадында терең сақталуына терминология саласында «тіл мен ұлт», «тіл мен қоғам» сабақтастығында қарастырыла бастады. Нақты айтқанда, терминдік жүйенің қалыптасуындағы «тіл мен ұлт» сабақтастығын арқау еткен зерттеулер тіл арқылы этнос болмысын танудың тереңіне бойлауға мүмкіндік береді. А. Байтұрсынұлы қалыптастырған жүздеген термин белгілі. Ал солардың қалың көпшілікке етене жақын болып кетуі мен табиғилығының феноменін, біздіңше, осы танымдық негізде қалыптасқан тілі арқылы түсіндіруге болады. Олай болса, қазіргі қазақ тіл білімінде де қалыптасып, қанат жайып келе жатқан «тіл мен ұлт біртұтас» деген қисынға сәйкес тіл табиғатын зерттеуді сол тілде сөйлеушінің танымынан тыс қарамайтын үрдіс теориялық-әдістемелік негіз ретінде терминжасам теориясында да қолдануды қажет етеді. Біріншіден, белгілі бір терминнің тіл жүйесінің қазіргі деңгейіне сай келуі немесе келмеуі оның терминология жүйесінің қисындық тұтастығымен сабақтасуында [Манкеева Ж.А. 478].

Халық мәдениетінің дамуында тілдің рөлі аса зор. «Тіл, мәдениет және этнос» бір-бірімен тығыз байланысты және тұлғаның физикалық, рухани және әлеуметтік болмысы мен танымын айқындап отыратыны етенеден белгілі. А. Байтұрсынұлы халықтың ұлттық танымы,салт-санасы,мәдени ерекшеліктерін басты назарға ала отырып: «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады. Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, я жазса да қиындықпен жазады. Себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, ол нағыз қазақша болып шықпайды» дейді [Байтұрсынұлы А. 142 б.]. Ахмет Байтұрсынұлының «Сөзі жоғалған халықтың өзі де жоғалады», – деуінің терең астары бар.

Қорыта айтқанда, лингвистикада, жалпы әр түрлі салада мыңдаған терминдер құрастырылып жатыр, біреуі ұлттық танымымызға жақын болса, ал біреу шетелден енген, түрлі саладан экономика немесе саяси жағдайлардың әсерінен келген интернационализмдерді пайдаланып жүрміз. Ал А. Байтұрсынұлының ешкім де аттап өтуіне болмайтын жол ретінде жазып кеткені «баламаны өз ана тілімізден алу, туыстас ұлттар тілінен алу, шетел тілінен алған күннің өзінде қазақ тілінің ерекшеліктеріне бейімдеп, сындырып алу» деген принциптеріне аса зор құрметпен қарап, тәжірибеде де қолдануға тиіспіз. Себебі, ұлттық құндылықтарға негізделген тіл тазалығын сақтап қалу және ғылыми тілді дамыту жолындағы бірден бір шешім осы болмақ.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Манкеева Ж.А. А. Байтұрсынұлы терминдерінің лингвомәдени мәні. Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау. Халықар. ғыл.-теор. конф. материалдары . – Алматы: Елтаным баспасы, 2017. – 396 б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 418 б.
3. Байтұрсынұлы А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
4. Манкеева Ж.А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 640 б.
5. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. - Алматы, 2001. –292 б.
6. Манкеева Ж.А. А. Байтұрсынұлы терминдерінің танымдық негіздері//Қазақ филологиясы: егіз негіз. - Алматы, 2010.
7. Байтұрсынұлы А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

**Аманбай Қадыр Үбайдаұлы,**
магистр,
қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасы,
филология және әлем тілдері факультеті,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

**Асқарова Алтынай Шаулиевна,**
ф.ғ.к., доцент,
қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасы,
филология және әлем тілдері факультеті,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

# МОДЕРНИСТТІК ӘДЕБИ БАҒЫТ ЖӘНЕ ДУЛАТ ИСАБЕКОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

**Аннотация.** Мақалада модернисттік әдеби бағыттың қалыптасуы мен оның Дулат Исабеков шығармаларында көрініс табуы баяндалған. Дулат Исабековтің шығармасындағы ұлттық психология мен оның адам болмысы мен бойында көрінуі суреттелген. Жазушы қаламына тән өзіндік ерекшеліктер мен образ сомдаудағы шеберлігі де айқындалып, кейіпкерлер болмысын аса сезімталдықпен орынды аша білген психолог жазушы ретінде бағаланады.

**Кілт сөздер:** модернизм, әдеби бағыт, психология, характер, хронотоп, шығарма, композиция, образ, кейіпкер.

**Аннотация.** В статье описывается становление модернистского литературного направления и его отражение в творчестве Дулата Исабекова. Писатель-психолог также ценится как писатель, который раскрывает свои отличительные черты и стиль написания и более чутко раскрывает свою личность.

**Ключевые слова:** модернизм, литературное направление, психология, характер, хронотоп, композиция, образ, характер.

**Annotation.** The article describes the formation of a modernist literary trend and its reflection in the work of Dulat Isabekov. The writer-psychologist is also appreciated as a writer who reveals his distinctive features and writing style and more sensitively reveals his personality.

**Key words:** modernism, literary direction, psychology, character, chronotope, composition, image, character.

Кез келген елдің мәдениеті мен әдебиеті сол елдің қандай екенін, ол елдегі саяси-экономикалық тұғырдың қай деңгейде дамып, қай жерде сүріліп жатқаны жайында ақпарат беруші болып табылады. Өйткені, адамзат баласының ойлау қабілетінің ең бірінші сатысы бірден есеп шығару немесе тәжірибеден жасап көру емес, алдымен идея, алдымен санада белгілі бір ойлау объектісін қалыптастырып алу. Содан кейін барып адамның ісі жүзеге аспақ. Ендеше, сол идея, сол ойлаудың объектісін жасаушы – әдебиет. Бұл тұжырымды көктен алып отырған жоқпыз. Қазақтың маңдайына біткен ғалым, «әдебиет – ардың ісі» деп бағалайтын академик Зейнол Қабдоловша айтқанда «Әдебиет – сөз өнері» [1.13].

Әр қоғамда әртүрлі әлеуметтік жағдай туғызатын, әр дәуірдегі идеологиялық күрестің әдебиеттегі көрінісі – әдеби ағым [1.340]. Әдеби ағым – тарихи категория болып табылады. Белгілі бір қоғамдағы саяси-әлеуметтік жағдайға байланысты туып, сонымен бірге жоғалып отырады. Кез келген әдебиетті алып қарайтын болсақ, сол әдебиетте пайда болған ағымдар белгілі бір категорияға негізделіп пайда болған жоқ. Олар тарихи кезеңдерде қалыптасып, сол кезеңде белең алды. Уақыттың тілін кері қарай бір шегеріп алайық.

XVII ғасырдың аяқ жағында туып, XVIII ғасырдың орта тұсына дейін өнер атаулының бәрінде, әсіресе Еуропа әдебиетінде орасан кең өріс алған жұртқа мәлім ағым классицизм болды [1.340].

Бұл ағымның тууына бірден бір себеп, жалпы еуропада жаппай абсолютизм жанданған кез. Ал, абсолютизм дейтін дүние негізінен келгенде белгілі бір саяси-әлеуметтік билік. Қарап отырсақ, әдебиеттегі ағымның пайда болуына әсер етуші объект – қоғам.

Адам және қоғамның сана жетілуінен осы ағымдар пайда болады. Тек бір абсолютизмдік билік арқылы классицизм жарық көрген жоқ, одан бөлек сентиментализм, натурализм, позитивизм, абстракционизм, символизм, импрессионизм деген сынды көптеген ағымдар жарық көрді. Әр ағымның әр қилы кезеңдері мен өзіндік құрылымдары, мәндері болды. Осы «изм» дердің қатарын «модернизм» дейтін жаңа бір өкіл сырып тастап, өзінше арна салды.

Модернизм (итал. modernismo, лат. modernus – жаңа, қазіргі) – XX ғасыр басында рухани сана дағдарысы кезінде пайда болған философиялық-эстетикалық ағымдардың жиынтық атауы [2.269]. Бұл ағым XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында пайда болды. Негізінен алғанда

соғыс кезеңінде дәуірледі. Мұндағы басты қағида: адамдардың жеке тұлғалық болмысын көрсету. Белгілі бір жүйеге бағыну емес, адамның жеке қалуы, оның ішкі жанының жалғыздықта қалып, сонымен арпалысуы сынды қисынсыз дүниенің пайда болуы. Модернистер әлемдік деңгейдегі қоғамдық қайшылықтар, санадағы қақтығыстар кезінде адам дүниенің мағынасыз екенін, өзінің фәнидегі жалғыздығын түсінеді деген пікірлерді алға тартты.

Модернизм өнердегі мифологиялық тәсілді жандандыруды көздеді. Мифтік ойлау арқылы қоршаған орта болмысын тану П. Валери, Т.С. Элиот, В. Иванов, В. Хлебников, У.Б. Йитс, А. Белый, т.б. шығармаларынан байқалды. Олардың туындыларында мистикалық жүйе қалыптасып, кейіпкерлері нақты тарихи уақытта емес, өткен, келер шақтар түйісіп жататын мифологиялық уақытта өмір сүрді. Оқиға шартты түрде бірнеше сағаттарда немесе бір күнде өтті.

Модернизмнің ықпалы қазақ әдебиетінде де байқалды. Онда адам табиғатының трагедиялығы, болмыстың адам тіршілігімен үйлесе бермейтін қайшылығы, қатыгездігі жайлы ойлар айтылды. Мұхтар Әуезов әңгімелерінде, Ш. Құдайбердіұлы, Ж. Аймауытов шығармаларында трагедиялық бейнелер бой көрсетті. Адамның өмірдегі панасыздығын, қорғансыздығын меңзейтін, табиғатты жатсынуын бейнелейтін шығармалар 1960-1980 жылдары қазақ әдебиетінде көбірек кездесті. Мысалы, Ә. Кекілбаевтың «Шыңырау», «Аңыздың ақыры», Д. Исабековтің «Сүйекші», «Тіршілік», О. Бөкейдің «Мұзтау», «Жетім ботасы», т.б. шығармаларды атауға болады.

Аталмыш авторлардың ішінде алғашқы әңгімелерінен-ақ шынайы шеберліктің үлгісін танытып, өмірдің шынайы көрінісін сан түрлі әдеби тәсілмен бейнелеп қалың оқырманның ықыласын жаулай алған жан Дулат Исабеков болды. Дулат Исабеков жайлы сыншы Әмірхан Меңдеке: «Дулат Исабеков әңгімелерінің аса бір өтімді һәм ұтымдылығы, жазушы әңгімелерініңбарлығы дерлік бүгінгі күнімізді парықтау мен айшықтауға арналған» [3.14] десе, ал жазушы А. Сейдімбектің «Дулат творчествосының құлақ күйі – шындық парасат, бұрауына келтірген. Ол жазған дүниелерден адамзат әулеті үшін жанын жаялық ететін күй-шежіренің қоңыр үніестіліп тұрғандай» [4.4] деген сөзінде жазушыны танумен бірге шығармашылық мұрасын,ондағы басты белгілерді тап басу айқын аңғарылады. Қаламгер әңгімелерінің дені ауыл адамдарының қарапайым тұрмыс-тіршілігін, олардың санасында, жан қалтарысында орын алған түрлі психологиялық иірімдерді, өз замандастарының бар болмыс-бітімін суреттеуге арналған.

Дулат Исабеков, әсіресе, қарапайым ауыл адамдарының болмысын аса сезімталдықпен орынды аша білген психолог жазушы. Қаламгер кейіпкерлерінің жүрек сыздатар аянышты тағдырын түрлі жағдайлар аясында бейнелеп, тығырықтан шығуға ұмтылған талпыныстарын әсерлі де аянышты қалыпта суреттеп, оқырман қауымның көңіл таразысына салып отырады. Зерттеуші А. Таңжарықова бұл туралы «Жалпы Д. Исабеков өз әңгімелерінде қазақы ауылдың тұрмыс-тіршілігін бейнелей отырып, үлкен проблемаларға бой ұрады. Оның шығармаларының ерекшелігі де сонда – көңілге сондай жылы тиетін, таза бұлақ суындай мөлдірлік астарынан ұлттық мінезді, психологияны байқай аласыз» [5.21] деген пікір білдіреді.

Ал орыс жазушысы Георгий Пряхин «Дулат Исабеков – адамзаттық деңгейде ойлайтын жазушы. Әрбір шығармасы адамзаттық ой айтады. Оның шығармалары барлық уақыттың талабына жауап береді» десе, әдебиеттанушы Маргарита Орлова: «Дулат Исабековтің шығармаларын алғаш оқыған кезде «Біз оқып жүрген көптеген шетел жазушыларынан әлдеқайда мықты жазушы. Осындай жазушыларды Ресейде кеңінен жарнамалау керек», – деп ойладым. Жазушы шығармаларындағы қазақ ауылындағы адамдардың аңғалдығы, тазалығы, олардың ешбір ұлтқа ұқсамайтын ерекше мінездері есімнен ұзақ уақыт кетпей қойды. Жазушы өз оқырмандарына еркіндік береді, бұл кез келген жазушының қолынан келмейтін қасиет. Еркіндік дегенде мен нені меңзеймін? Кейбір жазушылардың шығармаларын оқып отырып, кейіпкердің аянышты тағдырына жаның ашып, сары уайымға салынып, әрі қарай оқығың келмей қалады ғой. «Бұл не деген бітпейтін қайғы» деп ойлайсың ғой. Ал Дулат Исабековтің шығармаларында тағдырлы кейіпкердің өзі жарыққа ұмтылады. Сол жарыққа кейіпкермен қосылып, сен де ұмтыласың. Өзіңнің көкейіңде жүрген сұраққа жауап табасың. Міне, шеберлік! Міне, талант! Дулат Исабековтей жазушысы бар қазақ – бақытты халық» деп баға береді.

Дулат Исабековтің шығармаларында модернисттік бағыт ұлттық таным мен сана-сезімнің, ұлттық менталитеттің қазіргі келбетін суреттеуге тырысқаны анық байқалып қалады. Өйткені жазушы ұлттық мінезді суреттеу арқылы емес, детальдар арқылы беріп, үлкен ойларға жетелейді. Шығарманың өң бойында ұлттық психологияның астарлы келбеті көрініске ие болады.

Жазушының «Қара шаңырақ» әңгімесі – ұлттық мінездің негізі ауылмен байланысты екенін тағы бір аңғартатын туынды. Жаппай қалаға көшу, ауылда қалған ата-баба қонысы, үлкен үй

саналатын қара шаңырақты күзетіп шал мен кемпірдің қалуы қазақ даласына енген рухани және материалдық өзгерістердің ұлттық менталитетке тиген әсерін айқындай түскендей.

Қазақы қара шаңырақтың қасиетті белгісі – бесіктің жастар қолданысынан шығып бара жатқанына деген қынжылысты сезінесіз. Немесе ұлттық мінездің заман өзгеруімен түрленгенін Есіркептің әкесіне: «Көке, сіз демала беріңіз, біз тамақ даярлап жіберейік», – деуінен тағы бір аңғаруға болады. Қазақ халқында қашан да ер-азамат қазан-аяққа араласпаған, бұл отбасы анасының еншісіндегі дүние екені ықылым заманнан белгілі. Міне, қаламгер осындай кішкентай эпизодтарды шым-шымдап әңгімеге енгізу арқылы қазақы ұлттық мінездің өзгерісін көз алдыңызға әкеледі.

Қазір біздің қоғамда үйреншікті болып кеткен әрбір іс-әрекеттің тарихи салт, әдет-ғұрып емес, кейіннен таңылған құбылыс екенін үнемі есіңізге салады. Атақонысқа ие болу, қасиетті қара шаңырақтың отын өшірмеу ер-азаматтың міндеті емес пе еді? Әңгіменің «Қара шаңырақ» аталуы да тегін емес. Қара шаңырақтың иесі саналатын үйдің кенжесі Есіркептің «Кішкентайды бала бақшаға орналастырамыз» дегені Шөмішбай қарттың үмітін үзіп, жігерін құм қылды. Мұның өзі – қазақ ұлтындағы ұрпақ тәрбиелеп, өсіруде ата-әже орнының жоғалып бара жатқанының көрінісі. Жастайынан әже әлдиін, ата ертегісін, ұлағатты сөзін тыңдамай өскен ұрпақтың бойында ұлттық менталитеттің, қазақша айтқанда, ділдің берік болуы – екіталай нәрсе. Бұл да – «балаларын өскенше, немерелерін өлгенше бағатын» қазақтың ата-әжелерінің бейнесін толықтыра түсетін әңгіме».

Ұлттық психология төрт белгіге: ұлттық мінездің негізгі нысандарына, ұлттық сезімге, ұлттық санаға және ұлттық мүддеге қатысты. Ұлттық мінездің нағыз көрінісі – қонақжайлық жеке дара қасиет емес, қазақ халқының ұлттық ерекшелігін танытатын қасиет. Қонақжай қазақы мінезге ұлттық тағамды тұтыну, сол арқылы өзара сыйласудың әдеті мен әдебі аясында баға беруді Д. Исабеков қағыс қалдырмаған. «Ақырамаштан наурызға дейін» әңгімесіндегі алғашқы жолдар бала күннен бәрімізге тән ауылдың қонақжайлығы айналасында өрбиді. Бірінсіз-бірі піскен асты алдарына алмайтын тату-тәтті көршілер арасының, құдайы қонақ келсе, қазан асуға жүгіретін қазақы салт іргесінің, ауылдағы қарым-қатынастың кеңестік идеология әсерінен бұзылуы, яғни, «арғы ата-бабама, әкеме тіл тигізді» деп пошташы Отардың падашы Кемпірбайдың үстінен акт жазып, оған куә адамдарға қол қойдыртып, оның аяғы жолдастық сотқа апаруы – ауылда бұрын-соңды болмаған дау шешудің тосын жолы. Қазақтың сөзге тоқтаған тамаша қасиетінің, үлкенді сыйлау, алдынан кесе өтпейтін жақсы салтының жоғалуы ауыл шалдары арасындағы сыйластықтың кеміп бара жатқанын көрсетеді. Ұрпақтың ұлттық мінезді, ана тілді жоғалту мәселесі ақын-жазушыларымыздың өзекті тақырыптарының бірі болып табылады. «Ұлт», «ана тілі», «ұлтжандылық» деген ұлы мәселелерді қоғамға жар салып айтпақ түгілі, ол туралы ойлаудың өзі қылмыс болған кеңестік саясат кезінде-ақ Д. Исабеков – өз шығармалары арқылы қазақ тілінің бейшара кейпін, тілдің жұтаңданып, әлеуметтік, қоғамдық-саяси ортада қолдану аясының тарылып бара жатқанын шынайы көрсете алған батыл жазушы.

Ал «Бітпейді-ау арман» әңгімесіне қартәкенің ұлына деген үлкен әкелік махаббаты, сағынышы, перзентіне артқан үміті арқауболған. Перзент – ата-ана үшін өмірінің бар бақыты, көз қуанышы, болашағы, өмірінің жалғасы. Әсіресе, қазақ халқы үшін ұлдың алар орны ерекше. Әңгіме кейіпкері, қарт полковник Айтөре Қалимолдин да жалғыз ұлы Нариманды әкелік сезіммен аялай сүйеді, оған үлкен үміт артады. «Перзент дегенді адам баласының, соныңішінде, әкелердің осыншалықты жанымен, тәнімен беріле сүйетініне қарт полковниктің қазір ғана көзі жеткен секілді.

Әңгімеге өзек болып тұрған дүние – қарттың ішкі әлемі. Мұнда кейіпкерлердің диалогынан гөрі, қарияның ішкі монологыбасым. Ресейге әке жолын қуып, әскери мамандықтың қыр-сырын меңгеруге кеткен ұлын көрмегеніне бақандай екі жыл болды. Әкенің ұлына деген сағынышында шек жоқ. «Папа» деген осы бір төрт-ақ әріпке бар әлемнің қызуы мен қызығы, махаббаты мен рахаты түгел сыйып жатыр еді. Сонымен бірге «папа» деген жалғыз ауыз сөзде азамат болған ұлының кешегі балалық шағын елестетіп, кеудедегі жүректі ыстық табадағы майдай ерітіп жүре беретін еркелігі мен бала сезімі, балғын үні бар еді».

Ұлының болашағын ойлап тәтті қиялға берілген қарттың ендігі бар қызығы мен өмірінің мәні осы жалғыз ұлы еді. Соны ойласа Айтөре шалдың әлі де өмір сүргісі, әлі де талай дүниені көргісі келеді. Қаламгер осы шығармасында ата-ана үшін баланың соншалықты ыстықекенін, баласының бір ауыз жылы лебізі қарт жандардың көңілін қаншалықты марқайтып, өмір сүруге деген құштарлығын ұлғайтатынын көрсетеді. Әңгімеде әкенің балаға деген махаббаты, сүйіспеншілігі қарттың ішкі толғанысыарқылы шынайы, шебер сомдалған.

Жазушының қоғам өміріндегі түрлі келеңсіздіктер, әділетсіздіктер турасында жазылған әңгімесі – «Мәңгілік қағида». Шығарманың «Мәңгілік қағида» аталуының да өзіндік сыры бар. Қай заман, қай дәуір, қай елде де жетім мен жесірдің, әлсіз бен мұқтаждың мүддесі құнтталып, жоғы түгенделген емес. Қай кезде де әлсізді әлді жеңіп, өз өктемдігін жүргізген. Осы шағын шығарманың басты айтар ойы, арқалар идеясы – осы. Небәрі он алтыға енді ғана шыққан жас жеткіншектің өмірі бір сәтте өзгеріп шыға келді. Онсыз да әкеден қаршадайынан жетім қалып, өмір тақсіретін ерте тартқан оған алты жыл бас бостандығынан айыру жазасы кесілді.

Әкесі дүние салған соң, анасы төрт баламен жалғыз қалды. Сол сәттен бастап бұлардың басынан қайғының бұлты бір сәт те сейілген емес. Әпкесінің тұрмысқа шығатыны туралы қуанышты хабардың соңы анасының көзжасымен, өз қызына тым болмаса сырға салып шығарып сала алмайтындығы жөніндегіөкінішпен аяқталған болатын. Осы жағдайдың бәріне куә болған жас бала көршісінің үйіне ұрлыққа түсуді ұйғарады. Мұның соңы әлгіндегідей өкінішті жағдаймен аяқталды.

Жазушы мұнда бір ғана отбасының басындағы трагедияны емес, бүкіл қазақ қоғамын жайлаған қасіреттің бетін ашады. Адамдардың бір-біріне деген мейірімсіздігі, дүние жию мен баю жолында жап-жас баланың өмірін құрбандыққа оп-оңайшалуы – қоғамның бүркеуге келмес ащы шындығы. Қайыршы кейпінде өмір сүріп жатқан көршісіне көмек қолын созбақ былай тұрсын, тіпті, өз үйіне ұрлыққа түсіп, ештеңеалып кете алмаған жасөспірімге ұрламаған затын ұрлады деп, екі есе шығын жазып, ақшатабуға құныққан көршінің әрекетін сорақылық деп тапқан ешкім болмады. Бәріне куә болған екі милиция қызметкері, тіпті әділ шешім айтар соттың өзі де бар шындықты біліп тұрса да,«бармақ басты, көз қыстылыққа» салынып, жас баланы шімірікпей жазаға кеседі.

Шығарма шешімінде айыпқа тартылған, әлеуметтің әлді өкілдері көрсеткен қысым алдында қауқарсыз жас баланың ойы арқылы жазушы бүгінгі қоғамға берген өз бағасын, көзқарасын айқын танытады. Қоғам өмірінің толғауы жеткен келелі мәселелерін шынайы суреттей білген қаламгер шығармашылығы жайлы сыншы М. Қожахметова «Әріптестерінің, құрдастарының арасында Исабековтей өз ортасын, ұлтын, өз системасын алдын-ала көрегендікпен суреттегені кем шығар» деген ой түйеді.

Дулат Исабеков шығармаларында ерекшеліктің өзі де – сол әңгімелері мен повесттері үлкен емес, шағындау келеді. Бірақ ішіндегі кейіпкерлері бар. Модернисттік бағытта жазылған шығармалардың ерекшелігі – мәтіннің қысқа келетіндігі. Өйткені жазушы мұндай шығармалар арқылы үлкен оқиғаны, тағдырды баяндауға тырыспайды. Көбінесе, шағын шығармалар арқылы кейіпкердің көңіл-күйі мен сыртқы ортаны шендестіру арқылы метафоралық ойлау деңгейінде философиялық ой қорытады. Дулат Исабеков кейіпкерлердің тағдырын арнайы контексте, дәуір реалиясында баяндағынды, яғни, хронотоп характерінде сипаттағанды жөн санайды. Сол арқылы болмысы өмірден алынған кейіпкерлердің психологиялық күйі арқылы қоғамдық-әлеуметтік, ұлттық проблемаларды қозғауға ой салады.

Қорыта келгенде, жазушы Дулат Исабеков қоғамның дендеп кеткен жан-жарасы мен дертін әдеби-психологиялық детальдар арқылы сыртқа шығарып, оқырмандарына ой салғысы, сол арқылы өзінің де жүрегінде, санасында жүрген күйінішін білдіру үшін постмодернисттің бағытты таңдай отырып, психо-философиялық тұжырымдарға толы шығармаларды тудырды. Соның арқасында қазақ әдебиетінде постмодернисттік бағыттың қалыпасуына мығым үлесін қосты.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сөз өнері [Текст]: оқулық-монография/З. Қабдолов. – 5-басылым өңд., толықт. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.
2. Шевеленко И.Д. Модернизм как архаизм: национализм и поиски модернистской эстетики в России. М.: Новое литературное обозрение, 2017. – 336 с.
3. Меңдеке Ә. Біз кімбіз осы//Дулат Исабеков. Шығармалар жинағы, 3-том. – Алматы, 2003. – 399 б.
4. Сейдімбек А. Ойтолғақ. Жазушы Д. Исабековтың шығармашылығы туралы//Жас қазақ. – 1993. – № 44.
5. Таңжарықова А.Д. Исабеков прозасының көркемдік әлемі. Филол.ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2008. – 129 б.

**УДК 82.0**

**Даутова Бибигул Даулетовна,**
докторант,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: Dautova.bibigul1979@gmail.com

# АБАЙДЫҢ «ҚАРА СӨЗДЕРІН» УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІК ТҰРҒЫСЫНАН ПАЙЫМДАУ

**Аннотация.** Мақалада Абай қарасөздерінің негізінде уақыт пен кеңістік мәселелері қарастырылады. Уақыт пен кеңістік жазушының дүниетанымын, дүниені қабылдауын, жазушы стилін қалыптастыруда үлкен рөл атқаратыны рас. Автор әлемнің бейнесін құру ерекшелігін, көркем шығарманың ішкі заңдылықтарын айқындайды. Сонымен қатар, шығарманың композициялық тірегі болып, көркем образдардың ашылуының ішкі ұйымдастырушысы болады. Уақыт пен кеңістікті зерттеу көркем шығарманың тіліне бойлап, оның құрылу спецификасын, жазушының дүние туралы концепциясын айқындауға мүмкіндік береді. Абайдың шығармашылығында философиялық, этикалық, эстетикалық, танымдық және әзіл-сықақ, кеңес беру түрінде жазылған қара сөздер маңызды орын алады. Онда ойшылдың мәні мен мақсаты, адам тіршілігінің негізі туралы түсініктері шеттей қабысқан. Мұндағы философия адамдардың рухани жаңғыруын, адамдық қасиеттер жүйесін, әлеуметтік этика мен қоғамды көркейтудің жолдарын көрсетеді.

**Тірек сөздер**: уақыт, кеңістік, қара сөз.

**Аннотация.** В статье рассматриваются слова Абая о времени и пространстве. Время и пространство играют ключевую роль в формировании мировоззрения писателя, восприятия мира и стиля писателя, определяя, таким образом, особенности написания автором собственной картины мира, внутренних моделей художественного произведения, являясь составной опорой произведения и являясь внутренним организатором раскрытия художественных образов. Изучение времени и пространства позволяет нам определить специфику его творчества, мировоззрение писателя и глубину его работы. Слова Абая играют важную роль в философской, этической, эстетической, познавательной и юмористической, консультационной деятельности. Он отражает смысл и цель мыслителя, исходя из человеческого существования. Философия здесь заключалась в демонстрации духовного знакомства людей, системы человеческих качеств, путей социальной этики и совершенствования общества.

**Ключевые слова**: время, пространство, слова.

**Abstract.** The article discusses the words of Abay about time and space. Time and space play a key role in shaping the writer's worldview, perception of the world and the style of the writer, thus determining the features of the author writing his own picture of the world, internal models of a work of art, being an integral pillar of a work and being an internal organizer of revealing artistic images. The study of time and space allows us to determine the specifics of his work, the writer's worldview and the depth of his work. The words of Abay play an important role in philosophical, ethical, aesthetic, cognitive and humorous, consulting activities. It reflects the meaning and purpose of the thinker, based on human existence. The philosophy here was to demonstrate the spiritual acquaintance of people, the system of human qualities, the ways of social ethics and the improvement of society.

**Key words:** time, space, words.

## Кіріспе

Әр жазушы уақыт пен кеңістікті өз пайымымен түсіндіреді, сол арқылы автордың дүниетанымын көрсететін өзіндік ерекшеліктеріне ие болады. Нәтижесінде жазушының жасаған көркемдік кеңістігі ерекше және кез келген басқа көркемдік кеңістік пен уақытқа ұқсамайды. Сөйлеу мазмұнының кеңістік және уақытпен байланысы коммуникативті тілдік бірлік ретінде ұсыныстың негізгі сипаттамасы болып табылады. Қоршаған әлем құбылыстары уақыт пен кеңістікте өмір сүретіндіктен, оларды білдірудің лингвистикалық формасы олардың негізгі қасиетін көрсете алмайды. Сондықтан, әр кезде уақыт пен кеңістік бірлікте болады. Көркем уақыт пен кеңістіктің бұл бірлігі – көркем мәтіннің элементтері мен микроқұрылымдарын біртұтас ететін, күрделі жүйеге біріктіретін көркем мәтіннің құрылымдық-семантикалық категорияларының бірі. Ал, уақыт пен кеңістік категориялары – әңгіме құрастырудың бір құралы.

## Эксперимент

Көркем мәтін автор-баяндаушы кеңістігі мен кейіпкер кеңістігін өзара ажыратады. Олардың әрекеттестігі шығарманың көркемдік кеңістігін көп өлшемді, көлемді және біртектіліктен ерекшелейді. Бірақ автор-баяндаушының кеңістігі басым, өйткені ол мәтіннің тұтастығын және

оның ішкі бірлігін қалыптастыра отырып, сипаттау мен кескіннің әр түрлі жақтарын біріктіруге мүмкіндік береді.

Ғарыш кеңістігін кеңейтуге автордың тәжірибесі, оның сыртқы әлем туралы білімін біртіндеп кеңейтуіне себеп болады. Кейіпкер немесе әңгімелеуші көрген кеңістік қиял кеңістігімен толықтырылуы мүмкін. Мәтінде берілген кеңістік нақты болуы мүмкін, яғни жергілікті индикаторлармен, аймақтардың аттарымен байланысты немесе керісінше, дерексіз, жергілікті өрнек пен белгілі бір орынмен байланысы жоқ. Мәтіндегі кеңістіктік қатынастарды білдіру құралдары мен сипаттамаларын негізінен осындай лингвистикалық бірліктер: орналасу мәні бар синтаксистік құрылыстар, экзистенциалды сөйлемдер, жергілікті мағынасы бар формалар, қозғалыс етістері, кеңістіктегі белгілерді табу мәні бар етістіктер, жер атаулары.

Әдебиеттегі көркем уақыт пен кеңістік қатынастарының байланысы, М.М. Бахтин хронотоп деп атаған болатын. Бұл термин алғаш рет математика ғылымында Эйнштейннің салыстырмалылық теориясының негізінде қолданылған. М.М. Бахтин бұл терминді әдебиеттануда кеңістік пен уақыттың (уақыт кеңістігінің төртінші өлшемі ретінде) сабақтастығын білдіру үшін енгізді [Бахтин М.М. 1975. 235 с.]. Әдебиетте хронотоптың маңызды жанрлық мәні бар. Шығарманың жанры мен жанрлық түрлерін хронотоп дәл анықтайды, ал әдебиетте уақыт хронотоптағы жетекші қағидат болып табылады. Бахтиннің пікірінше, көркем шығармадағы хронотопта уақыт кеңістіктен басым болады, сондықтан оны мағыналы және өлшемелі етеді. Хронотоп деген ұғым тек әдебиетте ғана емес, сонымен бірге өнердің басқа да салаларында қолданылатындықтан, әдеби хронотопта да уақыт әрдайым жетекші ұстаным бола алмайтындығын ескерген жөн.

Философиялық уақыт пен кеңістіктің жалпы көркем өнер саласы арасындағы айырмашылықты көптеген зерттеушілер атап көрсетті. Сонымен, В.Н. Топоров уақытты «кеңістіктің жаңа («төртінші») өлшемі» деп атайды. «Мифопоэтикалық сана әлемінде болып жатқан немесе алдағы болатын барлық нәрсені хронотоп қана анықтап қоймайды, сонымен бірге оның бойында хронотоптық мән болады. Әлемнің осы моделіндегі кеңістік пен уақыттың сабақтастығы уақыттың «арнайы» белгілерінде ғана көрінбейді, сонымен қатар, латын тілдеріндегі «tempus «time» «қасиетті, киелі жерде, ғибадатханада» секілді ұғымдарымен кездеседі [Топоров В.Н. 1995. 624 с.].

Ю.М. Лотман әдеби шығармадағы көркемдік кеңістік «кейіпкерлер орналастырылатын және әрекет болатын континум» деп анықтай отырып, оның бірнеше түрлерін бөліп көрсетеді: «сиқырлы және күнделікті, сыртқы немесе ішкі». Сонымен бірге, «кейіпкерлердің мінез-құлқы көбіне олар өмір сүріп жатқан кеңістікпен байланысты және бір кеңістіктен екінші орынға ауысқанда, адам өзінің заңдарына сәйкес деформацияланады» [Лотман Ю.М. 1988. 352 с.]. Д.С. Лихачев өз түсіндірмесінде көркемдік кеңістікке мынандай анықтама берген: «Кеңістік бірқатар елдерді қамтуы мүмкін немесе бір ғана бөлмемен шектелуі мүмкін. Бұл нақты (жылнамалар, роман) немесе қиялға айналуы мүмкін (ертегі). Бірақ қандай да бір жолмен, ол сюжеттен бөлінбейді. Уақыт пен кеңістіктегі ұқсас көзқарастарды ескере отырып, әдеби хронотоптардың, ең алдымен, сюжеттік маңызы бар, олар автор сипаттаған негізгі оқиғалардың ұйымдастырушылық орталықтары болып табылатындығын атап өтуге болады» [Лихачев Д.С. 1979. 360 с.]. Хронотоп уақыт пен орынның бірлігі ретінде қарым-қатынас жағдайларын ғана көрсетіп қоймай, мәдениетке, оқиғаларға, жалпы қоршаған орта мен әлеуметке деген көзқарасты ерекше көрсетеді. Осылайша уақыттың тілдік ұғымдары арқылы басымдық немесе қайталама белгілі бір процестің дәл қазір немесе үнемі болып жатқандығын білдіреді. Хронотоптардың кескіндік маңызында сюжеттік оқиғалар нақтыланып, уақыт пен кеңістік сезімдік көрнекі сипатқа ие болады.

Әдебиетте, көркем шығармада кеңістік пен уақыттың объективті бейнесі жазылады. Егер кеңістік тікелей қабылдау үшін қол жетімді болса, олар тікелей мағынасында қолданылатын сөздермен сипатталса, онда түйсіктерді тікелей қабылдау уақыты қол жетімді емес, ал оның модельдері өзгермелі болады. Кеңістіктің психикалық категориясы тіл, көркем, кестелі сөз арқылы семантикалық категорияға айналады. Кеңістіктің семантикалық санаты деп тілдік нысандар мәндерінің жалпы бөлігі, сондай-ақ осы нысандармен жасалатын кеңістікті интерпретациялау деп түсініледі. Сондықтан автордың ой-өрісі, сөз шеберлігі көркемдік уақыт пен кеңістікті бейнелеудің құралдарын жасайды. Кеңістік пен уақыттың бірлігі күрделі категориялардың қатысуымен, сонымен қатар уақытша және кеңістіктік сипаттамаларды білдіретін бірқатар әдеби ұғым-түсініктердің бірліктерінде көрініс табады.

Көркем уақыттың көрінісі үшін етістік формаларының қызметі, мәтіндегі статиканың немесе динамиканың таралуы, уақыттың үдеуі немесе бәсеңдеуі, олардың дәйектілігі бір жағдайдан

екінші жағдайға ауысуы жалпы уақыттың қозғалысын анықтайды. Әрекеттің өткен, қазіргі немесе болашақта болғандығы туралы ақпарат сөзде уақытша модальдылықтың болуын көрсетеді.

Уақыт кезеңінің ұзақтығына және оның іс-әрекетке қанықтылығына байланысты, оқиғалардың да байланысы, шарықтау шегінің жылдамдығы баяулап немесе үдеуі мүмкін. Көркем уақыттықтың бірліктері белгілі бір уақыт интервалдарындағы оқиғалардың санымен анықталады.

Көркем шығарма құрылымындағы уақытша сюжеттер динамикасы автордың әңгімесін нақтылайды. Оқиғалардың үдеуі мен баяулауы оқырманды қабылдауға әсер етеді. Уақыт кеңістігінде сөйлеу арқылы автор мен кейіпкерлердің эмоционалдық жағдайы ашылады. Бұл категория – өнер әлемін ұйымдастырудың негізгі компоненттерінің бірі.

Ритм мен уақыт бір-бірімен байланысты ұғымдар. Оқиғалардың кезектілігін, шығарманың кезектілігін көрсете отырып, олар жазушының замана туралы түсініктерін, оның әлем мен адам туралы идеяларын ашуға ықпал етеді. Сонымен қатар, көркем әңгімеде автордың көркемдік ниетін жүзеге асыруға ықпал ететін уақыт категориясының грамматикалық формаларының негізгі мағыналарына қосымша мағыналар қойылады. Кеңістік-уақыт қатынастарды білдіретін негізгі тілдік категориялардың арасында *таксис* мен лексика категорияларын бөліп көрсету керек. ***Таксис*** категориясы уақытша болу ұғымымен тығыз байланысты. Жалпы мағынада уақытты объектінің толық спецификациясын орнатуға болатын уақыт аралығы ретінде анықтауға болады. ***Таксис*** (грек тілінен «taxis» аударғанда – құрылысы, тәртібі, орналасуы) іс-әрекеттер арасындағы уақытша байланысты сипаттайтын тілдік категория ретінде анықталады (кең мағынада, предикаттың кез-келген түрін қоса), мысалы: бір уақыттағы/бір уақытта болмайтын, үзілмейтін, негізгі және ілеспе әрекеттердің өзара байланысын көрсетеді.

Әдетте сөз белгілі бір тілдік өрнектердің қызметі ретінде түсініледі, олардың көмегімен оқиғаның геометриялық орнын сөйлеу сәтіндегі сөйлеуші не айтушының тұрған жеріне қатысты белгілейді. Әр лексикалық өрнектің екі еселенген жергілікті корреляциясы бар. Осы тұрғыдан алғанда дискос санаты салыстырмалы кеңістіктің санаты ретінде қарастырылуы мүмкін. Тиісті лексикалық құралдарға әдетте салыстырмалы есімдіктер, сондай-ақ белгілі бір контексте салыстырмалы кеңістіктік көлемнің белгілерін алатын басқа да тіркестер кіреді – өлшем бірліктеріне айналуы мүмкін заттарды білдіретін зат есімдер – үй, көше, арба. Бұл сөздер белгілі бір кеңістікке тән өкілдер мен қауымдастықтарды тудырады.

Пифагор, Аристотель, Г. Галилей, И. Кант, Г. Гегель, Ф. Энгельс, П.А. Флоренский, Н.Ф. Федоров, К.Е. Циолковский, В.И. Вернадский ғарыштың көп өлшемділігі туралы айтты. Эйнштейн өзінің еңбектерінде кеңістік пен уақыттың өзара тәуелділігін ғылыми-теориялық негіздеді: реляциялық тұжырымдама математикалық есептеулер арқылы кеңістік пен уақыттың өсіп келе жатқан жылдамдықпен әсерлесетінін дәлелдеді, сондықтан уақыттың қозғалысы объектілердің орналасуы мен қозғалыс кезінде олардың бір-біріне қатынасына байланысты.

Хронотоп мәселесі қазіргі әдебиеттанудағы басты мәселелердің бірі. Оны зерттеумен жетекші қазақстандық, ресейлік және шетелдік ғалымдар айналысады. Шығармаларында олар уақыт пен кеңістіктің көркемдік тұтастық құрылымындағы рөлін, маңыздылығын ашып, осы категориялардың қызмет ету сипаты мен ерекшеліктерін ашады. Табиғи, әлеуметтік, гуманитарлық пәндердің жақындасуы қазіргі әдебиеттанудың әдістемелік аппараттарын байыта түсті. Көркем шығармаларды оқу процесінде герменевтикалық, семиотикалық талдау белсенді қолданыла бастады.

Көркем мәтінде бейнеленген әлем модельдеріне тән кеңістік-уақыт қатынастар Л.Г. Бабенконың зерттеу пәнін құрайды. Ол өз еңбектерінде хронотоп шығарманың мазмұнын ұйымдастыруда және оның қоршаған шындықтың құрылымы туралы автордың білімдерін көрсетуде маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Әдеби шығармалардағы көркемдік уақыт пен кеңістіктегі функцияларды зерттеу И.З. Антадзе, О.А. Светлакова, Н.Л. Лейдерман, Ю.Ф. Каржакина, К.Е. Фаликова, Е.И. Абуталиева, Ю.И. Селезневалардың еңбектерінде көрініс табады.

М.И. Шапирдің жұмысында поэтикалық мәтін құрылымындағы хронотоптың мәні зерттеледі. Ғалым И. Анненскийдің, М. Волошиннің, А. Вельтманның және басқаларының еңбектерін талдай отырып, өлең мен прозаның ұйымдастырылуының бірегейлігі неде екенін көрсетеді.

Көркемдік әдіс мәселесіне байланысты уақыт пен кеңістік категориясын Н.Г. Измайлов, А.А. Гаджиев қарастырады. Олардың пікірінше, қазіргі әдеби бағыт, қазіргі «хронотоптардың белгілі бір тарихи қалыптасқан сериялары мен олардың белгілі бір құндылықтарына сәйкес келеді».

Д.Н. Медриша, Л.С. Левитан, Л.М. Цилевич тұжырымдамалары бойынша бұл категорияның негізгі компоненттері сюжеттер мен сюжеттік хронотоптар болып табылады.

Уақыт - нарратив кеңістігі И.В. Силантьевтің ерекше назар аударуының объектісі болып табылады. Зерттеуші өзінің монографиясында дискурстық хронотоптың мағыналық-семантикалық координаттарын қарастырады, оқырман бейнелеген фактілерді қабылдаудың «түсіндіру өрісін анықтайды» және «оқырманды осы фактімен болуға бағыттайды» [Силантьев В.И. 2012. 311 с.].

Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде көркем хронотоп мәселелері де қарастырылуда. Мысалы, академик З.Қ. Қабдолов «Сөз өнері» кітабында хронотоп ұғымын әдеби буын мен жанр [Қабдолов З.Қ. 1976. 374 б.] мәселесіне байланысты айтылса, уақыт кеңістігінің мәні туралы Н.О. Жуанышбеков, хронотопты зерттеу жазушының әлем туралы идеяларын, оның шығармашылығы қалыптасқан көркемдік әдістің өзіндік ерекшелігін, әр нақты тарихи кезеңдегі әдебиеттің ерекшеліктерін ашады [Джуанышбеков Н.О. 2006. 292 с.].

Уақыт-кеңістік категориясының негізгі қасиеттері Э.Д. Тұрсынова еңбектерінде ашылған. Қазақ фольклорының шығармаларын талдай отырып, зерттеуші көркем хронотоп пен нақты шығарманың айырмашылығына баса назар аударады.

Уақыт кеңістігінің эстетикалық функциясы Қ. Әбдезұлы еңбектерінде зерттеу объектісіне айналады.

Хронотоп жазушының дүниетанымын түсінудегі, кейіпкерлердің ішкі әлемін ашудағы, автордың әңгімесін құрастырудағы рөлін Б.Қ. Майтанов өз жұмысында осы категорияның көркем шығармашылық психологиясын зерттеудегі маңыздылығын көрсетеді [Майтанов Б.Қ. 1982. 148 б.].

Авторлық сана арқылы уақыт пен кеңістікті Н.К. Сарсекеева атап өтеді. Хронотоптың әмбебап табиғатын С.Ш. Нұрланова қарастырады. Уақыт кеңістігі мен есте сақтау ұғымының бөлінбейтін бірлігі С.В. Ананьева еңбектерінен көрінеді.

Хронотоптың жанр қалыптастырушы рөліне әдебиеттанушы А.С. Исмаковада назар аударса, бірлік уақыттық кеңістіктің ерекшеліктерін Г.Ж. Пралиева қарастырған. Алайда, ғалымдардың көркемдік уақыт пен кеңістік мәселесіне деген соншалықты қызығушылығына қарамастан, уақытша ырғақ туралы мәселе әлі зерттелмеген күйінде қалып отыр. Бұл категория негізінен философия мен физика саласында зерттелген. Әдеби сынға ол тиісті назар аударылмады. Уақытша ырғақ теориясы негізделетін, оның қасиеттері мен әдебиет құрылымындағы қызметтері туралы бірде-бір монография жоқ.

Көркем мәтін жазу уақыты мен қабылдау уақытын ескереді. Сондықтан автордың уақыты оқу уақытынан бөлінбейді. Әдебиет ауызша бейнелеу өнерінің бір түрі ретінде адресаттың болуын болжайды. Әдетте оқу уақыты – нақты («табиғи») ұзақтығы. Бірақ кейде оқырман шығарманың көркемдік құрылымына тікелей қосыла алады, мысалы, «әңгімешінің сұхбатшысы» ретінде айтылады.

**Нәтиже**

Абай шығармашылығында философиялық, этикалық, эстетикалық, танымдық және әзіл-сықақ, кеңес беру түрінде жазылған қара сөздер маңызды орын алады. Онда ойшылдың адам тіршілігінің мәні мен мақсаты, негізі туралы түсініктері біте қабысқан. Мұнда философ адамдардың рухани толысуын, адамдық қасиеттер жүйесін, әлеуметтік этика мен қоғамды көркейтудің жолдарын көрсетпекші болды. Таза философиялық терминдерге бой ұрмай әр алуан топтағы жетілуді түсінікті түрде ұғындырып, қоғамдық сананың дертін айқындайды да, бейнелі түрде жеткізеді. Оның сөздері қазақтың жүрегіне өтімді, өйткені ол ұлттық психологияның негізіне, барлығын да тарихи жадында сақтап қалған халықтың ойына бағытталған. Абай ойы қазақ арасында зор мәнге ие болғандықтан, күнделікті өмірде қолданылатын мақал-мәтел дәрежесіне көтерілді.

Ақынның қара сөздері – нағыз еркін ойдың жанры. Ол – сөз жанры. Онда ешқандай бір дәстүрге, тәсілге бағынушылық жоқ. Ой еркін айтылған, мазмұн өзіне лайықты форма тапқан. Абай ашқан сөз, өкінішке орай, қазақ мәдениетінде өріс алмады. Абай өз заманының адамының атқарған негізгі қарекеттеріне: ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, дін бағу және бала бағу талдау жасай келіп, ол істерді өзінің неліктен қолға алып, атқармағанын нақты дәлелдермен көрсетеді. Бұл ақынның өмірден түңілуі емес, адамның характеріне, өміріне кеңістік бола алмай тар қапасқа айналған қоғамдық болмысқа наразылығы. Осыдан барып: ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрелерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен өзін тапса, жазып алсын, иә оқысын, керек жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған

байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» [*Құнанбаев А.* 1977. 312 б.], – деген тоқтамға келеді.

Үшінші сөз, тақырып жағынан алғанда, өзінше бөлек бір алуан.

Уә және назначение қылғанда тергеуі, сұрауы барлығына қарамаса, өтірік арыз берушілер азаяр еді, бәлки жоғалар еді. Уә және әрбір болыс елде старшина басы бір би сайланғандық, бұл халыққа көп залал болғандығы көрініп, сыналып білінді. Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын», Әз Тәуке ханның Күлтөбенің басындағы күнде кеңес болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек. Әм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпенен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ.

Ғұлама өзінің үшінші қара сөзінде: «Бұрынғы қазақ жайын жақсы білген адамдар айтыпты: «Би екеу болса, дау төртеу болады», – деп. Оның мәнісі – тақ болмаса, жұп билер таласып, дау көбейте береді дегенмен, дұрыс айтылған сөз. Өйтіп би көбейткенше, әрбір болыс елден толымды-білімді үш-ақ кісі билікке жыл кесілмей сайланса, олар түссе, жаманшылығы әшкере білінгендікпенен түссе, әйтпесе түспесе. Ол билерге даугер адамдар қарамай, екеуі екі кісіні билікке таңдап алып, үстіне біреуді делдалға сайлап алып біте берсе, егер оған да ынтымақтаса алмаса, бағанағы үш бидің біреуін алып, яки жеребемен сайлап алып жүгінсе, сонда дау ұзамай, бітім болар еді» [*Құнанбаев А.* 1977. 312 б.], – дейді. Ақын ережедегі дауды шешетін билер саны әр тараптан үштен артық болмасын деп көрсетеді. Билер көбейсе, дау ұлғайып қана қоймай, пара алушылық қоса қаулайтынын айтады.

Бұнда қазақ сахарасын билейтін әкімдер, тергеуші билер, соттар туралы сөйлейді. Ол кезде ел басқаратын хан, ақыл айтушы би, жыраулардың қоғамдағы орны жойылды. Олардың орнын діні, тілі, түсінігі жат орыс шенеунігі басты, қазаққа қалғаны болыстық, оның өзін үш жылға ғана сайлайды. Бірінші жылы сені біз сайладық деп бұлданумен өтеді, екінші жылы кандидатпен аңдысумен, ал соңғы жылы жаңа сайлау жақындап, тағы болыс болсам деген тіршілікпен өтеді. Абай орыс патшасының осы бір кесімді билігі туралы ашына пікір айтқан. Жағдай осындай болғанда, болыстыққа орысша білімі бар адамды уезный начальникпен бірге военный губернатордың өзі тағайындағаны жөн дейді. Себебі, итке тастаған сүйектей болыстың өзі тозып отырған халықтың арасындағы іріткі.

Төртінші сөзде күлкі туралы ойлаған ойы, сыны айтылады. Адам әманда тылсым табиғаты мәңгі жұмбақ болып қала берерлік құбылыс. Абай осы тылсым құдірет иесінің екі күйіне талдау берген. Олар күлкі және қайғы. Бұл алмакезек болатын көңіл күйлері емес пе? Абайдың айтып отырғаны өзгеше мәселе. Өмірде күлкіге салынып, қайғыны ойламайтын «қаңбақ жандар» болады, күлкіні біле бермейтін мұңды жандар болады. Ақын надан адамның қылығына күлсең рахаттанып күлме, ыза болғаныңнан күл, оның өзі қайғы, жанның қылығына күлсең рахаттанып, жақсынан ғибрат алдым деп күл. Расында дүниеге жылап келіп, кейіп өтетін жанның өмірі қарекетсіз, тек күлкімен өтеді дегенге кім сенбек. Болмыстың мәнін түсінбеген адамда уайым-қайғы бола да қоймайды, не болса соны сатып алам деп. Рас, дүние кірін сатып алуға, біреуге пара беріп, ғаділет жолынан тайдыруға ондай жанның күші жетпек, бірақ адамның түптің түбінде басына түсер таусыншақ күн туғанда, ол бір күндік ғұмырға зар болмақ.Түсінген адамға өлім қайғы емес, өмір уайым. Осындай жайларды түйіндей келе Абай: «Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау, еңбек қылсаң, қара жерде береді, құр тастамайды», – дейді [*Құнанбаев А.* 1977. 312 б.].

Адам баласының бесіктен бейітке дейінгі ғұмыры өкініш болмас үшін қалай дұрыс өтуі абзал деген сауалға Абай анық ақыл береді. Төртінші сөзінде ол былай дейді: «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада бұл дүниенің рақатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнінде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды», [*Құнанбаев А.* 1977. 312 б.] — дей келіп, Хакім Абай сөзін былай түйіндейді: «Әуелі Құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды» [*Құнанбаев А.* 1977. 312 б.].

Оныншы сөзде әңгіме арқылы өмірдің мәні, яғни бала мен әкенің арасындағы қарым-қатынас, болашақ туралы ой айтылады. Ақын көпшіліктің құдайдан бала тілеп, оның жауапкершілігіне жете мән бермейтініне назар аударады. Біреулер өлсем бала орнымды бассын дейді. Бұл тілекке уәжі: Балам орнымды бассын деген не сөз? Өзіңнен қалған дүние иесіз қалар дейсің бе? Өліп бара жатқанда өзгеден қызғанып айтқаның ба? Баланың жақсысы – қызық,

жаманы – күйік, не түрлі боларын біліп сұрадың? Дүниеде өзіңнің көрген қорлығың аз болды ма? Өзіңнің қылған иттігің аз болды ма? Енді бір бала туғызып , оны ит қылуға , оған да қорлық көрсетуге неге мұнша құмар болдың? [*Құнанбаев А.* 1977. 312 б.].

«Қартайғанда асырасын десең, о да - бір бос сөз. Әуелі – өзің қаруың қайтарлық қартаюға жетемісің, жоқ па? Екінші - балаң мейірімді болып, асырарлық болып туа ма, жоқ па? Үшінші – малың болса, кім асырамайды? Малың жоқ болса, қай асырау толымды болады? Баланың мал табарлық болары, мал шашарлық болары – ол да екі талай. Хош, құдай тағала бала берді, оны өзің жақсы асырай білесің бе? Білмейсің. Әуелі өз күнәңді өзің көтергеніңмен тұрмай, балаңның күнәсіне тағы да ортақ боласың. Әуелі балаңды өзің алдайсың: «Әне, оны берем, міне, мұны берем» деп. Басында балаңды алдағаныңа бір мәз боласың. Соңыра балаң алдамшы болса, кімнен көресің? «Боқта!» деп, біреуді боқтатып, «кәпір - қияңқы, осыған тимеңдерші!» деп, оны мазаттандырып, әбден тентектікке үйретіп қойып, сабаққа бергенде, молданың ең арзанын іздеп, хат таныса болады деп, қу, сұм бол деп, «пәленшенің баласы сені сыртыңнан сатып кетеді» деп, тірі жанға сендірмей жат мінез қылып, осы ма берген тәлімің? Осы баладан қайыр күтесің бе?» [*Құнанбаев А.* 1977. 312 б.].

Ақын бұл жолдарында ұрпақ алдындағы жауапкершілік туралы сөз қозғайды. Біреулер баланы құран оқысын деп тілейді. Абай: Артымнан балам құран оқысын десең , тіршілікте өзіңнің жақсылық қылсаң , балаңның құраны неге жеткізеді? Тіршілікте өзің қылмаған істі , өлген соң саған балаң кәсіп қылып бере ала ма? – деп терең әрі өткір ойлар айтқан.Үшінші біреулер балам қартайғанда асырасын дейді. Абай мұндай тілектің мәнсіздігін: әуелі – өзің қаруың қайтарлық қартаюға жетемісің жоқ па – деп дәлелдеген. Абай бала тілегенде не болатынын осылайша талдай келіп, бар мал – мүлік , байлықты баланың ғылым іздеуіне жұмсау керек деген тұжырым айтады.

Он бірінші сөзде өз заманындағы халық тірлігінен туған шарасыздық көрінісі Қазақ даласына отаршылдық орнаған кезде қоғамның дертін айналған ұрлық пен бұзақылықты Абай жұрттың бәріне ортақ дейді.

«Осы елдің үнем қылып жүргені немене? Екі нәрсе. Әуелі – ұрлық, ұры ұрлықпен мал табам деп жүр. Мал иесі артылтып алып, тағы да байимын деп жүр. Ұлықтар алып берем деп, даугерді жеп, құтқарам деп ұрыны жеп жүр. Қарапайым жұрт ұрлық айтып мал алам деп, ұрыға атымды сатып пайдаланам деп, не өткізбесін арзанға түсіріп алам деп жүр. Екінші - бұзақылар біреудің ойында жоқ пәлені ойына салып, бүйтсең бек боласың, бүйтсең кеп боласың, бүйтсең кек аласың, мықты атанасың деп, ауқаттыларды азғырғалы әлек болып жүр. Кім азса, мен соған керек боламын деп, к...н қыздырып алып, өзін бір ғана азық қылайын деп жүр» [*Құнанбаев А.* 1977. 312 б.].

Бұдан сау адам қалмаса, сонда елді кім түземек. Ел ішінде ант, серт, адалдық, ұят сынды парасатты мінез-құлық әлсіреп барады. Осыны дұрыс жолға салатын қолында малы, аузында сөзі бар қазақ байлары десек, олардың өзі бұзақылардың сөзін сөйлеп бұрыс жолға бастауда. Өз бас билігі өз қолынан кеткен жұрттың хәл» осы болмақ. Абайды жегідей жеп отырған ел басына түскен дерт, содан құтқарудың жолын таппағанннан туған шарасыздық.

«Қара сөздер» – өмірлік тәжірибеден алынған, білім-біліктің жиынтығы, әрі көркемдік-эстетикалық, мәдени-рухани қуаты мен қадір-қасиеті жоғары, тағылымы мол қымбат қазыналар қатарына жатады.

## Қорытынды

Абайдың қара сөздері – оның өнертанымының өзегін құрайтын өзгеше өнер түрі. Олардың ішкі мазмұны бірін-бірі толықтырып, бірін-бірі ашып, бірте-бірте ауқымды кеңейе түсетін, күннің нұрындай жарыса тарап жатқан ой сәулелері секілді. Адамның дүние есігін ашқанынан бастап, ақыретке кеткенге дейінгі аралықтағы өмір сырын жік-жікке бөліп, жүйелеп түсіндіреді. Онда нәпсі мен қанағаттың, бай мен кедейдің, ақ пен қараның, адал мен арамның көзге көрінбейтін, қолға ұсталмайтын нәзік пернелері рентгенмен түсіргендей аса бір дәлдікпен дөп басып ажыратылып отырады. Сондықтан да, Абай қарасөздері әлі де зор мәнге ие болады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики. – М., 1975. – 235 с.
2. Топоров В.Н. Миф. Ритуал. Символ. Образ. Исследования в области мифопоэтического. Избранное. М., 1995. – 624 с.
3. Лотман Ю.М. Художественное пространство в прозе Гоголя//Лотман Ю.М. В школе поэтического слова. Пушкин. Лермонтов. Гоголь. М., 1988. – 352 с.
4. Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы. 3-е изд. М., 1979. – 360 с.

5. Силантьев В.И. Сюжетно-мотивные комплексы русской литературы. Новосибирск, 2012. – 311 с.
6. Қабдолов З.Қ. Сөз өнері. – Алматы, 1976. – 374 б.
7. Джуанышбеков Н.О. Введение в литературоведение: учеб. – Алматы : Қаз. ун-ті, 2006. – 292 с.
8. Майтанов Б.Қ. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі. Алматы,: Ғылым. 1982. – 148 б.
9. *Құнанбаев А.* Шығармаларының екі томдық жинағы: II т. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977. – 312 б.

**МРНТИ 16.21.35**

**Есенова Қалбике Өмірбайқызы,**
ф.ғ.д., профессор

**Бактиярова Райгуль Муратовна,**
докторант,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

# МЕДИА-МӘТІН ЖӘНЕ МЕДИАДИСКУРС ҰҒЫМДАРЫНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ ЖАЙЫНДА

**Түйіндеме.** Мақалада қазіргі лингвистикадағы "медиамәтін", "медиадискурс" ұғымдарының қызмет ету ерекшеліктері талданып, олардың арақатынасы мен ара-қатынасының негізгі мәселелері сипатталады. Медиамәтін және медиадискурс ұғымдары заманауи медиалингвистика тұрғысынан қарастырылады. Сонымен қатар, медиамәтін медиадискурстың бірлігі ретінде қарастырылып, негізгі айырмашылықтары мен ұқсастықтарына назар аударылады. Динамикалық доминантты медиадискурс пен оның статикалық кескінді медиамәтіні зерттеледі.

**Түйін сөздер:** дискурс, медиатекст, медиадискурс, сөйлеу қызметі, медиалық қасиеттер, медиалингвистика, мәтін, дискурсивті лингвистика.

**Аннотация.** В статье анализируются особенности использования понятий «медиатекст» и «медиадискурс» в современной лингвистике, а также описываются основные вопросы их взаимосвязи. Понятия медиатекста и медиадискурса рассматриваются с точки зрения современной медиалингвистики. Вместе с тем медиатекст рассматривается как единое целое медиа-курса, и подчеркиваются основные различия и сходства. Исследуются медиадискурс с его динамической доминантой и медиатекст в качестве его статического среза.

**Ключевые слова:** дискурс, медиатекст, медиадискурс, речемыслительная деятельность, медийные свойства, медиалингвистика, текст, дискурсивная лингвистика.

**Abstract.** The article analyzes the features of using the concepts of “media text” and “media discourse” in modern linguistics, and also describes the main issues of their relationship. The concepts of media text and media discourse are considered from the point of view of modern media linguistics. At the same time, the media text is considered as a single whole of the media course, and the main differences and similarities are emphasized. Media discourse with its dynamic dominant and media text as its static slice are investigated.

**Keywords:** discourse, media text, media discourse, speech-cognitive activity, media properties, media linguistics, text, discursive linguistics.

Қазіргі кездегі сөйлеу коммуникациясын зерттеуге бағытталған жұмсалымдық-стилистикалық әдіс аясында XX ғ. екінші жартысында сөйлеудің әлеуметтік сабақтастығы мен тілдесім саласымен айқындалды. Осыған қатысты зерттеулер сөйлеу тәжірибесін дискурсивтік бағыт тұрғысынан қарастыруда өз жалғасын тауып, аталған ғылым шеңберінде дами бастағаны белгілі. Өйткені, кәсіби қызметі коммуникацияның сөйлеу формаларымен тығыз байланысты тіл-зерттеушілері үшін «неліктен кейбір айтылымдар дәл осы тұста ғана пайдаланылады», «неге басқа емес, тек осы айтылымдар қолданылады» секілді және т.б. сұрақтардың жауабы аса маңызға ие бола бастайды [Фуко А., 1996, б. 29].

Ғылымда неғұрлым терминологиялық мәртебеге ие болғысы келетін ұғымның көлемі мен мазмұны белгісіздеу болса, соғұрлым ол көптеген ғылым саласының орталықтық категориясына айналуына мүмкіндігі жоғары болады деген пікір қалыптасқан. Осы пікірге қатысты, тілді зерттейтін ғылымдардың көзқарасы ұқсас болып келеді. Мысалы, тілдік бірліктерге қатысты (сөзге) тілтанымнан басқа семиотика, социология, философия, этнология, антропология, әдебиеттану т.б. ғылым салалары бар. Осы орайда, «дискурс» терминінің тағдыры да дәл жоғарыда келтірілгендей, басқа ғылым салаларын былай қойғанның өзінде, тіл туралы ғылымның аясында да, алуан түрлі түсініктемелер мен анықтамаларға ие екені белгілі.

Аталған термин 1970 жылдан бастап кең қолданысқа ие бола бастады. Француз тілтанымдық дәстүрі бойынша «дискурс» (discours. fr.) – жалпы сөйлеу дегенді білдіреді. Алғаш рет бұл сөзді терминретінде қолданысқа енгізген ғалым Э. Бенвенист, оның анықтауы бойынша, сөйлеу тілдесімнің нақты жағдаяттарының прагматикалық мақсаттарымен айқындалатын «сөйлеушінің сөзі». Яғни, бұл мәтіннің дискурсқа айналуын әйгілі тіл зерттеушісі Н.Д. Арутюнова метафоралық түрде былайша анықтайды: «речь, погруженная в жизнь» және мәтін дегеніміз – дискурс емес

[Ярцева В., 1990, Б. 136-137]. Осыған сәйкес, қазіргі ғылыми әдебиеттерде өте жиі «дискурс» терминін «дискурсивтік тәжірибе» терминімен алмастырып қолдана беретіндігін байқауға болады.

Сондықтан да, нақты айтқанда дискурс дегеніміз – белгілі бір коммуникативтік тәжірибе шеңберінде өз мақсаттарын іске асырушы-коммуникацияға қатысушылардың айтылымдарына ықпал ететін әлеуметтік және идеологиялық шектеулер жүйесі болып табылады. Дискурстың нақты сан-алуан түрлерінің аталымдары, оның небір сансыз өлшемшарттары туралы сөз етеді: Отан туралы дискурс, діни дискурс, саяси дискурс, медициналық дискурс, экономикалық дискурс, жарнама дискурсы, педагогикалық дискурс, БАҚ дискурсы (масс-медиялық, медиялық) т.б.

Ал, қазіргі кезде дәл осы аталған дискурс өлшемшарттары мен шектеулері қаншама зерттеу жұмыстарына арқау болып жатқаны да анық, мәселен:

- дискурстың ***әлеуметтік лингвистика*** тұрғыдан зерттелуі (тілдесімнің кең әлеуметтік-мәдени мәнмәтініндегі жағдайлары мен шарттарын қарастырып, ал тілдесімге қатысушыларды белгілі бір әлеуметтік топ өкілдері ретінде сипаттайды);

- дискурстың ***лингвомәдени зерттелуі*** (тілдесімнің белгілі бір этнос аясындағы ерекшелігін, этикетті-сөйлеу формулары мен үлгілерін, менталды бірліктер ретінде концепттер түріндегі мәдени доминанттарды, прецеденттік мәтіндер қолданысының тәсілдерін т.б. анықтайды);

- дискурстың ***когнитивтік лингвистика*** тұрғыдан зерттелуі (дискурс – фрейм, сценарий, менталды схемалар, когнитивтік типтер т.б. түрінде «ақиқат болмыс конструкторы» ретінде қарастырады).

Бұл қатарды ары қарай да жалғастыра беруге болады, алайда бұл бағыттардың бір зерттеу жұмысының шеңберінде өзара әрекеттестікке түсетінін және де тығыз байланысын жоққа шығара алмаймыз. Оның үстіне, бұл күрделі құбылыстың пәнаралық сипатын ғалым Т. ван Дейк ерекше коммуникативтік оқиға «тілдік форма, білім мен іс-әрекеттің күрделі біртұтастығы», - дей келе, яғни «жай айтылымның әлде қайда шеңберінен тыс шығатын оқиға интерпретациясы, ал ол өз кезегінде көптеген деректердің талдауға алынуын талап етеді: сөйлеушілердің пікірі, ұстанымдары, этникалық мәртебесі т.б.», - деп түйіндейді [Т. ван Дейк, 1989, б. 121].

Яғни, дискурс дегеніміз – ең бір кең, әрі жалпы мағынасында белгілі бір «сөйлеу, сөз саласындағы» сөйлеу тәжірибесі болып саналады. Бұл жеке дара мәтін емес, адресат пен автор арасында пайда болып, туындау шартымен жұмсалуынан пайда болған тәжірибе деп саналады. Дискурс – мәтіндердің тұтас бір жиынтығы, сонымен қатар ол – белгілі бір уақыт пен кеңістіктегі тұтас мәтіндердің ағыны секілді. Нақтырақ айтсақ, жазбаша, сондай-ақ ауызша мәтіндерде айқындалатын «уақыт пен кеңістіктің өзі» дегенді білдіреді. Ғалым Ю.С. Степановтың пікірінше, дикурс: «тіл ішіндегі тіл», сол себепті болар, ол өз мәтіндері болатын әрбір тіл ретінде сипатталады. Бұл ретте, «өз» деп отырғанымыз – сол бір дискурсқа тән келетін ерекшелік пен өзгешелік.

Осыған сәйкес Ю.С. Степановтың мына бір пікірін толық құптаймыз: «Ең бастысы және ең алдымен, дискурс мәтінде орын алады, бірақ қандай мәтін дегенде – ерекше грамматикасы, ерекше лексиконы, ерекше сөзқолданысы мен синтаксисі, ерекше семантикасы, сайып келгенде – ерекше дүниені айқындайтын мәтінде. Әрбір дискурс әлемінде өзіндік синонимдер қолданысы, ақиқат пен шынайылық, өз этикет ережелері болады» [Степанов Ю., 1995, Б. 44-45]. Сондықтан да әрбір дискурс түрін ерекше етіп тұратын негіз, оның тілінің белгілі бір қызмет саласындағы (ғылым, білім, саясат, медицина, спорт, БАҚ және т.б.) немесе рухани тәжірибе өрісіндегі (өнер, дін т.б.) жұмсалымы.

Сонымен қазіргі дискурсивті лингвистика мәтін мен дискурстың аражігін ажыратуда бірнеше бағытты ұстанатынын айқындадық:

- ***формалды бағыт*** бойынша, дискурс мән-мағынасы мен құрылымы бар салыстырмалы түрде аяқталған, когерентті сөйлеу туындысы ретінде түсініліп, жазбаша немесе ауызша формасына қатысты ажыратылады: егер сөйлеу туындысы жазбаша репрезентацияланатын болса, онда ол мәтін, егер ауызша болса – дискурс;

- ***прагматикалық бағыт*** сөйлеу туындысы мен айтылымдардың жағдаяттық тәуелділігін, олардың мәдени, әлеуметтік және психологиялық факторлар мәнмәтінінде жүзеге асырылуын есепке алады: егер сөйлеу туындысы немесе айтылымдар өзінің жазбаша я ауызша формасына қатыссыз жағдаяттық және оқиғалы белгілерге ие болатын болса, онда бұл дискурс, егер аталған белгілер жоқ болса, онда ол мәтін. Алайда, прагматикалық бағыт бойынша мәтін дискурстың статикалық формасы, сөйлеу актісінің динамикасы мен оның сөйлеуде жүзеге асуы шарттарын тіркеуші ретінде түсіндіретінін де естен шығармау қажет;

- ***сыншыл бағыт*** дискурсты әлеуметтік фактілерге мән-мағына мен баға бере алатын ережелер, нұсқаулар, түрлі талаптар жинағы ретінде түсіндіреді [Кожемякин Е., 2008, 2010; Макаров М., 2003].

Енді, зерттеуіміздің нысаны – бұқаралық коммуникация мәселесіне назар аударатын болсақ, олардың (дискурстың) ақпаратты БАҚ арқылы беру жағдайында ие болатын ерекше медиалық қасиеттерін есепке алу қажет деп санаймыз. Осы тұрғыдан алғанда, медиадискурс дегеніміз – күрделі феномен, күрделі сөйлеу-ойлау қызметі. Ол, ең алдымен, медиа-коммуникациямен тығыз сабақтастықта айқындалады, өз кезегінде ол ғылыми әдебиеттерде: «медиамәтін өндірісі, таралуы және қабылдануының ерекшеліктері мен шарттарының жиынтығы», - деп түсіндіріледі [Бабаян В., 2006, б. 127].

Жалпы, коммуникативтік фон (бағдар) медиадискурс белгілерін статикалық күйде көрсетіп, медиамәтінде репрезентацияланушы пресса арқылы жария болатын оқиғалардың әлеуметтік-мәдени компоненттерін айқындайды. Осы ретте, ең күрделі мәселелердің бірі – медиамәтін мен медиадискурс ұғымдарының арақатынасы екені сөзсіз. Өйткені медиа-коммуникация өзінің динамикасымен ерекшеленіп, ауызша да, жазбаша да болсын, бірдей ақпаратты бір мезгілде бірнеше форматта репрезентациялайтын конвергентті журналистиканың техникалық мүмкіндіктерімен сипатталады.


Осыған байланысты, сөйлеудің ауызша және жазбаша түрлерінің ажыратылуына сәйкес кейбір медиа-жанрларды бірден медиамәтін немесе медиадискурсқа жатқызу қиындықтар туғызады, мысалы: аналитикалық баяндама, полемикалық сұхбат, интервью және т.б. Себебі, олар ауызша сөйлеу туындылары ретінде бейнеге түсіріліп, қалың жұртшылыққа жазбаша түрде таралатыны баршаға белгілі. Сондықтан да, БАҚ тілін зерттеушілердің басым көпшілігі медиамәтін және медиадискурс ұғымдарын қарастыруда оны коммуникация бағдарымен, яғни бағдарлы біліммен тығыз байланыстырып қарайды.

Белгілі ғалым, профессор Қ.Е. Есенова: «1. Медиа-мәтін – БАҚ арқылы жүзеге асырылатын ақпараттық-коммуникативтік процестің маңызды элементі болып табылады; 2. Медиа-мәтін қарым-қатынастың өзге түрлерінің жүзеге асырылуы үшін қолданылатын сөзжұмсамдық әрекет формасы; 3. Медиа-мәтін – коммуникацияның аяқталған және тұтас бірлігі; 4. Медиа-мәтін ақиқат болмыстың қандай да бір үзігінің репрезентациясы болып табылатын күрделі, құрастырылмалы моделі; 5. Медиа-мәтін – оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді интерпретациялаушы көп құралдың ішіндегі аса әлеуеттісі; 6. Медиа-мәтін – мәтіндік интерпретациялаушы механизмдер әрекетінің жемісі; 7. Медиа-мәтін – әсер етудің прагматикалық стратегияларының жүзеге асырушы; 8. Медиа-мәтін – әлеуметтік регуляцияда қолданылатын қуатты құрал; 9. Медиа-мәтін – ғаламның медиа бейнесін қалыптастырушы фактор болып табылады», - деп медиа-мәтіннің толық анықтамасын береді [Есенова Қ., 2007, Б.43-44].

Зерттеуші Т.Г. Добросклонскаяның пікірі бойынша, бағдар концепциясы медиа-коммуникацияда медиадискурс ұғымымен тығыз байланысты: коммуникативтік бағдар медиа-мәтіннің вербалды компоненттерін лингвистикадан тыс (әлеуметтік-мәдени және жағдаяттық-мәнмәтіндік) факторлармен толықтырады, ал оларды зерттеушілер медиадискурс белгілеріне жатқызады [Есенова Қ., 2007, Б. 43-44]. Бірақ әлеуметтік-мәдени және жағдаяттық аспектілердің медиа-мәтіндерді зерттеудегі рөлін жоққа шығаруға болмайды.


Дәл осы пікірді Я.Н. Засурский де қолдайды: «...медиа-мәтін вербалды және экстралингвистикалық медиақұрылымдарға; визуалды, дыбыстық, мультимедиалық контентке; ақпаратты беру және тарату арналарынан тұратын (газет, журнал, радиастанциялар, теледиар арналары, ұялы байланыс, электронды бұқаралық ақпарат құралдары) түрлі медиалық жағдаяттарға қосылатын коммуникативтік тұтастық» [Засурский Я., 2003, б. 5]. Жоғарыда аталған аспектілердің барлығы да медиа-мәтінге тікелей қатысты, себебі олардың жиынтығы конвергентті журналистика қызметінің жаңа коммуникативтік өнімін айқындайды. Сондықтан да медиа-мәтіндерді медиалық дискурстық тәжірибенің нәтижесі де, құралы да болып табылатын медиадискурс бірліктері деп қабылдауға болады.

Яғни, медиа-мәтін медиалингвистиканың вербалды бөлігін медиалық қасиеттері немесе арналардың ақпаратты тарату қасиеттері жиынтығымен қарастыратын негізгі категориясы болып табылады. Көрнекі түрде беретін болсақ:




**Сурет 1. Медиалингвистиканың негізгі категориялары мен ұғымдары**

Сонымен, медиадискурс медиалық континуумдегі тақырыптық сабақтастықтағы саналы субъектті-субъектілі сөйлеу-ойлау қызметі болып табылады. Ал, медиа-мәтін мен медиадискурстың ортақ белгілеріне мыналар жатқызылады: мәтін түзу тәсілі (авторлық - ұжымдық); жасалым формасы (ауызша - жазбаша); таралу арналары (бұқаралық ақпарат құралдары – тасымалдаушы: баспасөз, радио, теледидар, ғаламтор); мәтіннің жұмсалымдық-жанрлық түрі (жаңалықтар, комментарий, публицитика, жарнама); тақырыптық басымдылық т.б. Сондықтан да, біздің ойымызша, медиа-мәтін мен медиадискурстың ең басты айырмашылығын төмендегідей белгілер айқындайды:




**Сурет 2. Медиа-мәтін мен медиадискурс ұғымдарының арақатынасы**

Әрине, мәтін түзу тәсілі, жасау формасы, сөйлеу туындысының жұмсалымдық-жанрлық түрі дегендерді мәтіннің басты белгілеріне жатқызуға болады, ал тақырыптық басымдылық пен қайта жасалу тәсілдері арқылы ақпарат таратын арналарды таза дискурстық деп тұжырымдауға нақты негіз бар. Алайда, аталған белгілердің барлығы да тұтас ажыратылмайтын медиалық сөйлеу туындысының қасиеттері екені сөзсіз. Сонымен, медиа-мәтін де, медиадискурста көп деңгейлі құрылымдар ретінде медиалық жасалымдарды талдау барысында жұмсалымды-жанрлық қатыстылықтың маңызын айқындайды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Фуко А. Археология знания. – Перевод с французского С. Митина и Д. Стасова под общей редакцией. Бр. Левченко. – К., 1996.//[Электронная публикация]: Центр гуманитарных технологий. – 21.06.2014. URL: https://gtmarket.ru/laboratory/basis/6850
2. Лингвистический энциклопедический словарь/гл. ред. В.Н. Ярцева; - М., 1990. – 709 с.
3. Т. ван Дейк. Язык. Познание. Коммуникация. М., 1989. – 308 с.
4. Степанов Ю.С. Альтернативный мир. Дискурс. Факт и принцип причинности//Язык и наука конца XX века. М. 1995. - 432 с.
5. Кожемякин Е.А. Массовая коммуникация и медиадискурс: к методологии исследования//Научные ведомости Белгородского государственного университета. Серия: Гуманитарные науки. – Белгород, 2010. - №12 (83). - С. 13-21.
6. Кожемякин Е.А. Дискурсный подход к изучению институциональной культуры. – Белгород: Изд-во БелГУ, 2008. - 244 с.
7. Макаров М.Л. Основы теории дискурса. - М.: ИТДГК «Гнозис», 2003. - 280 с.
8. Бабаян В.Н. Дискурс как сложный коммуникативный феномен//Вестник Костромского государственного университета. – Кострома, 2006. - №4. - С. 127-129.
9. Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде): дисс ...фил.ғыл.докт: 10.02.02/*Есенова Қалбике Өмірбайқызы.* – А., 2007. – 450 б.
10. Засурский Я.Н. Колонка редактора: Медиатекст в контексте конвергенции//Вестник Московского университета. Серия 10: Журналистика. – М.: Изд-во «Московского университета, 2005. - №2. – С. 3-6.



**Жаңабекова Айман Әбділдәқызы,**
ф.ғ.д., бөлім меңгеруші,
Қолданбалы лингвистика бөлімі,
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: aiman_miras@mail.ru



**Өтегенова Баян Жеңісқызы,**
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті және
«Ғылым ордасы» кешенінің базасындағы ғылыми-зерттеу институттарының
бірлескен білім беру бағдарламаларының 2 курс магистранты,
Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: bayan.jeniskizi@mail.ru

## ЖИІЛІК СӨЗДІКТЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ОРНЫ

**Аңдатпа.** Еліміздің жарқын болашағына қол жеткізудің бірден-бір көзі – білімді де парасатты жастарды тәрбиелеу. Бұл бүгінгі күннің талабы. Осы орайда елімізде атқарылып жатқан игі істері жетерлік. Компьютерлік техниканың дүниеге келуі қазіргі кезде инженерлік-экономикалық есептерді шешуді жеңілдетумен қатар, білім саласының қарыштап дамуына да игі әсер етті. Мақалада қазақ тілінің жиілік сөздіктерінің тарихы, тіл байлығын анықтаудағы рөлі, сонымен қатар жиілік сөздіктердің қазіргі жаппай автоматтандыру заманында атқаратын маңызы мен орны, тиімді жақтары туралы айтылады. Жиілік сөздіктер мемлекеттік тіліміздің оқу-әдістемелік жүйесінің тілтанымдық базасын жаңғыртуға, тілді оқыту үдерісінің тиімділігін арттыруға, оқулық, оқу кешендері мен құралдарының тілдік материалын жүйелеуге, оларды заманауи талапқа сай құрастыруға септігін тигізеді және сонымен қатар жиілік сөздіктің мәліметтері заманауи ақпараттық-технологиялық құралдар арқылы жасалатын табиғи тілді автоматтаушы, мәтінді өңдеуші компьютерлік қондырғы, бағдарлама, қосымшалар, интернет-ресуртар және тағы басқа әзірлеу үшін аса маңызды болып отыр.

**Тірек сөздер:** жиілік сөздік, статистикалық лингвистика, тіл жүйесі, сөз, мәтін, әдістеме.

**Аннотация.** Достижению видения страны единственным источником знаний – это разумное воспитание молодежи. Рождение компьютерной техники в настоящее время способствовало и динамичному развитию сферы образования с упрощением решения инженерно-экономических задач и плодотворное влияние на развитие сферы образования. История частотных словарей казахского языка, роль в определении языковых богатств, кроме того, речь идет о значении и месте, эффективных сторонах частотных словарей в современных условиях массовой автоматизации. В статье рассматриваются частотные словари государственного языка в учебно-методической системы, систематизация языкового материала учебных комплексов и пособий они способствуют формированию их в соответствии с современными требованиями и кроме того, данные частотного словаря являются автоматизирующими природно-языковые средства,

создаваемые современными информационно-технологическими средствами и обработка текста имеет важное значение для разработки компьютерного оборудования, программ, приложений, интернет-ресурсов и так далее.

**Ключевые слова:** частотный словарь, статистическая лингвистика, языковая система, слово, текст, методика.

**Abstract.** To achieve the country's vision, the only source of knowledge is a reasonable education of young people-a requirement of today. The birth of computer technology has not only facilitated the solution of engineering and economic problems, but also the dynamic development of education. The article describes the history of frequency dictionaries of the Kazakh language, the role of language in determining language riches, as well as the role and role of frequency dictionaries in modern conditions of mass automation, and the effective aspects. Frequency dictionaries contribute to the modernization of the language base of the educational and methodological system of the state language, improve the efficiency of the language learning process, systematize the language material of textbooks, training complexes and manuals, and form them in accordance with modern requirements and language richness, frequency dictionary data is important for the development of computer installations, programs, applications, Internet resources, and so on, created using modern information technology tools.

**Keywords:** frequency dictionary, statistical linguistics, language system, word, text, methodology.

## Кіріспе

Қазақ тілінің жиілік сөздігінің дамуы қазақ тілін статистикалық зерттеу мәселесі қолға алынған кезден басталады. Халықтың сөз қазынасы ұшан-теңіз. Тілдің сөздік құрамына тән басты бір қасиеті – жаңа сөздермен толығып, үнемі даму күйінде болуы. Мұндай тіл өзінің негізгі екі қызметін – ой-пікір алмасу қызметі мен дүние тану құралы қызметін – орындай алмас еді.

Тіл дегеніміз ең алдымен сөз, сөйлеу. Тіл үйрену алдымен оның сөздерін үйренуден басталады. Жалпы тілдің дамуы ең алдымен оның сөздік қорының баюынан көрінеді.Ұлттық тілдердің даму деңгейінің бір обьективті көрсеткіші – сөздіктер жасау. «Сөздіктер барлық заманда да халықтың мәдениеті мен тарихының алтын қазынасы деп есептелгені белгілі. Сол себепті әр заманның көзі ашық, көкірегі ояу азаматтары көріп білгендері мен ұққандарын хатқа түсіріп, оны келесі ұрпаққа жеткізіп отыруға тырысады», - деп өте жақсы айтып өткен [1.168].

## Негізгі бөлім

Қазіргі таңда тілдік құбылыстардың сандық сипаттамаларын зерттеу тіл білімінде тосын жаңалық емес. Сонымен, зерттеудің көп қырлы әдіс-тәсілдерінің бірі – ол статистикалық әдіс болып табылады. Бұл – есеп-сынаққа қол артатын әдіс, яғни лингвистикалық статистика әдісі. Осыған қарай «Тіл білімінде зерттеудің көптеген әдіс-тәсілдері бар. Солардың бірі математикалық тәсілдер»дейді [2.5]. Яғни, тіл білімінің кейбір теориялық негізде және практикалық мәселелерін шешуде лингвистикалық статистиканың атқаратын қызметі үлкен. Сөздер қатынас құралы есебінде қолданылған шақта әр түрлі жиілікте жұмсалады да, құрылымы жағынан заңдылық сипат алады. Тілді статистикалық әдістер арқылы зерттеу сол статистикалық құрылымның заңдылығын түсіндіруге септігін тигізеді.

Өзге қоғамдық және жаратылыстану ғылымдары сияқты тіл білімінде де сандық бағдарлаудың қажеттілігі теориялық лингвистиканың алдына жаңа мақсаттар қойды. Компьютерлік техниканың өркендеуі, дәл әдістердің қолданыс табуы тіл білімінің сан алуан салаларын, соның ішінде, лингвистика ғылымын да жеделдете дамытуға ықпалын тигізді. Үнді-Еуропа тіл білімі мамандары қолданған математикалық және кибернетикалық әдістердің түркітану бағытындағы зерттеулерге де әсері тимей қойған жоқ. Алайда, бұл құбылыс 1960 жылға дейін айтарлықтай еленіп, ескерілмеді [3. 24].

Қазіргі кездегі жиілік сөздіктер компьютерлік техникалардың жәрдемімен жасалынады десек те, алғашқы кездері қазақ тіл білімінде қазақ мәтіндері негізінде дайындалған жиілік сөздіктер қолмен құрастырылды. Бұл әдіс тек 1965-1966 жылдары газет мәтіндерінен жиілік сөздіктер құрастырғанда қолданылды. Бұдан басқа тілдік стильдерден құрастырылған жиілік сөздіктерде «Минск-22», «Минск-32» электронды есептеуіш машиналары қолданылды [4.6].

Қазақ тіл білімінде ғылыми зерттеулерде статистикалық әдіс жиі қолданылғанымен, лингвостатистика мәселесімен арнайы айналысқан ғалымдар саны көп емес. Тіл білімі саласының сан ұғымымен тығыз байланысты болып, математика саласымен астасып жатқандықтан, бұл мәселеге математик ғалымдар алдымен қызығушылық танытты [5.5]. Алғашқы қазақ статистикасының негізін қалаған белгілі қазақ математигі Қалдыбай Бектаев XX ғасырдың 70-жылдары А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында Компьютерлік лингвистика бөлімін ашып, әртүрлі жиілік сөздіктер жасау мәселесін көтерді. Осы кезеңнен бастап, қазақ тілін статистикалық тұрғыдан зерттеу ісі жүйелі түрде қолға алынып, өз нәтижелерін бере бастады.

Қазақ тіл білімінде кезінде 70-жылдары компьютерлік технология дами қоймаса да, қазақ тіл білімінде алғашқы жиілік сөздікті құрастырушылар сөздердің әртүрлі мәтіндердегі кездесу жиілігін ЭЕМ көмегімен анықтады. Қазақ тілін зерттеу тәжірибесінде лексикографиялық жұмыстарды электронды есептеуіш машиналар көмегімен автоматтандыру мәселесі 1973 жылдан ғана бастама алды. Алғашқы тәжірибе ретінде М. Әуезовтің «Абай жолы» романының, ал содан кейін 20 томдық толық шығармалар жинағының мәтіндері ЭЕМ жадына жазылып, арнайы бағдарламалар көмегімен неше түрлі жиілік сөздіктер алынды. Сондай-ақ осымен байланысты 1978 жылы жарық көрген Қ. Бектаевтың «Статистико-информационная типология тюркского текста» атты докторлық монографиясы ғылымның қазақ тіл білімінің статистикалық зеттеу саласына қосқан сүбелі еңбегі деуге болады [6.183].

Көріп отырғанымыздай Тіл білімі институтында ашылған аталған ғылыми топтың зерттеу нысанына, негізінен, статистикалық құрал ретінде сол кездегі электронды есептеу машиналары көмегімен жасалатын әр түрлі жиілік сөздіктер алынды. Тілдің сөздік қорын зерттеуде статистикалық әдістерді қолдану жиілік сөздіктерді құрастырумен тығыз байланысты. Осындай жиілік сөздіктер негізінде ұлы жазушының тіл байлығы мен стильдік ерекшелігі жайында бірнеше ғылыми зерттеулер жүргізіліп, ғылыми диссертациялар қорғалды. Түркі тілдері бойынша статистикалық зерттеулер жүргізіліп, жиілік сөздіктердің алғаш қазақ тілінде жарық көруі сол кезеңдегі үлкен жаңалық еді. Бұл еңбектер күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан емес. Қазақ тілінің статистика саласында еңбек еткен азғантай топтың шығарған жиілік сөздіктері, статистикалық зерттеулері – құнды зерттеулердің өміршеңдігінің дәлелі.

In the debate about necessity of respect to other cultures Nursultan Nazarbayev said that 'modern young people are citizens of the world. That is why from a very young age it is important to learn to respect rights of every person, to listen and to understand everyone. Only in this case we are respected as a nation' [Президент дал совет молодежи, 2019, Электронный ресурс]. This idea is urgent for multinational countries like Kazakhstan when national confidence, international standing and economic prosperity primary depend on internal social stability. Conciliation of different visions, national unity and mutual respect of all cultural and social elements are requisites for further sustainable development of Kazakhstan.

In this context any high quality multicultural works in literature space of Kazakhstan may stimulate adoption of principles of multiculturalism and purposefully form personal qualities of modern citizens. Despite seeming excessive emphasizing of differences in society the informative, educative and influencing functions of multicultural literature contribute into deeper understanding of common national heritage and traditions. Multicultural literature also supports the main concept of cultural plurality when although people live in a diverse society and may comply with different cultural traditions and beliefs in different gods, they foster common values and follow the same political guidelines. These shared values provide the cement for a national stability and order. Quality multicultural literature highlights the idea '*e pluribus unum'*- the idea of a society that accepts and respects cultures of its diverse members united by common democratic values and ready to meet current and future challenges.

## REFERENCES

1. Melville, H. Redburn. His First Voyage. 2003. – 414 p. [Electronic resource] The Project Gutenberg EBook. Published online: http://www.gutenberg.org/files/8118/8118-h/8118-h.htm (access date: 18.01.2020). | Available at http://www.gutenberg.org/
2. Díaz, Junot, The Brief Wondrous Life of Oscar Wao - New York : Riverhead Books, 2007. – 199 p.
3. Banks, Lynne Reid, The Indian in the Cupboard - New York : Yearling, 2010. – 240 p.
4. Speare, Elizabeth George, The Sign of the Beaver - Boston: Houghton Mifflin Harcourt, 1983. – 135 p.
5. Meldibekova Z.A., The Largest Ethnic Groups of the Republic of Kazakhstan Kazakhs. Наука и жизнь Казахстана. №4, 2019. – 204 p.
6. Publishing Statistics on Children's/YA Books about People of Color and First/Native Nations and by People of Color and First/Native Nations Authors and Illustrators. [Electronic resource] CCBC-A Library of the School of Education. Last updated: November 21, 2019. https://ccbc.education.wisc.edu/books/pcstats.asp#charts (access date: 18.01.2020). Available at //https://ccbc.education.wisc.edu/
7. Green, Gil, The Enemy Forgotten - New York: International Publishers, 1956. – 318 p.
8. Президент дал совет молодежи Казахстана. Интервью Н.А.Назарбаева телеканалу КТК. [Electronic resource] KTK channel website. Last updated 11.03.2019. URL: https://www.ktk.kz/ru/newsfeed/article/2019/03/11/114539/ (access date: 10.12.2019). Available at //https://www.ktk.kz/

**ӘӨЖ 81.512.122. 42**

**Кулибекова Жанар Сейілбеккызы,**
филология ғылымдарының кандидаты,
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
E-mail: 19zhanka71@mail.ru

**Есматова Меңдіқыз Тілеужанқызы,**
филология ғылымдарының кандидаты,
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
E-mail: esmatova@mail.ru

**Хамзина Гүлбарам Саятқызы,**
филология ғылымдарының кандидаты,
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
E-mail: gulzada_76@mail.ru

# Ғ. МҮСІРЕПОВТІҢ «ТУЛАҒАН ТОЛҚЫНДА» ПОВЕСІНДЕГІ КӨРКЕМДІК УАҚЫТ ЖӘНЕ КЕҢІСТІК

**Аңдатпа.** Қазақ әдебиеттану ғылымында хронотоп, яғни уақыт пен кеңістік ұғымы тереңірек қарастырылып зерттелмеген күрделі мәселелердің бірі. Уақыт пен кеңістік мәселесінің Ғ. Мүсірепов әңгімелері мен повестерінен біршама орын алатыны айқын. Ең бірінші кезекте бұл қаламгердің елдің даму тарихында болған әр түрлі оқиғаларды көркемдеп суреттеуімен байланысты. Осыған сәйкес, Ғ. Мүсіреповтің суреткерлік қырын танытатын, көркем мәтін мазмұнын бейнелеуге қатысты қолданылатын жазушы прозасындағы уақыт пен кеңістік ұғымының орын алуының сырын ашу - мақаланың басты мақсаты болып отыр. Сөз зергері Ғ. Мүсіреповтің «Тулаған толқында» повесіндегі уақыт және кеңістік мәселесінің кезеңдік1 саяси-әлеуметтік оқиғалар аясындағы адамдар тағдырымен тығыз байланыста берілуі талданады. Осы тұрғыда қаламгер шығармашылығында орын алған тарихи кезең, реалды кеңістік, генеологиялық уақыт, ситуациялық уақыт, экологиялық уақыт түрлеріне талдау жасап, уақыт пен кеңістік ұғымының өзара бірлігін ала отырып, автордың көркем шындықты берудегі тәсіліне тоқталамыз.

**Кілт сөздер:** Көркемдік уақыт және кеңістік, тарихи уақыт, хронотоп, ұлттық дүниетаным, повесть, сюжет, саяси-әлеуметтік оқиғалар.

**Аннотация.** Одним из основных значимых проблем в современном казахском литературоведении является рассмотрение понятия хронотоп, т.е отражение в произведениях художественного времени и пространства. В связи с этим, целью статьи является анализ своеобразных способов использования данного термина в повести «Тулаған толқында» известного писателя Г. Мусрепова. В первую очередь это связано с тем, что писатель всесторонне и художественно ярко описывает социально-политические события и быт казахского народа, нелегкую судьбу простого человека, его чаяния и надежды на фоне этих изменений, а так же характеры, психологию и внутрениий мир своих героев. В повести «Тулаған толқында» Г. Мусрепова хронотоп имеет большое значение и способствует освоению изображаемой действительности. Так же отражены такие разновидности времени, как генеологическое время, ситуационное время, экологическое время, которые в свою очередь играют огромную роль в раскрытии образной системы данной повести. Время и пространство в повести Г. Мусрепова «Тулаған толқында» дает полную художественную картину того периода и помогает в оценивании мастерства и своеобразного стиля писателя.

**Ключевые слова:** Художественное время и пространство, историческое время, хронотоп, национальное познание, повесть, сюжет, социально-политические события.

**Annotation.** One of the main significant problems in modern Kazakh literary studies is the consideration of the concept of chronotope, i.e. the reflection of artistic time and space in works. In this regard, the purpose of the article is to analyze the peculiar ways of using this term in the story "Tulagan tolkynda" by the famous writer G. Musrepov. First of all, this is due to the fact that the writer comprehensively and artistically vividly describes the socio-political events and life of the Kazakh people, the difficult fate of the common man, his aspirations and hopes against the background of these changes, as well as the characters, psychology and inner world of his characters. In the story "Tulagan tolkynda" by G. Musrepov, the chronotope is of great importance and contributes to the development of the depicted reality. Also reflected are such varieties of time as geneological time, situational time, environmental time, which in turn play a huge role in the disclosure of the figurative system of this story. Time and space in the story of G. Musrepov "Tulagan tolkynda" gives a complete artistic picture of the period and helps in assessing the skill and unique style of the writer.

**Keywords:** consideration of the concept of chronotope, the socio-political events and life of the Kazakh people, artistic picture.

## Кіріспе

Қазіргі әдебиеттану ғылымында түбегейлі шешімін тапты деуге келмейтін, сол себепті тереңірек зерттеуді қажет ететін күрделі мәселелердің бірі - көркемдік уақыт пен кеңістік мәселесі. Осы реттен келгенде, көркем прозадағы уақыт пен кеңістікті зерттеуде өзекті мәселелер өте көп. Мәселен, фольклорлық шығармалардағы уақыт пен кеңістік оқырманға біршама түсінікті болып келеді. Оқиғалардың дамып-өрбуі негізінен кеңістікте жүзеге асып, уақыт оқиғаға, кейіпкерге бағынышты болғанын көре аламыз. Ал әдеби процесс аясындағы көркем туындыны түрлі қырынан зерттеу қазақ әдебиеттану ғылымында әсіресе, соңғы кездері белсенді қолға алынып жатыр десек, асыра айтқандық бола қоймас. Сондай проблемалардың бірі – көркем әдебиеттегі уақыт пен кеңістік проблемасы. Сондықтан осы бағытта жүйелі түрде ғылыми зерттеулер жүргізілуі тиіс.

«Алыптар тобының» көрнекті өкілі, халық жазушысы, қоғам қайраткері, зерттеуші, сыншы ретінде бай мұра қалдырған қайталанбас тұлға Ғ. Мүсірепов қаламынан алғаш 1920 жылдардың орта тұсынан өтіп барып шыққан «Тулаған толқында», «Қос шалқар», «Алғашқы адымдар», «Шұғыла», «Күсен», «Жеңілген Есрафил», «Автобиографиялық әңгіме», «Сөз жоқ, соның іздері» сияқты бірқатар әңгімелерінен бастап, «Көк үйдегі көршілер», «Өмір ертегісі», «Үздіксіз өсу», «Туннел», «Жайлау жолында», «Тұтқын қыз» атты повестерін қарастыру барысында уақыт пен кеңістіктің туынды бойында көріну, құбылу тұрғысындағы көркемдік шешімі, әр қырлы қатпарлары айқындалады.

Әдебиет – ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы болып, шығарма арқауы шындыққа негізделуі тиіс болса [1, 20 б.], сол шығармалардағы мезгіл мен уақыттың суреттелуі, оқырман тарапынан қабылдануы жайын түсіну мақсатында көркемдік уақыт деген ұғымның атқаратын қызметі де зор, аумағы да кең.

Бұған дейін негізінен философиялық ұғым саласында көрініп, сол тұрғыдан түсіндірілген уақыт пен кеңістік, сонау Ежелгі грек ойшылдары Платон, Аристотельден бастап, 17-19 ғғ. философтар еңбектерінде түрлі қырынан сөз болғаны мәлім. Осы тұрғыдағы философиялық пайымдау кеңістік, уақыт, қозғалыс және болмыстың бірлікте екенін көрсетеді.

Әрбір көркем шығарманың белгілі бір уақыты мен кеңістігі және бар. Ол кеңістік пен уақыттың әлемдік, ұлттық, халықтық және жекелік сипаттары тағы болмақ. Бұған *поэтикалық, дүниетанымдық, психологиялық, эстетикалық, философиялық, шығармашылық, авторлық,* т.б. уақыт пен кеңістікті қосуға болады. Және *сюжеттік, фабулалық, эпизодтық, мифтік, дәуірлік, тарихи, ғарыштық, реалды, перцептуалды, концептуалды, типті мистикалық, фантастикалық* уақыт пен кеңістік сияқты жалпы категория бар да, оның өзі іштей қалың компоненттерге бөлшектеліп кететіні – бұл мәселенің зерттеу аясының тым ауқымды екенінің дәлелі.

Сондықтан жүйелі деген орыс әдебиеттану ғылымының өзі бір анықтамамен тоқталып қалмайды. Әркім әртарап талдауларға барып жатады. Міне, осы жағынан келгенде, қазақ прозасындағы көркемдік уақыт пен кеңістік мәселесі біздің ұлттық дүниетаным кеңістігімізге, қалыптасқан көшпелі таным-түсінігімізге, ғасырдан келе жатқан өзіміздің мезгіл мен мекенге қатысты өлшемдеріміз, тіптен философиямызға сәйкес қатып қалған анықтаманың қалыбына сия бермейтінін ескеруіміз керек [2, 10-11 бб.].

Қазақ әдебиеттануында З. Ахметов, Ш. Ыбыраев, Е. Тұрсынов, Т. Есембеков, Б. Майтанов, Т. Жұртбай, А.Б. Темірболат, С.М. Алтыбаева, Қ.М. Хамзина, О.А. Көзбеков, А. Сейдімбек, Е. Ханкей сияқты бірқатар ғалымдар өз зерттеулерінде осы мәселені арнайы қарастырып, ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдар жасайды. Сол орайда аталмыш мәселе төңірегінде біршама салиқалы қорытындылар жасауға, қазақ әдебиетіндегі туындыларға сол арнада талдау жұмыстарын жүргізіп, ғылыми көзқарастар қалыптастыруға мүмкіндік туып отыр.

## Негізгі бөлім

Сырбаз суреткер Ғ. Мүсіреповтің әдеби шығармашылығын зерделесек, кеңестік кезең саясаты мен сол тұстағы идеологиялық талаптар ықпалының ел ішіне, қазақ тұрмысына, танымына қаншалықты дәрежеде өзгерістер әкелген суреттеріне қанығамыз. Ұлттық әдебиетіміздегі осындай шығармалар қатары дәуір ерекшеліктерінен кеңінен хабардар етіп, кезеңге сай қоғамдық жағдайлар мен саяси оқиғалар, тарихи өзгерістер мен әлеуметтік мәселелерді көркемдік талаптарға орай суреттейді. Жазушы өз туындысы арқылы өз заманының және оған дейінгі уақыттағы басты және маңызды деген оқиғалар тізбегін қағаз бетіне түсіріп, көпшіліктің сол кезең туралы түсінігін қалыптастырып қана қоймай, көркемдік уақыт пен кеңістік мәселесінің өз туындыларында орын алу ретінің үздік үлгісін де бере алған.

Сонда әдебиеттегі уақыт пен кеңістік ұғымдарының бірлігін көрсету негізінде Ғ. Мүсірепов сияқты шебер қаламгер осындай күрделі категорияны өз шығармаларында сөз болатын белгілі бір тарихи кезең, географиялық мекенді ала отырып, бір адамның тағдырынан бастап тұтас елдің жағдайына дейінгі кезеңді көркем суреттеп берген. Сол орайда адамдардың күнкөріс әрекеттері, әр қилы тағдырлары, психологиялық және рухани күйзелістері, белгілі бір өзгешеліктерді қабылдау-қабылдамауы, халықтың өсіп-өнуі, т.б. өзгерістер хронологиясына әбден қанығамыз. Себебі, жазушы назарына ел ішіндегі түрлі саяси-әлеуметтік жағдайлар аясында ең бірінші кезекте адам тағдыры, оның ішкі дүниесі ілінеді.

Мүсіреповтің өзіне тән ерекшеліктерін алғашқы туындыларынан-ақ байқауға болады. Шығармашылығының алғашқы кезеңінде өмірдің әр қырын суреттеуге талпынған жас жазушы әңгіме, повестерін жаңа заманның келелі проблемасына арнаған. 1927 жылы жазылып, 1928 жылы жеке кітап болып басылып шыққан «Тулаған толқында» атты ұзақ әңгімесінде 1916 жылғы дүрбелең кезеңдегі ауыл тірлігі, әйел тағдыры, кейінгі азамат соғысының көрінісі бейнеленсе, «Қос шалқар», «Көк үйдегі көршілер», «Алғашқы адымдарда» бүкіл қазақ даласының кейіп-кескінін өзгерткен, ел еңбекшілерінің түйсік-сезімін жаңартқан белгілі тарихи оқиға – коллективтендіру кезі суреттеледі, ал «Өмір ертегісінде» басынан қилы-қилы қиыншылықты кешірген қазақ кедейінің тағдыры бейнеленген. Байыппен қарасақ, адамның түйсігінің өзгеруіне сыртқы жағдаяттар көп әсер еткен.

«Тулаған толқында» - менің ең бірінші жазған әңгімем еді (1927 ж.). Бұдан қырық жылдай бұрын жазылған нәрсені қопара өңдеуді лайықсыз көрдім. Тек бір оқушыдан ұялар жерлерін кестім: босаңдығы да, балаңдығы да жеткілікті екен. Аяғы бұрын жеңістен кейінгі Біржан мен Шәйзаның бақытқа жеткенімен бітетін. Соның өзін тым олақ жасаған екемін, бұл жолы оған жеткізбей, бостандық күресіне аттануларымен аяқтауды дұрыс көрдім [3, 57 б.], - деп жазушының өзі алғашқы шығармасының осал тұстарын атап көрсеткен.

Шаруасы шағын отбасында дүниеге келген Ғабит еңбекке ерте араласып, 1914-15 жылдардың жазында Исаевка атты орыс селосына сиыр бағуға да жалданады, 1916 жылдың жазында нағашысы Оңғарбайдың приемға леккен ұлдарының орнына сол үйдің қолғабыс жұмысында да жүреді. Бұл оның сол кездегі ел ішінде болып жатқан өзгерістерден толық хабары болған деген сөз ғой. Негізінен кеңес өкіметінің жайын Ғабит С. Мұқановтың аузынан естіген. «Одан кейін Ғабитті көруім – 1922 жылдың күзі. Көріспеген азғантай уақытта, Ғабиттің басынан бірталай оқиғалар өтіп қапты, жиырма бірінші жылдың февраль айында, сол маңайдағы құлақтар мен байлар Совет өкіметіне қарсы көтеріліс жасағанда Ғабит сол араның қызыл партизаны – Дмитрий Ковалевтің отрядында болып, бандыларды жойысыпты. Одан кейін «Таузар» деп аталатын болыстың соғыс бөлімін басқарған, кейін менің ұсынысымды қабылдап, 1923 жылдың жазына дейін Жекекөл милиция штабында начальниктің орынбасары болып қызмет атқарды» [4, 17 б.], - деп С. Мұқанов өз естеліктерінде жазған. Осы тектес өмір кезеңдерінде Ғ. Мүсірепов халықтың тұрмыс-тіршілігімен етене танысып, сол өмірлік жағдайларды орынды түрде өз туындыларына арқау ете білген.

Повесте *реалды кеңістік* айқын көрсетілген: «Қара суға иек сүйей, теңіздің қалың қарауына арқасын тірей отырған – Итемген ауылы аталады. Ауылдың төр жағындағы биік маялары бар үй, осы Итемгендікі» [3, 11 б.], - деп автор қазақ ауылында өтетін оқиға екенін білдіріп, ойын ары қарай Итемгеннің үй-ішіндегі жандарға, әкесі Көтібарға мінездеме берумен жалғастырып, «Әкесі Көтібар аттыға жол, жаяуға сөз бермепті. Бертін келе атаның дәулеті сұйықталып, Итемгенде ата даңқымен ғана жүрген қаумыт бар. Бірнеше жылдан бері ауылнай болғысы келгенімен, қайтқан бақ қайрылыңқырамай жүр. Бірақ, Итемгеннің өз ойынша, одан өзгенің көбі-ақ «Уақытша өкімет» сияқты әшейін бір аруақ қонбаған кездейсоқ, мұндай «аруақты» ата өзгелерде жоқ. Ауыл Итемген ауылы атанғанмен, ішінде бұратанасы көп: бір кездегі Көтекеңнің қоңсылары, аз аталы шеттен келгендер. Ауылдың босаға жақтарын алып жатқан, жапырайған жер үйлер солардың үйлері. Оларда үйілген қамыс пен қоян жонданған тезектен басқа мүлік те жоқ. Көбінің кәсібі барқынында отырған жалпақ теңіздің балығын аулау. Күндік еңбек – күндік тамақтан қалмайды. Сұрғылт өмірдің құшағынан бұрыла алмайды. Бұлар осы ауылдың көпшілігі. Бірақ ауыл Итемгендікі» [3, 11 б.], - деп *генеологиялық уақыт* межесін «әке, ата,бұратана, қоңсы, аз аталы, кірме Біржан» деген сөздері арқылы нығарлай көрсетеді. Яғни, бұл орайда «Жалпы, көшпелі қазақтың тарихи-әлеуметтік өмірінде ру-тайпалық құрылымның маңызы айрықша болғандықтан, яғни кез келген қазақ ата-анасының ғана перзенті емес, сонымен бірге белгілі бір ру-тайпаның да мүшесі болғандықтан, олардың генеологиялық танымтүсінігі мейлінше жан-жақты әрі терең болған. Сондықтан да, уақыт ағымын пайымдауда генеологиялық деректерге жиі-жиі жүгініп

отыруды дәстүр еткен [5, 7 б.], - деген А. Сейдімбектің пікірін негізге алудың орайы келіп тұр. «Сұрғылт өмірден», жұпыны тұрмыс пен шаруа жайынан да бірқатар хабар ала отырады оқырман.

Автор өткен уақыт жағдайын оқырманға бірден таныстырып, сол елдегі тұрмыс-тіршілікті де алдыңа жайып салады, тағдыр тауқыметін көріп жатқан халықтың ащы өмірінің көріністері көз алдымызға тізбектеліп келе қалады: «Ну ормансыз, қалың жамылған қайқаң белеңсіз, қамсақты теңіздің бойында ызғырық ойнап тұрады. Шұбаландап, жыбырлап жүрген әйелдер, бүгжеңдеген аш иттер, бәрі де ертең қардың астында қалатындай көрінеді. Бәрінің де тағдырлары ұйтқыта соққан боран, құтырған желдің қолында секілденеді» [3, 12 б.]. Жазушы бірден сол ауылдың ішіне жетелеп, ұйтқыта соққан боран мен желге тап болғандай әсерде қаламыз, бұның бәрі мекенге бағытталған, сонымен қоса, тағдырларының қиындығына да автормен бірге налығандай боламыз. Ал нақты мезгілді «ауылнай болғысы келген», «Уақытша өкімет», «болыстыққа таласқан», «патшадан құтылып, бұрын ала алмай жүрген автономияны өз қолымызға алып», «Алты алаштың басын қосып, Алаштың ордасын қайта тігіп», «Сібірді Колчак билегелі», «солдат алады десейші», «большевик келсе» сияқты сөз тіркестеріне қарап 1916 жыл деп шамалауға әбден болады. Бұл кезеңнің қазақ халқының өмірінде саяси, тарихи оқиғаларға қаншалықты бай болғаны белгілі, бірінен соң бірі алмасқан үкімет пен биліктің қара халыққа әкелер өзгерісі бірде қойын-қонышыңа кірген екпінді желдей, енді бірде алай-дүлей борандай әсер етіп, есеңгіретіп біраз сергелдеңге түсіргені аян. Қаншама қазақ азаматтарының жасы келсін-келмесін, осы кездегі маусым жарлығы бойынша еріксіз «солдатқа» алынып, талай отбасының шырқы бұзылғаны да жанға батты.

Шығармада кездесетін уақыттың өзге түрлерінің бірі ретінде *ситуациялық уақытты* алуға болады: «Ілиястың әйелі босанып, шілдехана жасады. Шәйзаны қалай көремін деп жүрген Біржан, ойынға сап ете түсті. Бала-шаға, қыз-қырқын, қатын-сатын болмаса кедейдің шілдеханасына кім келсін! Ойынның көркі Шәйза мен Біржан ғана болды. Шуылдаған бала-шағаның ортасында Шәйзамен кеңесіп Біржан отыр. Ілияс екі езуі құлағында, балалармен «алақан соқпақ» ойнап, қатындарға ұпай салып, өзімен өзі мәз. Шәйза мен Біржан ұзақ әңгімеде [3, 35 б.]. Ситуациялық уақыт межесі әдетте, ел есінде қалған белгілі бір оқиғамен немесе шаруашылық ынғайымен, өмір салтпен сабақтасып жатады. Мәселен, *«Абылайды хан көтергенде», «Ақтабан шұбырынды кезінде»*, т.б. дегенде елдің, белгілі бір әлеуметтік ортаның жадында қалған оқиға уақытқа меже. Ал, *«бие байларда», қозы күземде», ел орынға отыра», «құс қайта», «баланы қырқынан шығарғанда», «баланың қарын шашын алғанда», «баланы бесікке саларда», «балаға тоқымқағар жасағанда»,* т.б. осы сияқты толып жатқан ситуациялық уақыт межесі тікелей өмірде болған немесе болатын оқиғалармен, шаруашылық ынғаймен, салт-дәстүрмен орайласып жатады [5, 7 б.].

Уақытты бұлай межелеу қазақ халқының ежелден бері келе жатқан дәстүрінде бар. Көшпелі жұрттың барлық тыныс-тіршілігі табиғатпен тікелей байланыста болған. Сондықтан күнделікті өмірінде, жыл маусымдарының шеңберлі өзгерісінде, шаруашылығында, рухани танымында, салт-дәстүр жағдайында – бір сөзбен айтқанда, халық өмірінің барлық кезеңдерінде өзіндік орны зор болған. Осыған орай көшіп-қону, бақташылық, егіншілік маусымдары реттеліп отырған. «Демек, көшпелі қазақтың барша тіршілік-болмысының табиғатпен тамырлас болуын олардың артықшылығы немесе кемшілік-балаңдығы деп емес, тарихи даму барысындағы өмір сүрудің кепілі ретінде қарастыру керек. Олар табиғатты бағындыру арқылы емес, табиғатпен тіл табысу арқылы бақытты өмір сүруге болатынын тәлім-тәжірибе деңгейінде ғана біліп қоймаған, мұның өзі олардың моральдық-этикалық қалыптарына айналған. Сондықтан да, көшпелілер үшін қоршаған орта, тау-тас, өзен-көл, дала-орман, табиғат құбылыстары, тіптен аспан денелеріне дейін баршасы «тұлғаланған», «кейіптенген» немесе «жанданған» қалпында қабылданады» [5, 6 б.]. Адамзаттың ұрпағы талай ғасырлар бойы осы заңдылықпен бірлікте өмір сүріп келді, өзін табиғаттың перзенті ретінде түсініп, қаһарынан қорқып, мейірімінен қуат алды.

Бұл етене жақындық жайлы Алаштың көрнекті ақыны М. Жұмабаев та өз поэзиясында біраз жырлаған еді. «Халық әдебиетінен, Абай дәстүріндегі жыл маусымдарына қатысты әлеуметтік терең сарындардан алынған үлгілерді дамыта келе, Мағжан табиғат көріністерін бейнелеуде әлем поэзиясындағы классикалық тәжірибеге ден қоя отырып, жаңа көркемдік игіліктер жасады. Бұл топтардағы жырларда кескін өнерінің тәсілдері, сәуле мен көлеңкені ойнату, уақыт пен кеңістік диалектикасын көрсету, панорама, плэнер, әр түрлі ракурс, этюд, түрлі астастыру принциптерін пайдаланғанын байқауға болады» [6, 337-338 бб.],- деген белгілі ғалым Р. Нұрғали. Яғни, ол құбылыстардың бәрі де дана халқымыздың өмір сүру салтында ежелден-ақ қалыптасқан, бір сара күйге түскен, өзінің көшіп-қонуы үшін қолайлы болған жайды Мағжанның көркем бейнелей алуы, оқырманына жеткізе білу шеберлігі айтылады. Бұндай ерекшеліктер Ғ. Мүсірепов прозасынан да біршама орын алған.

Сондай-ақ, повесте *көркемдік уақытты* білдіретін тұрақты сөз тіркестері де кездеседі: «Күз келді. Көзі қызарған ауыр қыстың ызғары түсе бастады. Ауыр қыстың ортасы ауды. *Жуан жіңішкеріп, жіңішке үзілуге айналды*. Бұл аш-арықтың екі бүктетіліп кетер шағы. Одан Қалиша қайдан аман қалсын. *Ит ашыққан, бит тойынған шаққа* ол байғұс елден бұрын кездесті» [3, 33 б.], немесе: «Он күн өтті. *Ел құлағы елу*. Бір қазақтың құлағы елу» [3, 46 б.]. Бұндай мысалдарды *экологиялық уақыт* түрінің қатарына жатқызуға болады, шығармада олар көптеп кездеседі: *«Марттың аяғына таман», «түнеугүні», «ертең түнде», «кешкі ойын», «күн бата», «бүгінгі күн», «айналасы бір сағатта», «таң қараңғысы», «таң бозаландаған сайын», «он күн», «бір-ақ ай», «таң атты», «сенбі күні», «бір жұма», «күн көтерілгенше», «түс ауа», «күн сайын», «таң ала сәуледе», «жеті қараңғы түнде»* - бұл сөздер мен сөз тіркестері негізінен нақты маусымдық немесе айлық, бір тәуліктік кезеңдерде айналасындағы уақыт межесін айыру мақсатында қолданылып тұр.

«Экологиялық уақыт бойынша жыл мезгілдерін «көктем», «жаз», «күз», «қыс» деп саралау халықтың таным-тәжірибесінде айрықша мән-мағынаға ие. Әр маусымның өз ішінде өтетін табиғат құбылыстары, сол табиғат құбылыстарымен тікелей байланысты әрекет-шаралар уақытқа меже болып отырады. Бұл ретте, қоршаған орта, табиғат, аспан денелерінің құбылыстары, сол құбылыстармен орайлас келетін әрекет-шаралар да уақытқа меже бола береді» [5, 7 б.].

Кеңістікті суреттеуде де автор кейіпкерлер басындағы жағдаймен байланыста алады: «Әлі жел. Әлі гуілдеп ұлып тұр. Жер-көкті шайқап тұрғандай. Жер-көк жылжып, тұтас бір жаққа көшіп бара жатқандай. Оң жақ, сол жақ деген қалып, қай жағы екенін адам айыра алмастай, әлем тапырық. Асты-үстіне келіп, қопарылып қалған дүние секілденеді. Сеңмен бірге өздері қалай ағып бара жатқандары да білінбеді. Сабалаған қарлы жаңбыр бетке ұрады. Сең, толқын, қайық тұтас көшіп барады. Жолы бір, жөні бір, тілектері басқа, біріне-бірі жау жолдастар осылар екен. Ашынған жандар от елестеген көздерінің ақтық қайратымен, кейде секіріп сеңге, кейде қайыққа мініп жанталасты. Бет түзеу былай қалып, арыстандай арсылдаған ажалмен алысты, әл азайды, үміт азайды...» [3, 39-40 бб.]. Бұл жерде автор кеңістіктің шеңбері тарылып, ендігі ретте теңіз үстіне ауысып, қауіп пен қорқыныштың күшейе түскенін аңғартады. Табиғаттың толқын, сең, жел, ағыс сияқты құбылыстары ендігі кезекте *динамикалық түрде* өзара ауыса отырып, Шәйза мен Біржан тағдырының қыл үстінде екенін көрсетеді. «Көзге түртсе көргісіз қараңғы», «ұлыған ызғырық жел», «түнерген аспан», «тамтығы қалмаған дүние», «үмітсіз өмір елестеді» үлкен шеберлікпен төгілте жазылған табиғаттың осы дүлей ышқынысы – жойылуға жақын қалған ескі заманның ақырғы ыңқыл-күңгірі тәріздес. Еріксіздікке, құлдық-күңдікке көнбеуге батыл түрде бел буған, жас тілектері жарасқан қаһармандар қанша қалжыраса да, қайратты, қасарысқан күймен дес бермей, түн түнегінен сытылып шығады [7, 88 б.]. Табиғаттағы осындай алай-дүлей жағдай тұтас қоғам мен адамдар өміріне ендігіде үлкен өзгерістер әкеліп, дүние астан-кестең болатынын танытқандай. Осындай ретпен Шәйза мен Біржанның айналасы және өскен ортасы жалаң күйде суреттелмейді. Әр түрлі өмірлік жағдаяттар, шынайы оқиғалар, адамдардың қилы тағдыры әлеуметтік оқиғалармен қиюласа суреттеледі.

Кеңістіктің көзге көрінбейтін, қолға ұстауға келмейтін, мөлшерлеуге болмайтын, былайша айтқанда, *абстрактылы* түрлері де бар – ол бостандық, азаттық жолы сияқты адамға қанат бітіретін, дем беретін түсініктер: «Отпен кіріп, күлмен шығып жүрген Шәйза енді өзін үлкен бір жаңалық сүрлеуін салғандай сезінді. Ол сүрлеу әуелі су бетіне қайықпен салынып, білінбей қала беріп еді, енді міне, елге жеткен соң, әрбір қыз-келіншектің жүрегіне түсіп жатқандай екен. Әлі күдігінен арылып бола қоймаған соң, тоңған, қалжыраған қыз бір сәтте жайнап сала берді. Барлық қыз-келіншектерге бостандық жолын көрсете алардай күш сезінді» [3, 43 б.]. Осыған дейін бір ауылда шоғырланған оқиғалардың да кеңістік ауқымы кеңейіп, азаттыққа бастайтын жол қалаға, өзгеше кеңістікке нұсқап тұрғандай.

Ғ. Мүсірепов шығармада өзі әңгімелеп отырған елдің тұрмыс күйін: кедей үйдің жұтаң, жүдеу кейпі мен ауқаттылардың кекірік атқан тоқшылық салтанатын шендестіре суреттейді. Айқын әрі нанымды. Жеке кейіпкерлердің іші-сыртын ақтарып ашып тастауға ұмтылысы да сәтсіз болған жоқ. Ғабит адамның мінез-құлқын, арғы астар-қатпарларын ашудың да қыр-сырына біршама дайындықпен келгенін де, қаншама мүмкіндігі бар екендігін де көрсетті [8, 25 б.].

Яғни, хронотоп Ғ. Мүсірепов прозасының көркемдік әлемін танытуында, атап айтқанда, суреттеп отырған болмысты игеруге, сонымен қоса, повестің бейнелеу жүйесінің қыр-сырын ашуда маңызды орын алды. Уақыт пен кеңістікті өзара бірлікте ала отырып, кейіпкерлер басындағы небір қилы оқиғаларды, ушыққан жағдайларды шебер суреттеп берді. Туындыны талдау барысында нақты тарихи дәуір мен шығарма авторының бір-бірінен мезгілдік жағынан да,

мекендік жағынан да сәйкес келуін, яғни автор көп ретте өз дәуірі мен өз ортасын объект етіп алған деген байламға келуге болады.

Еліміздің тарих беттерінен орын алған осы кезеңдік оқиғаларды әрі саяси, әрі психологиялық, әрі әлеуметтік тұрғыдан көркемдеп жеткізе білген Ғ. Мүсіреповті өзі ұстазы деп санаған Ж. Аймауытовпен бір қатарда атауға да негіз бар. «Ғ. Мүсірепов аталған әңгімені жазу мәнерінде сол тұстағы енді-енді ажары ашылып келе жатқан қазақ прозасының мәнер-машығына еліктеу, соны сіңіру жөндері сезіледі. Бірде Бейімбетше, бірде Жүсіпбекше, бірде Мұхтар Әуезовтің жиырмасыншы жылдардағы прозасының ыңғайына ауық-ауық ауып кетіп отырғаны – жас Ғабиттің ізденіс ізі. Ізденіс соқпақтары классикалық орыс, Батыс әдебиетіне қарай да тартып жатыр. Сол үйрену, үлгі іздеу үстіндегі жас қаламгердің болашақ классик жазушыға, толысқан, кемел суреткерге айналуының; тек қана өзіндік, өзгеше ұқсамайтын дара жаратылыстың көркемдік ұрығын да тұп-тура сол «Тулаған толқындардан» табатынымыз – заңдылық» [8, 8 б.].

**Қорытынды**

Кеңістік ұғымының астарында халық дүниетанымы, көзқарасы, әлеуметтік өмірінің небір тұстары мен ерекшеліктері орын алған, осы белгілер арқылы адам, ұлт және адамзат өмірі жалғасын тауып отырады. Ол - жаратылыстан бері келе жатқан бұлжымас өмір заңдылығы, үзілмейтін шеңбер.

Автор негізінен барлық шығармаларында кеңістік ретінде қазақ даласы мен қазақ ауылын, ал уақыт ретінде сол кеңістік аумағында көрінетін оқиға-өзгерістер кезеңдерін алып суреттейді. Бұл орайда кеңістік пен уақыттың бірлігін автордың өмір шындығын көркем игерудегі өзіндік оңтайлы тәсілдерінің бірі ретінде көреміз.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**


1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
2. Ханкей Е. М.О. Әуезов прозасындағы көркемдік уақыт пен кеңістік (1920-30 жылдар). Фил.ғыл.канд.дәрежесін алу үшін дайынд.дисс. – Алматы, 2010. – 124 б.
3. Мүсірепов Ғ. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Жазушы, 1980. – 538 б.
4. Ғабит Мүсірепов туралы естеліктер/құрастырған С. Оразалы. – Алматы: Алаш жолы, 2012. – 592 б.
5. Сейдімбек А. Уақыт пен кеңістік//Ана тілі. – 1996, қаңтар – 4.
6. Жұмабаев М. Өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер/Құрастырған Ж. Сүлейменов. - Петропавл: Полиграфия, 2006. – 428 бет.
7. Әзиев Ә. Қазақ повесі. – Алматы: Мектеп, 1989. – 224 б.
8. Әбдікерімова Г.Ғ. Мүсірепов повестеріндегі тақырыптық-идеялық ізденістер: Филол. ғыл. канд. дис. Автореф. - Алматы, 2006. – 24 б.

**Қазыбек Гүлмира Құдайбергенқызы,**
профессор м.а., ф. ғ. к.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: Kazybek__68@mail.ru

**Мәтбек Нұрсұлу Құрманбекқызы,**
доцент м.а., ф. ғ. к.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

# С.А. АКСЕНОВА-ШТЕЙНГРУДТЫҢ АУДАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

**Аннотация**. Мақалада С.А. Аксенова-Штейнгрудтың аудармашылық қызметі туралы айтылады. Аудармашының аудармалары туралы, кімдерден аударды т.б. сараланады. С.А. Аксенова-Штейнгруд туралы жазылған ғылыми пікірлер келтіріледі. Қолданылатын педагогикалық әдістерге тоқтала отырып, шығарманы аударуда жүйеленген тәсілдерге тоқталады.

**Тірек сөздер:** аударма,түпнұсқа,ақын,поэзия, еркін аударма, әдіс, кластерлер, портфолия.

**Аннотация**. Статья посвящена переводческой деятельности С.А. Аксеновой-Штейнгруд. Анализируется переводы данного переводчика, труды каких авторов воспроизвел на другой язык данный переводчик.Предоставляются научные отзывы о деятельности С.А. Аксеновой-Штейнгруд. Руководствуясь педагогическими способами, используемыми в переводоведении, приводятся систематизированные методы при переводе произведений.

**Ключевые слова**: перевод, оригинал, поэт, поэзия, вольный перевод, метод, кластеры, портфолио.

**Resume.** The article is devoted to the translation activity of S.A. Aksenova-Shteingrud. The translations of this translator are analyzed, the works of which authors were reproduced into another language by this translator. Scientific comments are given on the activities of S.A. Aksenova-Shteynrud. Guided by the pedagogical methods used in translation studies, systematized methods are given for translating works.

**Keywords**: translation, original, poet, poetry, free translation, method, clusters, portfolio.

Аударма – халық пен халықты жақындастыратын дәнекер болса, аудармашылар сол достықты нығайтатын жандар. Қазіргі кезде қазақ поэзиясының орыс тіліне аударылуына үлес қосып жүрген аудармашылар да баршылық. Аударма теориясы мен тәжірибесінің негізгі нысаны – аударма мен аударма нұсқа. Аударма теориясы мен тәжірибесі де үздіксіз кемелденіп отырады. Бұл пәндерді оқытуда түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Әдістеме — педагогика ғылымының жеке пәндерден берілетін білім көлемі мен мазмұнын негіздеп, оны оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін бір саласы. аударма теориясын оқытуда оқытушы түрлі әдістерді қолдана алады. Ол оқытушының білімі мен біліктілігіне тікелей байланысты болады. Әдіс бұл білім берудің жолдары, яғни оқытушы өзінің пәніне студенттерді қызықтыру мақсатында түрлі жолдарды пайдалануы қажет.

Қазіргі кезде қазақ поэзиясын орыс тіліне аударып жүрген аудармашылардың қызметтері жайлы оқытуда біраз кемшіліктер бар. Әсіресе, қазіргі заманға аудармашылар туралы студенттер өте аз біледі. Кеңес өкіметі дәуірінде аударматануға арналып жазылған ғылыми зерттеулер, мақалалар көбірек болды. Нақты қазір оқулықтарда аударма шығарманы талдау ғана басым болып жүр. Аудармашылар қолданған әдіс-тәсілдер туралы аз айтылады.

Аударма туралы дәріс жүргізу барысында әлемдік педагогика саласында қолданылып келе жатқан алуан түрлі әдістемелік үрдістерді барынша пайдалануға болады. Сабақта оқу, оқыту, талдау, салыстыру, жаттығу, жаттықтыру және есте сақтау қабілетін арттыру мақсатында мұғалім портфолиясы дайындалады. Бұл портфолияда сабақтың мақсаты мен міндетіне сай жүзім кластерлері әдісі арқылы тапсырмалар дайындалады. Жүзім кластерлері әдісі бойынша бірнеше міндетті бір тапсырманы орындата отырып, білім алушыға тиімді тәсілмен меңгертуге болады. Аударма мен түпнұсқаның мазмұндық тұтастығы, тілдік ерекшеліктері, тілдік бірліктерді қолдану шеберлігі, мәтінді ойната отырып аудару, құбылыс элементтерін сипаттауға мән беру, нақтылық пен дәлдәкті ескеру, қысқалық пен тапқырлық туралы сұрақтар қоя отырып, аударма қыр-сырлары ашылады. Аудармашыға керек қасиеттерді жеткізу үшін осындай амал қолданамыз. Бір автордың жазғанын екінші адам дәл сондай бере ала ма, жоқ па, қиындығы неде екеніне осы әдіс арқылы көз жеткізіледі.

Мұғалім портфолиясының негізгі қызметіне түрлі педагогикалық технологиялар мен тиімді әдіс түрлерін қолдана отырып, сабақты меңгерту жатады. Портфолия түрлері бойынша

мақсаттық, жекеменшік, есептік, жобалық,мазмұндық, проблемалық бағдарлы, тақырыптық болып бөлінеді. **Case-study** әдісі де мұғалім портфолиясының негізгі бір бөлігін құрайды. Бұл топтық жұыстарға негізделген бірлескен әрекеттерден тұратын таңдау жасау мен шешім қабылдаудан тұратын практикалық әдіс түріне жатады.

Біз мақаламызда аударматануға үлкен үлес қосқан аудармашы С.А. Аксенова-Штейнгрудтың аудармашылық ұстанымдары туралы сөз қозғаймыз. С.А. Аксенова-Штейнгруд аударма барысында еркін және балама тәсіл қолданады. Осы тәсілдер арқылы аударылған поэзиялық шығармаларды талдау барысында оның сапасы анықталады.

Ең алдымен аудармашының өмірі мен негізгі шығармалары, ол аударған аудармалар, аударманың сапасы, жетістіктері мен кемшіліктері туралы мәліметтер қамтылуы тиіс. Осы арада жүзім әдісіндегі неге, не үшін, қалай сауалдарына жауап іздейміз. Оның аудармаларына негіз болған еңбектер қандай, аударматанудағы орны мен ролі, аудармасының сапасы туралы айтпас бұрын неге сол еңбектерді аударуға таңдап алғанына мән беріледі.

Танымал журналист, ақын, аудармашы Светлана Александровна Аксенова-Штейнгруд 1945 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. Қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология және әлем тілдері факультетінің түлегі. 1970 жылы «Қазақстанның жас жазушылары» сыйлығының иегері атанған. С.А. Аксенова-Штейнгруд Қазақстан Жазушылар және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. 1979 жылдан бастап Мәскеуде, ал 1991 жылдан бастап Израильге қоныс аударған.

2013 жылы «Почуять ускользающую вечность…» деген атпен берген бір сұхбатында өзінің неліктен шетелге қоныс аударғаны, өлеңдері мен аудармалары т.б. туралы жан-жақты айтқан. Осы сұхбатында:«...Я опубликовала стихи талантливого казахского поэта Магжана Жумагулова в переводах моего педагога и друга, профессора Александра Лазаревича Жовтиса. А стихи этого поэта и на казахском не смели публиковать, потому что он боролся с советской властью и был расстрелян. Или – интервью с главным режиссером казахского театра драмы А. Мамбетовым. Он сетовал на то, что приходится ездить по аулам, чтобы набрать студентов на актерский факультет театрального института, где Мамбетов преподавал. Казахская молодежь крупных городов, особенно Алма-Аты, плохо знала казахский: было престижно отдавать своих детей в русские школы…», - деген пікірі назар аудартады [1].

2015 жылдың 18 наурызында Алматы қаласында Морис Давидович Симашко тұрған үйдің қабырғасына мемориалды тақта орнату кезінде С. Аксенованың арнайы жазылған естелігі оқылады. Сол естелікте: «В жизни Морис Симашко был обаятельной, харизматичной личностью. Еще школьницей я подружилась на литературном объединении при молодежной газете «Ленинская Смена» и Союзе писателей Казахстана с его дочерью Риммой. И наша дружба продолжается уже более 50 лет. А вначале я немного смущалась: это ведь дочь самого Симашко! Потом, когда уже работала заведующей отделом литературы и искусства в молодежной газете «Ленинская Смена» я писала и публиковала интервью с ним, рецензии, статьи о его книгах. Но общаться стала еще раньше. Однажды, когда я училась на последнем курсе университета, куратор нашего курса, незабвенная Рашида Садыровна Зуева пригласила меня к себе домой. Я пришла и увидела ослепительную компанию друзей Рашиды: Мориса Симашко, Олжаса Сулейменова, Николая Ровенского, еще нескольких блистательных, творческих людей. Я была счастлива, что меня, девочку, значительно моложе всех, приняли в эту компанию. Посиделки у Рашиды были замечательной отдушиной в то душное советское время. Какие интересные разговоры там велись, сколько была дружбы, любви, тепла, искрометного юмора – под звон бокалов и поедание вкуснейших блюд, приготовленных Рашидой...»,- деген ойлары айтылған [2]. Бұдан С. Аксенова-Штейнгрудтың Қазақстан жазушыларымен тығыз қарым-қатынаста болғандығын дәлелдей түседі.

Ақынның өлеңдері қазақ, белорус, неміс, иврит тілдеріне аударылған. Оның «Новые стихи», «Я рисую дождик», «Времена души», «К дому по снегу следы», «Мотыльковое новоселье», «Отважная доброта», «Свет зимы», т.б.жинақтары жарық көрген.

С. Аксенова-Штейнгрудтың лирикасы өзіне ғана тән стилімен, көркемдігімен ерекшеленеді. Мысалы, «Мама» деген өлеңінде адамзаттың ең асылы саналатын ана туралы былай жырлаған:

Случайность шороха в прихожей.
Сложенье бликов в силуэт.
Да быть не может, быть не может,
Что мама… мамы с нами нет.
Она жива, но по-другому,
Не откликаясь никому.

По обезжизневшему дому
Проходит, озаряя тьму.

С. Аксенова-Штейнгрудтың 1997 жылы «Предчувствие жизни» деген атпен аударма кітабы жарияланған. шығармалары Қазақстанда «Простор», «Жалын» журналында шыққан.

Светлана Аксенова-Штейнгрудтың өлеңдері мен аудармалары «Юность», «Литературное обозрение», «Литературная газета», «Октябрь», «Тарусские страницы», «Нева», «Диалог», «Балтийские сезоны», «Алеф», «Свет двуединый», «Мишпоха» , «Грани», «Альбион», «Форвертс» атты журналдар мен альманахтарда үзбей жарияланып отырған. 2009 жылы орыс тілді ақындардың ішінде Давид Самойлов атындағы жүлденің иегері атанса, 2011 жылы Ашдод қаласында өткен «Жыл адамы» байқауында «Көркем әдебиет» саласы бойынша жеңіске жетеді.

«Русские писатели Израиля» деген журналда 2016 жылдың наурыз айында С. Аксенова-Штейнгрудпен оқырмандардың кездесуінде ақынның туған жеріне арналған сағынышты өлеңдерін оқығандығы туралы жазылған.

2010 жылы ақынның мерейтойына арналған мақалада: «Это потрясающий поэт: над некоторыми её стихами я плакала, и даже, от слёз, не могла прочесть их в слух. Она умный и глубоко порядочный человек. Я думаю, что эти понятия должны идти рядом, потому что "умный" - это ещё не характеристика. Строй мысли определяет сердце, и сколько умных людей, с которыми мне совершенно не интересно, потому что в их рассуждениях ни на грош нет любви и сердца. Светлана - это единение души, сердца и ума... », - деп жазылған екен [2]. Ақын туралы жазылған жылы лебіздердің барлығы да осындай мағынада.

С. Аксенова-Штейнгруд аударма саласында да біраз тыңғылықты еңбектер атқарған. Аудармашы молдован ақыны Е. Буковтың, поляк ақыны Ю. Тувиманның, иврит ақыны Ашера Райханың, қазақ ақындары А. Нысаналиннің, А. Асылбековтің, А. Егеубаевтың өлеңдері мен поэмаларын орыс тіліне аударған. Атап айтқанда, А. Асылбековтің 1987 жылы «За тучами — солнце», 1989 жылы А. Егеубаевтың «Движение: Стихи, поэма» шығармаларын аударып, жариялаған.

Жақсы аудармашы болу үшін ақын болу да шартты ұғым. Соған қарамастан, ақын жанын түсініп аударатын аудармашылар қатарына С. Аксенова-Штейнгрудты да жатқызуымызға әбден болады.

Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтары сыйлықтарының иегері, ақын, аудармашы А. Нысаналин «Көктем кешікпейді», «Алыстағы алау», «Көзайым», «Күн қайдан көтермелі?», «Армысың, БАМ!», «Сүмбіле», «Иірім», «Тыныс», «Мәуе», «Үш пайғамбар», «Жансарай», «Гүлтәж», «Төрттаған», «Омарта» өлең кітаптарының авторы. Сонымен қатар А. Нысаналинді талантты журналист ретінде де білеміз. Оның «Ақсақ Темір», «Адамзаттың алтын бесігі», «Даланың іңкәр дауысы», «Дауылпаз. Қасым Аманжолов туралы», «Суретші мен саяхатшы», «Төле би», «Армысың, БАМ!», «Жалған тарих жарға жығады», «Асанқайғы:Ақиқат пен аңыз», «Марқасқа» т.б. мақалалары мерзімді баспасөздерде жарияланған.

2015 жылы 8 шілде күні жарияланған мақаладағы журналист Ж. Әбділдәнің мына бір пікіріне назар аударайық:«Жақсы қартайған, әдемі қартайған» деп жатамыз ғой әдетте. Ал ақын Аян Нысаналинді, сонымен бірге, сергек қартайған адам десек, жарасардай. Жасы жетпістен асса да, елгезек. Алдындағы ағаларына құрметі бөлек. Артынан ергендерге ізетті» [3]. Ақынның бүкіл болмысын осы пікір аумағына сиғызғандай көрінеді. Ақын туралы Қ. Бекхожин, С.Оспандар арнайы мақала жазып, ақын поэзиясының ерекшеліктеріне тоқталған.

2014 жылы А. Нысаналиннің «Хан тәңірі» баспасынан «Отамалы»деген атпен әдеби- сын мақалалары мен естеліктері жарияланған.

А. Нысаналин аударма саласында да өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған ақын ретінде де танымал. Ол қазақ халқының басқа да әдеби мұраларымен танысуына өлшеусіз еңбек етіп келеді. Атап айтқанда, әл-Фараби, Низами, Ю. Тувим, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Б. Пастернак, В. Пшавела, Р. Тагор, А. Йожев, Антуан де Сент-Экзюпери, А. Камю т.б. қазақ тіліне аударған. Қарап отырсақ, аударма шығармалардың ауқымы да, тақырыптары да әртүрлі. Дегенмен ақын қазақ оқырмандарына түсінікті әрі жақсы аудармалар жасай білген.

Ал С. Аксенова-Штейнгруд ақынның «Пейзаж», «Аквариумдегі балықтар», «Кино» т.б. өлеңдерін орыс тіліне аударған. Ақынның «Кино» өлеңінің аудармасын салыстырайық. Мысалы,

**Түпнұсқа:**

Қайда қалды албырт ойдың қызығы!
Жетімдауда жалбызды бір жаз күні,
Тұңғыш кино көріп едім, есімде,

Қалмапты тек жадымда оның мазмұны.
Бесте едім көктеген бәйшешегі,
Бірақ білем... бір көгілдір кеш еді.
Ақ шаршыда ақбоз атпен ойқастап,
Өтті біреу... сол ат қайтып өшеді! [4,157 б.].

**Аударма:**

В голубой и ласковый вечер,
В Жетымтау, давным-давно,
Как подснежник, юн и доверчив,
Я впервые увидел кино.
Там, на белом экране, мчался
Красный всадник на белом коне!
И казалось — мне улыбался
И скакал, обжигая, ко мне! [5,107 б.].

Түпнұсқада - 5 шумақ, 20 тармақ. Аудармада – 5 шумақ, 20 тармақ. Аудармашы өлеңнің өлшемін, яғни шумақ жолдарының санын сақтаған. Аударма еркін тәсілмен жасалған. Ол өлеңнің мағынасын ашқан. Қатарлардың орнын ауыстырып, өз жанынан сөздер қосқан, яғни аударма бірліктерін қолданған алған. Аудармада орташа шыққан.

Мысалы, «Қайда қалды албырт ойдың қызығы»- деген «В голубой и ласковый вечер» деп аударылған, мағынасы ауысып кеткен. Немесе «жалбызды бір жаз күні «давным-давно», «Қалмапты тек жадымда оның мазмұны» дегенді «Как подснежник, юн и доверчив» деп аударылған. Ал «Бесте едім көктеген бәйшешегі, Бірақ білем... бір көгілдір кеш еді» деген жолдарды «Там, на белом экране, мчался Красный всадник на белом коне» деп түпнұсқадағы адамның жасын шатастырған. Түпнұсқада адамның жасын көрсетіп тұрса, ол туралы аудармада берілмеген.

Дегенмен, аудармашы біршама жұмыс жасаған, түпнұсқаның ойын, мағынасын жеткізуге тырысқан. Егер де аудармашы аударылатын тілді жақсы білсе ғана сәтті аударма жасайтындығы белгілі. Аудармашының ең алдымен сөздіктерді пайдаланып, сөзбе-сөз, жолма-жол аударма жасап алып, кейіннен әдеби аудармаға айналдырғандығы байқалады. Түпнұсқадағы кейбір кемшіліктердің болуы осының әсері деп ойлаймыз.

А. Асылбеков 1938 жылы 1 мамырда дүниеге келген. Қазіргі Абай атындағы Қазақ педагогикалық ұлттық университетінің түлегі. Әр жылдары «Жазушы», «Жалын» баспаларында «Әділет», «Заң», «Мәдениет», «Құқықтық Қазақстан » т.б. газеттерінде жұмыстар атқарған. Оның «Жапырақтар», «Байқа,балақай», «Бал бұлақ», «Әнші бала», «Ғажап бала», «Светофор сыры», «Ақ тілек», «Алтын арай», «Сауысқанның сәлемі» т.б. жинақтары бар. Көптеген ән мәтіндерінің авторы. Қазақ тіліне И. Крылов мысалдар аударып, оны «Мысалдар» деген атпен 2008 жылы жариялаған. Ақынның балаларға арналған ертегілер кітабы «За тучами-солнце» деп «Жалын» баспасынан 1968 жылы шықты. Аударған С. Аксенова-Штейнгрудт. Бұл аударма кітап сыншылар тарапынан оң баға алды.

Филология ғылымдарының докторы, ақын әрі аудармашы, талантты журналист Асқар Егеубаев 1950 жылы 6 наурызда дүниеге келген. Қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің түлегі. «Жұлдыз» баспасында, «Жалын» журналында, «Қазақ әдебиеті» газетінде әдеби қызметтер атқарған. Ол «Сыр мен сымбат», «Сөз жүйесі», «Әділет», «Аламан», «Қала салған қазақтар: Поэмалар», «Тайқазан: Дастандар мен өлеңдер», «ХХ ғасырдың екі сағаты», «Жүсіп Баласағұн: Роман-эссе», «Кісілік кітабы», «Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі»,«Құлабыз: Поэтиканың тарихилығы» т.б. кітаптардың авторы. Сонымен қатар А. Егеубаев Жамбыл атындағы халықаралық және Махамбет атындағы сыйлықтардың иегері. А. Егуебаев аударма ісіне де үлес қосқан талантты аудармашы. Ол М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегін қазақша аударған. Ж. Баласағұнның «Құтты білік» шығармасын да аударған. Осы аударма туралы талантты жазушы Р. Сейсенбаев былай деп жазған болатын: «Мәскеудегі Жазушылар одағына әр республиканың кітап баспаларынан кітаптар жөңкіп келіп жататын. Оны қарау, зерттеу, талдау керек болатын. Бүкіл Кеңес Одағының кітап көмбесі Мәскеудегі КСРО Жазушылар үйі болғаны мен үшін таптырмайтын олжа еді. Сол кітап қорына кіріп алып апталап, айлап шықпаушы едім. Бір күні сол көмбеге Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» атты дастаны түсті. Кітапты аударған қазақтың айтулы ғалымы, әдеби сыншысы Асқар Егеубаев інім екен. Жинақты бауырыма басып тұрып қатты қуандым. «Құтты білік» кітабымен бір апта жалғыз қалдым. Үстелімде де сол кітап, жатқан жерімде де сол кітап, Сокольники бағына серуенге

шыққанымда да сол кітап маған серік болды. Асқардың аудармасы да, кітапқа жазған алғысөзі де маған ұнады. Өкінішке қарай, Асқар Егеубаев ортамыздан ерте кетті. Білгір, талантты ғалым еді. Адамгершілігі, кішіпейілдігі де өзгеше болатын.«Құтты білік» менің қолыма желтоқсанның басында тиген. Көлемді дастанды мен қыс бойы талмай оқыдым. Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн ақынның теңдессіз ақылына таңғалдым. Отаншыл жүрегіне бас идім. Адалдығы үшін ардақтадым. Қанағатты серік еткен жан дүниесін риясыз көңіліммен құрмет тұттым» [6]. Аударма түсінікті әрі көркем тілмен жасалған. Бұдан басқа Гете, Т. Шевченко, О. Сүлейменов, А. Кузнецов т.б. тәржімалаған.

А. Егуебаевтың әдеби шығармашылығы мен аудармалары жайлы кезінде Т. Кәкішев, С. Негимов, Ә. Әлібекұлы, Ә. Дәулетханов т.б. пікірлер айтқан.

1989 жылы С. Аксенова-Штейнгрудт А. Егеубаевтың шығармаларын орыс тіліне аударып оны «Движение: стихи, поэма» деген атпен «Жазушы» баспасынан шығарды. Көлемі - 126 бет.

Белгілі аударматанушы Т. Әлімқұлов: «Аударма үстінде шабыттанбаған, бейнетіне рахаттанбаған, жүректің қанымен жазбаған адам ана тілде ұзақ жасайтын дүние тудыра алмайды. Сонымен бірге, поэтикалық шығарманы сөзбе-сөз, жолма-жол аудармай, тұтас алып аудару керек. Ойдың, сезімнің, образ жүйесінің жиынтығы сомдалып шығуға аудармашының қанынан қайнап шығу керек. Аудармашыны актерге ұқсас деген сөз менің көкейіме қонбайды. Аудармашы-автор», - деп айтқандай аудармашы өзі аударатын елдің мәдениетін, тарихын т.б. білуі шарт. Келешекте екі тілді жетік меңгерген билингвист аудармашылардың осындай қателіктерді болдырмайды деген үміттеміз.

Біз осы мақаламызда аудармашының қандай аудармалар жасады, кімдерден аударды, аудармашылардың сәтті-сәтсіз аударуына назар аударарда аудара теориясын оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерінің бірі - жүзім кластерлеріне сүйендік, жеке-жеке кластерлік сұрақтарға жауап іздедік, аудармаларын талдаудың әдіс-тәсілдері т.б. мәселелерге ғана тоқталып өттік. Аудармашы мен еңбек арасындағы кластерлік байланысты арқау ете отырып, аудармашының айқын мақсатсыз сапалы аударға жете алмайтынын сөз еттік. Әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, жүзім дәндері сияқты сатылай талдау арқылы аударманың теориялық мәселелеріне тоқталуға болады. **Case-study** әдісі бұл- таңдау мен шешім шығару дағдыларын қалыптастырушы жаңа технологияны қолдайтын тиімді әдіс. Мұнда аударматануда пәнаралық байланыс айқындалады, аналитикалық ойлау жүйесі талданады, шешім қабылдай білу дағдысы қарастырылады, баламалық (альтернативалы) шешімдерге мүмкіндік беріледі. Болашақ аудармашылар С. Аксенова-Штейнгрудтың аудармашылық еңбегін, соның ішінде қазақ ақындарының шығармаларын орыс тіліне аударудағы игілікті де жауапты әрі қиын жұмысының қыр-сырын, кемшіліктері мен жетістіктерін жіті зерттеп, әділ бағасын беретіндігіне сеніміміз мол.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Почуять ускользающую вечность.//Еврейский образователь. № 08/248 .08. 2013
2. На доме Мориса Симашко установлена мемориальная доска.//jewishkz.com.18 Март 2015.
3. www.ikitap.kz. Сәрсенбі, 08 Шілде 2015
4. Али Нысаналин. «Мәуе». Өлеңдер жинағы. - Алматы : Жазушы, 1990. - 256.
5. Дорог небесных вехи. Независимый Казахстан: Антология современной литературы в трёх томах. Поэзия. Том III. — М.: Художественная литература, 2013. — 464 с
6. Мәңгілік кітап. Егемен Қазақстан газеті. 2016 жыл 28 қыркүйек.

**ӘОЖ 811.581′362**

**Қалибекұлы Толқын,**
филология ғылымдарының кандидаты, профессор,
Шығыс тілдерінің аудармасы кафедрасы,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
e-mail: tolkyn.kalibek@mail.ru

**Тұрсынәліқызы Жазира,**
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Шығыс тілдерінің аудармасы кафедрасы,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
e-mail: jazen_25@hotmail.com

# ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ЖАЙ СӨЙЛЕМНІҢ КЕЙБІР ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Аңдатпа.** Мақалада сөйлем теориясы, сөйлемге тән грамматикалық белгілер қарастырылған. Қытай тіл біліміндегі сөйлемді құрылымдық, семантикалық және функционалдық аспектіде зерттеудің тарихына шолу жасалып, соның негізінде қытай тіліндегі синтаксистік құрылымдарды сөйлем деп танудағы қиындықтар және оның себептері көрсетілген.

**Түйін сөздер**: сөйлем, синтаксистік бірлік, қытай тілі, қазақ тілі, предикативтілік, интонация.

**Резюме**. В статье рассматриваются теория предложения и грамматические особенности предложения. Проведен обзор истории изучения предложений на китайском языке в структурном, семантическом и функциональном аспектах, что показывает трудности в распознавании синтаксических структур в китайском языке как предложения и их причины.

**Ключевые слова:** предложение, синтаксическая единица, китайский язык, казахский язык, предикативность, интонация.

**Abstract.** The article discusses the theory of sentences, grammatical features characteristic of sentences. In the structural, semantic and functional aspect of the sentence in Chinese linguistics, a review of the history of the study was conducted, on the basis of which the problems and reasons for the recognition of syntactic structures in the Chinese language were described.

**Key words:** Sentence, syntactic unit, Chinese language, Kazakh language, predicativity, intonation.

Тілдің басты қызметінің бірі – адамдар арасында өзара пікір алмасу, қарым-қатынас жасаудың құралы болу қызметін атқаруы. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым Ахмет Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда “Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау” [1, 141 б.]. Тілдің бұл қызметі сөйлеуден көрініп, басты коммуникативтік бірлік сөйлем болып табылады.

Тіл білімінде сөйлемге беріліп жүрген анықтамалар аз емес және сөйлем табиғатын түсіндірудегі бірізділіктің болмауы нысанның (сөйлемнің) қай қырынан алып қарастырылуына байланысты болып келеді. Бір анықтамада сөйлемнің мәні логикамен байланысты айқындалса, енді бір анықтамада сөйлемнің табиғаты лингвистиканың шеңберінде қарастырылу арқылы түсіндіріледі.

Синтаксистің басты зерттеу нысаны болып табылатын сөйлемді зерттеудің бірнеше аспектісі бар. Біріншісі – сөйлемді қатынас құралы болу тұрғысынан қарастыру. Сөйлемді мұндай қатысымдық (коммуникативтік) құрылым ыңғайында зерттеушілер актуалды мүшелердің, яғни тема мен реманың арақатынасына назар аударады. Екіншісі – сөйлемді құрылымдық аспектіден қарастыру. Үшіншісі – сөйлемді мағыналық құрылысы жағынан сипаттау. Дәлірек айтқанда, сөйлемнің құрылысы мен мағынасын бірге қарастыру [2, 7 б.].

Сөйлем синтаксисін зерттеуші ғалымдардың қай-қайсысы да сөйлем құрылымына байланысты осы үш аспектіні жоққа шығармайды. Таратып айтар болсақ:

1) сөйлемнің формалық жағынан ұйымдасуы, яғни предикативтік орталық ыңғайындағы құрылым, оны формалды немесе структуралық деп те атайды;

2) мазмұндық жағынан ұйымдасуы, яғни белгілі бір объективті шындықты білдіру ыңғайындағы құрылым болып табылуы;

3) сөйлем арқылы берілген хабардың белгілі бір қарым-қатынас мақсатына лайық құрылуы, бұл комуникативтік құрылым деп аталады [3, 13–14 бб.].

Қазақ тіл білімінде сөйлем табиғатын анықтауға байланысты айтылған ғылыми пайымдауларға келер болсақ, А. Байтұрсынұлы “Сөйлем дегеніміз – сөздің басын құрастырып, біреу айтқан ой” деген анықтама беріп, тұжырымын былайша жалғастырады: “... ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық даражада түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады” [4, 157 б.]. А. Байтұрсынұлының сөйлемге берген анықтамасында сөйлемге тән болып келетін және сөйлемнің атқаратын қызметіне қатысты мынандай фактор қамтылған: сөйлем ойды жеткізу құралы; сөйлем коммуникативтік бірлік болып табылады, яғни сөйлем “айтушының ойы” және “тыңдаушының ұғуы” тұрғысынан анықталады; сөйлемнің мазмұнының көлемі коммуникативтік мақсатқа қатысты анықталады, яғни тыңдаушы ұғарлық дәрежеде болуы. Басқаша айтқанда ойды жеткізетін сөйлемнің бірнеше сөздер тізбегінен тұратын құрылым да, сөйлемдер тізбегінен тұратын мәтін болып келуі де мүмкін екендігін байқау қиын емес. Бұл айтушының коммуникативтік мақсатына байланысты болып келеді.

Қазақ тіл білімінде бір құрамды және екі құрамды жай сөйлемнің модельдерін жасау жеке зерттеу нысаны ретінде жан-жақты қарастырылған. Бұл орайда Ж. Садуақасовтың “Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдер” (1996) атты еңбегі мен Б. Қайыровтың “Қазақ тіліндегі екі құрамды хабарлы жай сөйлемдердің құрылымдық-мағыналық модельдері” (1999) атты еңбегін ерекше атауға болады. А.Қ. Жұбановтың мәтін мазмұнын формализациалау мен формалды модельдеуге арналған еңбектерін де атап өткен орынды.

Қытай тіл білімінде сөйлемді құрылымдық, семантикалық және функционалдық аспектіде зерттеу өткен ғасырдың 80 жылдарынан басталады. 1981 жылы қытайдың көрнекті тілші ғалымы Ху Юйшудің (Hu Yushu) редакциялығымен шыққан “Қазіргі қытай тілі” атты оқулықта қытай тілі грамматикасы үш аспект теориясымен зерттеліп, алғаш рет “үш аспект теориясы” ортаға қойылды. 1982 жылы Ху Фу (Hu Fu) мен Уын Лян (Wen Lian) “Сөйлемді талдау туралы” атты ғылыми мақаласында “үш аспект теориясымен” қытай тіліндегі сөздердің орын тәртібі, көмекші сөздер, бастауыш, сөйлемнің оңашаланған мүшелері, және т.б. тілдік құбылыстарды құрылымдық, семантикалық және функционалдық аспектіде қарастырған. Фан Шяудың (Fan Xiao) редакциялығымен шыққан “Қытай тіліндегі сөйлемнің түрлері” (1998) атты ұжымдық еңбек – сөйлемді үш аспект теориясы негізінде жан-жақты сипаттаған алғашқы ғылыми еңбектердің бірі болып табылады. Ал сөйлемді модельдеуге арналған еңбектердің ішінен Ли Ляндіңнің (Li Lianding) “Қазіргі қытай тіліндегі сөйлемнің модельдері” (2011) атты монографиясын ерекше атап өткен жөн.

Жалпы тіл білімінде сөйлемді сөйлем деп танытатын негізгі грамматикалық белгілерге предикативтілік, модалділік және интонацияны жатқызады.

Предикативтілік сөйлемнің негізгі ұйымдастырушы тірегі бастауыш пен баяндауыштың арасындағы синтаксистік байланыс ретінде түсініледі. Профессор Т. Сайрамбаев сөйлемнің негізгі белгісі туралы ғылымдарының пікірлерін саралай келе, предикативтілікке жақ, шақ мәселесі негіз болып, осы екеуі арқылы предикативтік жүзеге асырылатындығын көрсетсе, модальділік белгісінің рай категориясы, модаль сөздер, демеуліктермен іске асырылатындығына тоқталады [3, 5–6 бб.].

Профессор Р. Әміров бастауыш пен баяндауыштың арасындағы қатынасты предикативтілік қатынас деп атайды. Тілде осы предикативтілік қатынасты танытатын грамматикалық формалардың болатындығына тоқталады, олардың бірнешеу және бәріде баяндауыш мүшенің құрамынан орын алатындығын атай отырып, шақтық тұлға мен жақтық тұлғаға қоса, рай тұлғасын да көрсетеді [5, 50–51 бб.].

Предикативтілік екі құрамды сөйлемдерде толық, бір құрамды сөйлемдерде жартылай, көрінеді. Егер предикативтілікті бастауыш пен баяндауыштың қатынасы ден түсінсек, онда ол сөйлемнің барлық типтік түрлерін толық қамти алмайды.

Предикативтілік – сөйлемнің функционалдық ерекшелігін танытатын синтаксистік катергория, хабарды шындаққа қатысты етіп, сол арқылы сөйлемді единица ретінде қалыптастыратын сөйлемнің ең басты, шешуші белгісі. Міне, бұдан предикативтіліктің сөйлемнің жоғарыда айтылған үш түрлі сипатымен де тығыз байланысты, сол құрылымдық сипаттарды анықтайтын белгі екенін байқауға болады. Сондықтан сөйлем предикативтілігі жөнінде ғалымдардың көзқарасымен түсініктері де олардың алған бағыттарына қарай ерекшеленіп жатады. Нақтырақ айтқанда, предикативтілік сөйлемді формалдық (структуралық) тұрғыда қарайтындар үшін – бастауыш пен баяндауыштың немесе синтаксистік бас мүшелердің қатынасы (байланысы), сөйлемді семантикалық құрылым тұрғысынан қарайтындар үшін – логикалық немесе бас мүшелер деп есептелетін субъект пен предикаттың қатынасы, ал коммуникативтік құрылым ыңғайына

зерттеушілер үшін – сөйленім (высказывание) мүшелерінің – тема мен реманың (актуалдық мүшелердің) қатынасы болып табылады.

Қытай тіл білімінде сөйлем жан-жақты қарастырылған деп айтуға болады. Қазақ тілімен салыстырғанда қытай тіліндегі сөйлемге тән басты белгілер, сөйлемнің жасалу жолдары мен түрлерге бөлуде айтарлықтай айырмашылықтар бар.

Ең алдымен, мұны қытай тілінің өзіндік ерекшелігі болып табылатын ондағы сөз түрлендіруші формалардың тапшылығымен, сөйлемде сөздердің орын тәртібі мен көмекші сөздердің грамматикалық мағыналарды білдіретін басты тәсілдердің қатарына жататындығымен байланыстыруға болады.

Қытай тілінде сөйлемге берілген анықтамаларда сөйлемге тән мынандай басты белгілер негізге алынып жүр:

1) сөйлем белгілі бір синтаксистік заңдылықтар арқылы құралған сөздер тізбегі;

2) сөйлем біршама тиянақты ойды білдіреді;

3) сөйлемде міндетті түрде өзіне тән интонация болу керек;

4) сөйлем мен сөйлемнің арасында кідіріс болады.

Қытайдың көрнекті тілші ғалымдары Хуаң Боруң (Huang Borong) мен Ляу Шуйдоң (Liao Xudong) сөйлемге мынадай анықтама береді: “Сөйлем – тиянақты интонациямен айтылатын, біршама тиянақты ойды білдіретін тілдік бірлік” [6, 5 б.].

“Shiyong Duiwai Hanyu Yufa” атты педагогикалық грамматикада сөйлемге берілген анықтамада мынадай мазмұндар қамтылған: “Сөйлемнің алдында немесе артында айтарлықтай кідіріс болады, тиянақты интонациямен айтылады, біршама толық мағынаны білдіретін дыбыс пен мағынаның бірлігінен түратын тіркесім, ең үлкен грамматикалық бірлік, бір сөйлем аяқталған соң айтарлықтай кідіріс жасалады, жазуда нүкте (。), сұрақ белгісі (?) немесе леп белгісі (!) қойылады.” [7, 4 б.].

Т. Қалибекұлының “Қазіргі қытай тілінің грамматикасы (синтаксис)” атты оқу құралында сөйлемге мынадай анықтама берілген: “Сөйлем – коммуникативтік бірлік. Сөйлем сөз немесе сөз тіркестерінен құралған, белгілі бір интонацияға ие, біршама аяқталған ойды білдіретін тілдік бірлік” [8, 35 б.].

Қытай тілінде сөйлемдегі есімдік немесе зат есімнен жасалған бастауыш пен толықтауыштың орнын ауыстырса, бүтіндей сөйлемнің мағынасы өзгеріп кетеді. Мысалы, 他认识我 [Ta Renshi wo]. *Ол мені таниды (сөзбе-сөз: ол тану мен)* деген сөйлемнің құрамындағы 他 (*ол*) сөзі – бастауыш, ал 我认识他 [Wo Renshi ta]. *Мен оны танимын* (*сөзбе-сөз: мен тану ол*) деген сөйлемнің құрамында 他 (*ол*) сөзі толықтауыш болып тұр. Қазақ тілінде *Мен оны танимын* деген сөйлемді *Оны мен танимын* деп орнын ауыстырып айтсақ, мағынаға айтарлықтай нұқсан келмейді.

Қытай тілінде сөйлемдегі сөздердің орындарын ауыстырғанда, сөйлем мағынасының өзгеріске ұшырауының басты себебі: қытай тілінде сөз түрлендіруші формалардың тапшылығынан немесе септік жалғауларының жоқтығынан деп айтуға болады.

Қытай тілінде көмекші сөздер арқылы немесе көмекші сөздерсіз білдірілетін грамматикалық қатынастар мен грамматикалық мағыналар да бірдей болмайды. Мысалы, 说话shuo hua (*сөйлеу, сөз сөйлеу*) деген көмекші сөздерсіз тіркескен сөз тіркесі толықтауыштық қатынасты білдірсе, 说的话shuo de hua (*айтар сөз, айтатын сөз*) деген сөз тіркесіне көмекші сөз, яғни 的 құрылымдық шылауы жалғанғандықтан, анықтауыштық қатынасқа өзгереді.

1956 жылы жасалған “Уақытша жасалған қытай тілінің мектеп грамматикасы жүйесінде” кеңестік тіл білімінің әсерімен қытай тіліндегі жай сөйлемдер қос құрамды және бір құрамды сөйлемдер деп бөлінген. 1984 жылы жасалған “Мектеп бағдарламасында” қытай тілінің грамматикалық ерекшеліктері ескеріліп, жай сөйлемдер бастауыш-баяндауыш құрылымды (主谓句), бастауыш-баяндауыш құрылымды емес сөйлемдер (非主谓句) деп жіктелген.

Бастауыш пен баяндауыштан құралған сөйлем бастауыш-баяндауыш құрылымды деп аталады. Бұл сөйлем баяндауыштың сипатына, яғни баяндауыштың қандай сөз табынан болуына қарай есім баяндауышты (名词谓语句), етістік баяндауышты (动词谓语句), сын есім баяндауышты (形容词谓语句) және баяндауышы бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінен жасалған сөйлемдер (主

谓谓语句) болып 4 түрге бөлінеді. Қазіргі кезде қытай тіл білімінде “қос құрамды сөйлем” және “бір құрамды сөйлем” деген терминдер қолданыстан қалған.

Қытай тілінде баяндауышы бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінен жасалған сөйлемнің болуы қазақ тілімен салыстырғанда, өте маңызды ерекшеліктердің бірі болып саналады. Қытай тілінде қалыптасқан дәстүр бойынша сөйлем мүшелері бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш және толықтырғыш болдып 6 түрге бөлінеді. Бастауыш, баяндауыш және толықтауыштар сөйлемнің негізгі мүшелері (яғни тұрлаулы мүшелер), ал анықтауыш, пысықтауыш және толықтырғыштар сөйлемнің қосалқы мүшелері (яғни тұрлаусыз мүшелер) деп аталады.

Қытай тілінде сөздің, сөз тіркесінің және жай сөйлемнің құрылымы, негізінен, ұқсас болып келеді. Мысалы, 地震 [dizhen] *жер сілкіну* деген сөз де, 身体好 [shenti hao] *денсаулығы жақсы* (сөзбе-сөз: *денсаулық жақсы* ) деген сөз тіркесі де, 老师来了 [Laoshi lai le] *Мұғалім келді* деген сөйлем де бастауыш-баяндауыштық байланыс арқылы жасалған.

Қытай тілінде сөйлемнің құрамындағы баяндауыштың жақтық, шақтық және рай сияқты грамматикалық формалары болмайды, сондықтан бастауыш пен баяндауыш тек орын тәртібі арқылы байланысады. Қытай тілінде сөйлемді сөйлем деп танытатын негізгі грамматикалық белгі – интонация.

Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі сөз түрлендіруші формалары өте аз қытай тіліне тән елеулі өзгешелік болып табылады. Қытай тіліндегі бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің құрамындағы сыңарлар бір-бірімен тек орын тәртібі арқылы байланысады. Бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінің соңынан келетін демеуліктер қосылып айтылса немесе сөйлемге тән тиянақты интоноциямен айтылса, бастауыш-баяндауыш құрылым сөйлемге айналады. Ал сөз түрлендіруші формаларға бай тілдерде, мысалы, қазақ тілінде бастауыш-баяндауышты конструкцияның (субъектілік-предикаттық қатынастағы тіркестің) құрамындағы баяндауыштың, әсіресе, етістіктердің жақтық, шақтық, көптік және рай сияқты грамматикалық формалары болғандықтан, тұтас конструкция сөйлемдік қасиетке ие болады да, сөз тіркесі болмайды.

Қытай тілінің дәстүрлі грамматикасында жай сөйлемдер ең алдымен бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлем және бастауыш-баяндауыш құрылымды емес сөйлем болып екі үлкен топқа бөлінеді. Бастауыш пен баяндауыштан құралған сөйлем бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлем деп аталады. Бұл сөйлем баяндауыштың қандай сөз табынан болуына қарай есім баяндауышты, етістік баяндауышты, сын есім баяндауышты және баяндауышы бастауыш-баяндауышты сөз тіркесінен жасалған сөйлемдер болып төрт түрге бөлінеді. Жай сөйлемнің ішінде бастауыш пен баяндауышты тауып алуға болмайтын сөйлемдер бастауыш-баяндауыш құрылымды емес сөйлемдер деп аталады. Бұл сөйлемдер бастауыш-баяндауышты тіркестерден басқа сөз тіркестерінен, я жалаң сөздерден жасалады. Бұл сөйлемдер екі түрге бөлінеді. Бірі – жақсыз сөйлем, екіншісі – атаулы сөйлем.

Қорыта айтқанда, “…тілдің грамматикалық құрылымы айқын ұлттық сипатқа ие, сондықтан әр тілдегі сөз тіркестері түрлі-түрлі топтастырылады. Мысалы, бастауыш-баяндауышты сөз тіркесі (предикативтік сөз тіркесі) мен толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі (баяндауыш-толықтырғышты сөз тіркесі) негізінен сөз түрлендіруші формалары өте аз тілдердің бірі – қытай тілінің табиғатына тән құбылыс” [9, 289 б.].

Қазақ тілінде сөздердің орын тәртібі жылжымалы сипатқа ие болғанымен, сөздердің орын тәртібі барлық жағдайда өзгере бермейді. Қазақ тілінде жалғаулықсыз орын тәртібі арқылы қабыса байланысқан сөз тіркесінің байланысы берік болады. Ал қытай тілінде синтаксистік құрылымдағы сөздердің орындарының өзгеріске түсуі оның байланысу тәсілі мен мағынасын өзгертеді. Қытай тілінде бастауыш-баяндауышты тізбектің құрамындағы баяндауыштардың жақтық, шақтық және рай сияқты грамматикалық формалары болмайды. Бастауыш-баяндауышты тізбек сөйлемге тән тиянақты интонациямен айтылса немесе сөйлемнің соңынан келетін демеуліктер қосылып айтылса, бастауыш-баяндауыш құрылымды сөйлемге айналады. Қытай тілінде сөйлемді сөйлем деп танытатын негізгі грамматикалық белгі интонация болып табылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зеттеулер. –Алматы: Жазушы, 1989. –320 б.
2. Арват Н.Н. Семантическая структура простого предложения в современном русском языке. – Киев: Вища школа, 1984. –160 с.

3. Сайрамбаев Т. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. –Алматы: Қазақ университеті, 1991. –168 б.
4. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы: Абзал-Ай, 2013. –640 б.
5. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі . –Алматы: Мектеп, 1983. – 168 б.
6. Huang Borong, Liao Xudong. Xiandai Hanyu (2). –Beijing: Gaodeng Jiaoyu Chubanshe, 1997. – 309 p.
7. Hu Peian. Shiyong Duiwai Hanyu Yufa. –Wuhan: Huazhong Keji Daxue, 2011. –263 p.
8. Қалибекұлы Т. Қазіргі қытай тілінің грамматикасы (синтаксис). –Алматы: Мерей, 2018. – 218 б.
9. Қалибекұлы Т. Қытай тіл біліміндегі толықтырғыш пен толықтырғыштық қатынастағы сөз тіркесі//Қазақстанның ғылымы мен өмірі. 2019. – №9/2. –283–289 бб.

**УДК 81’1 – 027.21**

**Қалыбаева Айгуль Жакыповна,**
Гуманитарлық ғылымдарының магистрі, оқытушы,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

**Магзымова Жанат Салауатовна,**
Гуманитарлық ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

# АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ СҰЛУЛЫҚ ҰҒЫМЫНА ҚАТЫСТЫ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕР МЕН ТЕҢЕУЛЕРДІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Аннотация:** Бұл мақалада ағылшын және қазақ тілдеріндегі сұлулық ұғымына қатысты фразеологиялық бірліктер мен теңеулердің лексика-семантикалық ерекшеліктері салыстырмалы түрде қарастырылады.

**Кілт сөздер:** теңеу, сұлулық ұғымы, фразеологиялық бірліктер, ағылшын тілі, қазақ тілі.

**Аннотация:** В данной статье рассматриваются лексико-семантические особенности фразеологических единиц и сравнений по понятию красоты в английском и казахском языках.

**Ключевые слова:** сравнение, понятие красота, фразеологические единицы, английский язык, казахский язык.

**Annotation:** This article discusses the lexical and semantic features of phraseological units and comparisons on the concept of beauty in the English and Kazakh languages.

**Key words:** simile, the notion of beauty, phraseological units, the English language, the Kazakh language.

## Кіріспе

Лингвомәдениеттану бағытының негізгі мақсаты – алдыңғы ұрпақтың ғасырлар бойы жинақтаған рухани және материалдық мәдениетінің жетістіктері мен тәжірибелерін, ұлт өркениетіне қатысты ақиқат белгілерін таңбалайтын тұрақты тілдік бірліктерді зерттеу.

Қазақ тіл білімінде «қазіргі лингвистиканың құрылымдық, яғни тілді өз жүйесі ішінде ғана зерттеу парадигмасының антропоцентристік қағида негізінде – сол тілдің иесі болып табылатын адаммен, оның (тілдің) функционалды қолданыс табатын әлеуметтік орта, тарих, мәдениет пен танымдық үрдіспен байланыстыра қарайтын зерттеулердің нәтижесі болып табылар соңғы он жыл көлемінде тіл мен мәдениеттің өзара байланыс тетіктері мен жалпы ұлттық дүниетаным, ұлттық мәдениеттің тілдегі көрінісін зерттейтін лингвомәдениеттану ғылымы пайда болды», – деп айтуға толық негіз бар [25; 27]. Тілді лингвомәдени бағытта қарастырудың кешенді сипаты мен ғылымиаралық сабақтастығын атап өткен жөн. Атап айтқанда, зерттеу барысында этнография, тарих, мәдениет, салт-дәстүр, өнер, космонимия, т.б. ғылымдарының деректері де тиімді пайдаланылады.

Осы саладағы жалпы тіл білімінің теориялық тұжырымдары мен қазақ тіл біліміндегі нақты деректер негізіндегі зерттеулердің нәтижелері лингвомәдениеттанудың маңызды да айқын тұжырымдары мен қағидаларын қалыптастырды. Нақты түрде айтсақ, лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан алғанда, тіл тек қарым-қатынас және танымдық қызмет атқаратын құрал ғана емес, сондай-ақ *ұғым – тіл – мәдениет* жиынтығынан құралатын, тұтас дүние жөніндегі мол мағлұмат беретін ұлттық мәдени код, қор, мәдени ақпарат көзі ретінде танылады. Себебі, адамға рухани, интеллектуалдық, әлеуметтік мүмкіндіктерден туындайтын аса мол алуан түрлі ақпарат тілдік арналар арқылы беріледі. Санадағы бұл ақпараттар *концепт* немесе *ұғым* арқылы түйінделеді. Осыған орай, *ұғым* белгілі бір объектінің ең мәнді белгілерін көрсететін сананың нәтижесі болса, *концепт* объектінің ең мәнді белгілерімен қатар, мәнді емес белгілерін де қамтитыны жоғарыда аталған зерттеулерде дәлелденген.

## Негізгі бөлім

Ұлттық атаулардың жасалуының бір жолы, ұғымды берудің көркемдік амалы – ұқсату. Ол күнделікті өмірде, тұрмыстық тәжірибеде қалыптасады. Себебі, адамдардың табиғаттағы әртүрлі құбылыстарды бақылап салыстыруы, оны өз іс-әрекетімен, тәжірибесімен салыстыруы,

ассоциациялық бейнелер түрінде әртүрлі нәрселердің ұқсас жақтарын табуы, солардың негізінде танымын кеңейтуі осы қасиетке негізделеді. Мысалы, қазақ тіліндегі *«құндыз»* сөзі жағымды коннотацияға ие. Көздің жауын алатын әдемі, екінің бірінің қолына түсе бермейтін бағалы терісі үшін «байлық, барлық, сұлулық, бақуаттылықты» білдіреді. Қазақтың қызын *«Аспандағы жұлдызым, жағадағы құндызым»* деп еркелетуі, оған *Құндыз* есімін беруі тегін емес. Ал оның орыс тіліндегі баламасы *«выдра»* сөзі орыс лингвомәдени жүйесінде *«күйгелектік, қатыгездік»* мінезінің символы ретінде жұмсалып, «арық, ұсқынсыз әйелмен» ассоциацияланады. Сондай-ақ *«қызғалдақ»* сөзі де қазақтар үшін бай лингвомәдени мәнге ие. Сирек өсімдік ретінде Қызыл кітапқа енген қызғалдақ кез-келген жерде өсе бермейді. Биік жерде өсетін қызғалдақтың бүр жарып ашылуын, жайқалып өсуінің өзіндік мәні, кезеңі бар. Оның басқа гүлдерге ұқсай қоймайтын ерекшелігін қазақ даласында өскен бала ғана біледі. Қызғалдақтың Отаны көп айтылып жүрген Голландия емес, Қазақстан деген де болжам бар. Көбінесе қыз сұлулығының, қайта айналып келмейтін жастық шақтың символы ретінде қолданылады. *Қыз дегенің - өмірдің **қызғалдағы**, Қылықтылар аз ба екен қыздан-дағы?..* (И. Сапарбай. Ғашықтың тілі.); *Қырандай тиген кептерге, **Қызғалдақ-ғұмыр**, бозбала-ай!* (М. Мақатаев. Аманат).

Ал орыс мәдениетінде *«тюльпан»* сөзі ешқандай лингвомәдени мәнге ие емес. Сонымен қатар орыс тіліндегі *«калина»* сөзі ауыр әйел тағдырын білдіріп, жауапсыз махаббатпен ассоциацияланса (В. Шукшиннің «Калина красная» әңгімесінің желісімен түсірілген аттас фильмді еске түсіріңіз), ал оның қазақ тіліндегі баламасы *«шәңгіш»* сөзі лингвомәдени тұрғыда бейтарап, нольдік мәнге ие.

Осыған орай, біздің ойымызша, қазақ тіл біліміндегі *«шаңырақ», «тары», «от», «қамшы»* т.б. концептілер ұлттық мәдени константалар ретінде танылған ұғымдар А. Ислам, Н. Уәли, Б. Ақбердиева, М. Күштаева т.б. еңбектерінде лингвомәдениеттанымдық бағытта зерттеліп, дәлелденген.

Әр тіл – өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Осындай мазмұнды құрылымына сәйкес ол жай таңбалық жүйе емес, ол – мәдениеттің көрсеткіші. Сондықтан оны құрылымдық лингвистика деңгейінде зерттесек, үлкен нәтиже ала алмаймыз. Себебі, бұнда тілдің қызметі тек коммуникативтік емес, этномәдени ақпараттарды сақтаушы, жеткізуші, келесі ұрпаққа жалғастырушы, бүтін тұтастық болып танылады.

**Психолингвистикалық бағыт** бойынша адамның белгілі бір ұғымды қалай қабылдайтынын, сол ұғымды танытуда санадағы ақпараттарын қалай қолданатынын анықтауға болады. Адам сыртқы дүниені, сырттан қабылданған дүниені өзінің ассоциативтік қабылдау қабілеттері арқылы (сезім мүшелері арқылы) таныта алады және автоматты түрде жиі қайталанудан дағдылы түсінікке айналған стереотиптер арқылы таныта алады. Ал әрбір халықтың немесе ұлттың, әлеуметтік топтың не болмаса әрбір адамның өзіндік таныту ассоциациясы, стереотиптері болады. Психолингвистикада сонымен қатар салғастырмалы әдіске сүйене отырып, әрбір ұлттың аффективті тіл бірліктерін, эмоционалды ұғымдарын, тіліндегі экспрессивтік ерекшеліктерін нақтылап көрсетуге болады. Әрбір ұлттың өзіне сөйлеу мәдениетіндегі, жалпы қарым-қатынасындағы адам психикасының деңгейін, адамның психикалық қабілеттерін, мінез-құлық ерекшеліктерін (ұстамдылық, күйгелектік, намысқойлық, қызуқандылық) т.б. айқын көрсетуге болады.

Зерттеуші В.А. Маслова *концептілерді жеке тұлғалық концептілер, адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты концептілер, жалпыұлттық концептілер* деп бөлсе, Р.М. Фрумкина тілдік жүйедегі концептілерді *әмбебап концептілер және ұлттық-мәдени мәнге ие концептілер* деп ажыратады. Осыған орай **«сұлулық»** *ұғымының* тілдік көрінісінің кейбір қырларын сипаттауға тырыстық.

**An aquiline nose –** құс мұрын**. Ex:** *He was tall, swarthy, clean-shaven, with splendid dark eyes, **an aquiline nose,** and raven black, wavy hair. (Somerset Maugham. The Razor's Edge. Ch. 5). Софидің корсикалық досы ұзын бойлы, әдемі қара көзді, толқын қара шашты, құс мұрынды, сақал-мұртын тап-тақыр қып тастаған қараторы жігіт екен.*

**Beauty and folly are old companions** – Сұлу мен санасыз ежелгі достар.

**Beauty dies and fades away, but ugly holds its own –** Сұлу қыздың әр тайып, оңар кезі болады.

**Beauty is in the eyes of the gazer –** Сұлу – сұлу емес, сүйген – сұлу.

**Beauty is only but skin deep –** Сырты жалтырауық, іші қалтырауық.

**A nancy boy/ a pancy boy –** қыздай сызылып, майысып қалған ұл бала. **Ex:** *Uncle Vernon and Aunt Petunia had managed to find excuses for his bad marks as usual; Aunt Petunia always insisted that Dudley was a very gifted boy whose teachers didn't understand him, while Uncle Vernon maintained that 'he didn't want some swotty little* ***nancy boy*** *for a son anyway'. They also skated over the accusations of bullying in the report - 'He's a boisterious little boy, but he wouldn't hurt a fly!' said Aunt Petunia tearfully. J.K. Rowling. Harry Potter and The Goblet of Fire. Ch. 3. Invitation. Вернон ағай мен Петуния апай әдеттегідей Дадлидің табеліндегі нашар бағаларды ақтап алды; Петуния апай Дадлиді мұғалімдер бағалай алмай жүрген өте талантты бала санайды: Вернон ағай оған "сабақты судыратып жаттап алатын* ***қыз тәріздес сызылып қалған баланың****", - керегі жоқ екенін айтады. Олар ,сондай-ақ, күнделіктегі Дадлиді сынай мінездеген ескертпеге шүйілді. Дадли бір орнында отыра алмайтын тынышсыздау болғанымен "қой аузынан шөп алмайтын момын бала ғой", - деді Петуния апай жыламсырап.*

**One's ewe lamb-**қоңыр қошақаны, жан дегенде жалғызы. **Ex:** *Jane, I never meant to wound you thus, if the man who had but one little* ***ewe lamb*** *that was dear to him as a daughter, that ate of his bread and drank of his cup, and lay in his bosom, had by some mistake slaughtered it at the shambles, he would not have rued his bloody blunder more than I now rue mine. Charlotte Bronte. Jane Eyre. Ch. 27. Джейн, менде сізді қорлайын деген ой болған жоқ. Егер бұл дүниеде туған қызындай қымбат, оның нанын жеп, суын ішкен, кеудесіне басын қойып ұйықтаған* ***жалғыз қоңыр қошақанын*** *кездейсоқ өлтіріп алған адам болса, оны дәл мендей жоқтап жылаған ешкім жоқ.*

**Fine feathers make fine birds –** сұлулық адамның киген киіміне көп байланысты.

**Halcyon days –** қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман, яғни бейбіт өмір, мамыражай тіршілік**. Ex:** *'No it's a lovely day. Look- there are people on the sidewalk down there without topcoats'. He struggled with the window fastenings: they were stiff, because seldom used, but eventually he got a pane open. Sweet fresh air gently billowed the net drapes. Arthur Kingfisher took deep breaths down into his lungs. 'Hey, how d'you like this? The air is like wine. Come over here and breathe'. Song me came to his side and he put his arm round her. 'You know something? It's like the* ***halcyon days'.*** *- Бүгін күн тамаша боп тұр. Қарашы, кейбіреулер пальтосыз жүр, - Артур терезенің тұтқасын тартып-тартып қалды: сирек қолданылғандықтан рамасы қатып қалған екен, біраз жұлқылағаннан кейін ашылып кетті. Тәтті таза ауа пердені сәл ғана желпіді. Артур Кингфишер ауаны сіміре жұтты. - Бал шараптай. Бері келші, сен де демалшы мына ауамен. – Соң ми Артурдың жанына келіп еді, Артур қыздың белін қолымен орап алды. – Бірдеңе айтайын ба? Бұл күнді* ***қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған күн*** *деуге болады.*

**Handsome is that handsome does –** Тәні сұлу – сұлу емес, жаны сұлу – сұлу. **Ex:** *After he had gone and they were alone in their bedroom Mr. and Mrs. Carter talked him over. ' He is handsome, you can't deny that, 'she said. '****Handsome is as handsome does.*** *D' you think he is after her money?' Somerset Maugham. Episode Жігіт кеткен соң мистер мен миссис Картер ол туралы әңгіме қозғады. Ол сымбатты жігіт, мойындау керек, - деді миссис Картер.*

***Тәні сұлу –сұлу емес, жаны сұлу- сұлу.*** *Ол қызымыздың ақшасына қызығып жүрген жоқ па екен?*

**Look like a million bucks/ look like a million dollars –** өте әдемі көрінеді, өте сәнді көрінеді. **Ex:**

*A: I don't know if it is good, but I followed the recipe.*

*B: It* ***looks like a million bucks.***

*A: Well, you know, you can't eat the look so go on, try it, try it, I want my grade on the taste.*

*A: Дәмі қалай болғанын білмеймін. Әйтеуір, бәрін кітап бойынша әзірледім.*

*B: Көзге* ***өте әдемі*** *көрінеді .*

*A: Әдемілігіне тоймайсың ғой. Жеп көрсеңші. Дәмінің бағасын берші.*

**Milk and roses** - қарға тамған қандай, яғни аққұба жүзді деген мағына. **Ex:** *She was really an extremely pretty little thing, very fair, with enormous blue eyes and a lovely little straight nose. Her skin all* ***milk and roses,*** *was exquisite. Somerset Maugham. The Book-Bag. Оливия үріп ауызға салғандай әдемі еді. Алыңдай сары шашына шарасынан төгілердей боп тұнып қалған көгілдір көздері, пістедей мұрны жарасып-ақ тұр.* ***Қарға тамған қандай*** *бет терісі үлбіреп тұр.*

**Prettiness dies first –** Сұлулық алдымен өледі.

**Prince charming** – арман жігіт, қыз қиялындағы ақылды, сымбатты, қалталы, мейірімді, жомарт жігіт.

**Ex:** *Tilly: I haven't closed myself for once, no, I'm waiting for someone.*

*Jane: Ow,* ***a prince charming?***

*Тилли: Мен еркектен біржола безінген жоқпын. Өз сыңарымды әлі күтіп жүрмін.*
*Джейн:* ***Ақбоз ат мінген армандағы асыл жігітті*** *ме?*
**A wasp waist -** құмырсқа бел, бұраң бел, қыпша бел [26].
**«Сұлулық» концептісі:** *қырдың қызыл түлкісіндей, еліктің лағындай, кер маралдай керілу, қордың қызындай* т.б. **«Түр-кескін» концептісі:** *ботаның көзіндей мөлдіреу, балқып туған толған айдай, домаланған қозыдай сүйкімді, жаңа туған құлындай* т.б.

**Қорытынды**

Келтірілген мысалдардан фразеологиялық бірлік және теңеу бейнесінің негізі ретінде екі тілде әр түрлі мағыналық топтардың құрамына кіретін атаулар қолданылатыны көрінеді. Олардың қолдану аясында әр тілге тән ерекшеліктермен қатар, екі тілге де ортақ белгілері де кездеседі. Бұл айтылған ой фразеологиялық теңеулердің концептілік құрылымы мен коннотативтік мағынасына талдау жүргізу арқылы дәйектеледі.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

25. Елемесова Ш. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары: Ф.ғ.к. дис. Алматы, 2003. 27 б.
26. Кеңесбаева Ү. Ағылшынша-қазақша фразеологиялық сөздік. Астана: «Парасат – KZ баспа үйі», 2010. 727 б.

**Муканова Зайра Айкыновна,**
доцент м.а., ф.ғ.к.,
жалпы тіл білімі және еуропалық тілдер кафедрасы,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
e-mail: mukanova_za@mail.ru

**Әбітаева Шынар Қуанышқызы,**
магистрант,
жалпы тіл білімі және еуропалық тілдер кафедрасы,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
e-mail: abitayeva.shynar@gmail.com

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢА ТЕРМИНДЕР

**Түйіндеме:** Бұл мақалада қарастырылып отырған мәселе жаһандану жағдайындағы жоғарғы білім беру жүйесінде жаңа терминдердің қалыптасуы. Соңғы жиырма жылдықта, еліміздің жоғарғы білім беру жүйесіне жаңалық ретінде енген кредиттік жүйеге қатысты жаңа түсініктер білім беру саласына жаңа терминдер алып келді. Қазір, жоғарғы білім беру орындарында жеке тек сол ортаға тән терминдер қалыптасты. Мақалада осы терминдер, олардың мағынасы және кредиттік жүйе мен терминжасам мәселелері қарастырылады.

**Түйін сөздер:** жаһандану, жоғарғы білім беру орындары, терминдер, кредиттік жүйе, терминжасам.

**Аннотация:** Рассматриваемая в данной статье проблема – становление в условиях глобализации в системе высшего образования новых терминов. Новые концепции, касающиеся кредитной системы, вошедшие в систему высшего образования страны за последние двадцать лет, привели в сферу образования новые термины. Сейчас, в высших учебных заведениях сформировались отдельные термины, характерные только для данной среды. В статье рассматриваются эти термины, их значение и проблемы кредитной системы и терминообразования.

**Ключевые слова:** глобализация, высшие учебные заведения, термины, кредитная система, терминообразование.

**Summary.** The main point of this article is formation of new terms in the higher education system in the conditions of globalization. New concepts that have entered the country's higher education system over the past twenty years regarding the credit system have brought new terms to the field of education. Now, in higher education institutions, certain terms that are specific only to this environment have been formed. The article deals with these terms, their meaning and problems of the credit system and term formation.

**Keywords:** globalization, higher education institutions, terms, credit system, term formation.

## Кіріспе

Соңғы жиырма жылда көптеген дамыған мемлекеттер ұлттық білім беру жүйесін реформалауды жүзеге асыруда. Білім беруді ұлттық экономикадағы бәсекеге қабілеттіліктің маңызды факторына айналдыру үшін білім беру саласына заман талабына сай біршама өзгерістерді енгізу қажеттілігі туындады. Білім беру саласын көркейту жұмысын көптеген мемлекеттер басымырақ мақсат ретінде алдыңғы қатарға қойған болатын. Соның нәтижесінде әлем білім беру саласында біршама даму үрдісіне қол жеткізді. Басқа елдер сиякты, елімізде де білім беру саласы тынымсыз, қызу қызмет үстінде. Отанымыздың әр азаматы үшін білімнің орны асқақ екендігі мәлім. Сондықтан көпшілігімізді толғандыратын мәселелердің бірі, әрі бірегейі – білім саласы. Бүгінде елімізде 100-ден астам жоғарғы білім беру орындары бар. Олардың әрқайсында білім алушылар саны да жетерлік.

## Негізгі бөлім

Бүгінде аты баршаға мәлім «Жаһандану» термині бұл саланы да аттап өткен жоқ. Жаһандану қазіргі қоғамның барлық салаларына тарап, заманауи мәдениеттің дамуына әсер етуде. Осының салдарынан әлемде бірыңғай экономикалық және ақпараттық кеңістік пайда болуда. Жаһандану үрдісінің әсерінен жоғарғы білім беру жүйесінде біршама дамып, заманға ілесіп келе жатырмыз десек те болады. Жаһандану елдердің бір-бірімен қарым-қатынасқа түсуі арқылы жер бетіне тарап, сол қарым-қатынасты одан әрмен дамытып, күшейтетін фактор. XXI ғасырдың басты міндеті: миллиондаған және миллиардтаған адамдардың талпыныстарының өз алдына осьі болып

табылатын, күмәнсіз, өмір сүру сапасын, оның ішінде жеке тұлғаның даму шартын анықтаушы білім беру сапасының артуы. Дәл сол себептен, ғылым мен білім беру жүйесін реформалау мен жаңа сатыға көтеру жаһандану жағдайындағы көптеген мәселелердің шешімін анықтаушы фактор болып табылады [1, 3].

Жаһанданудан бізге жеткен жаңалықтардың бірі – «Кредиттік жүйе». Кредиттік жүйе еліміздің дүниежүзілік білім беру кеңістігіне енуге және білім беру саласын ілгері дамытуға үлкен бір септігін тигізетін, әлемге кеңінен тарап келе жатқан жүйе. Қазақстан Республикасы 2002 жылы кредиттік жүйеге ақырындап көше бастады. Кредиттік жүйеге көшудегі негізгі мақсатымыз – білім беру саласының ахуалын жақсарту мен дамыту, жетілдіру. Мемлекетіміз аталмыш жүйеге көшу арқылы бірнеше есіктерге жол тапты. Қазақстан Республикасы жоғарғы оқу орындарына кредиттік технологияны енгізу себептері: еліміздегі білім беру жүйесін дүниежүзілік стандаратқа келтіру, мамандардың дипломадарының халықаралық деңгейде жарамды болуы, отандық және дүниежүзілік еңбек рыногында біздің мамандарға деген сұраныстың биік деңгейге көтерілуі, біздің студенттердің шетелден білім алуына жағдай туғызу, шет елдермен студенттерді, оқытушыларды, мамандарды академиялық ауыстыруға мүмкіндік жасау. Кредиттік оқыту технологиясы Қазақстанның дүниежүзілік деңгейге көтеріліп, біздің ұлттық білім беру бағдарламамызды халықаралық дәрежеде тануға мүмкіндік береді [2, 95]. Мұндағы аталып өткен оң әсерлерді ескерер болсақ, кредиттік жүйеге көшу еліміздегі жоғарғы білім беру жүйесіне үлкен, әрі тиімді өзгерістер алып келгені рас. ЖОО-ны әлемдік білім беру кеңістігінде интеграциялау мақсатында кредиттік білім беру жүйесіне көшіру мемлекетіміздегі білім беру ісін жаңартудағы үлкен жұмыстың негізгі бөлігі болып табылады [1, 6].

Енді жаһанданудың жаңалықтарына тоқталсақ... Егер жаһанданудың мемлекетіміздегі білім саласына тигізген әсерін қоғамдағы өзгеріс деп қарар болсақ, қоғамдағы орын алып жатқан ірі-ірі өзгерістер өз кезегінде тілімізге әсер етпей қоймайтындығы, жаңа сөздер мен жаңа терминдердің пайда болуына алып келетіндігі белгілі. Бүкіл қоғамдық өмірдің барлық саласында түбірлі өзгерістер болып жатқан қазіргі кезеңде сол өзгерістерге лайықты қызмет етуге, соны айна-қателіксіз, нақпа-нақ білдіруге тиісті құрал – тіл десек, оның ішінде терминологиялық лексиканың жөні мүлде бөлек [3, 10-11]. Сол жаңа сөздер мен терминдер қатарына жоғарғы оқу орындарындарында тілдік қолданыста айтыла бастаған терминдерді жатқызсақ болады. Мысал ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің kaznu.kz ресми сайтында берілген академиялық терминдерге назар салсақ.

*Кесте*

| | | |
|---|---|---|
| Ақпараттық-білім беру порталы | Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы | Дәреже |
| Ақпараттық-білім беру ресурстары | Академиялық күнтізбе | Мемлекеттік емтихан комиссиясы |
| Зерттеу практикасы | Академиялық қарыз | Академиялық мәселелер жөніндегі департамент |
| Инклюзивті білім беру | Академиялық кезең | Дескрипторлар |
| Қорытынды аттестаттау | Білім алуышының академиялық рейтингі | Дипломдық жұмыс(жоба) |
| Қорытынды бақылау | Академиялық еркіндік | Қашықтықтан білім беру технологиясы |
| Пәндер каталогы | Академиялық кредит | Докторантура |
| Таңдау компоненті | Академиялық сағат | Философия докторы(PhD) |
| Құзіреттілік | Белсенді үлестірме материалдар | Бейіні бойынша доктор |
| Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау | Аппеляция | Оқытудың қосымша түрлері |
| Кредиттік оқыту технологиясы | Практика базалары | Докторлық диссертицая |
| Кредиттік ұтқырлық | Бакалавриат | Шетелдік ғылыми тағылымдама |
| Куратор | Бакалавр | Бітіру жұмысын қорғау |
| Жазғы семестр | ЖОО конпоненті | Жеке білім беру траекториясы |

| | | |
|---|---|---|
| Магистратура | Оқу жетістіктерін сырттай бағалау | Жеке оқу жоспары |
| Магистр | Бітіртуші кафедра | Магистранттың/докторанттың жеке жұмыс жоспары |
| Магистрлік диссертация | Аттестаттау комиссиясы | Қашықтықтан оқытудың ақпараттық технологиясы |
| Магистрлік жоба | Мультимедиа | Білім алушылар |
| Әдістемелік жұмыс қызметі | Студенттің/магистранттың/ докторанттың ғылыми-зеттеу жұмысы | Міндетті компонент |
| Модуль | Ғылыми-әдістемелік кеңес | Бағдар беру аптасы |
| Модульдық оқыту | Ғылыми жетекші/консультант | Оқу жоспары |
| Қосымша білім беру бағдарламасы | Еуропалық трансферт жүйесі(аударма) және кредит жинақтау | Негізгі оқу бағдарламасы |
| Негізгі білім беру бағдарламасы | Білім беру бағдарламасы | Офис-тіркеуші |
| «I»(Incompete) бағасы | Қайта тіркелу кезеңі | Пререквизиттер |
| «AU»(Audit) бағасы | Пәнді қайта оқу(Retake) | Жарты семестрлік емтихан |
| Курстан курсқа өту GPA балы | Диплом алды практикасы | Дипломға қосымша |
| Кредиттерді қайта есептеу | Постреквизиттер | Өндірістік практика |
| Білім алушыларды аралық аттестаттау | Оқу пәніне тіркелу | Аралық бақылау |
| Қатысу және үлгерімнің электрондық журналы | Оқу жұмыс жоспары | Білім алушылардың өзіндік жұмыстары(СӨЖ/МӨЖ/ДӨЖ) |
| Оқытушының басшылығымен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы | Үлестірмелі материалдар | Силлабус |
| Оқу үлгерімінің орташа балы GPA | Типтік оқу бағдарламасы | Оқу-әдістемелік жұмыс |
| Транскрипт | Тьтор | Білім алушылардың оқу жетістіктері |
| Ағымдағы бақылау | Оқу практикасы | Пәннің оқу-әдістемелік кешені(ПОӘК) |
| Оқу-әдістемелік жұмыс | Білім алушылардың оқу жетістіктері | Оқу түрі |
| Эдвайзер | Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі | Емтихан сессиясы |
| Элективті пәндер | | |

Кестеде жалпы саны 106 термин бар және олардың барлығы жоғарғы білім беру саласы аясында кеңінен қолданысқа түсіп келе жатқан терминдер. Қазақстандағы жоғарғы білім беру жүйесінде жаңа терминдердің қалыптасуының өзі назарға алып, ескерерлік жаңалық. Берілген терминдердің құрылымына қарар болсақ, аударма әдісі арқылы жасалғанын байқаймыз. Терминжасау аударма ісінің дамуымен тікелей байланысты. Себебі тілімізге енген терминдердің басым бөлігі осы аудармалау әдісі жасалады. Тіпті кірме терминдердің өзін тіл лексикамызға енгізбестен бұрын аудармашылармен кеңесетіні рас. «Термин, ең алдымен, белгілі ғылым саласының ұғымдар жүйесінен туындайды.» [3, 19]. Сол тәрізді қарастырылып отырған терминдер кредиттік білім беру жүйесінің негізгі ұғымдары. Берілген терминдердің қайсыбірін қарасақ та өзіне тән мағынасы бар. Бұл терминдер қатарында аударма әдісі арқылы жасалған ана тіліміздегі сөздермен қатар өзге тілден енген кірме сөздер де кездеседі. Сондықтан терминдердің жасалу жолдарын ескере отырып келесі топтарға бөлдік:

1. Ана тіліміздегі баламаларын табу арқылы аударылып жасалған терминдер: «аралық бақылау», «құзіреттілік», «дәреже», т.б. Терминдерге тән қасиеттің бірі – дефициясының болуы. Аталған терминдердің дефинициялары:

• Аралық бақылау(ағылшынша – midterm examination/midterm) – семестр ортасындағы емтихан/аралық аттестация. Жазбаша немесе ауызша сұрақ түрінде өткізілуі мүмкін. Мақсаты: оқу материалын аралық меңгеру деңгейін тексеру [4, 210].

• Құзіреттілік(ағылшынша – competence) – 1) білім алушының білім алу дайындығына алдын ала қойылған әлеуметтік талап, яғни білім алудың соңғы нәтижесі: білім алушы меңгеруі тиіс немесе меңгеріп болған білімі, икемі, машығы; 2) тұлғаға белгілі бір қызметте құзіреттілігін қалыптастыруға және/немесе танытуға мұрша беретін білім беру нәтижелерінің (білім алушының меңгерген білімі, икемі, машығы, тәжірибесі) жиынтығы [4, 84].

• Дәреже(ағылшынша –degree) – академиялық, ғылыми дәреже. Студентке бекітілген білім беру бағдарламасын сәтті аяқтағанда ЖОО (Жоғарғы оқу орны) беретін марапатты біліктілік [4, 102].

2. Кірме терминдер. Атап айтқанда: «модуль», «силлабус», «эдвайзер», «аппеляция», т.б. Дефициялары:

• Модуль (ағылшынша – module) – оқу модулі. 1) әдіс бойынша ұйымдастыру, ақпараттық және бақылау функцияларының орындалуы қарастырылған оқу пәні материалының аяқталған бөлігі; 2) білім беру бағдарламасындағы оқу пәндерінің, оларды меңгерудің бірыңғай кезеңімен біріктірілген (мысалы, семестр) жиынтығы, сондай-ақ қойылған мақсаттар мен тәрбиелеу нәтижелері, білім берудің нақты логикалық түрде аяқталуы; 3) пәндер мен/немесе олардың компоненттерінің циклі төңірегінде білім берудің туыстық мазмұнымен біріктірілген білім беру бағдарламасының оқу пәндерінің жиыны [4, 213].

• Силлабус (ағылшынша – syllabus) – оқу пәнінің бағдарламасы. Оқу пәнінің мақсаты мен мазмұнын, ақпараттық көлемін, білім алуышылардың меңгеруі бойынша құзіреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтайтын реттемелеуші оқу құжаты, сонымен қатар оқу пәнін үйрету мен оқыту реті, ұсынылатын оқулықтардың, басқа да әдістемелік және дидактикалық ақпарттардың тізімі, оқу пәні бойынша білім беру табыстылығының өлшемшарты мен білім беру табыстылығындағы диагностика құралдары [4, 303].

• Эдвайзер (ағылшынша – advisor) – жетекші, баулушы. Ортақ қызмет жүйесінде алатын орнына байланысты сәйкесінше тиісті беделге ие болушы тұлға; өзіне бағынушы өзге жеке тұлғаларға қатысты өз беделін іске асырушы тұлға [4, 36].

• Аппеляция (ағылшынша – appeal) – арнайы аппеляциялық комиссиямен қаралатын, қойылған бағаның дұрыстығы немесе дұрыс еместігін оны өзгерту немесе қайта тапсыру мүмкіндігімен шешім қабылдауды мақсат ететін, емтиханда алынған бағаның негізсіздігі жайлы талапкердің немесе студенттің арызы [4, 42].

3. Ана тіліміздегі сөздер мен кірме сөздердің тіркесіп келуі арқылы жасалған, құрылымы жағынан аты аталып тұрғандай екі немесе одан көп сөздердің тіркесуі арқылы жасалған терминдер: «Элективті пәндер», «модульдық оқыту», «пәндер каталогы», «инклюзивті білім беру», т.б. Дефициялары:

• Элективті пәндер(ағылшынша – elective classes) - элективті, студенттің дербес өзі таңдай алатын пәндері [4, 122].

• Модульдық оқыту(ағылшынша – modular course/program) – модульдық оқыту курсы немесе модульдық бағдарлама. Білім алушыларға пәнаралық курстарды меңгеруге мүмкіндік беретін бағдарламалар(немесе модульдер) бірлігінің нақты санын меңгеруден тұрады [4, 213].

• Пәндер каталогы(ағылшынша – course catalogue) – оқу мекемесімен жүзеге асатын оқу бағдарламаларының каталогы [4, 93].

• Инклюзивті білім беру(ағылшынша – inclusive education) – денсаулығы тұрғысынан мүмкіндіктері шектеулі балалар мен ондай шектеуліктері жоқ балаларға ортақ білім беру мен тәрбиелеу [4, 169-170].

Өмірзақ Айтбайұлы ағамыз сөз тіркесімі арқылы жасалған терминдерді зерттей келе оны үш түрге бөледі: 1) ұлттық тіліміздің сөз материалынан және соның сөзжасам құралдарының қатысуы арқылы жасалатын терминдер; 2) қазақ және кірме сөздер тіркесімі арқылы жасалатын терминдер; 3) орыс тілі арқылы келген интернационалдық сөздер мен советизмдер тіркесімен тұратын терминдер [3, 229]. Біз мақаламызда үшінші түрге өзге тілдер арқылы келген сөздерді

жатқызамыз. Сонымен кестеде берілген терминдерімізде осы айтылған үш түр де кездеседі. Мысалы: 1) оқытудың қосымша түрлері, жеке оқу жоспары, қайта тіркелу кезеңі, т.б.; 2) жазғы семестр, академиялық қарыз, міндетті компонент, т.б.; 3) докторлық диссертация, аттестаттау комиссиясы, философия докторы, т.б.

Алайда, терминдерді осы үш түр бойынша сұрыптасақ, екінші түр (қазақ және кірме сөздердің тіркесімі арқылы жасалған терминдер) саны басым болып тұр. Бұдан қорытар жәйт, терминдерді аудару барысында ана тіліміздегі нұсқаларын табу ісінің ақсаңдап тұрғандығы. Статистика бойынша қазақ терминологиясының шамамен 70-80 пайызы кірме терминдерден тұрады. Қазіргі таңда терминтанушы ғалымдар арасында осы терминдердің ана тіліміздегі баламасын табу немесе осы формада қалдыру өзекті мәселе ретінде әлі де қызу талқылануда. Терминге тән келесі қасиет – жасандылық екендігін ескере отырып, терминдердің туындаған ұғымдарға атау беру қажеттігінен қолдан жасалатынын да ұмытпағанымыз жөн. Бұл жайында Ш. Құрманбайұлы: «А. Байтұрсынұлының қаламынан туындаған жүздеген терминдердің барлығы да өз уақытында жасанды болған. Қазір ешкім оларды жасанды деп жатсынбайды.» – дей келе жасанды жолмен ана тіліміз негізінде төл терминдерді жасауды ұсынады. Ұғым айтқындалмай тұрып термин жасалмайтыны сияқты, белгілі бір терминмен белгіленбестен бұрын ұғым да көрініс бере алмайтындықтан олар бірінсіз бірі өмір сүре алмайтын бір бүтінді құрайды [5, 53]. Сондықтан, терминжасамда пайда болған кез-келген термин белгілі бір ұғымды қамтиды. Жаңа ұғым пайда болған сайын жаңа термин жасауға деген қажеттілік туындайды. Осылайша терминдердің саны жаһандануымен бірге арта берері куәсіз.

Қазіргі замандағы қазақ тілінде қалыптасқан ғылыми терминдер біршама уақыт пен еңбектің жемісі десек те болады. Термин саласына көп еңбек сіңірген, қазақ терминологиясына қосқан елеулі үлесі бар Өмірзақ Айтбайұлы ағамыздың айтқанындай, «Тілдегі көптеген терминдердің пайда болуы, негізінен, ғылым мен техниканың өмірге дендеп енуіне тікелей байланысты. Сондай-ақ, өнер, білім, оқу, ағарту, баспасөз бен баспа жұмыстарының қауырт қолға алынуы да терминологиялық лексиканың қанат жаюына сеп». Терминологиялық лексика тіліміздің үлкен бөлшегін алып жатыр. Ол үздіксіз жалпы лексикалық жүйемен тікелей байланыс құруда. Сондықтан болар, қазіргі таңда терминдер саны артуда. Терминдердің жасалу жолдары әрқалай. Шығу жолына қарар болсақ, жоғарыда да атап кеткеніміздей терминдер ғылым мен техниканың дамуы әсерінен өзге шет елдерден бізге жаңалық ретінде келіп, тілдік қолданысымызға жаңа сөз, жаңа ұғым, жаңа термин ретінде еніп жатыр.

## Қорытынды

Қорыта айтсақ, терминдер – тіл лексикасының бір бөлшегі. Ол бір орында тоқтап қалмай, ғылыммен бірге жарыса үнемі дамып отырады. Соңғы кездері қазақ терминологиясы аясында зерттеу жұмыстарының саны артып келеді. Бұл терминология саласында көптеген жұмыстар жасалыну керектігінің айқын дәлелі. Расында, терминология әлемінде қозғалар мәселелер өте көп. Бұл мақалада жоғарғы білім беру саласында пайда болған терминдер туралы баяндадық. Алайда, тек жоғарғы білім беру ортасында ғана емес, өзге де қоғамдық орталарда жаңа терминдердің саны артуда екендігін ескергеніміз жөн. Ол терминдерді өз тіліміздің лексикасына және тілдік қолданысымызға қазақ тіліне сай дәрежеде енгізудің өзі сонау А. Байтұрсынұлының кезінен бері көтеріліп келе жатқан мәселе. Қазіргі уақытта да бұл мәселемен айналысушы терминтанушы ғалымдар бар, және тілімізде пайда болатын немесе кірме сөздерден енетін терминдер тікелей осы мамандардың талқылауы арқылы тіл лексикамызға енбек. Иә, қалыптасқан жаңа терминдер тілдік қолданысымызға енері сөзсіз. Бұл тіл лексикамыздың белгілі бір аяда шектеліп қалмай, одан әрі толығып қанат жаюына алып келмек. Мақаламызда, тақырыпқа сәйкес еліміздің білім беру жүйесінде қалыптасқан жаңа терминдердің шығуы мен қалыптасуын заман талабына сай болып жатқан өзгерістермен тікелей байланыстырдық. Өзгерістер ретінде бүгінше жер бетіне кеңінен тарап жатқан жаһандандану үрдісін және соның кезекті жаңалықтарының бірі болып табылатын кредиттік білім беру жүйесін негізге алдық. Жаһандану заманында көптеген елдер (олардың қатарында Қазақстан Республикасы да бар) жоғарғы білім беру орындарында кредиттік технологиямен білім беру жүйесіне көшті. Кредиттік технология бойынша білім беруші елдердегі жоғарғы оқу орындарында өзара ортақ түсініктер мен ұғымдар пайда болды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мулдахметов М.З. Кредитная система обучения в ВУЗе: особенности и перспективы//Вестн. ЖезУ им. О.А. Байконурова. Сер. пед. науки. – 2009. – №1(17) - С. 3-6.
2. Тантыбаева Б.С. Кредиттік оқу жүйесі жағдайында оқытудың белсенді әдістерін қолдану тиімділігі// ҚазҰУ хаб. Хим. сер. – 2008. №3(51) - Б. 95.
3. Айтбайұлы Ө. Қазақ тілі білімінің терминологиясы мәселелері. - Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2013. – 400 б.
Ритмика сабақтарының ерекшелігі әртүрлі стильдер мен жанрлардың музыкасы негізінде теориялық білімді меңгеру, теориялық материалды фольклорлық шығармашылықпен және халық стиліндегі композиторлардың шығармаларымен ұштастыру болып табылады. Осындай сабақтардың мақсаты оқушыларға қазіргі әлемнің алуан түрлілігі мен көптүрлілігін көрсету, балаларды басқалардан өзгеше болудан қорықпауға үйрету, өзінің "тамырларын" ұғындыру және сонымен қатар басқа халықтарға құрмет көрсету, алуан түрліліктің олардың өмірін бай, тартымды, қызықты ете алатынын көрсету болып табылады.

2-ші сыныпта ритмика сабағында қазақ халық әуендерін қолдану үлгісін қарастырайық. Бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істеу үшін этюдтерді және оқу композицияларын үйрену үшін қазақ халық әндерін, күйлерін, сондай-ақ қазақ халық әндерін өңдеумен айналысатын композитор Е. Брусиловский мен басқа да композиторлардың музыкасын пайдалану ұсынылады. Музыкалық шығармаларды іріктеу нәтижесі педагог-хореограф пен концертмейстердің тығыз жұмысы болып табылады, бірақ аккомпаниатор болмаған жағдайда акт қолдануға болады (жұмыс

істеу үшін «Ұлытау», «Тұран», «Адай» және т.б. сияқты Қазақстанның заманауи топтарының музыкалық шығармаларын пайдалануға болады).

I Бөлім – (5 мин) - жаттығу, музыкаға арналған қозғалыс жаттығулары (марш, түрлі тапсырмалармен жүгіру, секіру және т.б.).

1.Тен Чу. Амангелді маршы (Марш Амангелді)

2.Кеңес-күй

II бөлім – (7-10 мин) - ырғақтық гимнастика кешені.

Би кешені қазақ биінің элементтеріне бай болуы керек.

Бір кешенге 7-8 шағын оқу комбинациялары кіруі керек.

1.Е. Брусиловский «колхоздағы мереке»

2. Е. Брусиловский «Ботагоз»

3. Е. Брусиловский «жорықта»

4. Е. Брусиловский «Бесік Жыры»

5.Қазақтың халық әні «Маусымжан»

6. Қазақ халық әні «Жайдарман»

7. Қамажай «қазақ халық әні»

8.Қазақ халық күйі «Ақ боран»

III бөлім-(7-10 мин)-шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған музыкалық этюдтар, музыкалық-ырғақтық ойындар

IV бөлім – (5-7 мин) - дирижерлау, дирижерлік қимылмен жұмыс істеу.

1. «Ғайни" қазақ халық әні Ә. Исақованың

Мақсаты: ән айту, тыныш, ұзақ ән айту

2. «Арарай» қазақ халық әні орта

Мақсаты: Жылдам, қуанышты, көңілді әуен белсенді, «секіру» қимылдарын талап етеді

3. «Жарыста» ЖММ»

Мақсаты: дирижерлік қимылдарды 3/4-ке бекіту. Жылдам, қуанышты, көңілді әуен белсенді, «секіру» қимылдарды талап етеді

V бөлім – (7-10 мин) - би композициялары:

1. «Қара жорға»

2 «Қыз қуу»

3. А. Жұбанов «Қарлығаш»

Сонымен қатар, халық музыкасы арқылы ритмика сабақтары музыкалық мәнерліліктің негізгі құралдарын зерттеу, ырғақты түсініктерді, музыканың формалық қасиеттерін дамыту бойынша мақсатты түрде міндеттерді шешеді.

Ритмика сабақтарының негізгі міндеттері музыкалықты дамыту болып табылады. Музыкалықты қарастыра отырып, музыканың күрделі ұғым екенін айтуға болады. Ол әрбір жеке тұлға үшін әр түрлі көрінеді:

* жақсы музыкалық жады

* музыкаға эмоциялық жауап

* тамаша есту

* есту қабілетінің болмауы, бірақ музыкалық бейнелерді терең түсіну.

Бірақ адам музыкасының басты белгісі - бұл эмоционалдық үнсіздік және музыкалық бейнелерді терең қабылдай білу.

Музыканың дамуы музыка-эстетикалық сананың қалыптасуына әсер етеді. Музыкалық талғамды қалыптастырумен бір мезгілде тұлғаның музыкалық-мәдени ой өрісінің кеңеюі; қимыл пластикасын дамыту арқылы көркемдік-шығармашылық қабілеттерінің жетілдірілуі, олардың ырғақтылығы, музыкамен тығыз байланыста айқындылығы жүреді [3, 7 б.]. Ритмика сабақтарында біз оқушылардың көркемдік-шығармашылық қабілеттерін, бастамашылықтарын, би композицияларын, музыкалық ойындар мен жаттығулардың нұсқаларын құрастыру кезіндегі шешімдердің дербестігін байқаймыз.

Халық музыкасын тану арқылы кәсіби композиторлық музыкаға баулу оқушыларға олардың өзара байланысын көруге, музыкалық құбылыстар туралы білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді. Балалар үшін Халық музыкасы өте жеңіл, эмоционалдық бояуы бар, әр түрлі сезімдердің көрінісі болып табылады. Сондықтан ритмика сабақтарында халық әуендерін қолдану қажет, олар оңай, түсінікті және тартымды. Олар есте оңай саалады және адамның өз бетінше орындауына мүмкіншілік бар, яғни олардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін, эмоцияларын, мінез-құлықтарын және т.б. түзетеді.

Ритмика бойынша сабақтарды жоспарлай отырып, жұмыста 4 негізгі бағытты ескеру қажет, онсыз қозғалыста музыканың "дыбысталуына" жету мүмкін емес:

1) музыкалық өнерді оның драматургиясын сезіну арқылы қабылдауды жетілдіру, балалардың музыканы нәзік сезіну қабілетіне тәрбиелеу, қозғалыс-қимылдарда белгілі бір дәуірдің шығармаларының стилін бере білу;

2) кеңістіктік бағдарларды қалыптастыру, ойлау мен қиялды дамыту;

3) негізгі қозғалыс дағдыларын жетілдіру (жүгіру, жүру, секіру, қол қозғалысы және т.б. түрлері), оларды музыкамен әр түрлі музыкалық өлшемдерде жасау (қарапайым, күрделі, айнымалы);

4) би элементтеріне оқыту – халықтық-тән, тарихи-тұрмыстық, балдық, шығармашылық тапсырмаларды орындау, таныс "па" биін пайдалана отырып, музыкалық шығармаларға сәйкес пластикасын дәл таңдау.

Сонымен қатар, нақ сол халық әндері мен билері оқушылардың бойында қажетті тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін үлкен мағыналық жүктемені алып келеді – қайырымдылықты, сезімталдықты, әділдікті. Халық музыкасы баланы патриоттық тәрбиелеудің негізі болып табылады, оған өз еліне деген сүйіспеншілікті, ұлттық нақышқа еніп, өзінің қадір-қасиетін танытуға мүмкіндік береді. Халық музыкасының ырғағы сабақтарында ұлттық мәдениеттің, ауылдық және қалалық фольклордың байырғы және кең қырынан тұратын дәстүрлі әндерді қолдану оқушыларға белгілі бір халықтың мәдениеті мен дәстүрлерін тануға және зерттеуге мүмкіндік береді.

Музыка - бұл қазіргі уақытта болатын қозғалыс. Баланың пәрменді табиғаты музыкадан түсетін импульстерге бірден жауап береді. Ол өзінің өмір ырғағын белсендіре отырып, өзінің қозғалысын, энергетикасын бере отырып, оны толығымен жаулап алады. Баланың табиғи белсенділігі балалық шақтан жақын және жақсы таныс шығармашылық қызметті талап етеді, сондықтан ойын түрінде көрсетілген музыкалық-ырғақтық іс–әрекет - бұл музыкалық-эстетикалық уайымдарды берудің жарқын эмоционалдық жолы. Егер шығарманы өздері жасаса, балалар музыкалық шығарманың эмоционалдық мәнерлілігін сезінеді, оның көңіл-күйін терең қабылдайды.

Ритмика - бұл музыканы қозғалыста тыңдай білу, қозғалыс арқылы шығарманың мәнерлі ерекшеліктерін көрсету (көркем бейне, музыкалық мәнерлілік құралдары). Егер көркем гимнастика мен хореографияда музыка көп бөлігі қозғалысқа арналған фон болса, ырғақта музыкалық туындыны алдын ала тыңдау және егжей-тегжейлі талдау арқылы терең қабылдауға, оны уайымдап, сезініп, қозғалыста өз сезімдерін беріп, оны (музыканы) оқушылардың өзі құрған болса, терең қабылдауға қондырғы беріледі.

Ритмика бейнелі қайта түрленуді, кейіпкерлердің әр түрлі сипатын, сюжеттік дамуға сәйкес олардың өзара қарым-қатынасын болжайды. Сюжеттің дамуы пластиканың көмегімен музыкадағы "әңгіме" нысанын көруге және естуге, музыканың мазмұнын беретін арнайы құралдар ретінде мәнерлі қимылдарды қабылдауға мүмкіндік береді. Қозғалыс бұл жерде өзіндік көркем тіл ретінде әрекет етеді [4, 29 б.].

Ритмопластикаға дирижерлауды да жатқызуға болады, өйткені ол музыканы қол қозғалысы арқылы жеке қабылдауды білдіреді. Дирижерлау арқылы пьесаның сипатын, қарқынын, динамикасын, шығарманың пішінін және, әрине, метроритмиялық ерекшеліктерін көрсетуге болады. Ритмопластиканың бұл түрі балалардан музыканы мұқият және шоғырланған тыңдауды талап етеді, демек, музыкалық есту мен ырғақты сезімнің дамуын белсендіре түседі.

Ритмика пәнінің бағдарламалық мазмұны оқушыларды өз қимылдарының музыкамен үйлесімді бірігуін сезінуге әкеледі, бұл шығармашылық қиялдың белсенді дамуына ықпал етеді. Есту сезімдерінің бұлшық етпен тығыз өзара байланысының арқасында музыка айтарлықтай жарқын және эмоционалды қабылданады. Ритмика сабақтарында музыка қозғалысынан алынған музыкалық әсерлер (музыкалық жадқа қосу арқылы – бұлшықет жадына) өмір бойы қалады.

Бидегі музыканың орны мен рөлін ашатын хореография сабақтарында қызықты және шығармашылық міндеттердің бірі музыкалық мәнерліліктің негізгі құралдарын зерделеу, ырғақты түсініктерді дамыту, музыканың формальды қасиеттерін қалыптастыру болып табылады. Ол тақырыптар бойынша бөлінген музыкалық-ырғақтық тапсырмалар жүйесін ұсынады. Бірақ бөлім бойынша материалды баяндау бір тақырыпты екінші тақырыпты жүйелі түрде зерделеуді білдірмейді. Ритмикада жұмыстың концентрлік әдісі қабылданғандығы белгілі: күрделі жаттығулар мен тапсырмаларды қолдана отырып, жеке тақырыптарға тұрақты оралу [2, 44 б.].

Сондықтан ритмика сабақтары кешенді құрылады, материал түрлі бөлімдерден алынады. Бір тақырып жұмыстың негізгі өзегі болуы мүмкін, екіншісі жанама әсер етеді. Әр тақырып бойынша

жұмыс алғы шарт пен негіз жасайды және өз кезегінде алдыңғыға сүйенеді. Материалды бөлімдер бойынша бөлу шартты сипатта болады [5, 83 б.].

Музыкалық бейнені беру әр түрлі музыкалық мәнерлілік құралдарын біріктіріп және кезектестіру арқылы жүзеге асырылса да, әрбір музыкалық-мәнерлілік құралды тереңірек зерделеу мақсатында әрбір тақырыпқа музыкалық сөйлеу элементі таңдап алынады, белгілі бір мәнерлілік құрал неғұрлым дөңес болып табылады.

Сабақта қызығушылық атмосферасын құру туралы ұмытпау керек. Бұл үлкен көмек прозалық шығармалар мен өлеңдерді, иллюстрацияларды сәтті таңдау, композиторлар туралы, білінетін бидің құрылу тарихы туралы әңгімелер өткізу мүмкін. Егер педагог музыканың орындалатын қозғалыстар үшін фон емес, баламен қарым-қатынаста басты болып табылатынын есте сақтаған жағдайда ғана ритмикамен сабақтар балаларға пайдалы және қызықты болады.

Сабақты жоспарлай отырып, педагогтың басты міндеті – балаларды музыка мен би әлеміне тарту, олардың жан-жақты эстетикалық дамуына ықпал ету.

Осылайша, ритмика сабақтарында халықтық музыканы пайдалану балаларды тәрбиелеу мен білім беруде, музыка саласындағы білімді кеңейтуде, оқыту мен тәрбиелеуде халықтық мәдениетті сақтауда үлкен рөл атқарады. Халық музыкасы өзіне халық өмірінің рухани мәнінің барлық кешенін, халықтың дүниетанымы мен эстетикалық идеалын, оның адамгершілік нормаларын жасайды, сондықтан өскелең ұрпақты тәрбиелеу және мәдени құндылықтарды игеру мақсатында маңызды әрі қажетті база болып табылады.

Гимнастикалық (немесе жалпы дамыту) жаттығулар ырғақтың барлық сабақтарына енгізіледі. Қозғалыс міндеттері Дене шынықтыру сабақтарындағы сияқты қойылады, бірақ музыкалық міндеттер, әрине, айтарлықтай кең. Ритмика сабағында музыка мен қозғалыстың байланысы аса маңызды. Бұл жерде Музыка тек еріп жүру емес, қандай да бір жаттығулар үшін фон болып табылады,ол әрбір сабақтың мазмұнына оның ажырамас бөлігі ретінде қосылады. Ритмика сабақтарында музыкамен қозғалыстың байланысы іс-әрекеттердің музыканың метрикалық пульсациясымен сәйкестігін ғана емес, сонымен қатар қозғалыста музыка сипатының, музыкалық мәнерлілік құралдарының-қарқынның, динамикалық реңктердің, регистрлік өзгерістердің және т.б., белгілі бір музыкалық пьесаның құрылымының ерекшеліктерін бейнелеуді қарастырады [2, 26 б.].

Сонымен қатар, балалар хореография элементтерімен танысады, қарапайым халықтық-тән, қазіргі заманғы, тарихи-тұрмыстық, бал билерін үйренеді.

Оқушылар музыкаға сәйкес қозғалысты дәл бастауға және аяқтауға, барлық фразаға қозғалысты созуға, музыкалық шығарманың сипаты мен белгілі бір дәуірдің стиліне сәйкес пластика мен қимылдарды қолдана отырып, әуеннің дамуын сезінуге және көрсетуге үйренеді.

Балаларымен би кешендерін меңгере отырып, оқытушы олардан өз іс-әрекетіне саналы қарым-қатынасқа және музыкамен тығыз байланыста болуға қол жеткізуі тиіс. Ең басынан балаларды қозғалыстың орындалу сапасын дұрыс бағалауға үйрету керек [6, 69 б.].

Би жаттығуларының кешендері жұмысқа бұлшық еттің негізгі топтарын қамтиды, ал олардың жүйелі қайталануы қимылдарды нақты орындау дағдыларын бекітуге көмектеседі, бала ағзасын нығайтады, қанайналым, тыныс алу жұмысын жақсартады, тиісті дене бітімін қалыптастыруға, қимылдарды үйлестіруге, икемділікке, дәлдікке ықпал етеді.

Сонымен қатар, кешендерді зерттеу,халық музыкасымен таныстыру балалардың ой-өрісін кеңейтеді. Қозғалыстағы музыканы "дыбыстау" оқушыларға шығарманы терең және толық сезінуге көмектеседі. Би кешендері әр ритмика сабағының басында жатталып, қайталанады. Алдын ала педагог балаларды би атауымен таныстырады, халық немесе оның құрылу тарихы туралы қысқаша айтып береді. Белгілі бір тапсырманы орындауға арналған әрбір шығарма алдымен оқушылармен егжей-тегжейлі талданады. Оқытушы олардың назарын музыкалық мәнерлілік құралдарына аударады. Мұғалім балаларға музыкамен барлық қимылдарды дәл келісу қажеттігін, ұжым мүшелерінің барлық іс-қимылдарының бірігуін еске салады. Жаттығулар сабақтан сабаққа біраз уақыт қайталанады, бұл олардың жақсы орындау деңгейіне жетуге мүмкіндік береді.

Кешендер музыкалық материалдың күрделенуі тәртібімен оқытылады және халық шығармашылығының әр түрлі кезеңдері мен ерекшеліктерін қамтиды. I сыныпта – бұл Қазақстан халықтарының балалар әндерінің музыкасына, қазақ музыкасына арналған кешендер; II сыныпта күрделі қазақ билері; III сыныпта – орыс композиторы П. Чайковскийдің шығармашылығы бойынша кешендер (оның атақты "балалар альбомы") және Қазақстан халықтарының билері; IV сыныпта – кешендер балаларды қазақ және джаз музыкасымен, әлем халықтарының билерімен таныстырады.


Жаттығулар қозғалысы жалпы білім беретін мектептің I-IV сыныптарының дене тәрбиесі бойынша бағдарламасына сәйкес келеді: жаяу жүру, жүгіру, секіру, би қозғалысы, сюжеттік қозғалыс (жануарлар, құстар, адамдардың іс-әрекеттері және т.б. бейнелейтін).

Ырғақтық сабақтар барысында осы қозғалыс біртіндеп жетілдіріліп, еркін, ырғақты, үйлестірілген, мәнерлі, пластикалық болады. Ырғақтық және би жаттығуларына қатысу балалардың дұрыс дене бітімінің дамуына ықпал етеді, сонымен қатар, белсенділікке, сенімділікке тәрбиелейді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Франио Г. «Балалардың эстетикалық тәрбиесіндегі ритмиканың рөлі». Мәскеу «Советский композитор» 1989 ж. б. 3, 14.
2. Г. Франио және «Ритмика бойынша әдістемелік құрал» Лифиц. Мәскеу, «Музыка» 1995., с. 26, 44.
3. Смирнова Т. «Фортепиано бойынша әдістемелік ұсынымдар». Мәскеу, 2003 ж., 7 Б.
4. Н.А. Терентьева «Кіші және орта сынып хореографтарының классикалық биі бойынша педагогтарға арналған оқу-әдістемелік құрал» Челябі 2013. с. 29.
5. Рокитянская Т. «Дыбыспен тәрбиелеу». «Даму Академиясы» 2002 ж., 83 б.
6. Поплянова Е. «Музыка сабағында ойын канондары». Мәскеу «Владос» 2002 ж., 69 б.

**МРНТИ 18.45.01**



**Құрманқұл Дарын,**
2 курс магистранты,
Т. Жүргенов атындағы ҚҰӨА



**Ғылыми жетекші**:
**Тұранқұлова Дариға,**
профессор,
«Сахна тілі» кафедрасы,
Т. Жүргенов атындағы ҚҰӨА

# ТЕЛЕЖҮРГІЗУШІ КЕЛБЕТІ ЖӘНЕ КӘСІБИ ЭТИКА

**Аннотация.** Мақалада қазақ телевизия жүргізушілерінің экран алдындағы мәдениетінің типтік кемшіліктері қарастырылған. Телеарнаның имиджін қалыптастыратын – жүргізуші. Ал жүргізушінің сөз саптауы, сырт келбеті, киім үлгісі экран этикасының талаптарына сай болуға тиіс. Автор экран этикасының негізгі мәселелері мен одан шығудың жолдары жайында өз көзқарас-пікірін білдірген.

**Кілт сөздер**: тележүргізуші, телевизия, экран этикасы, сөз мәдениеті, журналистика.

**Аннотация.** В статье рассматривается типовые недостатки предэкранной культуры ведущих казахского телевидения. Ведущий – человек, который формирует имидж телеканала. А ведущий должен иметь не только приятный внешний вид, но и должен соответствовать требованиям экранной этики. Авторы выражает свое мнение об основных проблемах экранной этики и путях ее решения.

**Ключевые слова**: телеведущий, телевидение, экранная этика, культура речи, журналистика.

**Annotation.** The article deals with typical disadvantages of pre-screen culture of leading Kazakh television. The presenter is a person who creates the image of the TV channel. And the host must not only have a nice appearance, but also must meet the requirements of screen ethics. The authors express their opinion about the main problems of screen ethics and ways to solve it.

**Keywords**: TV presenter, television, screen ethics, speech culture, journalism.

Тележүргізуші күнделікті қым-қуыт тіршіліктегі басты оқиғаларды нақышына келтіріп, көрерменнің көңіліне жеткізе білуі тиіс. Әлеуметтік зерттеулерге зер салсақ, көрермен үшін тележүргізушінің сыртқы кескін-келбеті мен тұлғасы маңызды екен. Жаңалықтар жүргізушісі телекөрерменнің арқа сүйер негізгі «досы» десек те, артық айтпаймыз. Кез келген телеарнаның кескін-келбеті ең алдымен тележүргізуші арқылы қалыптасады. Яғни, тележүргізуші телеарнаның имиджі мен қаржылық табысының негізгі қайнар көзі. Сол себепті де, телеарнада жаңалықтар топтамасын ұсынатын тұлғаға қойылар талап мол. Әрбір тележүргізушінің дауыс ырғағы келісті,

түр-сипаты әдемі болуы аздық етеді. Телемеханикалық құрылғыларды сауатты пайдаланып, өзі оқып отырған жаңалықты терең түсіне білуі тиіс.

Кеңес үкіметінің тұсында дикторларға қойылар талап зор болатын. Қазақ дикторы десе, ең алдымен Ә. Байжанбаевты тілге тиек ететініміз бар. Кеңестік кезеңде елдегі саяси жағдай мен күнделікті ақпарат Әнуарбек Нығметжанұлының ашық та әуезді, кең тынысты үнімен халықтың құлағына жететін. Бүгінде Сауық Жақановаңың әдемі қоңыр дауысын бәріміз аңсаймыз. Әбдірәлі Бөлебей, Мұрат Әбзелбаев ағаларымыздың жаңалықты жеткізуі өз алдына бөлек әңгіме. Қазақстанның Мәдениет қайраткері, 15 жыл бойы дикторлық қызмет атқарған М. Әбзелбаевтың айтуынша, кеңестік кезеңде дикторлыққа 300 адамның арасынан іріктейтін болған. Жалпы, «телеарнаға арналған сүйкімділік, киноға арналған сүйкімділік» деген ұғым бар. Қазіргі жастардың сөйлеген сөзін былай қойғанда, 50-60 пайызының бет-әлпеті телеарнаға жарамайды. Әлбетте, диктор үшін келісті дауыс ырғағы мен әдемі кескін аздық етеді. Әлемге аты мәшһүр «Би-би-си» телеарнасының талабы бойынша, көгілдір экраннан жалт етуге талпынған әрбір тележүргізуші, ең алдымен жан-жақты білімді болып, өмірді, адамдарды тани білу керек. Бұған қоса, тапқырлық пен төзімділік, энтузиазм мен өзіне деген сенімділік, ұжымда жұмыс істей білу қабілетіне де ие болуы тиіс.

Көрнекті қоғам қайраткері, тарланбоз театр сыншысы Ә. Сығай: «Радио-теледидар эфирлері мен экрандарында профессионалдық орындалуы жөнінде көркемдік қуаты төмен көрініс-хабарлар жетіп артылады. Жалпы, профессионал орындаушылар, арнайы білімі бар мамандар белгісіз себептермен ығыстырылып, бас салып бақырумен бажылдап бас қатыратын «қақсауық» орындаушылар мен дәмсіз, нәрсіз, борпылдақ бос сөздермен жігеріңді құм қылар шектен тыс «зарлауық», «сарнауық» сөйлегіштер жетерлік. Әрбір хабардың-көріністің көркемдік деңгейіне әуе толқынына шықпас бұрын жанталаса даярлануы (тиісті кісілер жағынан) жеткіліксіз сияқты», – [1, 189 б.] дейді. Несін жасырайық, бүгінде «түрім келісті болса мен телеарнадан көрінуім тиіс» деген жалаң пікірге еріп, «жұлдыздық» өмірге талпынатын жастар баршылық. Тіпті «тым құрығанда телжүргізуші боламын, алдымдағы мәтінді оқу түкке тұрмайды» деген пікірдің соңына ергендер де көп. Әйткенмен экранның бер жағында отырған көрермен кез келген жүргізушінің бойындағы қабілеті мен кемшілігін оңай аңғарады.

«Дауыс пен сөз жеткізу мәнері кәсіби жетістіктің ең маңызды шарты болып табылады» [2, 164 б.]. Алайда, бүгінгі тележүргізушілердің ең басты кемшілігі – мәтінге зер салмай, жаңалықты «тисе терекке, тимесе бұтаққа» әдісімен жүргізуі. Тіпті эфирге дайындықсыз келіп, жаңалықтар барысында екпіндеп сөйлейтін дикторлар көбейді. Немесе қазақ тілінің қағидаларын сақтамай, сөзді оңды-солды бұрмалау әрекеттерін де жиі байқаймыз. Қит етсе, ұмыт қалған Кеңес Одағын тілге тиек ететін әдетіміз бар. Әйткенмен дәл сол шақтарда дикторлар қатаң бақылауда болатын. Яки ақпаратты оқу барысында бір әріптен қателесті ме, бірден сөгіс алатын еді. Тіпті әрбір қателік үшін ай сайынғы жалақысы қысқартылады екен. Қатаңдық бар жерде жауапкершіліктің де сезілері хақ. Мұндай олқылықтың орын алуы ең алдымен телеарна басшыларына байланысты. Жоғарыда «диктор» қайсыбір телеарнаның имиджін қалыптастырушы тұлға екенін айттық. Олай болса, телеарна басшылары жүргізушілердің жүріс-тұрысын, сөйлеу барысын қаперге алып, қадағалауы тиіс. Өйткені сын мен мін жүргізушіге емес, телеарна басшыларына бағытталады. Осы ретте көтерілер тағы бір мәселе бар. Бұл туралы PhD, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Сахна тілі» кафедрасының доценті О. Хожамберидиев: «Қазіргі кезде өнер адамдары арасында, оның ішінде, театр және кино актерлері, режиссерлер, сахна, теле-радио жүргізушілері, көркемсөз оқу шеберлері, әнші-вокалистер, сонымен қатар, мешіт имамдары мен уағызшылар, лекторлар мен мұғалімдер, адвокаттар мен соттар, қоғам қайраткерлері жалпы, сөз өнеріне қатысы бар мамандар арасында заман талабына сай мән берерлік машақатқа (проблемаға) айналып отырған мәселе – сөйлеу мәдениеті» [3, 109-110 б.] – деп орынды айтқан. Сөйлеу мәдениетін меңгермеген тележүргізуші, журналист көгілдір экран алдында да мүдіру бек мүмкін.

Теледидар – бұқаралық ақпарат құралдарының ең пәрмендісі. Кез-келген мемлекеттің саяси идеологиясын насихаттайтын телеарналар. Сол телеарналардың негізгі өнімі-бағдарламалар, бағдарламаның тірегі яки бет-бейнесін, рейтенгін жоғары ұстап тұруға себепкер – тележүргізушілер. Ал, тәуелсіздік алған отыз жылда азат елдің ақпарат айдынына қандай таңдайынан шырын сөз бен өткір ой, көз тоқтатып қарайтын журналистер қалыптасты деп айта аламыз. Еркін ойлы, талантты журналистика саласына қызығушылардың көбі ат басын теледидарға бұрады, сол жерде танымалдылықтың шыңына шығуға талпынады. Танымал болу жолында қазақи болмыспен ешкімге еліктемей, бүгінгі ұрапққа үлгі болу үшін талмай еңбектенуі қажет. Ал теледидардағы басты халықпен қауышатын тұлға жүргізушілердің алар орны ерекше.

Телеарна тәрбиелеуде сеп болуға үміттілер де, танымал болуға талпынып эфирге шығып жүргендер де, сол танымал боламын деп сүрінгендер де жеткілікті. Ой қаруы тым әлсіз. Сөз қолдану мәдениеті орта деңгейде. Көркем дүниемен сусындау жағы кемшін екенін көресің. Қазақ тележурналистикасы – дарынды жастардың алаңы, сол алаңда қазақтың жырын жырлау, жоғын жоқтау, төл тележурналистикамыздың негізгі қызметі. Кемел елдің бүгіні мен ертеңіне көпір-мәдениет, ал мәдениетті насихаттайтын – телеарна екенін ескерсек, қазақ тележүргізушілері кемел ойлы, өр еңселі, келісті болуы шарт. Қазақ телеарналары мен тележүргізушілерінің әрқашан туған тіліміз бен мәдениетіміздің басында боп, интелегенциялық топты қалыптастыруға үлес қосса. Өкініштісі, әлі де тұлпарлардың шабысына ілесем деген топтың қарасы қалың. Сол топтағы жүргізушілердің бойынан сөзді орынды жұмсай алмай алмайтын сәттерді көп көреміз. Эфирде қателікке бой алдырмау үшін газет бетін ақтарып, көркем әдебиет тілімен жазылған кітапты көбірек парақтаса екен дейсің. Кешке бір хабарды тамашалап отырған шақта, бағдарлама жүргізушісінің бойынан шынылайылықты іздеп әуреленесің. Жасанды қылық пен арзан сөзбен адамды жалықтырмай, бір сөзді қайта-қайта қайталамай еркін жүргізу барша көрермендердің қалауы. Кейде екі сөздің басын әрең қосып жүргендердің дыбыс үндестігін бұзып немесе сөз құрай алмай ежектейтіні де айтылуға тиісті шындық. Бүгінгі күні телеарналарда ток -шоулардың дәуірі жүріп тұр. Төл тілімізде эфирге жол тартып жүрген телеарналардағы ток-шоу жайы көңіл тоярлықтай емес. Көңіл тоймайтын жері – олардың аздығы. Сол ток-шоуларда қоғамның мұңы мен шындығын хал қадірінше айтылып, бағдарламаларында сүбелі ой өрбітіп, тұшымды әңгімелерімен көрермендерін қуантып жүрген хабарлар – «Айтуға оңай», «Кеш емес», «Біз», «Бәрі де мүмкін», соңғысы ұлттық әдебиет пен руханият көшін, халықтың бүгінгі тіршілігін, өнер әлемінің саңлақтарының өмір жолын арқау ететін бағдарлама «Айтылмаған әңгіме».

Журналист этикасы – қоғамда, әлеуметтік ортада БАҚ өкілінің ұстанымымен, қызметімен, сондай-ақ, белгілі тұлғалар, ұжымдық топтармен арадағы қарым-қатынастармен тікелей байланысатындықтан оның кәсіби шеберлігіне де ықпал етуші негізгі фактор бола алады. Қоғам және халық арасындағы үлкен жауапкершіліктің өзі журналистке моральдық-этикалық және имани игі қасиеттерді игеруін талап етеді. Журналист этикасының қалыптасу негізіне келсек, ол өз халқының озық дәстүрінен нәр ала отырып, имандылыққа бой түзеп, қоғамдық мейірбанды да салауатты ортада тәлім-тәрбие алып, өсіп-жетілуге тиіс.

Журналист – кәсіп иесі. Сондықтан оның әрбір қимылы белгілі бір адами, кәсіби заңдармен шектелуі тиіс. Кейбір журналистер еш нәрсеге жіті мән бермей, кәсіби әдептілік сатының биігіне «өзінің өмір сүру қағидасы» арқылы көтеріліп, кемшіліктер жіберген тұста этикалық кодекс немесе канондар арқылы ақталып жатады. Кейде шектен шығу салдарынан тіпті арсыз атанып та жатады. Бұл жағдайда өз қатесін дер кезінде түзетуге шешім қабылдамаса, оның алда әлі де талай қиындықтарға тап болары сөзсіз. Журналистер арасындағы мұндай өрескел жайттар көбінесе өзін-өзі жоғары бағалаудан келіп туындайды. Көп ретте олар өз бойындағы қабілеттің жоқтығын есепке алмай жатып, барлық кінәні тек кәсібіне арта салады. Сондықтан да ең алдымен, журналистика мамандығын таңдау үшін оның маңыздылығы мен қажеттілігін терең сезіну қажет.

Журналистік этиканың тағы бір маңызды міндеті – ар-ұяттылық. Осы міндетке сәйкес журналист арлы, ұятты болуға тиіс. Материалды жарияламас бұрын ол фактіні мұқият тексеріп, хабарларды өте дәл етіп, ыждахатпенен даярлау керек. Құжаттардан және басқа да ақпарат көздерінен алынған хабар, жаңалықты журналист қаз-қалпында жеткізуге міндетті. Шындығында, журналист, алдымен, фактіні тәптіштеп тексеріп алуы керек. Өйткені, фактілерді бұрмалау, ешбір дәлелі жоқ пікірлерді жария ету, ойдан шығару, өтірік ақпаратты тарату сияқты нәрселерден аулақ жүріп, арына кір келтірмей, ұятқа қалмау керек. Кемшілік, қате жіберіп қалған жағдайда журналист міндетті түрде газет, журнал, телевизия не радио арқылы кешірім сұрап, кемшілікті мойындап, теріске шығаратын материалды жариялауға тиіс.

Журналист және оның жүріс-тұрыс әдебі. Журналист жұмыс үстінде. Журналист жол үстінде. Журналистің жұмыс күні. Журналистің жұмыс столы. Журналистің жұмыс жоспары. Журналистің жұмыс киімі. Журналистің жұмыс құралдары. – Бәрі-бәрі журналистің жүріс-тұрыс әдебіне енеді. Бұл әдепке қатысты заңдылықтар тікелей теледидар функциясына, бағытына байланысты. Мысалы, ақпараттық функцияны орындайтын жаңалықтардағы жаршылар (дикторлар) тиянақты болуы керек, бұл оның киіміне де, өзін ұстауына да қатысты. Оларда артық қимыл жасау (көздерін жыпылықтатып, теңселіп, қолдарын ербеңдетіп және т.б.), күрделі, түсініксіз, ұзын құрмалас сөйлемдер айту этикаға қарама-қайшы келеді. Олар жаңалықты нақты, қысқа және түсінікті етіп жеткізе білуі керек. Ал ойын-сауық бағдараламаларының жүргізушілері, керісінше, өз талғамы бойынша киім киіп, өзіндік стиль қалыптастыруға тырысады.

Бағдарламаларды қызықты өткізу үшін, оларда, кейбір кездерде мимикалық шектен тыс қимылдар келтіріліп (әсіресе, музыкалық бағдарламалар) те жатады.

Журналистік сұхбат немесе әңгіме-дүкен әдебі. Журналистік әдеп әлемінің бір қыры – адамдармен, авторлармен сөйлесе білу, сырласа, сыр тарта білу өнері. Бұл мәселеде журналистке шешендік өнер де тән. Жалпы моральдық-тактикалық нормаларды сақтай отырып, журналист адамдармен сұхбат жүргізу, әңгімелесу барысында қандай нәрселерді ескеріп, қандай жағдайлардан бойын аулақ ұстау керек?

1. Әзілдесіп-қалжыңдасып, ақжарқын әңгімелесу («Әзілің жарасса, атаңмен ойна». Норма).
2. Сынасып әңгімелесу.
3. Күтіп, тосып, жылы жүз танытып әңгімелесу.
4. Сырласып әңгімелесу (Бауыржан: «Сынаспай сырласпа»).
5. Сыбырласып әңгімелесу (Басқаның мазасын алмау).
6. Ішіп алып, іші бауырға кіріп әңгімелесу.
7. «Жаным», «күнім» деп жалынып сөйлеу.
8. Басын бар қауіп-қатерге тігіп, жалындап сөйлеу.
9. Жағынып, шағынып сөйлеу.
10. Лапылдап-жылмаңдап, жасанды сөйлеу.
11. Мұп-мұздай, сұп-сұр бетпен жылусыз сөйлеу.
12. Қас-қабақпен сөйлеу.
13. Қорқытып, үркітіп, екпіндеп, айбат шегіп сөйлеу.
14. Ақылмен, сабырмен, табиғи, шешен сөйлеу және т.б.

Журналистік шығармашылық және сөз әдебі. Тілдік этикеттер нормаларының сақталмауы көп жылдардың әңгімесі, қазіргі уақыттың бір проблемасы. Журналистік шығармашылық және сөз әдебі «табу», «эвфемизм» терминдерімен тығыз байланысты. Табу да, эвфемизм де барлық халықтарда кездесетін этнографиялық ұғым. Табу – тыйым салынған, айтуға болмайтын сөздер, ұғымдар. Эвфемизмнің мағынасы ішуге болмайтын тағамды ішуге болатын тағаммен ауыстыру. Киюге болмайтын киімді киюге болатын киіммен ауыстыру. Сөз нормасы, сөз әдебі де сол. Бұл заңдылықтар қазіргі баспасөздің көбісінде сақталмайды. Ал тележүргізушілердің бұл заңдылықтарды сақтауы көбінесе өздерінің білім деңгейіне байланысты.

Эстетика философиялық ілім. Ендеше, ол да этика сияқты нақты ғылымдар өлшеміне сай келмейді. Кейбіреулер философиялық ғылымнан гөрі өнерге жақындастырады. Ол рас та, өйткені оларға негізгі ортақ нәрсе жеке тұлғаның, даралықтың үлкен орын алатындығы. Бірақ көркем өнер үшін тұлға тағдырының басқаларға ұқсамайтын кездейсоқтығы, бірегейлігі маңызды болса, философия үшін жалқылық жалпылықтың көрінуі мен жүзеге асуының формасы ретінде маңызды.

Журналистің де өз борышы болады, соны адал атқару борыш. Әрбір маманның құқы болумен бірге, міндеттері болатынын ұмытпау ләзім. Этика әсіресе, адамдық арға қатысты болып келеді. Ар болған жерде, ұят та ұмытылмайды. Ал этикалық нормаларды бұзу адамға абырой әпермейді. Сондықтан журналистке де басқалар секілді этикалық нормаларды сақтау негізгі міндет. Журналистің көптеген құқықтарымен бірге, кей жағдайда оған да араласуға болмайтын мәселелер кездесуі мүмкін. Ондайда кеуде қағып, өзімшілдікке салынбау керек. Ал журналист қателік жасап немесе кемшілік жіберсе, кешірім сұрауы тиіс. Ол қалың жұртшылықпен жұмыс істейтіндіктен, оларды өзі де сыйлай білуі керек. Мінезі шыдамды, төзімді болуы қажет. Журналист парасатты жан болғаны жөн. Өз жұмысында қателік жібермеуге тырысатын маман болса жақсы. Әсіресе, материал жинағанда және жазғанда кемшілік жібермеуі керек. Осыдан келіп, журналистің жауапкершілігі пайда болады. Ол арға тимеуі керек. Сол секілді өзі де журналист деген атқа кір келтірмей жүруі тиіс. Ол халықты құрметтеп, езі де жұрттың алғысын алуы жөн. Журналист шығармашылық тұлға ретінде басқалардан ерекше қасиеті бар жан. Ол өзгелерге өнеге болуы тиіс. Журналистің жұмысы халықтың сынына түседі, оған халық төрелік етеді. Сондықтан журналист өз мамандығының, қызметінің халыққа керек екенін терең сезініп, жауапкершілігін, борышын адал атқаруы міндет.

Теларна арқылы көпшілік алдына шығып, халыққа қызмет атқаратын тележүргізуші, яки журналист әр дайым өзінің даярлығына көңіл бөлуі маңызды. «С первых шагов надо учиться находить в тексте главное, постигать его смысл всем своим существом, разумом, чувством. Очень важно, чтобы исполнитель пусть медленным, но самостоятельным путем пришел к рождению своего собственного способа выразительной передачи мыслей», [3, с. 4] – деген ойға мән беру

керек деп санаймыз. Айтар ойдың негізгі сәттерін, мәйегін жеткізуде орашолақтық таныту сол кезде жойылар еді.

Қорыта айтқанда, тележүргізушінің келбеті мен кәсіби этикасы мәселесін шешудің бірқатар жолдары бар екенін талқыладық. Зерттеу нәтижесінде тележүргізушінің сөйлеу мәдениеті мен кәсіби этикасы тек ұзақ даярлықтармен ғана емес, көгілдір экран алдындағы маманның дүниетанымы мен білім деңгейінің жоғарылығына, яғни интеллектуалды даярлығына да көп байланысты екеніне көз жеткіздік.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сығай Ә. Толғам. – Алматы: Парасат. – 2004. –392 б.
2. Сәт Ғ. Классикалық шығыс театрындағы сахна тілі.//«Қазақстандағы заманауи театр өнерінің даму жолдары» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: «Принт экспресс», 2017. – 301 б.
3. Хожамберидиев О. Сөйлеу мәдениетінің сахналық сипатын білеміз бе?//Ақиқат. №7, 2012. – 120 б.
4. Сценическая речь. Учебник/Под ред. И.П. Козляниновой и И.Ю.Промптовой. М.: РУТИ–ГИТИС, 2014. – 558 с.

**УДК 18.67.91**
**УДК 7.072**



**Михайлова Кристина Сергеевна**,
магистрант второго курса,
специальность «Режиссура»,
факультет «Академия кино и телевидения»,
университет «Туран»,
г. Алматы, Республика Казахстан,
E-mail: avventuraa@gmail.com

**Божеева Айбарша Муратбековна,**
научный руководитель, доктор философии (PhD), доцент,
кафедра «Киноискусство»,
факультет «Академия кино и телевидения»,
университет «Туран»,
г. Алматы, Республика Казахстан,
E-mail: aya_b@mail.ru

# МЕТАМОДЕРНИЗМ В КАЗАХСТАНСКОМ КОРОТКОМЕТРАЖНОМ КИНО

**Түйін.** Қазіргі философиялық парадигма метамодернизм әртүрлі мәдени құбылыстарды ретінде сипаттауға ұмтылады. Мақалада метамодернизм контекстінде қазақстандық қысқаметражды кино қарастырылады.

**Түйінді сөздер**: метамодернизм, қазіргі философиялық парадигма, қазақстандық қысқаметражды кино.

**Резюме**: Метамодернизм, как современная философская парадигма, стремится к описанию различных культурных явлений. В статье рассматривается казахстанское короткометражное кино в контексте метамодернизма.

**Ключевые слова**: метамодернизм, современная культурная парадигма, казахстанское короткометражное кино.

**Summary**: Metamodernism as a modern philosophical paradigm seeks to describe various cultural phenomena. The article deals with Kazakhstan short movies in the context of metamodernism.

**Keywords**: metamodernism, modern philosophical paradigm, Kazakhstan short movies.

## Введение

Метамодернизм - это культурная парадигма, впервые описанная голландскими философами Робином ван ден Аккером и Тимотеусом Вермюленом в 2010 году. Попытки описать обновленное состояние культуры первых десятилетий двадцать первого века в актуальных терминах были неоднократно предприняты различными исследователями после заявления канадского теоретика литературы Линды Хатчеон о необходимости нового ярлыка для того, что последует за постмодернизмом [1]. Подобным образом свет увидели альтернативные концепции гипермодерна, третьего модернизма, неомодернизма, автомодернизма, реновализма, постпостмодернизма, авторская концепция американского культуролога Джефри Нилона и многие другие. Концепция метамодернизма, используемая в данной статье, имеет положение некого «зонтичного бренда», который объединяет под своим определением область неизученного современного в теории культуры, которую предстоит описать. Казахстанский кинематограф является полноправным участником международного кинопроцесса, особенно в последнее десятилетие. Возникла

необходимость анализа современного отечественного кино с точки зрения новых научных парадигм. В данной статье в контексте метамодернизма рассмотрены три казахстанских короткометражных фильма: «Закрыто на зиму» (реж. Д. Муртазин, 2016 г.), «Летние холодные ночи» (реж. А. Аменов, 2018 г.), «С дипломом в аул» (реж. С. Рахим, 2019 г.).

**Основная часть**

Термин «научная парадигма», впервые введенный Томасом Куном в работе «Структура научных революций», с 1962 года употребляемый в философии науки, представляет собой «обозначение для ведущей системы идей, взглядов и понятий, исходной концептуальной схемы, модели постановки проблем и их решения, методов исследования, господствующих в течение определенного времени в научном сообществе» [2]. Введение в научный оборот логического продолжения данного понятия в социально-философском аспекте, т.е. термина «культурная парадигма», несмотря на постоянное употребление в научной, учебной, публицистической литературе с середины XX века, впервые было произведено в 1998 году Н.Б. Бакач и отображено как «реально существующий феномен целостности культурных явлений, фактор их смысловой синхронности, обеспечивающий единство культуры на эмпирическом уровне» [3].

В 2010 году голландские философы Робин ван ден Аккер и Тимотеус Вермюлен впервые описали метамодернизм как новую культурную парадигму. Развитие теории метамодернизма происходило в последующие годы при активном участии исследователей различных областей искусства, таких как литературоведы Элисон Гиббонс, Джош Тот, кинокритик Джеймс МакДауэлл, теоретик эстетики Рауль Эшельман и ряд других учёных. Как отмечают сами основоположники, «на сегодняшний день в него (проект) внесли неоценимый вклад авторы со всего земного шара – преимущественно молодые, каждый из которых решил задокументировать и концептуализировать эволюцию искусства, эстетики и культуры» [4]. Один из ярких представителей русскоязычной критики метамодернизма Александр Павлов особо отмечает, что описанные примеры метамодернизма являются выборочной, лишь небольшой частью культурного пространства, следовательно «это не метамодернистские произведения искусства, но лишь описываемые таким образом… значит, они могут быть описаны (возможно, более удачно) как то ещё» [5]. Тем не менее, факт столь широкого распространения названной концепции, по-видимому, обусловлен её актуальностью. К примеру, в 2019 году в свободной энциклопедии Википедия в категории «Современная философия» появилась статья «Метамодернизм» [6], издательством «РИПОЛ классик» в серии «Фигуры философии» была выпущена книга «Метамодернизм. Историчность, Аффект и Глубина после постмодернизма» под редакцией Робин ван ден Аккера, Элисон Гиббонс и Тимотеуса Вермюлена при информационной поддержке крупнейшего русскоязычного журнала о метамодернизме «Metamodern» [7].

Сущностные характеристики метамодернизма для эмпирических исследований сводятся к ряду категорий, таких как эффект целостности (Рэйдмонд Уильямс), просвещенная наивность («как если бы», Иммануил Кант), осцилляция, новая искренность (Дэвид Фостер Уоллес) и перформатизм (Рауль Эшельман).

В работе по кинокритике «Предисловие к фильму» [8] 1954 года Рэйдмонд Уильямс вводит понятие «структура чувства» и определяет его как уникальный элемент произведения, которые не находит при герменевтическом анализе формулировки для описания, но создаёт у произведения эффект целостности. Встречаемый и ранее в произведениях художников разных времён, этот элемент становится основополагающим для метамодернизма. Иными словами, вне зависимости от степени условности, произведение искусства в противовес постмодернистским первоосновам невозможно подвергнуть деконструкции в той или иной степени.

Просвещенная наивность предполагает действие с рациональным предубеждением против его наивности, но признанием большей пользы от него, чем от бездействия. Формула Иммануила Канта «как если бы» предлагает рассматривать абстрактные идеи (Бог, мир, душа и т.д.) «как если бы» их предметы существовали, а мир воспринимать так, «как если бы» он был творением высшего существа. В продолжение философии полного отрицания смыслов постмодернизма просвещенная наивность даёт человеку надежду на возрождение утерянного мифа или создание принципиально новой мифологии.

Следует отличать наивность от «новой искренности», под которой понимаются подлинность мыслей и идей, домодерновая чистота. Ирония постмодернизма раскрывала бессмысленность и непостоянство устаревших идеалов, но не предлагала взамен других. «Новая искренность»,

напротив, полагает исключительную необходимость в новых идеалах как в одной из основных целей произведения искусства как результата общественно полезного труда художника.

Префикс «мета-», подобно префиксу «пост-», устанавливает специфическое понимание нынешнего восприятия. Эта греческая приставка обладает тремя значениями: «наряду», «между» и «после». Наиболее полное выражение префикс получил в категории осцилляции. «Раскачивание маятника» происходит внутри философской конструкции произведения между бинарными оппозициями, между идеалами модернизма и постмодернизма, между диалектическими крайностями. Критика концепции стремится к упразднению осцилляции как свойства метамодернизма, основываясь на том, что движение между «старым» не есть что-то существенно «новое». Однако этот характерный признак особенно заметен в закрытом пространстве кинопроизведения, о чем будет упомянуто ниже.

Перформатизм, согласно Александру Павлову, состоит в том, что «в состоянии новой культуры потребители и критики идут на преднамеренный самообман, соглашаясь на интерпретацию произведения искусства, предзаданную автором произведения» [9].

Рассматривая казахстанское кино в контексте метамодернизма, следует обратить внимание на следующие немаловажные факторы. Во-первых, разработанность темы метамодернизма в кино распространена по большей части в западных cinema studies. Более всего исследован феномен quirky cinema («причудливое кино»), флагманом которого выступает режиссёр Уэс Андерсон. На данный момент не существует общепризнанной методологии исследования кино в свете метамодернизма, поэтому уместно изучение произведений в философской, идейно-тематической плоскости с применением названных категорий. Во-вторых, азиатский кинематограф исконно самобытен. Развитие его имеет собственную логику, и на вопрос применимости западных эвристических ярлыков к азиатской культуре существуют различные точки зрения. В интервью Андроники Мартоновой с известным китайским режиссёром Сунь Чжоу последний высказывается на вопрос об отличиях азиатского кино следующим образом: «Уверен, что существует особый азиатский стиль кино… следствием перемен в мире является глобализация, все культуры сливаются и образуют одно единое целое. Таким образом, каждая из культур становится составной частью глобальной культуры. Как раз, при таких обстоятельствах, главное сохранить этническую специфику культуры. Я не стремлюсь создать новый стиль в этом направлении, но моё желание следовать принципу сохранения уникального» [10]. В связи с мировыми процессами глобализации и такими общепризнанными тенденциями постмодернизма, как интертекстуальность, сознаваемая или не сознаваемая автором произведения, является возможным рассмотрение казахстанского кинематографа в контексте метамодернизма. Казахстанский кинематограф последних 10 лет находится в процессе интенсивного развития, казахстанские режиссеры, участвуя в международных кинофестивалях, испытывают и производят влияние на глобальные процессы. В казахстанском кино приметы метамодернизма будут рассмотрены на примере трех короткометражных фильмов 2016-2020 гг. производства.

Фильм Джанибека Муртазина «Закрыто на зиму» 2016 года, получивший признание на казахстанских и российских кинофестивалях, повествует о человеке, возвращающемся после долгого отсутствия в родные края. Сойдя с поезда, вдвоем с таксистом они отправляется на поиски нужного посёлка, но находят на его месте ровную и нетронутую степь. Согласно жанру роуд-муви по пути герои встречают некоторые символические предзнаменования, к примеру, молодую городскую девушку, идущую по просёлочной дороге прямиком в Париж. Примечателен эпизод с радиоприемником в автомобиле таксиста, который не всегда работает исправно. Когда в эфире звучит старый государственный гимн, герои ищут в срочном порядке место, где можно было бы его прослушать без помех. Перечисленные и другие режиссерские приемы позволяют рассмотреть фильм как символистский. Тема произведения – самоидентификация среднестатистического гражданина государства средних лет. Идея заключена в попытке режиссера уравновесить неутешительные выводы о потере «прошлого» и утрате самобытности философским, просветленным отношением к происходящему. В пользу этого свидетельствуют эмоционально лёгкие, композиционно открытые, светлые кадры фильма. События разворачиваются на степных просторах, пейзажи которых передаются оператором Куанышем Курманбаевым согласно формуле живописцев-реалистов эпохи романтизма 19 века, высказанной Константином Батюшковым - «Пейзаж должен быть портрет». Данные художественные приемы имеют в своей философской основе метамодернистский принцип «просвещенной наивности». Также автор, согласно принципам модернизма рассматривает индивидуальность героя, пытаясь возвысить его до архетипа «героя нашего времени», но в то же время снимает пафос типичным приёмом

постмодернизма – иронией героя по отношению к самому себе и автора по отношению к герою. Описанный метод соотносится с категорией метамодернизма – осцилляцией. Смысловые акценты на протяжении фильма раскачиваются подобно маятнику в описанных выше границах. Особую форму в фильме принимает категория «постиронии». Если ирония есть тонкая насмешка, выраженная в скрытой форме, то постирония по существу есть тот случай, когда в форме тонкой насмешки преподноситься искренний, серьёзный посыл говорящего. Абсурдистские диалоги «Закрыто на зиму» в духе фильмов независимых американских кинорежиссеров братьев Коэн при рассмотрении в общей канве произведения приобретают характер наивного, но откровенного высказывания. Возможно рассмотрение стилистики фильма как постироничной в целом. К стилю в данном случае относится: карикатурный актёрский ансамбль, где каждый персонаж становится обобщением, абсурдистские диалоги героев, минимализм в отношении визуального и событийного ряда. Каждый элемент выражает проникнутое идеализмом стремление режиссера к чистосердечному простому изречению, которое необходимо преподнести, как светлую иронию над иронией воспитанному в традициях постмодернизма зрителю.

Короткометражный фильм Самгара Рахима «С дипломом в аул» был представлен на кинофестивале «Байконур» в 2019 году и получил хорошие отзывы зрителей и жюри. История о молодом жителе крупного города, направленного по государственной программе на фиктивную работу в аул, претендует на рассмотрение такой актуальной для казахстанского общества темы как социально-экономическая «пропасть» между городом и аулом. Чрезмерная урбанизация влечет за собой ухудшение условий жизни, как для городской, так и для сельской среды. Главный герой, прибывая по месту назначения, попадает в сюрреалистичный мир, который автор возводит в степень фундаментальной первоосновы казахстанского общества в целом. В этом мире действуют низкие законы воровского уклада, существует жесткая иерархия, а жизнь людей, свобода их личности сведены до функции актёров массовых сцен. Режиссёр сознательно демонстрирует лишь короткие выдержки из повседневности этого общества, которое большую часть своей жизни (что в стилистике автора является метафорой духовной жизни) проводит, скрываясь, прячась и приспосабливаясь. Аул пуст. Настойчивость главного героя в поиске признаков жизни позволяет ему познакомиться с некоторыми аутентичными персонажами поближе, однако эта черта вовсе не является значимой чертой его характера. Среднестатистический наблюдатель, он, в свою очередь, замыкает кольцеобразную идейную структуру фильма, являясь логичным продуктом данного уклада. Духовно город произрастает на почве аула. Единственный выход из замкнутого круга находится в фантазиях самого невинного, слабого и уязвимого персонажа – молодой девушки, желающей покинуть родные края. Её грёзы воплощаются на экране в виде хладнокровного убийства человека – криминального авторитета, представляющего верховенство власти. Возмездие оказывается лишь иллюзией, после которой зритель наблюдает реально происходящие события в прежнем ключе. Названный прием можно назвать метамодернистским, т.к., несмотря на безысходность, автор всё же делает предположение о возможных изменениях в обществе и о лицах, способных их инициировать. Сопоставляя фильм «С дипломом в аул» с фильмом Адильхана Ержанова «Чума в ауле Каратас» (2016 г.), имеющим схожую идейно-тематическую направленность, можно отметить, что Самгар Рахим продолжает критику современного общества в несколько иной тональности – с присутствием искреннего, близкого к правде жизни, неоднозначного главного героя, метамодернистских осцилляций и кантовского «как если бы». Стиль фильма, выдержанный в визуальной строгости, простоте и реалистичной манере, создаёт осцилляцию в идейном плане – зритель наблюдает, как невероятные с точки зрения логики события спокойно происходят в крайне привычной для казахстанцев обстановке.

Сценарий фильма Амира Аменова «Летние холодные ночи» был представлен на питчинге международного кинофестиваля «Евразия» в 2018 году, где был отмечен наградой как проект, имеющий международный потенциал. В отличие от двух рассмотренных выше короткометражных картин, он действительно менее локален и рассматривает вопросы общечеловеческого характера, лишь по касательной затрагивая социальные проблемы. Будучи посвящением фильму 1966 года Клода Лелуша «Мужчина и женщина», картина в духе того времени рассказывает о простых душевных перипетиях молодых людей, являясь по жанру комедией положений. Неудавшееся свидание девушки и парня неожиданно перерастает в интимную беседу, где чистосердечная откровенность героини, её бесхитростная исповедь становится стимулом для молодых людей к духовному перерождению. Следуя канонам кинематографа оттепели, автор создаёт на экране образы антигероев, в том смысле, что происходящие с ними события внешне неприметные и достаточно вялотекущие. Основной драматургический конфликт скрыт в личной истории

девушки, и, хоть он и является конфликтом человека и общества, но не отмечен режиссёром как основной. Идеализированный финал, возможно, рассмотреть как добрую иронию над ситуацией, которая в своей сущности трагична. Этический пафос фильма возвышает повествование до реконструкции современного мифа. Для этого автор пользуется приемами поэтического кино, уделяя внимание форме, фактуре кадра, пользуясь эстетикой чёрно-белого изображения, намеренно лишая фильм музыкального сопровождения, оставляя только звучащую в тишине поэзию. Психологическая нарративность получает объём благодаря своеобразию киноязыка. Метамодернистская составляющая фильма также ярко выражена в сочетании модернистских идеалов и постмодернистской провокации. Скандальная тема раскрыта интеллигентно и тонко.

**Заключение**

Обобщая вышесказанное, рассмотренные короткометражные картины можно отнести к первым, зарождающимся проявлениям метамодернизма в казахстанском кинематографе. Учитывая важность сращения аутентичных особенностей национального кинематографа с эффектами глобализации, необходимо отметить и потребность в актуальном научном анализе данного амбивалентного процесса. Изучение и разработка теории кинематографии способна в значительной степени повлиять на развитие как киноязыка отдельных авторов, так и казахстанского кинематографа в целом.





## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ


1. Hutcheon Linda. The Politics of Postmodernism//Florence : Taylor and Francis 2003.
